

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

ОРХАН ПАМУК

Үнсіз үй

FOLIANT



ӘДЕБИЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША
НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

FOLIANT
БАСПАСЫ

Нұр-Сұлтан

ОРХАН ПАМУК

Үнсиз үй

Роман

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

П 15

Памук, Орхан

П 15 Үңсіз үй : роман / Орхан Памук ; [түрік тілінен ауд. Г. Файзулла]. — Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. — 352 б.

ISBN 978-601-338-441-2

Романдағы әр тараудан кейіпкерлердің ішкі монологын тыңдаймыз. Алдымен біз әкесінің жесіріне қарайласып жүрген 55 жастағы ергежейлі Режептің әңгімесін естиміз. Ол жападан-жалғыз киноға кеткен кезде біз 90-ға таяған Фатманың бөлмесінен бір-ақ шығамыз. Мұнда қария күнұзақ идеалист дәрігермен құрдымға кеткен некесі, өлгеніне қаншама жыл өтсе де діни және саяси көзқарастарына деген өкпесі жайлы ойларға беріліп жатады.

Романның осы тұсы шаң басып қалған меланхолияға, бір-сарындылыққа толы болып келе жатады да, кенеттен жас кейіпкерлер пайда болады. Олар тыныштыққа мүлгіген қаланы, арасында «Режеп, қайдасың?» деген дауыс естіліп жататын үңсіз үйді-ұйқысынан-оятқандай болған дүрбелең алып келеді...

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-338-441-2

© Памук О., 1983

© «Фолиант» баспасы, 2020

Режеп жазғы кинотеатрға барады

— Ас дайын, мәртебелі ханым, — дедім. — Дастарханға келіңіз.

Үн қатпады, балдағына сүйенген күйі қалшыып тұр. Қасына барып, қолтығынан демеп, ақырын ғана дастарханға жайғастырдым. Аузын жыбырлатқандай болды. Асүйге түсіп, табағын әкеп алдына қойдым. Асқа бір қарады да, тиіспеді. Маған қарай мойнын бұрып айтқанда ғана есіме түсті, майлықты алып, құлағының артына дейін тартып байлады.

— Бүгінгі кешкі ас қандай? — деді. — Не ойлап таптың тағы?

— Имамбайылды, — дедім. — Кеше өзіңіз сұрағандай!

— Түстегі ме?

Табағын алдына қарай жылжиттым. Шанышқыны алып, бір нәрсе дегендей болды да, баялдыны араластыра отырып, асықпай жеуге кірісті.

— Мәртебелі ханым, салатыңыз міне, — дедім де, ішке кіріп кеттім. Бір баялдыны алып, мен де отырып тамақтануға кірістім.

Сәлден кейін «Тұз!» деп айқай салды.

— Тұз қайда, Режеп?

Орнымнан ұшып тұрып жанына бардым, қарасам, дәл қолының астында тұр.

— Міне, түр ғой тұзыңыз!

— Бұл енді табылды ғой, — деді. — Мен тамақтанып отырғанда неге кетін қаласың?

Жауап бермедім.

— Ертең келе ме аналар?

— Келеді, мәртебелі ханым, келе жатыр! — дедім. — Түз себейін бе?

— Араласпа, сен! Олар келе жатыр ма?

— Ертең түстен кейін келеді... Телефонмен айтты ғой хабарын...

— Басқа нең бар тағы?

Жартылай желінген баялдыны алдынан алып, таза табаққа әдемілеп асбұршақтан салдым. Асбұршақты жақтырмай араластыра бастаған соң, мен де ішке кіріп жайғасып, тамақ іше бастаған едім, тағы да «бұрыш» деп айқай салды. Бұл жолы естімегенсіп отыра бердім. Сосын «жеміс» деген даусын естіп, амалсыз барып, жеміс салынған ыдысты алдына қойдым. Сүйегі көрінген арық қолы шабдалының сыртында өрмекшідей ақырын-ақырын айналып жүргендей көрінді. Сосын тоқтай қалды.

— Бәрі шіріп біткен! Қайдан тапқансың сен мыналарды, ағаштың түбінен жинап алғанбысың?

— Шіріген емес, мәртебелі ханым! — дедім. — Әбден пісіп-жетілген. Жеміс-жидек дүкенінен алдым. Бұл жерлерде шабдалы ағашы қалмады, оны өзіңіз де білесіз...

Естімегендей болып, шабдалының біріп қолына алды. Мен ішке кіріп асбұршағымды жеп бола бергенде:

— Шеш! — деді. — Режеп, қайдасың, шешсеңші!

Жүгірін қасына жеттім, мойнына байланған майлықты шешіп жатқанда байқадым, шабдалыны да жартылай жеп тастай салыпты.

— Қаласаңыз, сізге өрік берейін, мәртебелі ханым! — дедім. — Қарным ашты деп мені тағы түн жарымында оятып жүрерсіз.

— Рахмет, — деді. — Өзірше ағаштың қалдықтарын жейтін дәрежеге жеткен жоқпын, Аллаға шүкір! Шеш мынаны!

Қолымды созып, майлыгын шештім. Аузын сүртіп жатып, іштей бірденелер сыбырлап бата қайырғандай болды. Орыннан тұрды.

— Мені жоғарыға апар!

Маған сүйеніп, біршама жүрген болдық. Баспалдақтың тоғызыншы басқышына келгенде аялдап, дем бастық.

— Бөлмелерді дайындадың ба? — деді еңтігіп.

— Дайындадым.

— Жарайды олай болса, — деп тағы маған сүйенді.

Тағы жүре бастадық, баспалдақтың соңғы басқышына келгенде:

— Он тоғыз, шүкір! — деді де, бөлмесіне кірді.

— Шамды жағыңыз! — дедім. — Мен кинотеатрға барамын.

— Кинотеатрға! Үп-үлкен басыңмен... Жарайды, кешігіп жүрме.

— Кешікпеймін.

Төменге түсіп, асбұршақты жеп тауысып, ыдыс-табақтарды жудым. Алжапқышымды шешіп, галстугімді тағып, костюмді қолыма ұстап, әмиянымды түгендедім. Сыртқа шықтым.

Теңізден салқын самал есіп тұр, жаныма жағып барады; інжірдің жапырақтары сыбдырлайды. Бақшаның есігін жауып, жагажайға қарай бет алдым. Біздің бақшаның қабырғасы біткен кезде жаяу жол мен жаңа бетон үйлер басталды. Адамдар балконда, кішкентай ғана тар бақшаларында отырып, теледидар қосып хабар тыңдап, демалып отыр; мангал басында топырлаған әйелдер мені де байқар емес. Темір көуап торларынан шыққан ет пен түтін: отбасылар, әрқайсысы бір өмір... қатты қызығамын. Ал қыс келсе болды, бұл жерлерде ешкім қалмайды. Ол кезде бос тұрған көшеден аяқ дауысын естіп қалсам, қорқып жүремін. Тоңғандай болдым, костюмді кидім де, келесі көшеге өттім.

Елдің бәрі бір сағатта теледидарға қарап, тамақтануға кіріскені, әрине, біртүрлі! Көше-көшені кезіп келемін. Кіші алаңға қарай есігі ашылған көшенің басына бір көлік келіп тоқтады, ішінен Стамбұлдан жаңа келген бір шаршаңқы қарт түсті, қолына сөмкесін алып ішке кірді. Түрі тура бір теледидардағы хабарларға қарап отырып, жейтін асынан кеш қалғандай қобалжулы еді. Қайта жағалауға келгенде Исмайылдың даусын естідім:

— Ұлттық лотерея, алты күн қалды.

Мені көрмеді. Мен де үндемедім. Басы бір көрініп, бір көрінбей мейрамхана үстелдері арасында жүр. Ана бір бұрыштағы үстел басында отырғандар шақырып еді, жанына барып еңкейді. Ақ көйлек киген, шашы сәнді түйілген бір қызға лотерея бумасын ұсынды. Қыз асықпай тандап жатыр, ата-анасы қызына күлімден қарап тұр. Мен кілт бұрылдым, қарамадым. Дауыста сам болды, Исмайыл мені көріп, жүгіріп-ақ жаныма келер еді.

— Бізге хабарласуды қойдың, аға, — дер еді.

— Иә, дұрыс айтасың, үйлерің алыста, тіпті әлдеқайда жоғары орналастыңдар, — дер едім.

— Дұрыс айтасыз, — дейтін еді, — Доган мырза сол ақшаны бізге бергенде, мен қырдан емес, дәл осы аймақтан жер алғанда ғой, аға! Эх, сол кезде вокзалға жақын жерден емес, теңіз жағасынан алсам, Режеп, мен қазір миллионер болар едім.

Иә, иә... Осы бар айтатын сөзі. Ажарлы әйелі де үнсіз қарап тұрады. Не үшін барам оған? Дегенмен кейде аңсаймын, тілдесер жан таппай жалғызсырап кеткенде күн-түн демей іздеп барамын, бірақ сол баяғы сөздерді тағы да естимін.

Жағалау казинолары бос. Теледидар қосулы. Шай сатушылардың жүздеген бос шыныаяқтары тізіліп, қуаты күшті шам жарықтарынан бәрі де көз шағылыстырардай жарқырап тұр. Нақ бір жаңалықтар легі аяқталып, жұрттың көшеге шыққанын күткендей. Бос үстелдердің астына мысықтар жайғасып алған. Жүріп келемін.

Айлақтың арғы бетіне қайықтар тізілген. Кішкентай лас жағалауда тірі жан көрінбейді. Жағаға соғылып құрғап кеткен теңіз балдыры, бөтелкелер, пластик құтылар... Қайықшы Ибраһимнің үйін де, асхананы да бұзатыны туралы айтылып та жүр. Асхананың жан-жарық ойнектеріне көзім түскенде, қобалжығандай болдым. Осы арада құмар ойынға әуес емес, әңгіме-дүкен құратын бір жан табылар ма екен. Бір-бірімізден жағдай сұрасып, кешке дейін шүйіркелесер ме едік. Теледидар даусынан асыра айқайлап сөйлесер ме едік. Бәлкім, бірге кинотеатрға да барар едік.

Бірақ асханаға кірген сәтте мазам қашты, өйткені ана екі жас бала тағы сол жерде екен. Міне, мені көріп тағы қуанып қалды, бір-біріне қарап күліп қояды. Ал мен көрмегенсіп сағатыма қарайлаймын, тура бір досын күткен жаңдаймын. Сол жақ бетте Невзат карта ойнағанды тамашалап отыр екен. Қасына жақып барып, орындықты тартып отырдым. Невзатқа қарай жүзімді бұрып, бақытты адамдай күлімсіредім.

— Сәлем! Халің қалай? — дедім.

Тіл қатпады.

Теледидарға көзім түсті, жаңалықтар топтамасының аяқталуына санаулы минуттар қалыпты. Сосын картаға және олардан көз алмай отырған Невзатқа қарадым. Ойын бітсін деп күттім, әйткенмен ойын бітсе де олар маған көңіл бөлмеді. Өз араларында сөйлесіп, қарқылдап мәз. Қайта ойынға кірісті, қайтадан тоқтады. Ойын картасы тағы таратылып жатқанда, не болса да бірдеңе айтып қалайын дедім.

— Невзат, бүгін таңертең әкелген сүтің жақсы екен.

Көзін картадан алмай басын изеді.

— Білесің бе, майлы сүт қашан да дәмді болады.

Тағы да басын изеді де қойды. Сағатыма қарасам, тоғызға бес минут қалыпты. Ойға батып тұрғанда жастардың шик-шиқ күліп жатқанын байқамай да қалыппын. Қолдарындағы газетті көріп, бойымды қорқыныш биледі. Жасаған Ием, сақтай гор! Тағы да сурет шықты ма? Себебі маған бір, газетке бір

қарап, мысқылдап күліп қояр емес. Ештеңе етпейді, Режеп! Бірақ тағы да ойландым: газеттерде кейде бір сурет қояды, өрескел көрінеді; мысалы, жалаңаш әйелдердің немесе хайуанаттар бақшасындағы төлдеп жатқан аюлардың суретін жариялап, оның астына мағынасыз, әділетсіз бір жазулар жазып жатады. Дереу Невзатқа бұрылып, еш ойланбастан:

— Қалайсың? — дедім.

Маған қарап бір нәрсе сыбырлағандай болды, бірақ ойымның бәрі суретте болғандықтан, аузыма сөз түспей қалды. Әңгімелесе кетуге ыңғайлы сәтті пайдалана алмадым. Тағы да үнсіздік орнады, мен әлгі екі жігітке көз қиығып салдым. Менің ұрлана қарағанымды байқап, олар да мысқылдап күлгендей болды. Басымды кері бүрдым. Үстел үстіне тұз түсті. Карта ойнап отырғандар біресе дауласып, біресе күліп, біресе мұңайып отыр. Сосын қайта ойнай бастайды. Карталар мен көңіл күй кезек алмасып жатты. Қандай да бір сурет бар... Ойыма түсті:

— Жемил, — дедім, — мұнда шай әкел!

Осылайша сәл де болса өзімді алдандыратын бір нәрсе ойлап тапқандай болдым, дегенмен бұл да ұзаққа созылмады. Екі жігіттің күлімдеген жүзіне көзім түсіп, ойыма тағы сол газет келді. Бір қарағанымда газетті Жемилге беріп, бір нәрселерді көрсетіп жатты. Сосын Жемил менің мазасыз көзқарасымды байқап, түрі бұзылып кетті. Әлгі екі жігітке қарап, ашулы дауыспен:

— Арсыздар! — деді.

Міне, болары болды. Енді, еш нәрсені баймағансып отыруға шамам да жоқ. Әлдеқашан тұрып кетіп қалуым керек еді. Жастар болса отырған жерін бастарына көтере қарқылдап күледі.

— Не болды, Жемил? — дедім. — Не бар ол газетте?

— Ештеңе! — деді. — Болмайтын бір нәрсе.

Уайымнан жүрегім аузымнан шығып кетердей. Өзімді барынша ұстауға тырыстым, бірақ шыдай алмадым. Бір сиқыр-

лы күш орнымнан жұлып алғандай тұрдым да, үнсіз қалған екі жігіттің жанынан өтіп, тіке Жемилге қарай жүрдім.

— Берші, қолындағы газетті!

Газетті менен жасырғысы келді. Сосын күнәлі адамдай:

— Түсініксіз жай, — деді. — Мұндай да болады екен-ау? Мұның бір себебі бар ма екен?

Сосын әлгі екеуіне қарап:

— Арсыздар, — деді де, ақыры маған газетті ұстатты.

Газетті аш қасқырдай жұлып алдым, жүрегім тарсылдап соға берді. Тұншығып бара жатқандаймын, қалтырай көрсеткен жерге қарадым. Жо-о-оқ, ешқандай сурет жоқ.

— Қайда?

— Мұнда, — деп Жемил қобалжи саусақ ұшымен мензеді.

Көрсеткен жерін тез-тез оқыдым:

Тарихи мақала... Үскүдардың тарихи қазыналары... Ақын Яхия Кемал және Үскүдар... Оның астында қысқа тақырыпшалар: Грек Мехмет Паша мешіті... Ахмедие мешіті және хауызы... Шемси Паша мешіті және кітапханасы... Осы кезде Жемилдің саусағы ақырын-ақырын төмендей берді, көзім түскені:

«Үскүдардағы ергежейлілер үйі!»

Көзіме қан толды. Демалмай оқыдым:

Бұлардан басқа Үскүдарда бір кездерде ергежейлілердің де үйі болған. Кәдімгі адамдар үшін емес, ергежейлілер үшін жасалған бұл үйдің ешқандай кемшілігі жоқ еді. Тек бөлме есік, терезе және баспалдақтарының ұзындығы ергежейлілерге лайықтап жасалған болатын. Орта бойлы бір адамның бұл үйге кіру үшін екі бүктеліп кіруі керек болатын. Өнер тарихын зерттеуші профессор Сухейл Әнуардың пайымдауынша, бұл үйді ергежейлілерін қатты жақсы көретін ІІ Сұлтан Мехметтің әйелі және І Сұлтан Ахметтің анасы Хандан Сұлтан тұрғызған. Бұл әйелдің ергежейлілерге деген асқан ынтызарлығының гарем тарихымызда маңызды бір орны бар. Хандан Сұлтан дүниеден озғаннан кейін қатты жақсы көрген осы

сүйікті достарының алаңсыз, тыныштық пен ауызбіршілікте өмір сүруін қалады. Сондықтан сарайдың бас ағаш ұстасы, шебер Рамазанды осы істің басына тағайындады. Ағаш ою және өндеудің шеберлігі бұл үйді кішкентай өнер туындысына айналдырған дейді. Бірақ сол жылдары Үскүдарды аралаған Әулие Челебидің еңбегінде айтылмағандықтан, шынында мұндай оғаш және қызықты бір үйдің болған-болмағанын кесіп айта алмаймыз. Ал расымен де бар болған болса да, бұл оғаш үй Үскүдарда 1642 жылы болған жойқын өрттің кесірінен жоқ болып кетуі де ғажап емес.

Қатты асып-састым. Аяқ-қолым дірілдеп, маңдайымнан мұздай тер шықты.

— Қоя бер, Режеп, — деді Жемил, — бұл арсыздардың алдында неге өзіңді сонша түсіресің?

Газетті тағы бір рет оқып шығуды жаным қалап тұрса да, бір қорқыныш бойымды билеп, жігерім жетер емес. Тынысым тарылып бара жатқандай. Газет қолымнан сырғып жерге түсті.

— Отыршы мұнда, демінді бас. Ашуландың, ренжідің, — деп, екі жігітке қарап бұрылып тағы да: — Арсыздар! — деді.

Мен де тұрған жерімде басым айналып, оларға көз қиығын салдым. Нақ менің осы халімді қызыға тамашалап отырғанын байқадым.

— Иә, — дедім, — ренжідім.

Біраз үнсіз тұрып, бар күш-жігерімді жинап, сөзімді қайта жалғастырдым:

— Дегенмен ергежейлі болғандығым үшін ренжіп тұрғаным жоқ, — дедім.

— Адамдардың елу бес жастағы бір ергежейліні мазақ ететіндей надан болғандары үшін ренжіп тұрмын негізі мен.

Бір сәт үнсіздік орнады. Карта ойнап отырғандар да даусымды естіген болу керек. Невзатқа көзім түсті; ол бір нәрсе ұға алды ма екен? Екі жігіттің басы салбырап кетіпті, өз қылықтарына ұялған болуы керек. Басым айналып барады, теледидар да шуылдап тұр.

— Ұятсыздар, — деді Жемил ақырын. — Токта, Режеп, не болды, қайда барасың?

Жауап бермедім. Шайқатылып барып бірнеше қадам жүріп, шайханадан шығып кеттім. Жолға түстім, тағы да салқын әрі қараңғы түн ішінде жалғыз келемін.

Жүре алар емеспін, өзімді қинап бір-екі қадам тағы алға басып барып, айлақ шетіндегі орындықтардың біріне отырдым. Таза ауаны жұтып, терең-терең тыныс алдым. Жүрегім әлі де аптығып басылар емес. Алыстағы ойынханалардың, мейрамханалардың жарықтары көзге шағылысады; ағаштарға түрлі-түсті шамдар ілініп тұр, сол шамдардың астында бір-бірімен әңгіме-дүкен құрып, тамақтанып отырған адамдар бар. Я, Алла!

Кафенің есігі ашылып, Жемилдің даусы естілді:

— Режеп, Режеп! Қайдасың?

Жауап қатпадым. Мені көрмеген соң ішке кіріп кетті.

Көп кешікпей, Апқараға қарай жылжыған моторлы пойыздың сақылдаған даусынан ояндым. Сағат тоғыздан он минут кеткен уақыт болатын. Ойға батып отырмын: мұның бәрі жай бір сөз емес пе, бәрі де бос кеңістікке шығып жоқ болған дауыс жаңғырығы секілді емес пе? Біршама өз-өзімен келгендей болдым. Үйге қайтқым келмейді, бірақ амалым жоқ. Кинотеатрға барамын. Терім басылыпты, жүрегім де орнына түсті, қазір өзімді әлдеқайда жақсы сезініп тұрмын. Терең тыныс алып, алға қарай жылжыдым.

Міне, кафе де соңымда қалды; мені де, айтылған сөздерді де ұмытқан шығар, теледидар да гүрілдеп тұрған болар. Жемил менің соңыма түспеген соң, екі жігіт мазақ етер тағы біреуді тапқан да болар. Міне, тағы көше бойында келемін. Айналам абыр-сабыр. Тамақтанып болып, теледидар алдына жайғаспай тұрып немесе ойынханаларға кірмей тұрып, ас сіндіру үшін айналып жүр. Балмұздақ жеп, шүйіркелесіп, сәлемдесіп жатыр. Әйелдер, кешқұрым Стамбұлдан оралған күйеулері мен бір нәрселерді ауыздарына салып қарын тойдырып жатқан

балалар; бірін-бірі таниды, қайта-қайта сәлемдеседі. Мейрамханалардың алдынан өттім. Исмайыл көрінбеді. Бәлкім, қолындағы билеттері таусылып, үйіне қарай тартып та кеткен болар. Кинотеатрға емес, соның үйіне барсам ба екен, әңгімелесіп қайтар ма едім. Бірақ тағы сол сөздер.

Көшеде адам көп. Балмұздақ дүңгіршегінің алдында толған көлік, екі-екіден, үш-үштен ары-бері сабылып жүргендерден көлік кептелісі артын тұр. Галстугім мен кеудешем келісіп тұрғанымен, мұншалықты көпшілік ішінде шыдамым таусылып, төте жолға түстім. Теледидардың көгілдір жарығымен нұрланған көшелерде тұрақтаған көліктер арасында балалар жасырынбақ ойнап жүр. Бала кезімде осы ойынды жақсы ойнаймын деп ойлаушы едім, бірақ дәл Исмайыл ұқсап қараңғы жерлерге жасырынып қалуға батылым жетпейтін. Дегенмен де жаман ойнамайтыным рас. Ойнай алсам, ең күшті мен ойнар едім. Бәлкім, осы жерге, анамның оба жайлаған жаман жер деген тарихи хан сарайларының үйінділері арасында, ал ауыл болса, мысалы, мал қораларға жасырынған болар едім. Жасырынып, тіпті сыртқа шықпай қойсам, кімді мазақ қыларын көрер едім. Бірақ байғұс анам іздер еді ғой. Исмайылға «Аған қайда, Исмайыл?» деп жан ұшырар еді. Ол да мұрнын бір тартып, «Мен қайдан білейін?» дер еді. Мен бәрін тыңдап тұрып, анама «Мен жалғыз өзім өмір сүремін, анашым, ешкімге көрінбей» дер едім. Анам ебіл-дебіл жылар еді. Мен «Жарайды, анашым, жарайды» деп жасырынған жерімнен шығар едім. «Анашым, болды, енді жасырынбаймын, міне, тұрмын алдында» деймін. «Неге, кімнен жасырынып жүрсің?» деп анам мазасызданар еді. Шынымен де мен кімнен жасырынуым керек деп өзімді қамшылап, бәрін бір сәт болса да ұмытуға тырысар едім.

Бас көшеге жылдам өтіп бара жатып аналарды көрдім: Сытқы мырза өсіп жетіліпті, үйленіпті, жанында әйелі мен бойы мендей ұлы бар. Мені танып, күлімдеп тоқтай қалды.

— Сәлеметсің бе, Режеп мырза? Халың қалай?

Әрқашан солар бірінші сөйлесін деп тосамын.

— Сәлеметсіз бе, Сыткы мырза? Рахмет!

Қол алыстық. Әйелімен емес. Ұлы болса үрейлене, тосырқай маған қарап қояды.

— Алтыным, Режеп мырза Женнетхисардан, бұрынғы танысым.

Әйелі үнсіз күлімдеп бас иізеді. Қуанып қалдым, осы жердің байырғы тұрғыны екенім үшін мақтанып тұрмын.

— Әжең қалай, жақсы ма?

— Е-е, әжем үнемі көңілі толмайды ғой.

— Қанни жыл өтті... Фарух қайда?

— Ертең келеді.

Әйеліне қарады. Фарух мырзаның бала кезіндегі досы екенін айтып таныстырып жатыр. Сосын қол беріспей, жай ғана бас изеп қоштастық. Енді әйеліне балалық шағы туралы баяндап жатыр. Мен туралы да, сонымен қатар бала кезімізде оларды қалай құдыққа апарып, шабақ аулауды үйреткенімді де айтар. Сол кезде ұлы менің неге осынша кішкентай екенімді сұрайтын болар. «Себебі бұрыннан оны анасы некесіз туған деуші еді» деп ақталар.

Сыткы үйленіпті. Фарух мырза да үйленген, бірақ перзент сүймеді. Ал анамда керісінше болғандықтан, анамды және мені үлкен ханым ауылға жіберген. Жіберместен бұрып тілімен және қолындағы балдағымен әбден зәбір көрсеткен. Анам байғұс медет тілеп, балалардың жазығы жоқтығын айтып, жылап жалбарынған. Мен де сол сөздерді естіген, сол жаман күндерді көрген сияқтымын...

Кинотеатр көшесіне келдім, фильм басталмай тұрып шығатын музыка даусын естідім. Бұл жер жақсылап жарықтандырылады. Суреттерге көз салдым: «Жұмақта жолығайық». Өте ескі кино: Хулия Кочигит пен Едиз Хун бір суретте құшақтасып тұр. Сосын Едиз түрмеде, Хулия ән шырқап тұр. Бірақ оқиға желісін фильмді тамашаламай тұрып түсіну мүмкін

емес. Суреттерді осы үшін сыртқа іліп қоятын болу керек. Бір көрген адамның қызығушылығы оянады. Кассаға келдім. Сатушысы бір билетті кесіп, маған қарай ұзатты. Алғыс айттым да сұрадым:

— Фильм жақсы ма?

Ол да көрмепті. Кейде осылай бірден сөйлей салатыным бар. Ішке кіріп, өз орныма отырдым. Сәлден кейін фильм басталды.

Алдымен екеуі танысты, қыз әнші болып, бастапқыда оны ұнатпайды. Бір күні жігіт оның өмірін құтқарып қалады да, қыз оған ғашық болады. Бірақ әкесі екеуінің қосылуына қарсылық білдіреді. Кейін жігіт түрмеге жабылады. Үзіліс болды, орнымнан тұрып сыртқа шықпадым. Сосын фильмнің жалғасы басталды. Қыз ойынхананың иесіне тұрмысқа шықты, бірақ перзент сүйе алмады. Бала сүю үшін де әрекет етпеді. Күйеуі бір нақсүйерінің соңынан еріп кетті, сол кезде Едиз де түрмеден қашып шығып, екеуі Бұғаз көпіріне жақын бір үйде кездесті. Осы жерде Хулия Кочигит ән шырқады. Сол әнді естіп, біртүрлі болып кеттім. Ақырында оны жаман күйеуден құтқарды, ол да өз жазасын тартқан соң, олар үйленуге бел байлады. Екеуі көшеде қолтықтасып кетіп бара жатқанда, әкелері соңынан мәз болып таманалап тұрды. Олар осылайша көзден ұзап бара жатты, фильмнің соңы.

Жарық жанды, сыртқа шықтық. Елдің бәрі фильм туралы сыбырласып барады. Мен де біреумен осы фильм туралы пікір бөліскім келді. Сағат он бірден он кетті, мәртебелі ханым күтіп отырған болар. Үйге қайтқым келмейді.

Жағажайға қарай бет алдым. Мына дәріханашы Кемал мырза бүгін кезекші, бәлкім, әлі ұйықтамаған да болар. Біраз мазасын алып, әңгімелеіп қайтайын. Болған жайды баяндайын, ол да қарсы беттегі дүңгіршектің жарығында айқайлап шулап, көлікпен жарысқан жастарға қарап отырып мені тындайды. Дәріхананың жарығы жанып тұрғанын көріп, қатты қуанып қалдым. Әлі жатпаған екен. Есікті ашып едім,

қоңырау сыңғырлап қоя берді. Өттеген-ай, Кемал мырза емес, әйелі отыр екен.

— Сәлеметсіз бе? — дедім де сәл кідіріп, — бір аспири́н берсе́із бе?

— Күтымен бе, даналап берейін бе? — деді әйелі.

— Екі дана. Басым ауырып тұр. Жаным да қысылып... Кемал мырза... — дей беріп едім, тыңдамады... Қайшыны алып аспири́нді кесіп, маған берді. Ақшамды беріп тұрып:

— Кемал мырза танертен балыққа барды ма? — дедім.

— Кемал жоғарыда ұйықтап жатыр.

Дереу жоғары қарадым. Кемал мырза ұйықтап жатыр. Ояна қалса, дертімді айтар едім, бәлкім, ана арсыз жастар туралы бірер сөз айтып, мені жұбатар ма еді, әлде ешнәрсе деместен ойға шомып терезеден далаға көз салып отырар ма еді, не де болса рахаттанып шер тарқатып әңгімелесер едік. Әйелінің нәзік аппақ қолымен берген артық ақшамды алдым. Сосын есептегіш үстінде тұрған бір затқа тесіле қарады: фотосурет болуы керек. Өте сұлу әйел! Қайырлы түн тілеп, мазасын алмайын деп сыртқа шықтым. Қоңырау тағы сыңғырлады. Көшеге тыныштыққа оранған, жасырынбақ ойнап жүрген балалар үйлеріне кіріп кеткен. Амал жоқ, үйге қайтып келемін.

Қақпаның есігі ашық, перденің артынан мәртебелі ханымның бөлмесінің жарығы көрінді: мен жатпасам, ол да ұйықтамайды. Асүй есігінен кіріп, бұрылып кілттедім, біраз айналшықтап жүріп, баспалдақпен ақырын көтерілдім. Ойыма бір нәрсе түсіп кетті: Үскүдардағы үйдің баспалдақтары бар ма еді өзі? Бағанағы газет қандай газет еді, ертең барып дүкеннен сұрайын, «сенде Тержұман бар ма?» деп сұраймын, «біздің Фарух мырза сұрап жатыр, тарихшы ғой, тарихи мақалаларға қызығады» деймін. Осылайша жоғары шығып, бөлмесіне кірдім, төсегіне жайғасыпты.

— Мен келдім, мәртебелі ханым, — дедім.

— Жарайсың, ақыры үйге қарай келер жолыңды тауыпсың ғой.

- Фильм кеш аяқталды, кайтейін енді.
- Есіктерді мықтап бекіттің бе?
- Иә, жаптым бәрін. Бір қалауыңыз бар ма? Мен демаламын, тағы оятып жүрерсіз.
- Ертең келеді ғой расымен де?
- Иә, төсек-орындарын дайындап қойдым. Бөлмелері де дайын.
- Жарайды. Есігімді жақсылап жап.
- Жауып шықтым. Жатып демаламын, — деп, төменге түстім.

Әжесі оларды күтеді

Баспалдақтан ақырын түсіп келе жатқанын естіп жатырмын. Осы уақытқа дейін көшеде не істеп жүр өзі. Ойлама, Фатма, жиіркенесің. Сонда да ойлай беремін. Есіктерді дұрыстап жапты ма өзі, мына қу ергежейлі? Төсегіне жата қалады да, үй қызметшісінің тұқымынан шыққандығын дәлелдей, түні бойы қорылдап ұйықтайды. Уайым-қайғысыз бір сәбидей ұйықта, көрейін, ергежейлі, ұйықта, түнді мен күзетейін. Мен ұйықтай алмаймын. Ұйықтаймын да бәрін ұмытамын деп ойлаймын, бірақ тек ұйқы күткенім қалады. Күткенімнің бекер екенін білсем де күте беремін.

«Бұл сенің ұйқың — химиялық бір құбылыс» дейтін Селаттин, «басқа нәрселер секілді ұйқы да түсінікті құбылыс, бір күні судың формуласы « H_2O » екенін тапқан сияқты ұйқының да формуласын табады. Әрине, біздің ергежейлілер емес, тағы сол еуропалықтар табады оны да. Міне, сол кезде ешкім шаршауын басайын деп түрлі пижамаларды киіп, қажетсіз төсек жаймаларына жайғасып жатпайды. Сенің де мына кампиган

көрпеңнің астына кіріп алып ұйқыны күтпейтін кезің туады. Сол кезде бір кішкентай шөлмектен бір шыныаяқ суға күнде кешке үш тамшы тамызып ішу бізді терең ұйқыдан таңертен енді ұйқыдан қанып оянған кісідей сергітіп жібереді. Сол кезде біз тек қана ұйқысыз сағаттарда не істеу керектігімізді ойлану керек, білесің бе, Фатма, сол ұйқысыз сағаттарда не істеу керектігін ойлану керек?»

Ойланудың керектігі жоқ, Селахаттин, білемін. Үйдің төбесіне қарап жатамын, ойларымның біреуі мені өңгеріп алып кетсе деп төбеге қарай-қарай күтемін, бірақ ұйқы келмейді. Шарап немесе арақ іше алсам ғой, сен сияқты ұйықтар ма едім, бәлкім, бірақ мен арсыз ұйқыны жақсы көрмеймін. Сен екі шөлмек ішетін едің де, маған: «энциклопедиядан тапқан шаршауымды бассын және ойымды жинақтасын деп ішемін мен, Фатма, көңіл көтеру үшін емес» дейтіңсің. Сосын аузың ашылып, қорылдап ұйықтай кетесің. Ал мен ішінде шаян мен құрбақалар ойнақтаған бір құдықтың қараңғы аузын еске түсіретін сол аузыңнан шыққан арақ иісінен жиіркеніп қашатын едім. «Суық әйелсің, ақымақ әйелсің, тастай қақиып қатқан әйелсің! Мынадан бір шыныаяқ ішсең, бәлкім, түсінер едің. Кәне, іше ғой, Фатма, бері қара, мен саған әмір беріп отырмын. Сенің күйеуіңе бас иіп, айтқанын екі етпеуің керек, мұны білесің бе? Білесің, сен бәрін білесің, өйткені сенің тәрбиен солай. Олай болса, дәл қазір саған әмір берейін! Іш, күнәнді мен көтерейін, кәне, іш, Фатма! Сенің миың тынықсын деп күйеуің осыны қалап отыр. Ал, енді не болыпты, мені неге сонша жалындырып отырсың? Мен де жалғыздықтан шаршадым, не болар дейсің, Фатма, кәне, бір шыныаяқ іш енді, күйеуіңе қарсы шықпа!».

Жоқ, мен жылан кейпіндегі мына жалғанға алдана алмаймын! Ешқашан ішкен емеспін. Тек бір рет қана, қызығып қана іштім ешкім жоқта. Тілімнің ұшында лимон, тұз және у татыған бір ащы дәм сезілді. Сосын бойымды үрей билеп, ішкеніме өкінім де, дереу аузымды шайдым. Шыныаяқты төгіп,

бірнеше мәрте жудым. Басым айналып, жерге құлап түсем бе деп жерге отыра кеттім. Ой, Алла-ай, болмаса мен де ол сияқты мас болып қалам ба деп қорықтым, бірақ ештеңе болмады. Сосын барып қоңілім орнына түсіп, шайтан мені арбай алмайтынын түсіндім.

Төбеге қарап жатырмын. Әлі ұйықтай алар емеспін. Қой, тұрайын орнымнан. Жүріп барып, перделерді аштым. Шыбындар мені мазалай алмас. Желдеткішті аштым, жаңбыр тыныпты; тып-тынық түн: інжір ағашында қимыл жоқ. Қарасам, Режептің жарығы сөніп тұр: ұйықтап қалған да болар, мазалайтын ешқандай ойы жоқ ол ергежейлінің басы жастыққа тисе қор ете қалады. Бар міндеті — тамақ жасау, бір уыс кірімді жуып, барып базардан азық-түлік әкелу, ең соңында алған бір шабдалысы да шірік, жарамсыз болып шығады; одан қалса көшеде күні бойы қаңғып келеді.

Теңізді көре алмаймын, бірақ қай жерден қай жерге дейін созылып жатқанын және әлемнің қай шетіне дейін бара алатынын да білем. Кең дүние! Гүрілдеген моторлар мен жалаңаш жатқан айлақтардың мүңкіген иісін жақсы көремін. Шырылдауық шегіртке даусын да естимін. Бір аптада бір қаддам жол жүрер ме едік. Менің сол жол құрлы қадірім жоқтай. Бір кездерде осы жерді әлемнің ең керемет жері деп санадым. Бала едім, ақымақ едім. Пердені тартып жаптым: әлем артында қалсын.

Ақырын орындыққа отырып, үстел үстіне қарадым. Айналам тым-тырыс. Жартылай толтырылған су құмырасы мен ішіндегі су да қимылсыз. Ішкім келсе шыны қақпағын ашып, ұстап көтеріп, бір шыныаяққа құйып, судың қалай аққанына қарап, тындаймын; шыны сынғырлайды, су ақырын шырылдайды, салқын бір леп ескендей. Бір басқаша сезім мені жұбатқандай, суды ішпеймін, тек жұбанамын. Бұл ғана емес. Уақытты өткізуге бір себеп табамын. Тарағымды қолыма алып, арасында қалып қойған шашыма қараймын. Оларды біртіндеп алып алданамын. Менің тоқсан жасымдағы жіңішке

жұмсақ шашым. Біртіндеп төгіліп жатыр. Уақыт деп сыбырладым, өмір деген осылай зулап жатыр. Тоқтай қалып, тарағымды тастай салдым. Теріс айналып бүк түскен бір жәндікке ұқсап кетті, оған қарап денем түршіккендей болды. Мен әр нәрсені осылай тастай берсем және мыңдаған жылдар ешкім бізге тимессе, бәрі де сол қалпы қалар еді. Үстел үстіндегі кілт, құмыра мен заттар: біртүрлі түсініксіз; бәрі де тұрған жерінде тұр қимылдамастан! Сол сәтте ойларым да біршама сұп-суық, тастай қатты, түссіз және иіссіз кейіпте.

Дегенмен ертең келеді, мен тағы ойға батам. «Сәлем, сәлем, қалайсың сен, сен қалайсың», қолымнан сүйеді, «ұзақ жаса, қалайсың, әже, қалайсың, ата?» Осылайша, болатын нәрселерді зерделей бастаймын. «Бәрің бірдей шуылдап сөйлемендер, біртіндеп жаныма келіндер. Ал, айта бер, жарқыным, не істеп жатырсың?». Алдану үшін сұраймын, білемін және алдану үшін тыңдаймын, сол бірер ауыз сөзді! «Ей, не болды, бары осы ғана ма, әжелеріңмен сөйлеспейсіңдер ме?» Қарап қалады, өз араларында сыбырласады, күледі, естіп түсініп отырамын. Ақырында айқайлай бастайды. Айқай-шу, даудай дүрлігіп, құлағымды жарып жіберердей болады. «Кешіріңіз, әже, біздің нағашы әжеміздің құлағы жақсы естімейді ғой!». «Мен нағашы әжелерің емеспін, өз әжелеріңмін!». «Кешіріңіз, кешіріңіз! Жарайды, кәне, айтындар маған бәрің, әсіресе сол нағашы әжелеріңді айтындар, не істеп жатыр, қалай екен ол?». Таңданып үнсіз қалады: не істеуі мүмкін біздің нағашы әжеміз? Сол кезде олардың көргенінен бір нәрсе түйе алмайтын жаста екенін біліп тұрмын. Не болса да олардың айтқандарына сену үшін емес, тек сұрағаным болсын деп сұрай беремін. Олар тіпті әңгіменің не туралы екенін ұмытып та кетті. Менімен емес, бөлмемен, сұрағандарыммен емес, өз ойларымен алысып әлек, ал мен болсам өз басыммен қайғымын әдеттегідей...

Қолымды созып, табақтан бір өрік алдым, жеп отырып күттім. Жоқ, оның да пайдасы болмады. Осы жердемін тағы, зат-

тарымның арасындамын, ойға батпадым. Үстел үстіне қарап қоямын. Сағат он екіге бес минут қалды. Сағаттың жанында иіссу құтысы, оның жанында газет, жанында тағы бет орамал. Солай тізіліп тұр. Оларға қараймын, олар да маған қарап тұрғандай. Бізге қарап бір нәрсе айтса деп тұрғанын білемін, бірақ сонша жылдардан соң оларға да айтарым қалмаған. Тек бір иіссу құтысы, газет, бет орамал мен сағат: сыртылдағандай болады, бірақ ешкім де, тіпті Селахаттин де уақыттың не екенін білмейді. Бір сәт соңынан басқа бір, кіп-кішкентай анда-мұнда жүгірген ойларым, тимендер басқаға. Абай болыңдар, шығып сыртқа кетіндер, шығайық, қане, уақыт пен мына бөлменің сыртына! Тағы бір өрікті алып жедім, сыртқа шыға алмадым. Сосын тағы сол заттарға қарап, денем түршігіп, жұбанғым келеді: Мен болмасам, ешкім болмаса заттар орнында мәңгілік тұра берер еді, сол кезде ешкім де мына өмірдің не екенін ұғына да алмас еді!

Жоқ, алдана алмадым! Орындықтан тұрып, дәретханаға бардым да, жақсылап жеңілдеп алдым. Бұрыш-бұрышқа өрнек салған өрмекші ұясынан басымды бұға өттім. Тетікті басқанда төбеде жарқыраған шам жарығы сөнді де, тек керует басындағы шам қалды, мен де төсегіме жайғастым. Түн ыстық, сонда да көрпесіз жата алмаймын. Қайтейін енді, құшақтап астына кіріп, ішіне жасырылатын бір дүние ғой бұл да. Басымды жастыққа қойдым, ұйқының бірден келе қоймайтынын білемін, сонда да күте беремін. Әлсіз шамның жарығы бөлмеге жайылып тұр. Шегірткенің шырылын естіп жатамын. Жаздың ыстық түндері-ай!

Дегенмен жаз бұрыннан ыстық. Лимон шырынынан әзірленген су ішетінбіз. Ақ халатты адамдар да, анам да үнемі көшеден емес, үй мәзірінде қолдан жасап ішуді көп ескертегін. Көбіне базардан аламыз, ал дүкендерде балғынын табу қиын болатын. Кешке дейін әкемді күтеміз, келеді, әңгімесін айтады. Біз үнсіз тыңдаймыз. Темекі иісі мүлкіді, өзі қақырынып, жөтеліп әзер сөйлеп отырады. Бір жолы былай деді:

— Фатма, сені қалаған бір дәрігер бар.

Жауап қатпадым. Қызық, бір дәрігер бар екен, мен үнсізбін, әкем де ештеңе демеді. Мен он алты жастамын, тағы бір жолы анам:

— Тыңда, Фатма, дәрігер екен, — деді.

Мен аң-таңмын. Қайдан көрді екен мені. Сұрауға бата алмадым, расын айтсам, қорықтым. Дәрігер. Қызық өзі.

Бір күні әкем келді де, маған батыл қарап:

— Болашағы жарқын екен, Фатма! Әбден сұрастырдым, сұрадым. Еңбекқор дейді, біршама қырсықтығы бар екен, дегенмен намысты әрі ақылды адам екен. Жақсылап ойлан, қызым.

Мен тағы үндемедім. Күн ыстық, шәрбат ішіп отырдық:

— Мен білмеймін ғой, жарайды, дегендеріңіз болсын!

Әкем мені алдына алып:

— Қызым! Сен әкеңнің үйінен кетіп барарсың, есінде болсын, еркектерді көп тергеуге болмайды деп жатады. Мысық сияқты көп аңдыспа.

— Жарайды, әке, ол жағын білем ғой.

— Байқа, қызым, тағы да айтарым бар, еркектің тірлігіне араласпа! Сосын ешнәрсеге өкінбе! Оның жасын да сұрама...

— Жарайды, әке, сұрамаймын, сұраған да емеспін, сұрамаймын да.

Сұрамадым. Отбасын құрғалы төрт жыл өтті. Әлі де перзент сүйе алмадық. Стамбұлдың ауасы жақпайтындықтан екен, кеш білдім. Ыстық жаздың бір кеші еді. Селахаттин емханасына емес, тіке маған келді де, былай деді: — Енді Стамбұлда тұрмаймыз, Фатма!

Неге екенін сұрамадым. Өзі бәрін айтып жатыр, қол-аяғын ұстай алмайтын бір сәби секілді ербендеп айтып жатыр, айтып жатыр:

— Енді Стамбұлда тұрмаймыз, Фатма, бүгін Талат Паша шақырып былай деді: «Дәрігер Селахаттин, сен Стамбұлда тұрмайсың және саясатпен де айналыспайсың!». Осылай деді

маған намыссыз неме. «Жоқ деуші болма, егер мен мықтымын деп, қарсылық көрсететін болсаң, сені де басқалар секілді Синоп түрмесіне дереу бірінші кемемен салып жіберемін. Әрине, бұған келісе қоймасың. Басқа амалың жоқ, бізге көп тиісіп кеттің, былай қарасам, ақыл-есі бүтін адам сияқтысың. Жақсы мамандық иесісің. Дүниенің қай бұрышына барсаң да, шалқып өмір сүретіндей қаражат таба аласың. Француз тілін білесің бе?» деді. Алла жазасын берсін! Түсінесің бе, Фатма, бұл иттихатшылар аздырды әбден, азаттықты көтере алар емес. Абдулхамиттен не айырмашылығы қалды енді? Мен де тұрып: «Жарайды, Талат мырза, мен ұсынысыңызды қабылдап, дүниемді, киім-кешегімді жинасам, есіңізде болсын, Синоптағы түрмеден қорыққандығым емес, зындан бұрышынан емес, сіздерге керек жауапты тек Парижде бере алатыныма сеніп тұрмын» дедім. «Фатма, кетеміз, жүзіктерің мен алтындарыңның бір-екеуін сат! Қаламасаң, жарайды, әзірге әкемнен қалған біршама мал-мүлікпен Еуропаға емес, Селаникке барайық. Неге шетелге барамыз, бөлкім, Шамға барайық. Бері қара, дәрігер Рыза Искендерияға кетіпті. Сол жақта табысы жақсы екенін жазып та жүр. Сол хаттар қайда, таппай жатырмын, үстелімнің үстіне тимендер деп қанша рет айтамын. Ой, Алла-ай! Берлинге де кетсек болады, Женева туралы естуін бар ма? Бұлар Абдулхамиттен бетер болды ғой, қане, маған олай қарап тұра бергенше, жинал, жина бөрің. Азаттықты сүйген азаматтың әйелі ретінде сен де мықты болуың керек, қорықпа ештеден!».

Мен үнсіз, тіпті өзің білесің ғой демедім де. Селухаттин болса тоқтаусыз сөйлеп жатыр: Абдулхамитке олардың Парижде не істегендерін, енді өзінің Парижден оларға не істейтінін айтып жатыр. Сондай-ақ бір күні Парижден пойызбен осында қандай үлкен жеңіспен оралатынымызды айтып үлгерді. Сосын Шам деді, Измир деді, кешкісін Трабзонға да разымын деді. «Бар мал-мүлкімізді сату керек, сен дайынсың ба, Фатма?» деді. «Бар күш-қайратымды күресуге арнаймын, сон-

дыктан үй қызметшілерінің немесе басқаның алдында ештеңе айтпа, жердің де құлағы бар. Ал, Талат мырза, сенің маған бұл жерден кет деуге де хақың жоқ, онсыз да бұл қарғыс атқыр Стамбұлда бір сәт те қалатын ойым жоқ, тек Фатма, маған қайда бару керегін айтсаңшы!» Мен тек үнсіз, жас сәбидей ойланып отырмын.

Иә, сол кезде мен тек шайтан ғана бір баланы осынша алдай алатынын, үш томдық кітаптың күдіретімен жолдан тайдыруға болатын бір балаға тұрмысқа шыққанымды білдім: Сол түні түн жарымда бөлмемнен шығып, үй ыстық, су ішейін дедім. Бөлмесінің жарығын байқап, ақырын сонда қарай аяңдадым. Есігін ашып қарасам, Селахаттин тізесін үстелге таяп, басын қос қолдап ұстап жылап отыр: әлсіз шамның жарығы жаспен жуылған жүзіне көлегейлеп түсіп тұр. Үстел үстінде орнын ауыстырмайтын бас мүсіні де жылап отырған үлкен адамға қарап тұр. Есікті ақырын тартып жауып, асүйге барып су іштім. Әлі де болса бала екен деп ойладым, расында бала екен.

Төсектен ақырын тұрып үстелге жайғастым да, су құмырасына қарадым. Су ішінде қалайша еш қимылсыз тұр? Осыған таңғаламын, расында. Бірде бал арасын алып ішіне салдым да, бетін жауып қойдым. Ішім пысса, төсегімнен тұрып қарайтынмын: шығар жолдың жоғын түсінгенге дейін екі күн, екі түн ыдыстың ішінде айналды да жүрді. Сөсын бір бұрышқа барып қимылдамай тұрудан, күтуден және нені күту керектігін білместен күтуден басқа амал жоғын білді. Сол сәтте оған тіксіне қарадым, жиіркендім. Перделерді аштым, үстелдің шетіне сырғыта тартқан құмыраның бетін ашып, қашсын дедім. Бірақ мына ақымақ жәндік қимылдар емес. Үстел үстінде тұрған күйі қалды. Режепті шақырдым да, «мына жиіркенішті жәндікті езіп өлтір» дедім. Газеттің шетінен жыртып алды да, араны мұқият ұстап тұрып, терезеден лақтырып жіберді. Өлтіруге қимады, ол да өзі сияқты шарасыз біреу екенін біледі.

Шыныаяққа су толтырып, асықпай іше бастадым. Су таусылды. Енді не істеймін? Тұрып төсегіме қайта жайғастым. Басымды жастыққа қойып, бір қырыммен жаттым да, осы жерге үй салғызған кездерді ойладым. Селахаттин мені қолымнан жетектеп алып қыдыртатын: «Мына жерде менің емханам, мына жерде ас бөлмесі, мына жерде Еуропа үлгісіндегі асүй; ал балаларға бөлек-бөлек бөлме салдырамын, әрқайсысы өз бөлмесіне кіріп алып, өздерін тұлға болуға дайындайтын болады. Иә, Фатма, үш сәби сүйгім келеді. Көріп тұрғанындай терезелерге темір тор да жасатпадым. Қандай жаман естіледі? Не сонда әйел деген құс па, хайуан ба? Иә, Фатма, бәріміз азатпыз. Қаласаң, мені тастап кете де аласың. Біз де аналар сияқты перде тіктіреміз. Ол жер, бұл жер демейміз, әр бөлмеге балкон жасатамыз. Балкон — ол еркіндікке ашылған есік. Қандай әдемі көрініс десеңші. Стамбұл сонау қалың бұлттың астында көмкеріліп тұрған да болар. Фатма, елу километр жердегі Гебзеге жетіп, пойыздан түсіп болғанша, уақыт зулап өте шығады. Сол кезде мынау надан үкіметтің де ұзаққа бармасын сезем, бәлкім, мынау үй бітпей тұрып-ақ иттихатшылар құлап, біз Стамбұлға оралармыз...»

Кейін үй де бітті, Доған дүниеге келді. Тағы бір соғыс басалды. Дегенмен ақымақ иттихатшылардың үкіметі құлай қоймады. Селахаттин маған: «Стамбұлға сен бар, Фатма! Талат саған емес, маған Стамбұлда тұруға тыйым салды. Сен неге бармайсың? Барсаң анаңды көресің, әкенді көресің. Шүкрі Пашаның қыздарына барасың, анау-мынау алып, дүкен аралайсың. Керек нәрселеріңді алып киесің. Таңертеңнен кешке дейін мына жерде тігін машинасының педалін тартып тіккен, түні бойы көз майынды тауысып тоқығандарыңды киіп, ең болмаса анаңа көрсетер едің. Неге бармайсың осы, Фатма?» деп қоймайтын. Бірақ мен бармаймын, барсам сенімен бірге барам деп қасарысып қалатынмын.

Содан күндердің күні бір газетке көзім түсті. Әдетте газет Селахаттинге үш күн кейін келетін. Ол да бұрынғыдай газет-

ке ынтықпайды. Палестина, Галисия және Чанаккаледен де келген соғыс жаңалықтарына қарамай да қойды. Кей күндері кешкі астан кейін газет ақтаратын әдетін де қойып кеткен соң, келген газетті бірінші болып мен ашып оқитын болдым. Кезекті сондай жағдайда, оқып отырған газетімнен иттихатшылардың үкіметі құлаганын біліп қуанып кетіп, үстел үстіндегі табақтың ішіне пісіп-жетілген жемісті салғандай етіп, газетті тастай салдым. Дайын болған түскі асты ішу үшін жазып жатқан энциклопедиясынан бас көтеріп, төменге түскен кезде газетті көріп, жаңалықты оқыды; өйткені үлкен-үлкен әріппен жазылып, тайға таңба басқандай көрініп тұрған болатын. Оқыды, бірақ ештеңе демеді. Мен де ешнәрсе сұрамадым. Дегенмен кешке дейін ары-бері жүріп төбемді тескен аяқ киімінің даусынан оның түстен кейін энциклопедиясының бір әрпі де жазылмағанын түсініп отырдым. Кешкі аста Селахаттин ешнәрсе демеген соң, сөзді өзім бастадым:

— Көрдің бе, Селахаттин? Үкімет құлапты.

— Иә... солай, — деді. — Үкімет құлады. Иттихатшылар мемлекеті бытырап, қашып кетті. Соғыс та бітті.

Бетіме тіке қарай алар емес, үнсіз отырдық. Кейін ас қайырып болып, тағы да бетіме қарай алмаған күйі, ұмытқысы келген бір ұятты күнәсі туралы сөз етіп жатқандай Селахаттин былай деді:

— Енді Стамбұлға тек энциклопедия біткен соң ғана ораламыз, Фатма. Өйткені Стамбұлдағы ақымақтардың саясат деп бықсытқан тірліктері менің бұл энциклопедиямның қасында түкке тұрғысыз. Менің мұнда жасап жатқан еңбегім қаншама жылдар өтсе де құнын жоғалтпайтын дүние болмақ. Бұл істі жарты жолда тастай алмаймын, Фатма! Мен бөлмеме кеттім.

Дереу жоғары шығып, өлім жеткенше, аузы-мұрнынан қан кеткенше отыз жыл тапжылмай энциклопедиясын жазды. Осы еңбегі үшін ғана Селахаттинге рахметімді айттым. Осылайша, мен жетпіс жыл болды осы жерде, яғни Жаннетхисардамын.

«Келешектің Стамбұлы» және «дінсіздер мемлекеті» деген сол күнәларға батудан құтылдым мен, солай емес пе? Құтылдым, құтылды, Фатма! Енді рахаттанып ұйықта...

Бірақ ұйықтай алар емесін. Алыстан естілген пойыздың даусын тыңдап жатырмын. Алдымен ысқырығын, сосын моторлы қайығының даусы мен тақыр-тұқыр еткен дөңгелек даусын... Бұрыннан осы дауысты қатты жақсы көретінмін. Алыста бейкүнә елдер, мекендер, үйлер, бау-бақшалар бар екенін ойлайтынмын. Баламын, тез алданатынмын. Міне, тағы бір пойыз кетті. Даусы естілмей қалды. Қайда кеткенін де ойламаймын! Мен жатқан жердегі жастығым ысып кетіпті, теріс айналып жаттым. Басымды қойсам, құлагым салқын жерге тиеді. Қыстың түндері салқын болатын. Бірақ ешкім ешкімге жақындамайтын. Селахаттин қорылдап ұйықтайды, аузынан шыққан сасық шарап иісінен жиіркеніп мен көрші бөлмеге барып, суық жерде жантая кететінмін.

Бір жолы тағы да көрші бөлмеге өтіп бара жатып, қағаздарын бір көрейінші, таңнан қара кешке дейін не жаза береді, не жазыпты өзі деп қарасам: адамның атасы маймыл туралы жазыпты; Алланың барлығы туралы мәселесі, бұл күндегі Батыстың адам нанғысыз артып жатқан ілімі арқасында күлкілі түсінікке айналып, бір бұрышта қалып бара жатқан өмірімізді жазыпты; Шығыстың әлі күнге дейін орта ғасырдағы терең және жиренішті қараңғылықта ұйықтап жатқаны бізді бос белбеулікке емес, қайта керісінше үлкен еңбектер атқаруымызға жетелейтіні туралы жазған; сондай-ақ сөздің ашығы деп мәліметті ана жерден алып, мына жерге салмай, қайта сол білім арқылы жаңа бір дүние ашуды, жаңалық ойлап табуды жазыпты; қазір осы орасан зор еңбектің жазылуына жетінші жыл толып жатыр, менің сондағы көргенім Аллаға деген қорқыныспен жолынан адасқан халықтар жазылыпты, Иә, Алла, болды, Фатма, оқыма! Бірақ оқи бердім: бір топ мәңгүрттерді ояту үшін дамыған елдерде көбіне күлкілі болатын біршама оғаш нәрселерді, демек, менің жасауым керек,

деп жазыпты; шіркін, осының бәрін айта алатын бір досым болса ғой, тіпті мына жанымдағы суық әйелден де үмітімді үзгелі қашан? Жалғызбын мен, жападан-жалғызсың сен, Селухаттин, деп жазыпты; ертең істелінетін жұмыстарын да бір паракқа жазыпты; ләйлектер мен құстардың көш картасы үшін Поликовскийдің кітабындағы картаны пайдалануды, Алланың жоқтығын мөңгүрттерге дәлелдеу үшін үш қарапайым мысал жазыпты; бірақ мен ары қарай оқы алмаймын, жетер енді, Фатма! Мына күнәһар қағаздарды лақтыра бастадым және енді өлгенше бұл күпірлік толы сұп-суық бөлмеге аяқ баспауға өзіме серт етіп қаша жөнелдім. Таңертең Селухаттин бәрін түсініп қойды:

— Кеше түнде мен ұйықтап жатқанда бөлмеме кіріпсің ғой, Фатма?

— Мен жауап қатпадым.

— Бөлмеме кіріп, қағаздарымды араластырып жіберіпсің, Фатма.

— Мен тағы тіл қатпадым.

— Араластырып, тұрған жерін ауыстырып, тіпті жерге де шашыпсың, Фатма. Мейлі, ештеңесі жоқ, оқығың келсе оқи бер!

— Менде үн жоқ.

— Оқыдың ғой, оқыдың. Жарайсың, Фатма, дұрыс істегенсің, не айтарың бар енді!

— Мен тағы үндемедім.

— Менің үнемі сенен осыны қалайтынымды сен жақсы білесің, оқы, оқи бер, Фатма! Оқып-оқып бір күні оянаарсың, Фатма! Мына өмірде істеу керек көп нәрсенің барын сонда ұғынаарсың... Көп нәрсе бар...

Жоқ, керісінше, өте аз нәрсе бар: тоқсан жыл болды білемін, өте аз. Бөлмелер ішіндегі заттарды көремін; ана жақтан мына жаққа, мына жақтан ана жаққа қараймын; сосын біраз уақыт бекітілмеген шүмектің аузынан тынбай тамған су тамшыларына да зер саламын. Менің кеудем мен басымның

ішінде, қазір қазір, сәтке сәт, көз ашып-жұмғанша, перделер ашылып-жабылғанша, күн мен түн, әне тағы бір таң атты; бірақ мен алданбадым. Тағы да күтемін. Ертең келеді. Сәлем! Сәлем! Ұзақ ғұмыр тілеймін! Қолдан сүю, күлу; Қолыма еңкейген бастың шашы оғаш көрінеді. Қалайсың, халыңыз қалай, әже? Мен сияқты біреу не айта берер дейсің? Бармын, тірімін, күтемін. Мазараттар, өлілер... Кел, ұйқы, кел.

Төсегімде бір аунадым. Енді шегірткені де естімейтін болдым. Ара да кетті. Таңертенге не қалды? Ерте таңмен шатырда қарғалар, сауысқандар. Ерте тұрып солардың даусын естимін. Сауысқандардың ұрлықшы екені рас па өзі? Патшайымдардың, ханшайымдардың жауһар тастарын бір сауысқан ұрлапты, бәрі соның соңына түсіпті. Ал мен сол құстың сонша ауыр затты қалай көтеріп ұшқанын түсінбей далмын. Қалай ұшады бұл құстар? Шар, дирижабль және балалар деп жазған Селухаттин «Линдберг қалай ұшады?» деп, бір емес, екі шөлмектен ішсе, менің тындамайтынымды ұмытып кетеді де, астан соң баяндай бастайды.

«Бүгін ұшақтар, құстар және ұшу туралы жаздым, Фатма. Ауа кеңістігі туралы жазып бітермін бүгін. Қара, мені тында: ауа бос емес. Фатма, ішінде молекулалар бар, тура судың ішінде жүзген қайықтың артқан салмағындай», қоя тұр, шар мен дирижабльдердің қалай ұшатынын түсіндіре алмаймын мен. Бірақ Селухаттин дамылсыз түсіндіріп жатыр. Әдеттегідей өз ойын айқайлап барып қорытындылайды: Міне, бұлар да, барлық зат та танылу керек, бізге керегі осы; бір энциклопедия; бүкіл табиғат және қоғамдық ғылымдар осылайша танытылса, Алла оледі және біз де! Бірақ мен сені енді тындамаймын! Үшінші шөлмекті ішіп алып, құтырып кетесің, ол кезде айтқандарыңды да мүлдем тындамаймын: Ия, Алла жоқ, Фатма, ғылым бар енді. Сенің Аллаң өлді, надан қатын! Содан кейін өзін сүюден, өзінен жиіркенуден басқа сенетін ешнәрсесі қалмаған соң, жын ұрғандай есіріп, бақшаға қарай жүгіреді. Ойлама, Фатма! Бір қызметші... Ойлама... Рухани мүгедек! Баска

нәрсе ойла! Әдемі танды, ескі бауды, атты арбаларды.... Кел ұйқы, кел!

Қолымды мұқият созып, бас жағымдағы шамды сөндірдім. Тым-тырыс қараңғылық ішінде жалғызбын. Тек перделердің арасынан ұрлана түскен әлсіз жарықты сезіпемін. Айналадағы заттарды көре алмаймын, олар да менің көзқарасымнан құтылды. Үнсіз оздерімен өздері қалды. Тура мен болмасам да тұрған жерлерінде кимылдамай тұра алатынан айтып жатқандай. Дегенмен мен сіздерді жақсы білем: ана жердесіздер, заттарым ана жерде. Тіпті жап-жақын жанымдасындар. Бәрің сеземін. Анда-санда бір біреуі тысырлап қалады. Даусын бірден танымын. Бөтен емес, мен де бір дауыс шығарып қойғым келеді, ойланып қаламын: Біз тұрған бос кеңістік деген қандай ғажап дүние! Сағат тықылдап, оны бөліп жібереді. Нақты және шынайы. Бір ойдан соң, бір ой...

Содан не керек, таң атты. Бәрі келді. Сәлем, сәлем! Бір ұйықтап, бір оянып, уақыт өтіп кетіпті, жақсы демалып қалыпшын.

— Келді, мәртебелі ханым, бәрі келді!

Мен күтіп жатқанда тағы да пойыз ысқырығы естілді. Алла жар болсын! Қайда, Фатма, қайда? Біз кетіп бара жатырмыз, ана, Стамбұлда бізге тыйым салынған. Жүзіктеріңді алдың ба? Алдым! Тігін машинаңды алдың ба? Оны да. Алмастарыңды, маржан тастарыңды? Олар бар ғұмырыңда саған қажет болады, Фатма! Тез орал бірақ. Жылама, анашым! Сандықтар, заттар пойызға салынды. Әлі сәби де сүймедім, сапарға шығып барамыз. Алыс жерлерге күйеуіммен, кім біледі, қандай елдерге барамыз біз, пойызға міндік, бізге қарап тұрсыз, қол бұлғадым. Алла жар болсын, өке! Алла жар болсын, анашым! Қараңыз, мен кетіп барамын, өте алыстарға кетіп барамын!

Хасан мен достары базарда салық жинайды

— Иә, — деді көкөніс сатушысы, — не қалайсыз?

— Ұлтшыл жастардың ұйымдастырып жатқан бір кеші бар, шақыру таратып жүрміз, — деді Мұстафа.

Мен қалтамнан шақыру қағаздарын шығардым.

— Мен мұндай жерлерге бара алмаймын, уақытым жоқ, — деді сатушы.

— Ұлтшыл жастарға көмек болсын деп бір-екі данасын ала алмайсың ба, сонда? — деді Мұстафа.

— Кешегі аптада ғана алдым, — деді сатушы.

— Бізден алдын ба? Біз өткен апта мұнда келген жоқпыз, — деді Мұстафа.

— Бірақ сен коммунистерге көмектескен болсаң, ол басқа, — деді Сердар.

— Жоқ, — деді сатушы, — олар бұл жерге келмейді.

— Неге келмейді? — деді Сердар. — Жаны қаламаған соң ба?

— Мен білмеймін, — деді сатушы. — Мені жайыма қалдырыңдар, мен мұндай шаруаларға қызықпаймын.

— Олардың неге келмейтінін мен айтайын, көке, — деді Сердар. — Бізден қорыққандықтан келмейді. Біз болмасақ коммунистер мына жерде ат ойнатып, асыр салар еді.

— Күдай сақтасын!

— Иә! Тузлада азаматтарға не істегендерін білетін боларсың? Ең алдымен дүкендерді қиратады екен.

Бұрылып қарадым дүкен терезесіне: тап-таза, жал-жұлт еткен әйнегі бар екен.

— Сосын тағы бермесе, не істейтінін айтайын ба, — деді Сердар.

Мен мазараттар деп ойладым. Бірақ коммунистер тек солай жасайтын болса Ресейде мазараттар аузы-мұрнынан шығып

жатар еді. Сатушы да ақыры түсінген болу керек, қолын беліне таяп, ашуға булығып бізге қарады.

— Иә, көке, — деді Мұстафа, — біздің де уақытымыз жоқ, қанша лиралық қалайсың?

Көрсін деп мен де билеттерді шығардым.

— Он данасын алады, — деді Сердар.

— Кешегі аптада ғана алғанмын, — деді сатушы.

— Жарайды, болды, — деді Сердар. — Босқа уақыт жоғалтпайық, достар. Демек, бүкіл базарда әйнегінің сынуынан, қабырғаларының сөгілуінен қорықпайтын тек осы дүкен ғана бар екен... Енді ұмытпаймыз. Хасан, мынаның нөмірін алсаңшы.

Сыртқа шықтым. Есіктің төбесіндегі нөмерге қарадым да, ішке кірдім. Сатушының жүзі қызарып кетіпті.

— Жарайды, көке, ашуланба, — деді Мұстафа. — Біздің мақсатымыз сені қорлау емес. Атамызбен қатарсың, біз коммунист емеспіз. Маған қарай бұрылды да: — Бес данасын бер бұл жолы. Сол да жетер.

Шығарып бес билетті бердім. Сатушы қолын созып, тіксіне билеттің шегінен ұстады. Сосын, ақырын билеттердің бетіндегі жазуды оқи бастады.

— Түбіртекті де берейік, қаласаң, — деді Сердар.

Мен күлдім.

— Олай қалжындаспаңдар, — деді Мұстафа.

— Бұл билеттердің менде тағы бес данасы бар, — деді сатушы. Қалтырап, қобалжып, тартпасындағы қағаздарды араластырып бірдеңе іздей бастады. Сосын қуана бізге көрсетіп, қуанған жүзбен: — Тура осы емес пе?

— Иә, — деді Мұстафа. — Аналарды достарымыз қателесіп берген болар, дегенмен бізден алғаның дұрыс.

— Алыппын ғой енді.

— Бес данасын тағы да алсаң өлесің бе, немене? — деді Сердар.

Бірақ кәрі сараң естімегенсіп, бармағының ұшымен билеттің бір бұрышын көрсетті.

— Бұл кештің де уақыты өтіп кетіпті, — деді. — Екі ай бұрын екен ғой. Қара, мына жерде 1980 жылдың мамыр айы деп жазулы тұр.

— Көке, сенің бұл кешке баратын ниетің бар ма еді? — деді Мұстафа.

— Екі ай бұрынғы кешке мен бүгін қалай барамын? — деді сатушы.

Ақырында, бес билет үшін тұрған жерімде жарылып кетуге мен шақ қалдым. Бізге мектепте босқа үйреткен екен. Сабырлы болу адамның өмірдегі ең асыл уақытын құртады, басқа ешнәрсе емес. Бұл тақырыпта бір шығарма жаз десе ғой, мен ең соңында бағалауға келгенде ең жоғарғы 5 деген бағаны азсынататындай шығарма жазып берер едім. Міне, Сердар да мен секілді ашуға мінді. Бірден атып тұрып, кәрі сараңның құлағының артында тұрған қаламды қинап тұрып тартып алды. Билеттердің бетіне бір нәрселер жазды да, қаламмен бірге өзіне кері қайтарды.

— Жарай ма, көке? — деді. — Кешті екі айға шегіндірдік. Бес жүз лира бересің!

Ақыры шығарып берді бес жүз лираны. Осылайша, «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» деген ақымақ сөзге біздің мектептің «Түрікше шығарма жазу» пәнінің мұғалімдері ғана сенетін. Ашуланғаным сонша, мынау кәрі сараңды бір ұрып жыққым келді. Шығып бара жатып, есік алдында жәшікте тізіліп тұрған балғын шабдалының біреуін алдым. Бірақ басқасы төгілмеді әйтеуір. Сосын шаштаразға бардық.

Шаштараз біреудің басын ұстап алып, шүмектің астына қойып жуып жатыр екен. Бізге айнадан қарады.

— Екі данасын алайын, балалар. — деді, қолындағы басты жібермей тұрып.

— Сіз қаласаңыз, он данасын да ала аласыз, аға, — деді Мұстафа, — сосын осы жерде де сата аласыз.

— Екі данасын таста, жетеді деймін, — деді шаштараз, — сендер ұйымнан емессіңдер ме?

Екі дана. Төбе шашым тік тұрды менің.

— Жоқ, екі емес, он билет аласың сен, — дедім де, он билетті санап ұзаттым.

Сердар да таң қалды. Иә, мырзалар, ашуыма тисеңдер, мен осындай болып кетемін. Бірақ шаштараз билетті алмады.

— Жасың қаншада сенің? — деді.

Шаштараз да, оның қолындағы сабын жағылған бас та маған қарады.

— Аласың ба? — дедім.

— Он сегіз, — деді Сердар.

— Кім жіберді сені ұйымнан? — деді. — Өте қызуқандысың ғой.

— Айып етпеңіз, ағасы, — деді Мұстафа. — Ол бізге жаңадан келген. Сізді танымай тұр.

— Жаңадан келгені белгілі болып тұр. Балалар, маған екі данасын тастаңдар.

Қалтасынан екі жүз лира шығарды. Біздікілер болса дереу мені ұмытып, онымен келісіп жатыр, сәл болса қолын да сүймекші. Демек, ұйымдағыларды танитын болсаң, осы жердің патшасы боласың деген сөз. Екі билет шығарып бердім. Бірақ бұрылып алмады.

— Ана жерге қоя сал, шырағым!

Қойдым. Бір нәрсе айтайын дедім де, айта алмадым.

— Сау болыңдар, балалар, — деді және қолындағы сусабын құтысымен мені меңзеді. — Оқи ма мына бала, әлде жұмыс істей ме?

— Лицейде екінші сынып, — деді Мұстафа.

— Әкең не жұмыс жасайды?

Мен жауап қатпадым.

— Әкесі — лотерея билетін сатушы, — деді Мұстафа.

— Абай болыңдар мына кішкентай бөлтіріктен, — деді шаштараз. — Өзі қызуқанды екен.

Біздікілер күлді. Мен де бір нәрсе айтайын дедім, тура бір шәкіртіне қорлық көрсеткендей болдыңыз, солай ма дегім келді, айта алмадым. Оның жүзіне қарамай сыртқа атып шықтым. Сердар мен Мұстафа күліп жатты. Бір нәрселерді айтып келеді, бірақ мен тындамадым, ойым шашыранқы еді. Сосын Мұстафа Сердарға былай деді:

— Шаштараздық өмірін есіне алды, қоя бер.

— Оңбаған!

Мен ешнәрсе демедім. Менің міндетім — мына сөмкені тасу, керек жерінде билеттерді шығарып беру. Бізді Женнет-хисардан шақырып, бұл жұмысты бергені үшін осы жерде сіздермен біргемін. Бұл шаштаразбен бір болып мені мазақ еткен және сол сөздерді айтып сыртымнан күлген сіздерге айтатын онсыз да ешнәрсем жоқ менің, үндемедім. Бір дәріханаға келдік, үндемедім, бір қасапқа кірдік, үндемедім. Азық-түлік дүкені, содан кейін темірден жасаған ұсақ-түйекті сағатын және асханаларға барғанда да солай үнсіз жүре бердім. Ең соңғы дүкеннен шыққан кезде Мұстафа қолын қалтасына салды.

— Бір-екі котлет жеуге мүмкіндік бар сияқты, — деді.

Мен үндемедім және ақшаны бізге котлет жеңдер деп берген жоқ қой деп те айта алмадым.

— Иә, — деді Сердар, — Жеуге болады.

Асханаға келген соң әрқайсысы екі котлеттен тапсырыс берді. Олар екеуден жеп жатқанда мен біреуін жеп қарап отырмаймын ғой. Котлетті күтіп отырғанда Мұстафа ақшаны қалтасынан шығарып санай бастады: он жеті мың лира екен. Сосын Сердарға қарап:

— Неге қабағын шытып отыр мынау? — деді.

— Бағана бөлтірік дегенімізге ашулы, — деді Сердар.

— Ақымақ батыр! — деді Мұстафа

Бірақ мен естімедім, өйткені қабырғада асулы тұрған күнтізбеге қарап отырған едім. Сосын котлеттер келді. Олар өзара әңгімелесіп отырып жеді, ал мен үнсіз жеп отырдым. Тәтті де алды. Мен ревани алдым, қатты ұнады. Сосын Мұстафа

тапаншасын қалтасынан шығарып, үстел астында ұстап ойнап отырды.

— Берсенші, — деді Сердар.

Ол да ойнай бастады. Маған бермеді, күліп мәз өздері. Мұстафа алып, қайтадан беліне тақты да, есептесіп орнымыздан түрдық.

Базардан ешкімнен қорықпай өтіп кеттік. Сарайға келіп, ешбіріміз сөйлемей баспалдақтан көтерілдік. Қауымдастық бөлмесіне кіргенде, әдеттегідей сескенгендей болдым. Сабақта мұғалім көріп қоймасын деп қорқа-қорқа көшіріп отырған оқушыдай қобалжып кеттім. Сыртымнан көрген адам түсініп те қояр еді.

— Бүкіл базар бітті ме? — деді.

— Иә, аға, — деді Мұстафа, — айтқан жерлеріңіздің бәрі де бітті.

— Бәрі қалғанда ма?

— Иә, — деді Мұстафа. Тапанша мен ақшаның барлығын үстел үстіне қойды.

— Мен тек тапаншаны алайын, — деді ол. — Ал ақшаны Зекерия мырза алады.

Мұстафа тапаншаны берді. Келісті келген ер адам ішке кірді. Мұстафа да кетті. Біз күтіп тұрмыз. Бір кезде нені күтіп тұрмыз деп ойлады. Зекерия мырзаны күтіп тұрғанымызды ұмытып кеткендей, ешнәрсені күтпегендей күтіп тұрмыз. Сосын біз секілді біреу келіп, темекі берді. Шекпеймін, сонда да алдым. Қалтасынан бір шақпақ шығарып, темекітұтатты.

— Женнетхисардан келген идеалист жастар сендер ме?

— Иә, — дедім.

— Ол жерлерде қалай өзі?

Не айтқысы келіп тұр деп ойлады. Темекінің жағымсыз бір иісі бар. Табанда қартайып кеткен сияқтымын.

— Біздікі жоғары мөлтекаудан, — деді Сердар.

— Білемін, — деді ол. — Мен теңіз жағасын сұрап тұрмын. Тузла коммунистердің.

— Жок, — дедім бірден мен. — Женнетхисарда теңіз жағасында ештеңе жоқ. Ол жерде бай әлеуметтанушылар бар.

Маған қарады да күлді. Мен де күлдім.

— Жарайды, — деді сосын. — Ештеңе де біліп болмайсың!

— Жоғары мөлтекаудан кімдікі болса, жағалау да солардікі болады, — деді Сердар.

— Ия. Тузланы солай алып қойды. Бірақ абай болындар.

Содан кейін шынымен коммунистер туралы ойландым. Оларды ойлап тұрып темекіні әдеттегіден қаттырақ тарттым. Бізбен сөйлесіп тұрған адам жауабымды күтпестен ішкі бөлмеге кіріп кетті:

— Сен жаңадан келгенсің-ау?

Бір нәрсе айтуға да бет қаратпады. Сердар ғана иә деп басын изеді. Менің жаңадан келгенімді қайдан біле қояды осы? Ақсүйектер бар дегеніме неге күлді? Не айтқысы келді? Сердар да тұрып, ішке қарай кіріп кетті. Осылайша, мен ортада жалғыз қалдым. Тура ішке кіріп-шығып жатқандай менің жаңадан келгенімді білсін деп бәрі мені тастап кете берді, тіпті Сердар да. Мен де төбеге бір қарап қойып темекіні тартып тұрмын. Ойымда біршама маңызда нәрселер бар. Кіріп-шыққандар мені көріп, не ойлап тұрғанымды түсінетіндей: мына әрекетімізді. Осындай бір кітап болған, оқығанмын. Мен осылай ойға батып тұрғанда Мұстафа бөлмеден шығып, біреумен бет сүйісті. Сол сәтте бәрі шетке ығыса бастады. Зекерия мырза келді. Тіке бөлмесіне қарай тартты, жолай маған бір қарады. Мен де орнымнан енді тұрғалы жатыр едім, тұруға үлгермей қалдым. Сосын Мұстафаны шақырды. Ол кіріп кеткен соң, есіл-дертім іштегі адамдардың не туралы айтып жатқандығы еді. Көп ұзамай олар да шықты, бұл кезде мен де орнымнан тұрып қойғанмын.

— Жақсы! — деді Зекерия мырза біздің Мұстафаға. — Біз керек болса саған тағы хабар береміз. Жарайсың!

Сосын маған бір сәт қарап тұрды. Қатты қобалжып қалдым. Маған бір нәрсе айтатын шығар деп ойладым, бірақ ештеңе

демеді; тек түшкірді де, қайта жоғары шығып кетті; отырысқа кеткен сияқты. Мұстафа бізбен сөйлескен баламен сыбырласты. Не де болса мен туралы айтып жатыр деп ойладым, жоқ, қателесіппін, саясатты әңгімелеп жатыр екен, өте маңызды тақырып... Тындап тұрғанымды сезбесін, не болса соған мұрын сұғатын біреу екен демесін деп қарамауға тырыстым.

— Қане, балалар, кеттік, — деді Мұстафа.

Сөмкемді тастадым. Үлкен тірлік бітірген адамдай үнсіз вокзалға тартып барамыз. Мұстафа қалайша ештеңе айтпай келе жатыр деп ойладым. Енді оларға ашуланбаймын да; менің қалай жұмыс жасайтынымды көрді. Вокзалдағы банкте отырып пойызды күтіп отырғанда осыны ойладым. Кейін сол жердегі лотерея дүкенін көрген кезде әкем есіме түсті. Әкемді дәл қазір ойлағым келіп те тұрған жоқ. Бірақ ой — жүйрік, ойлап кеттім. Оған айта алмай жүрген сөзімді іштей айттым: Әке, өмірде ең маңызды нәрсе — бұл лицей аттестаты емес!

Пойыз келді, біз де міндік. Сердар мен Мұстафа тағы да сыбырласып жатыр. Бір нәрсе айтады, не қалжыңдайды, әйтеуір мені мазақ етеді. Сол кезде мен де олардың қалжыңына жауап беретіндей қалжың іздей бастаймын, бірақ қырсыққанда ойыма ештеңе келе қоймайды. Мен ол жауапты іздеп дал болып тұрғанда олар менің шаршаңқы түріме қарап тағы да күлкіге қарық болады. Мен кейде ашуланам, кейде өзімді ұстай алмай боғауыз сөздер айтып жіберемін. Олар одан сайын күлкіге батқанда өзімнің нағыз ақымақ күйге түскенімді ұғамын. Сондай сәттерде жалғыз қалғым келеді. Адам жалғыз қалғанда өмірінде жасай алатын үлкен арман-мақсатын рахаттанып ойлай алады, ойлана алады. Кейде олардың жасаған орынсыз қалжындары маған түсініксіз: бір-біріне қарап көздерін қысады, мысалы, бағанағы «бөлтірік» деген сөзді айтқандағыдай. Ол қандай аң өзі? Бір қыз болды сыныбымызда. Үнемі мектепке энциклопедиясымен келетін. Сол кітапта «жолбарыс» дейсің, «ж» әрпіне қарайсың... Сол энциклопе-

дия қолымда болса ғой қазір, «болтірік» дегеніне бір қарар едім. Бірақ ол қыз өлсе де маған кітабын көрсетпейді. «Жоқ, былғайсың!» деп қасарысады, мен де «қызғаншақ, онда несіне мектепке әкелесің?» деп тайталасатынымын. Кейіннен ол қыз Стамбұлға кетті, өйткені әкесі бай болған дейді. Оның тағы да өзі секілді құрбысы болатын...

Осылай ойға батып отырғанда пойыз Тузлаға да жетті. Жүрегім алып-ұшып барады. Ешқандай үрей жоқ сияқты. Коммунистер кез келген уақытта ішке кіріп келуі де мүмкін. Сердар мен Мұстафа үнсіз. Көзқарастары ызалы. Ештеңе болған жоқ. Пойыз орнынан қозғалғанда коммунистердің қабырғаларға жазғанын оқыдым. Тузла фашистерге мазарат болады! Сол фашист дегендері біз ғой. Ішімнен қарғап-сілеп алдым. Кейін пойыз біздің бекетке келді, түстік. Еш сөйлемей жүріп келеміз, аялдамаға келдік.

— Балалар, менің жұмысым бар, — деді Мұстафа, — қане, көрейік!

Қалалық көліктердің арасына кіріп, көзге көрінбей кеткенше соңынан қарап тұрдық. Сердарға қарап былай дедім:

— Осы ыстықта, шынымды айтсам, үйге барып сабақ оқығым келіп тұр.

— Иә, — деді Сердар, — өте ыстық.

— Миым да ашып тұр, — дедім. Біраз үнсіз тұрдым да: — Қане, Сердар, кеттік асханаға.

— Жоқ, менің жұмысым бар, дүкенге барамын.

Кетті. Әкеңнің бір дүкені болса, саған да жұмыс дайын. Бірақ мен әлі оқимын, сендер сияқты мектепті тастап кеткен жоқпын. Бірақ қызық, бұлар неге мені көп мазақ етеді? Сердардың кешке асханаға елден бұрын барып, мені «болтірік» деп сайқымазақ етерін ішім сезеді. Қоя бер, Хасан, уайымдама, деп өзім қырға қарай беттедім.

Женнетхисарға немесе Дарыжаға көлік кемесіне үлгеру үшін алдымнан жылдам өткен жүк көліктеріне және көліктерге қарап тұрмын. Осылайша өзімнің жалғыз екенімді ой-

лау жаныма жағатындай. Бір қызыққа тап болсам екен деп тілеп тұрмын. Өмірде барлық нәрсе болады, тек күте білу керек. Меніңше, былай: Өмірімде мен қалаған нәрселер өте жай болып жатады. Және ол болғанда да тура мен ойлап, мен күткендей емес; бәрі де мені ренжіту үшін болып жатқандай, жүрегіме салмақ түсірердей. Кейін бір қарасаң, бәрі өтіп кеткенін байқамай да қаласың. Тура мынау ары-бері өтіп жатқан көліктер секілді. Ашуыма тие бастады. Біреуі болмаса біреуі аялдар деп қоям. Мына ыстықта ешкім мені қырға шығуға қинап жатқан жоқ секілді. Ол жерге байланып та қалғаным жоқ. Шабдалы алып жей бастадым. Осылайша өзімді алдандырған болдым.

Әттен, дәл қазір қыс болса ғой. Жалғыз өзім жағажайда қыдырып жүрер едім. Ешкімнен, ештеңеден қорықпай бос құмдауытта жатар едім, толқын келіп ұрар еді. Мен жағаға ұрған толқын аяқ киімімді су қылмасын деп секіріп-секіріп, жүгіріп-жүгіріп өтер едім. Өз өмірім туралы ойлап, күндердің бір күні беделді бір тұлға боларымды елестетіп жатар едім. Сол кезде мына батырсымақтар да, тіпті қыздар да маған басқаша қарайтын болар еді деп ойлаймын. Осы ойлардан менің жаным рахаттанады. Шынында, келешекте не боларын ойласам, ол кезде Сердарға «кеттік, асханаға барайық» демес те едім. Дәл қазір қыс болса, менен бақытты жан болмас та еді. Бірақ қыста мектеп бар, Алла жазанызды берсін, ауру мұғалімдерге...

Кейін аппақ Анадолды көрдім. Ақырын-ақырын жақындағанда ішінде солар барын сездім. Ұялып, қол беріп сәлемдесудің орнына, теріс қарай кеттім. Олар да келді, мен де танымастан өтіп кеттім. Өтіп бара жатып мен, бәлкім, қателескен шығармын деп ойладым. Нилгүн біз бала кезде онша сұлу емес еді ғой! Бірақ көлікті жүргізіп келе жатқан семіз Фарухтан басқа кім болсын! Қандай семіз! Сол кезде түсіндім үйге емес, қайда баратынымды: қырдан асармын, есіктеріне қараймын. Бәлкім, ергежейлі көкемді де көрермін. Мені ішке шақырар,

әрине, ұялмасам, ішке кіремін. Сәлемдесемін, мүмкін, әжелерінің қолын да сүйермін. Тағы да сәлем беріп, мені таныдыңыз ба, мен өсіп кеттім дермін. Олар таныдық дейді. Бала кезде дос едік, жақын дос едік дейді. Осылайша әңгіме-дүкен құрып сөйлесе кетеміз. Осылайша, сол жерге жетіп, мен де жанымды қысқан лас дүниелерден құтылармын.

Көлік тізгіндеген Фарух

«Анадол» қиналып төбеге шығып бара жатқанда:

— Таныдыңдар ма оны, балалар? — деп сұрадым.

— Кімді, — деді Нилгүн.

— Жолдың жағасында жүрген көк киімдіні. Ол бізді таныды.

— Ұзын бойлы жігітті ме? — деді Нилгүн. Бұрылып артына қарады, бірақ олар әлдеқайда ұзап кеткен еді: — Кім ол?

— Хасан!

— Қандай Хасан? — деді Нилгүн жай ғана.

— Режептің жиені.

— Ой, қалай өсіп кеткен! — деді Нилгүн таңдана. — Танымадым.

— Ұят қой! — деді Метин. — Бала кезгі досымыз.

— Сен неге танымадың олай болса? — деді Нилгүн.

— Көрмедім гөй... Бірақ Фарух айтып болмай жатып-ақ біліп қойдым кім екенін...

— Жарайсың! — деді, Нилгүн. — Дегенмен өте ақылды баласың!

— Демек, сенің биыл қағты өзгердім дегенің осы болды гөй, шамасы! — деді Метин. — Бірақ өткенінді ұмытып кетіпсің.

— Сандырақтама!

— Оқыған кітаптарың көп нәрсені ұмыттырыпты саған! — деді Метин.

— Ақылсынбашы! — деді Нилгүн.

Үнсіз қалды. Ұзақ бір тыныштық орнады. Жыл сайын екі жағына жаңа әрі сұрықсыз бетон қабырғалар тігілетін төбеге шықтық. Сиреген ағаштар, шие бақшалары және інжір ағаштарының арасынан өттік. Қол радиосы ескі бір «жеңіл батыс музыкасын» сайрап тұр. Алыстан теңізді және Женнетхисарды көрген кезде балдай тәтті балалық шақтағы гажап бір сезім бойымды шарпып өткендей болды. Тыныштық билеген айналам көзіме оттай басылды. Бір-бірімізбен сөйлеспей қырдан астық. Қысқа балақ шалбар, шомылуға арналған киім, күнге күйген жартылай жалаңаш денелер қаптаған, шуынан құлақ тұнатын бір жерге келіп жеттік. Метин қақпаның есігін ашып жатқанда Нилгүн:

— Көліктің даусын шығарсаңшы, аға, — деді.

Көлікті аулаға кіргіздім. Әр келгенімде күннен-күнге тозып, қаңырап бара жатқан үйге мұная қарадым. Ағаш тіреулерінің бояуы онып, шырмауықтар шеткі қабырғадан алдыңғы қабырғаға ауысып кетіпті. Інжір ағаштың көлеңкесі әжейдің жабық перделеріне түсіп тұр. Астыңғы есіктің темірлерін тот басып кеткен. Іштей біртүрлі болып кеттім: бұдан бұрын ескі әдетпен байқамаған қорқынышты бір нәрсе болғандай, оны мен тура осы жерде шошып, қайғырып сезіп тұрғандаймын. Біз үшін айқара ашылған үлкен сыртқы есіктің екі қанатының арасынан көрінген әжей мен Режептің арғы беттегі дымқыл және өлі қараңғылық тіршілігін көргендей болдым.

— Қане, түссенші, аға, неге отырсың? — деді Нилгүн.

Көліктен түсіп үйге қарай келе жатқан болатын. Кішкентай асүй есігінен құрақ ұша жүгірген Режептің адамды ұялтатын тұлғасын көрді. Бір-бірін құшақтап, бет сүйісті. Ешкім мән бермеген радионы өшіріп, үнсіз ғана көліктен аулаға түстім. Режептің үстінде тастамай киіп жүретін, өз жасын жасыра-

тын костюм, сол баяғы біртүрлі ғалстугі бар. Құшақтасып, бет сүйістік.

— Уайымдап қалдым, — деді Режеп. — Көп кешіктіңіздер!

— Өзің қалайсың?

— Еее, — деді үялғандай. — Жақсымын. Төсек-орындарыңызды реттеп, бөлмелеріңізді дайындап қойдым. Мәртебелі ханым күтіп отыр. Сіз бұрынғыдан да толысып кетіпсіз ғой, Фарух мырза!

— Қалай біздің әжеміз?

— Жақсы. Шағымы да жетерлік... Шабадандарыңызды алайын.

— Кейін ала барамыз.

Режеп бастап, біз соңынан еріп баспалдақпен көтерілдік. Перделер арасынан көрініп тұрған шаңды, үй ішінің жарығын, зең мүңкіген иісті көріп сондай қуанып келемін. Әженің есігінің алдына келгенде Режеп бір сәт тоқтай қалды. Терең тыныс алып, сосын қулыққа салып өтірік күлімсіреген көзі жайнап:

— Келді, келді, Мәртебелі ханым! — деді.

— Қайда олар? — деді қарт әженің ашулы даусы. — Неге бір хабарын айтпайсың, қайда олар?

Үстіне гүлді кок көрпе жамылып, арқасы бір-біріне қабатталған үш жастыққа сүйеніп, бала кезде күріш аршыған ескі темір кереуетте жатыр. Біртіндеп қолын сүйдік. Аппак, жұп-жұмсақ және әжім басқан қолындағы ескі бір доспен кездескендей адамға қуаныш сыйлайтын таныс мен мен дақтар көзге түседі. Болмеден де, әжеден де, қолынан да бірдей иіс аңқып тұр.

— Өмірің ұзақ болсын!

— Қалайсыз, әже?!

— Жаман, — деді әже. Біз тіл қатпадық. Әже біраз аузын жыбырлатып, жас қыз ұқсап ұялып қалды ма, әлде үялған кейіп танытты ма... — Ал енді сендер айтыңдар, айналайындар, — деді сосын.

Үш ағайынды бір-бірімізге қарап, үнсіз тұрдық. Біршама уақыт тыныштық орнады. Бөлменің зең, жиһаз, ескі сабын, бәлкім, жалбыз, кішкене болса да лаванда, өтір иісі араласып аңқитындай.

— Иә, маған айтатын еш нәрселерің жоқ па?

— Бұл жерге көлікпен келдік, әже, — деді Метин. — Стамбұлдан осы жерге дейін тура елу минут жүресің.

Әр жолы осылай деп айтады. Әр жолы да әженің қатулы қабағы жібігендей болады. Бірақ көп ұзамай бұрынға қалпына келеді.

— Сіздер бұрын қанша сағатта келетін едіңіздер, әже? — деді Нилгүн түк білмегенсіп.

— Мен бір рет қана келдім! — деді әже мақтанышпен. Терең тыныс алды да: — Әрі бүгін мен сұраймын, сіз емес! Әдетке айналып қалған сөзін қайталағанына өзіне дән риза. Сұрақ туралы көп ойланды. Сұрақ қойып болған соң барып, мағыналы бір сұрақ қоймағанын түсінді.

— Қалайсыңдар, қарақтарым?

— Жақсымыз, әже.

Нақ бір жеңіліс тапқандай ренжіп, қабағынан қар жауды. Бала кезімізде осы қабағынан қатты қорқушы едік.

— Режеп, арқама жастық қой!

— Барлық жастық сіздің арқаңызда, мәртебелі ханым!

— Мен тағы біреуін әкелейін бе, әже? — деді Нилгүн.

— Сен өзі не істеп жүрсің?

— Әжетайым, Нилгүн университетке оқуға түсті, — дедім мен.

— Менің де тілім бар ғой айтатын, — деді Нилгүн. — Әлеуметтануда оқимын, әже, биыл бірінші курсты бітірдім.

— Ал сен не істеп жүрсің?

— Келер жылы лицейді бітіремін, — деді Метин.

— Сосын?

— Сосын Америкаға кетемін, — деді Метин.

— Ол жақта не бар?

- Байлар мен саналы адамдар, — деді Нилгүн.
- Университет, — деді Метин.
- Бәрің бірдей жамырамай сөйлендерші, — деді әже. — Ал сен не істеп жүрсің?

Қолыма үлкен сөмке алып, мектепке барып келетінімді, түні бойы кең бөлмеде пысылдап ұйықтайтынымды, кешкі астан соң теледидар алдына жانتая кететінімді айта алмадым. Тіпті кеше таңертең университетке бара жатқанда ішімдік ішетін уақыт болдыра алмағанымды, тарих дегенге сенімімді жоғалтудан қорыққанымды және әйелімді сағынғанымды да айта алмадым.

— Доцент болды ол, әже! — деді Нилгүн.

— Әже, сізді көріп бір жасап қалдық! — дедім мен де үмітсіз.

— Әйелің не жұмыс жасайды? — деді әже.

— Өткен жолы келгенде айттым ғой, әже, — дедім, — біз ажырастық.

— Білемін, білемін, — деді. — Қазір не істеп жүр енді ол?

— Тағы да тұрмысқа шықты.

— Бөлмелерін дайындап қойған боларсың мыналардың, — деді Режепке бұрылып.

— Дайындап қойғанмын, — деді Режеп те.

— Басқа айтар ештеңелерің жоқ па?

— Әже, Стамбұлда адам саны көбейіп кетті қазір, — деді

Нилгүн.

— Бұл жерде де солай, — деді Режеп.

— Отырсаңшы мына жерге, Режеп, — дедім мен.

— Әже, мына үй қатты тозып кетіпті, — деді Метин.

— Мен де жетісіп тұрған жоқпын, — деді әже.

— Өте ескіріп, тозып кетіпті. Бұл жерді бұзып, жанадан үй салайық, сіз де рахаттанып тұрасыз...

— Олай деме! — деді Нилгүн. — Сені тыңдамайды. Қазір оны айтатын уақыт емес.

Бір тыныштық орнады. Ауасы тар бөлмеде тұрған заттар өзінен-өзі жылжып, сықырлап жатқандай көрінді. Терезеден өлімсіреп түскен әлсіз жарық та адам қызығарлықтай емес.

— Тағы айтарың бар ма? — деді әже.

— Әже, жолда Хасанды көрдік! — деді Нилгүн. — Өсіп, үлкен азамат болыпты.

Әже ернін шыли еткізді.

— Олар бұл жақта не істеп жүр, Режеп? — деп сұрады Нилгүн.

— Ештеңе, — деді Режеп, — қырдағы үйлерінде сол. Хасан болса лицейде.

— Не айтып жатырсың оларға, Режеп? — деп айқай салды әже. — Кімді айтып жатырсың?

— Исмайыл не істейді? — деді Нилгүн.

— Ештеңе! — деді Режеп. — Лотерея сатады.

— Не айтып жатыр сендерге, — деп тағы айқай салды әже, — менімен сөйлесіндер, онымен емес! Қане, сен шық сыртқа, Режеп, шық, асүйге бар!

— Еш зияны жоқ қой, әже, — деді Нилгүн. — Тұра берсін осы жерде.

— Сендерді табанасты алдап үлгерді ме? — деді әже. — Не айттың бұларға. Өзіңді есіркетіп отырсың ба?

— Ешнәрсе айтып жатқан жоқпын, мәртебелі ханым! — деп Режеп шығып кетті.

— Ал, енді Нилгүн, сен бір нәрсе де! — дедім мен.

— Мен бе? — деді Нилгүн. — Не айтам? — біраз ойла-нып қалды да: — Әже, бәрі қымбаттап кетті.

— Ал, ендеше, әжетай, біз де тұрайық. Бөлмемізге жайғасайық, — дедім мен.

— Келгендерің енді ғой, — деді әже, — қайда барасындар?

— Ешқайда бармаймыз, — дедім, — әлі бір апта осы жердеміз.

— Демек, маған ауыз толтырып айтатын еш нәрселерің жоқ екен ғой, — деді әже. Өзіне риза адамша бір жымиды.

— Ертең мазаратқа барамыз, — дедім ойланбастан.

Режеп есіктің сыртында күтіп тұрған болатын. Бізді бір-бірлеп бөлмемізге алып кіргізіп, перделерді ашты. Маған тағы да сол терезесі құдыққа қараған бөлмені дайындап қойыпты. Зең, төсек жаймасы және балалық шақтың иісін есіме алдым.

— Қолың дерт көрмесін, Режеп, — дедім, — Бөлмені қандай әдемі етіп дайындағансың!

— Орамалды мына жерге іліп қойдым, — деп көрсетті.

Темекі тұтаттым. Екеуміз бірге ашық терезеден сыртқа қарадық. Былай дедім:

— Режеп, бұл жер жәннаты Женнетхисар қалай өзі?

— Жаман, — деді, — бұрынғыдай сән-салтанаты қалмады.

— Қалай сонда?

— Адамдар сондай жаман, мейірімсіз болып кетті! — деді.

Бұрылып, мені не дер екен дегендей жүзіме қарады. Сосын екеуіміз бірге теңіздің шуылын тыңдап, алыстағы ағаштар арасынан көрінген көше мен теңізді тамашаладық. Метин келіп:

— Аға, көліктің кілтін бересіз бе?

— Кетіп бара жатырсың ба?

— Шабаданымды алып кіргіземін.

— Біздің шабадандарды да жоғары әкелсең, көлікті таң атқанша саған беремін, — дедім.

— Сіз әуре болмаңыз, мен өзім-ақ әкелемін, Фарух мырза, — деді Режеп.

— Сен қазір мұрағатқа барып, обаны қарастырмаушы ма едің? — деді Метин.

— Нені іздейсіз? — деді Режеп.

— Обаны ертең іздеймін, — дедім.

— Ішпекшісің бе? — деді Метин.

— Сенің не шаруаң бар менің ішіп-ішпегенімнен? — дедім, бірақ ренжімедім.

— Дұрыс, — деді Метин, сөйтті де көліктің кілтін алып кетті.

Еш ойланбастан біз де, яғни Режеп екеуіміз бірге Метиннің соңынан шықтық та, баспалдақтардан түстік. Режептің бөлмесіне жеткенде тар дәлізге келдік. Ол соңымда келе жатты.

— Кір жуатын бөлменің кілті әлі де осы жерде ме? — дедім. Есіктің жоғары жақтауына қолымды созып, шаң басқан кілтті тауып алдым.

— Мәртебелі ханым білмейді, — деді Режеп, — айтушы болмаңыз.

Кілтті бұраған соң, есікті ашу үшін жақсылап итеру керек болатын. Есіктің артына бір нәрсе құлап тіреліп қалған сияқты. Көріп таң қалдым. Шаң-шаң болып мүсіннің басы жатыр. Есік пен сандық арасына қыстырылып қалыпты. Жерден алып үрлеп, шаңнан тазаладым. Өзімді көңілді көрсеткім кеп Режепке қарадым:

— Есінде ме мынау?

— Не дейсіз?

— Сен бұл жерге мүлдем кірмейсің-ау деймін.

Шаң басқан мүсінді қағаз шашылған аласа үстел үстіне қойдым. Қолыма ұстаған бір әйнек түтікті балаша шайқадым. Сосын тот басқан таразының бір басына қойдым. Режеп босагада үнсіз қарап тұр. Мен тиіскен сайын зәре-құты қалмады. Жүздеген кішкентай шөлмек, әйнек сынықтары, сандықтар, ыдыстың ішінде қалған сүйек бөлшектері, анатомия және медицина туралы французша кітаптар, қағаз толы ыдыстар, тақтайларға жабыстырылған құс пен ұшақ суреттері, көзәйнектер, жеті түске боялған бір шеңбер, шынжырлар, кішкентай кезімде педальін басып көлік етіп ойнаған тігін машинасы, ағаштарға өрмелеген жәндік пен кесірткелер, бетінде «Инхисарлар басшылығы» жазылған жүздеген бос шөлмек пен дәрі құтыларымен толтырылып этикеттелген түрлі түсті ұнтақтар, бір құмырада саңырауқұлақтар...

— Саңырауқұлақ па бұлар, Фарик мырза? — деді Режеп.

— Иә, бір ісіңе жараса ал.

Бөлмеге бас сұқпады, өзім барып бердім. Бетіне ескіше жазумен жазылған «Дәрігер Селахаттиннің әр күні таңертең 2-6, түстен кейін 8-12 арасында қабылдаған науқастарының тізімі» жазылған жез табақты көрдім. Бір сәт осы құнды дүниені тапқаным үшін емес, іштей жез табақты алып Стамбұлға кеткім келді. Бірақ тарихтан және өткеннен оғаш бір жиіркеніш пен үрей сезінген соң шаң басқан заттардың арасына лақтырып жібердім. Сосын есікті құлыптадым. Режеппен асүйге қарай келе жатқанда, баспалдақтан Метинді көрдім. Аузы жыбырлап, шабадандарды жоғары шығарып жатыр екен.

Метин достарымен кездесті

Фарухтың және Нилгүннің шабадандарын жоғары шығарған соң шешініп, суға шомылуға арналған киімді, жаздық киімді кидім. Ақша толы әмиянымды алып, төменге түстім. Тозығы жеткен «Анадолға» мініп кеттім.

Ведаттың үйінің алдынан түстім. Асүйінде қыбырлап жүрген үй қызметшісінен басқа ешкім көрінбеді. Ауладағы үйдің артқы жағынан барып, терезесін ақырын итеріп ашқанда, төсегінде жатқан Ведатты көріп қуанып кеттім. Мысықша секіріп бөлмеге кірдім де, Ведатты жастықпен тұншықтырдым.

— Бұл қай қалжыңның, кім бұл? Жын соқты ма? — деп айқай салды.

Бетіне қарал күліп тұрдым. Көргеніме қуанышымды жасыра алмай:

— Е-е-е, қалайсың, не жаңалық? — дедім.

— Сен қашан келдің? — деді.

Бөлменің ішін көзбен шолып өттім. Қабырғадағы ана бір сүйкімсіз жалаңаш әйелдің суреті, барлығы баяғыдай.

— Қане, — дедім, — Қане, шырағым, тұрсаңшы!

— Не істейміз?

— Не істеуші еді басқалар түстен кейін?

— Ештеңе!

— Әлде ешкім жоқ па?

— Жо-о-оқ, бәрі осында, жаңадан келгендер де бар.

— Қай жерде жиналасыңдар?

— Жейландікінде, — деді. — Олар жаңа келді.

— Жақсы онда, кеттік сол жерге.

— Жейлан әлі оянбаған да болар.

— Олай болса, басқа бір жерге барып, теңізге түсейік, — дедім. — Мен фабриканың жұмысшылары мен темір саудагерлерінің топас балаларына математика және ағылшын тілін үйретуден бас ала алмай, жылына бір рет болса да теңізге түсуге шамам келмеді.

— Яғни Жейлан қызықтырмайды дегің келіп тұр ма?

— Тұршы енді бол, Тургайға барайық.

— Тургайды баскетболдың жастар құрамасына шақырды, білесің бе?

— Мені ол қызықтырмайды, баскетболды әлдеқашан тастағанмын.

— Есекке ұқсап еңбектенейін деп пе?

Ештеңе демедім; Ведаттың күнге күйген, шымыр дене бітіміне қарап ойландым: иә, мен көп сабақ оқимын, сыныпта бірінші болмасам, көңілім толмайды. Сондай-ақ мен сияқтыларды есекке ұқсап деп жататынын білемін. Бірақ әкемнің мені он жылдан кейін таққа отырғызар шамасы жоқ. Әкемнің жұмысшылары көп киім фабрикасы жоқ, жіп фабрикасы да жоқ. Темір жинайтын қоймасы не өндіретін зауыты жоқ. Не болмаса Либиядан алған кішкентай болса да бір ұсынысы және импорт пен экспорт кеңсесі де жоқ байғұс әкемнің. Басшылықтан өзі бас тартқан әкемнің тек қана бір

мазары бар, жылына бір рет әжеміз жыласын деп келеміз, ол да жылайды.

Түске дейін жылы төсекте жатқан Ведаттың орнынан тұратын ниеті жоқ. Бірақ басын жастықтан сәл көтеріп, бір-екі ауыз әңгіме айтқаны да көңіліме жұбаныш болды: Мехметтің Англиядан бір мейірбике қызбен оралғанын айтты, қыз қазір Мехметтің үйінде тұрып жатыр екен. Бірақ екеуі бөлек-бөлек бөлмеде жатады екен. Ол қыз дегені жасы 30-дар шамасындағы әйел екен. Дегенмен біздің қыздармен жақсы тіл табысып кетіпті. Ал Тұран болса, маған білесің ғой деп қояды, ол әскерде екен. Мен қайдан білейін деп ойладым. Мен қыс бойы Анкара мен Стамбұлдың әлеуметтік желілерінде емес, мектеп жатақханасы мен нағашы әпкемнің үйінде уақыт өткіземін. Сосын ақша үшін сен сияқты ақсаусақ байдың балаларына математика, ағылшын тілі және покер сабақтарын беремін. Мен ешнәрсе демей тындап отыра бердім. Ведат Тұранды әкесі енді оның адам болмайтынын біліп, әскерге жібергенін айтты. Әкесі оған «көке-жәкелік» те жасамаған. Еркектік өмір оны тәрбиелер депті. Менің енді қалай, ақыл кіріп пе деп сұрағаныма Ведат білмеймін деп иығын қиқаң еткізді. Тұранның он бес күн бұрын рұқсат алып келгенін де айтты. Оның Хулиямен дос бола бастағанын айтқанда ойға баттым: сол кезде Ведат тағы Фикрет деген жаңа бір жігіттің пайда болғанын және мен сөздерінен Ведаттың оған тәнті болғанын түсініп қойдым. Өйткені әр сөзінде ол Фикретті «патша көңіл жігіт» немесе «басы істейтін жігіт» деп аузынан суы құрып әңгімеледі. Сосын «Фиберглас» қайығының моторы қанша аттың күшіне тең келерін айтып жатты, менің сабырым таусыла бастады. Мына мылжынды тындағым келмей кетті. Ол да мұны қабағымнан түсініп, үнсіз қалды. Ұзаққа созылған үнсіздіктен соң, әңгіmemіз қайта басталды.

— Әпкең не істеп жүр? — деді.

— Нағыз коммунист сол. Солар сияқты үнемі өзгеріп отырамын дейді.

— Өкінішті.

Қабырғадағы жаланап әйел суретіне қарап отырмын.

— Селжүктің қарындасы да солай болыпты, — деді сыбырлап, — біреуге ғашық болған-ау, шамасы! Әпкең де солай болған шығар?

Жауап бермедім. Мына тақырыптың маған ұнамайтынын білдіріп, ашуланған кейіп таныттым.

— Ағаң қандай қызметте?

— Үмітсіз! — дедім. — Тек арақ ішеді, жатады. Құдайдан үміт үзген бір маубас! Бірақ әпкем екеуі тіл табысқыш. Не істесе оны істесін, мені еш қызықтырмайды. Бірақ біреуі ақшадан баз кешкен идеалист, ал біреуі болса ақша табу үшін саусағын қимылдатпайтын жатып ішер болғандықтан, маған бәрібір. Солардың кесірінен ана көзге оғаш, тозығы жеткен ескі үй әлі қаңырап тұр.

— Әжен мен ана снбекқор адам ол үйде тұрмай ма не қазір?

— Тұрады. Бірақ сол жерге салынатын үйдің бірінші қабатында тұрса да болады ғой. Сол кезде мен де қыс бойы ақылсыз байдың балаларына гиперболаның осі қайда, осьтің нүктесі арасындағы байланыс пен «г» коэффициентінің арасында қандай байланыс бар деп ауыз ауыртып жүрмес едім, білесің бе?

— Дұрыс айтасың! — деп, әжептәуір дегбірі каша бастады.

Ведат мені байлардың жауы кормесін деп қорықтым.

Осы кезге дейін қимылдамай жатқан төсегінен тұрды. Іш киімнен басқа ештеңе жоқ үсті жалаңаш еді. Күнге жақсы күйген, шыныққан шымыр денесі адам қызығарлықтай. Рахаттанып, уайымсыз-қайғысыз есінеді.

— Фунда да барам деп еді, ұйықтап жатыр-ау.

Қарындасын оятуға кетті. Сәлден соң келді. Өмірі бастап-аяқ қиындыққа толы адамдай, темекісіз еш өмір сүре алмайтындай асқан құмарлықпен темекісін тұтатып, маған қарады:

— Сен әлі сол темекі шекпейтін шығарсың, иә?

— Жоқ.

Бір тыныштық орнады. Фунданың төсегінде әлі тыр-тыр қасынып жатқандығын ойлады. Сосын теңіз суық па, жылы ма деп болмайтын нәрселерді әңгіме етіп отырдық. Міне, Фунда да келді.

— Аға, менің жазғы аяқ киімім?

Өткен жылы ғана кіп-кішкентай бір қыз еді Фунда, биыл ұзын бойлы, ажарлы қыз болып өсіп қалыпты.

— Сәлем, Метин!

— Сәлем!

— Не жаңалық? Аға, қайда менің аяқ киімім?

Ағасы мен қарындасы үрсыса бастады. Біреуі оның заттарының қарауылы емеспін десе, біреуі оған өткен жолы өрілген жаздық бас киімінің соның шкафынан шыққанын айтып, айқайласып кетті.

Сосын Фунда есікті бір ұрып шығып кетіп, сәлден кейін қайтадан дым болмағандай келді. Бұл жолы көліктің кілтін анамның бөлмесінен кім алады деп сөз бастады.

— Иә, Фунда, басқа не жаңалық?

— Не болсын? Сол баяғы мәселе.

Биыл қаншасыншы сыныпты тәмамдағанын сұрадым, лицейді бітіріпті. Екі жыл дайындық оқыпты. Неміс немесе Австралия лицейінде емес, Италия лицейінде оқиды екен. Сол кезде оған былай деп сыбырладым: фруипемент елетрикуе Бревете тире, Ансалдо Сан Гиоргив Генова... Фунда «бұларды Италиядан әкелінген бір сыйлықтың бетінде жазылғанын көрген боларсың?» деп сұрады. Стамбұлдың бүкіл троллейбустарының ішінде, алдыңғы есіктерінің үстінде осылай түсініксіз плакаттардың барын, сол троллейбустерге мінген бүкіл стамбұлдықтардың іші пыспас үшін осындайларды жаттап алуға мәжбүр болатынын айтпадым. Өйткені не де болса троллейбустерге мінгенімді айтсам, мені менсінбей қалатындай сезім оянды ішімде. Сосын тағы үнсіз қалдық. Жақпа май мен иіссу хош иістерімен түскі ұйқыға жатқан және карта ой-

налсын деп уақыт өткізген, уақыт өтсін деп карта ойнаған, ана деген сол жиіркенішті адамды ойладым іштей. Ведат қолындағы кілтті айналдыра көрсетіп кіріп келді.

Шықтық та күнге қызып тұрған көлікке міндік. Екі жүз метр жүрген соң тоқтап, Жейландардікіне түстік. Көңілім қобалжып кетуінен қорқып бір нәрсе сөйлеуге тырыстым.

— Бұл жер қатты өзгеріп кетіпті.

— Иә.

Шымдардың арасына әр жерге қойылған тастарды басып жүріп келеміз. Бір бақташы күннің ыстығында бақшаны сугарып жатыр. Ақырында қыздарды да көрдім, әңгіме болсын деп сөйлеп келемін:

— Покер ойнағансындар ма?

— Иә.

Баспалдақтан түстік. Қыздар сәнденіп жатыр. Мені көрген болар деп ойладым: үстімде покерден тапқан ақшамен Исметтен алған көйлегім, іш киімімнің үстінен киген «Levi's» шалбарым және қалтасында бір ай ақымақтарға жеке сабақ беріп тапқан он төрт лирам бар! Сосын басы жоқ, аяғы жоқ әңгіме айтып кеттім.

— Ойын ойнайсындар ма деген едім?

— Қандай ойын? Сізге Метинді таныстырып өтейін.

Мен онсыз да Зейнепті танитын едім.

— Сәлем, Зейнеп, қалайсың?

— Жақсымын.

— Бұл Фахрүнниса. Бірақ олай десең ашуланды, Фафа деуің керек.

Фафа анау айтқандай ажарлы қыз емес еді. Қол алыстық.

— Ал бұл Жейлан!

— Жейлаинның қатты әрі жеңіл қолын қыстым. Көзімді басқа жаққа аудардым. Бірден ғашық болып қалармын деп қорықтым. Бірақ жас баланың сандырағы еді. Теңізге қарадым, әрине, құмартып емес. Жаным тыныш болсын деп қарадым. Басқалар мені ұмытып, өзара шүйіркелесіп кетті.

- Су шаңғысы да қиын.
- Бір рет болса да судың бетіне шыға алсам ғой.
- Бірақ ең болмаса қар шаңғысы сияқты қауіпті емес қой.
- Суга арналған киімнің мықты болу керек.
- Қолы ауырады адамның.
- Фикрет тезірек келіп бастап кетсек болар еді.

Менің ішім пысып, аяғымды айқастырдым, жөтелдім.

- Ей, отыршы, — деді Ведат.
- Қатты ойға батып отырғандай болып көріндім-ау оларға.

— Отырсаңшы! — деді Жейлан.

Жейланға қарадым, өте сұлу еді. Иә! Оған ғашық болып қаларымды тағы ойладым және қателеспегеніме көзім жетті.

— Ана жерде палубалық орындық бар еді, — деп Жейлан, иегімен нұсқады.

Палубалық орындыққа бара жатып көрдім: бетон үйдің астыңғы қабатында қорқынышты жиһаздар бар еді: Американың фильмдерінде бай және бақытсыз ерлі-зайыптылар қолдарында виски шыныаяқтарымен айқайласып өтбасылық мәселелерін шешіп жатқанда осындай жиһаздардың үстінде отырады ғой. Осы үйдің ішінен шығып тұрған жиһаз, байлық және люкс иісі маған тура бір сенің бұл жерде не жұмысың бар деп тұрғандай болды. Бірақ мен мыналардан әлдеқайдан ақылдымын ғой деген ойым жаныма тыныштық бергендей. Палумба орындығын алдым да кері қайттым. Орындық опонай ашылды, мен де жайбарақат олардың жанына отыра кеттім. Ойымның бәрі ғашық болу-болмаумен шатасып отырып, оларды үнсіз тыңдадым.

Фафа біздің сынып өте шулы деп, бір нәрселер айтып жатыр. Сыныптасы Жейлан оған мынаны айтсаңшы, ананы айтсаңшы деп қайрап отыр. Олардың бітпес әңгімесін тыңдап отырып денем күнге жанып барады. Одан қалса әлі бір шешімге келе алар емесіні. Сосын, мен де қалжыңды түсіні-

бейтін бір жабайы адам ұксамайын деп мына мағынасыз әңгімелерге қосылып, біршама қызықты оқиғаларды баяндауға кірістім. Осы оймен оларға біздің мектептегі емтихан сұрақтарын директордың бөлмесінен қалай ұрлағанымыз туралы егжей-тегжейлі айтып бердім. Бірақ осы сұрақтарды ақымақ байдың балаларына сатып, қалай және қанша табыс тапқаным туралы айта алмадым. Өйткені оны бәрі де дұрыс түсінбеуі мүмкін еді. Менің қолымдағы мынау «Omega» сағатын маған туған күнімде немесе әдеттегі бір күнде себепсіз сыйлайтын бір бай әкем болмағандықтан осылай жасауға мәжбүр болғанымды да айта алмадым. Әкелері ертеден қара кешке дейін осындай жымысқы шаруалармен айналысатынына қарамастан, олар менің бұл әрекетімді қабылдай алмас еді. Осы кезде қатты қорқынышты дауыспен бір мотоциклдің шуылдап келіп қалғанын естідік. Келген Фикрет екенін білдім. Мотоциклі соншалық үлкен жылдамдықпен келіп, айлақтың қоршауына соғысып қала жаздады. Тежегішін қатты басқаны сонша, су аспанға шашылып, жаңбырдай жерге себеледі. Өзі де жағаға сүйретіле әзер шықты.

— Қалайсындар, балалар, — деді де, маған бір қарады.

— Танысып қойыңыздар, — деді Ведат. — Метин, Фикрет!

— Достар, не ішесіңдер? — деді Жейлан.

Бәрі «Coca-Cola» деп шуылдап кетті.

Фикрет жауап та бермеді, тек ернін шүрттітіп, қолымен бір белгі көрсетті. Бұл «Басым қатып тұр» деген мағынада еді. Мұны Жейланның қалай қабылдағанын түсіне алмадым. Бірақ түсінгенім мынау болды: мына Фикрет дегенінің сыңайын бұрыннан білемін. Өзінше бір кісілікке құмар. Оның ойынша, қанша жерден ақымақ немесе түрі келіспеген адам болса да, ең болмаса зуылдап тұрған бір теңіз қайығың, болмаса одан да қатты жүретін бір көлігің болса, барлық қыз сенің соңыңда болады. Жейлан сусын әкелді. Қолдарына шыныаяқтарын ұстап, ұзақ уақыт отырып әңгіме-дүкен құрды.

- Музыка тындайсындар ма?
- Кешке қайда барамыз?
- Қане, сенде бір «*Elvis*» бар деп еді.
- Бар еді. Қайда сол *Best of Elvis*?

Содан олар бос сөздерден және күйдірген күннен шаршағандай біршама уақыт үнсіз қалды. Қайтадан сөйлесе бастады және қайтадан үнсіз қалды, тағы әңгімелерін жалғастырып, қайтадан тым-тырыс бола қалды. Олар үнсіз қалғанда алыстан керемет әуен естіледі. Мен де енді артық сөйлеудің керегі жоқтығын ұғып тұрмын.

— Мына музыка бір лифтінің музыкасы ғой, — дедім, — Америкада мұндай әуен тек ұзақ жүретін лифттерде қояды.

— Ұзақ жүретін лифттерде ме?

Дедің, иә, сен, Жейлан, сен солай дедің. Мен де осы кезде мені тыңдар ма екен, тыңдамас па екен деген барлау оймен әдейі сөйледім. Өйткені мен қазірден-ақ сені сүйетініме сенімді болып отырмын. Бұл үшін оз-өзімнеп ұялып та отырмын. Бірақ мен сөйлеп саған түсіндіре бастадым: бұл лифт сапары нью-йорктіктерді өмірлерінде қаншалықты орын алатынын, Empire State Building-тің тура 50 фут және 102 қабатты екенін және бұл жерден ауданы 50 мильдік панораманың көрінетінін де айтып жатырмын. Бірақ әлі күнге дейін Нью-Йоркқа бармағанымды және сол көріністі көзіммен көрмегенімді айтпадым. Дегенмен бұл қаланың халық саны Британия энциклопедиясының біздің мектептегі 1951 жылғы басылымында 7 891 957 екенін және сол басылымда қаланың 1940 жылдардағы халық саны 7 454 995 болғанын айтып жатыр едім:

— Уф! — деді Фифа, — иттей болып соны жаттап алғанын қарашы!

Бәрің күліп жатқанда мен саған, Жейлан, сендерге жаттау үшін ит болудың керегі емес екенін және жадымның мықтылығын айтып ақталдым. Сөзімнің нақтылығы үшін

ойдан осылай сандардың өздігінен келіп ауызға түсетінін де баяндап жатырмын.

— Иә, — деді, Ведат, — мұның таңғажайып басы бар, бүкіл мектеп біледі!

— Он жеті көбейту қырық тоғыз? — деді Жейлан.

— 833!

— Жетпіс жердегі он төрт?

— 1008.

— Дұрыс екенін қайдан білемін? — деді Жейлан.

Қобалжулы болсам да сездірмей күліп тұра бердім.

— Қалам-қағаз әкелейін бе? — деді.

Менің адам шамына тиетін күлкіме ашуланып, сол кезде орныңнан атып тұрдың, Жейлан! Сол қорқынышты жиһаздардың ішіне жүгіріп, сәлден соң қолыңда бір Швейцария ко-нақүйінің аты жазылған қағаз бен күміс түсті бір қаламсапты алып, қатулы қабақпен келдің.

— $33 \times 27 = ?$

— 891!

— $17 \times 27 = ?$

— 513!

— $81 \times 79 = ?$

— 6399!

— $17 \times 19 = ?$

— 323!

— Жоқ, 373!

— Өтініш, тағы бір рет көбейтші, Жейлан!

— Жарайды, 323!

— $99 \times 99 = ?$

— Бұл ең оңай 9801!

— Шынымен де бәрін жаттап алыпсың!

Мен тек күліп қоя салдым. Барлық ғашықтар лағнет айтып бастайды деп жазылған бұрынғы кітаптардың бұл күні шынайы екенін және пайдалы екенін ұққандаймын!

Содан кейін Жейлан Фикреттің мотоциклімен суда қайықша жүзді. Мен терең ойға батып, ғашық болып қалғаным сеніп, өз ойыма осылайша алданып түн жарымына дейін отыра беретін сияқтымын енді.

Режеп таңғы ас әзірледі

Оянып, орнымнан тұрдым, галстук тағып, костюімді кидім де сыртқа шықтым.

Тым-тырыс және жап-жарық керемет таң! Ағаштарда қарғалар мен торғайлар. Перделерге көз салдым: бәрі жабық, ел ұйқыда, кеше түнде бәрі де кеш жатқан болатын. Фарух мырза ішімдік ішті, Нилгүн болса оны тамашалап отырды. Мәртебелі ханым да жоғарыдан дамылсыз сөйлеумен болды. Метиннің қай уақытта келіп жатқанын да байқамадым. Даусынан оянбасын деп насосты ақырын қостым да, бетіме су шашып алдым. Сосын ішке кіріп, асүйден екі тілім нан кесіп алдым. Тауық кепеге барып есігін аштым. Тауықтар құрылдап қаша жөнелді. Екі жұмыртқаны шетінен тесіп, рахаттанып ішіп алдым да, артынан нан жедім. Басқа жұмыртқаларды да алдым. Тауық кепенің есігін жаппастан, асүйге қарай беттедім. Нилгүн тұрып сөмкесін алып кетіп бара жатқанын көріп таң қалдым. Мені көріп күлім қақты.

— Қайырлы таң, Режеп!

— Қайда барасың ертемен?

— Теңізге. Кейінірек адам көбейіп кетеді. Бір шомылып шығайын.

Жұмыртқаларды тауық кепеден алдың ба?

— Иә, — дедім өзімді бейне бір кінәлі адамдай сезініп. — Таңғы ас ішесің бе?

— Иә, — деп Нилгүн күлді де кетті.

Соңынан қарап тұрдым. Жүрісі мұқият, баяу, маңғаз мысықтай.

Аяғында жазғы жеңіл аяқ киім, жалаң бұт кетіп барады. Кішкене ғана сүйкімді аяқтары күнге күймеген. Ішке кірдім де шай қойдым. Анасы да тура осындай еді. Қазір кабірде жатыр. Басына барып, дұға оқып тұрамыз. Анасы есінде бар ма өзі? Небәрі үш жаста болатын, есінде жоқта шығар. Доған мырза шығыста қызмет ететін. Соңғы екі жылда оларды осында жұмысқа жіберді. Құшағында Метин, жанында сен, бақшада отыратын анаң. Ажарлы жүзіне күн сәулесі шағылысатын. «Шие шырынын ішесіз бе?» деуші едім, «Рахмет, Режеп мырза» дейтін. Мына жерге қоя сал деп меңзейтін, мен де қоя салып кетіп қаламын. Метинді қолына алып отыра беретін, бір айналып келсем, бір шыныаяқ толы судан тек бірекі жұтым ғана ішкенін көретінмін. Сосын қарны шығып, домалақ сүйкімді Фарух келетін. Келе сала «Анашым, қарным ашты» дейтін де, ыдыстағы шырынды бір демде сіміріп салатын. Жарайсың!

Дастарханды алып, үстелге жаюға кірістім. Мұрныма бір өткір иіс келді. Байқасам, кеше түнде үстел үстіне Фарух мырза арақ төгіпті. Барып дастарханды алып сұрттім. Су қайнаған соң шай демдедім. Кешеден қалған сүт те бар. Невзатқа ертен барармын. Ойыма кафеге бару келді, бірақ өз-өзімді ұстадым. Қызметіме кірістім.

Ойға батып отырғанда уақыт өтіп кетіпті. Дастархан әзірлеп жатқанда баспалдақтан Фарух мырза түсті. Баспалдақтарды сықырлатып жүргені тура атасына ұқсайды. Есінеп алып, бір нәрсе дегендей болды.

— Шай демдедім, — дедім. — Отырыңыз, сізге шай беремін.

Кеше отырған орындығына отырды.

— Сүт ішесіз бе? — дедім. — Майлы, жақсы сүт бар.

— Жақсы, әкел, — деді. — Асқазаныма дұрыс болады.

Асүйге келдім: асқазан. Іше-іше кобейген улы сулардан кейін ол жерде бір тесік пайда болады. «Енді ішсең, өлесің» деген еді мәртебелі ханым. «Дәрігердің не айтқанын естідің ғой». Доған мырза басы салбырап, үнсіз ойланды. Сосын былай деді:

— Басым істемесе, өлгенім жақсы. Анашым, ойланбай өмір сүре алмаймын мен.

— Бұл ойланудан емес, қайғырудан болады, — дейтін мәртебелі ханым.

Бірақ бірін-бірі тындаудан кеткелі қашан. Осылайша Доған мырза хат жаза-жаза өлді ғой ақыры. Аузынан қан кететін тура әкесіне ұқсап. Сол асқазаннан болу керек. Мәртебелі ханым айқайлап жылап алады. Мені көмекке шақырады. Тура менің қолымнан бір нәрсе келетіндей. Өлмей тұрып қан жұққан көйлегін ауыстырдым. Таза, үтіктелген көйлегін кигіздім. Сол мезетте үзілді. Мазаратқа барамыз. Сүтті қайнатып, әдемілеп ыдысына құйдым. Асқазан деген қап-қараңғы, тылсым бір әлем. Оның сырын бір білсе, Жүніс пайғамбарымыз біледі. Мен сол қараңғы әлемді ойласам, қатты қорқатын едім, бірақ асқазаным өзіме жоқ сияқты. Себебі өз сырым өзіме мәлім. Мен олар сияқты емеспін. Өзімді ұмытпаймын. Сүтті апарған кезде қарасам, Нилгүн де келіпті. Шашы дымқыл, өзі барынша ажарланып кетіпті.

— Таңғы астарыңызды әкелейін, — дедім.

— Әжем таңғы асқа түсе ме? — деді Нилгүн.

— Түседі, — дедім, таңертен және кешке түседі.

— Түс мезгілінде неге түспейді?

— Жағажайдың шуылдаған даусын ұнатпайды, — дедім. — Түс мезгілінде асты өзіне апарып беремін.

— Әжемді күтейік, — деді Нилгүн.

— Әлдеқашан тұрып қойған ұйқысынан, — дедім. — Сағатыма қарап, сегіз жарым, — деуді ұмытпадым.

— Иә, Режеп! — деді Нилгүн. — Мен дүкеннен газет алған едім. Күнде танертең бұдан кейін мен алып тұрайын.

— Жарайды, өзіңіз біліңіз, — дедім де шығып кеттім.

— Алсаң аласың да, не болыпты, — деді Фарух мырза. — Қанша адам қанша адамды өлтіргенін, нешеуінің фашист, нешеуінің марксист, нешеуінің қатысы жоғын білесің, басқа не?

Мен ішке кіріп, жоғары шықтым. «Не үшін мына асығыстық? Не екен қалауымыз? Неге азға қанағат жоқ? Сен мұны білмейсің, Режеп? Өлім! Ойлаймын, қорқамын, өйткені адам соған ынтық. Барлық білімнің бастауы — қызығушылық» деген болатын Селахатгін мырза, білесің бе, Режеп? Жоғары шығып, есігін тықылдаттым.

— Кім бұл? — деді.

— Менмін, мәртебелі ханым! — дедім, ішке кірдім.

Шкафты ашып, ішін ақтарып отыр екен. Аузын жаба салды.

— Не болды? — деді, — неге айқайласып жатыр төменде?

— Сізді таңғы асқа келе ме деп күтіп отыр.

— Осы үшін айқайласып жатыр ма сонда?

Шкафтың көне иісі бөлмеде аңқып кетіпті. Иіскеп тұрып, есіме алдым.

— Иә, — дедім, — жоқ, қалжыңдасып жатыр.

— Таң ертемен осылай дастархан басында ма?

— Егер дәл осыны білгіңіз келсе айтайын, мәртебелі ханым, — дедім, — Фарух мырза ішіп отырған жоқ. Осы уақытта адам іше ме?

— Оларды ақтамай-ақ қой! — деді. — Маған өтірік айтушы да болма. Мен бәрін білемін.

— Жалған айтып тұрған жоқпын, — дедім. — Сізді таңғы асқа келсе деп күтіп отыр.

Шкафтың ашық есігіне қарады.

— Сізді төмен түсірейін.

— Жоқ!

— Төсекте жатып жейсіз бе? Осында әкелейін бе?

— Әкел! — деді. — Оларға да айт дайын болсын!

— Олар дайын!

— Есікті жап!

Жаптым да баспалдақтан түстім: тура ішінен бір өмірі көрмеген, не кимеген бір нәрсе тауып алатындай. Жыл сайын мазаратқа бармай тұрып, осылай шкафын бір ақтарып алады. Бірақ бәрібір сол қорқынышты ебедейсіз пальтосынан басқасын кимейді. Асүйге кіріп, нан қойдым да жоғарыға апардым.

— Оқы, — деп жатыр Фарух мырза Нилгүнге. — Бүгін қанша солшыл қанша оңшылды, қанша оңшыл қанша солшылды өлтіріпті.

— Он жеті, — деді Нилгүн.

— Ия, сонымен нәтижесі не болыпты? — деді Фарух мырза.

Нилгүн ағасын естімегенсіп, газетті беріліп оқып жатыр.

— Анау айтқандай ештеңе болмаған, — деді Фарух көңілді кейіппен.

— Мәртебелі ханым таңғы асқа түспейді екен, — дедім. — Сіздікін бере берейін.

— Неге түспейді?

— Білмеймін, — дедім, — шкафын ақтарып жатыр.

— Жарайды, біздің асты бере бер.

— Нилгүн ханым, — дедім, — киіміңіз су-су болып отырсыз, тоңып қалмайсыз ба? Жоғары шығып, киініп келіп, сосын оқырсыз газетті.

— Қарашы, сені тыңдап та тұрған жоқ, — деді Фарух мырза, — газеттерге сенетін жаста ғой әлі, жастар ғой. Өлгендерді санап оқып отыр.

Нилгүн маған күлімдеп қарады. Мен де асүйге кірдім. Газеттерге сену? Нан турадым. Мәртебелі ханымның таңғы асын әзірледім. Ханым да сол газетті таныстардан біреу өлді ме деп оқиды. Бомба немесе оқтан жараланып өлген жастарды қарамайды, ақ төсекте ажалын күтіп өлгендерді қарастырады. Таңғы асты апара жатырмын. Кейде өлім ту-

ралы хабарландыруда аты-жөнін көрсетпейтіндерге ренжіп жүреді. Бір нәрселерді айтып, сосын газетті кесіп алады. Аса қатты ренжімесе, кейде жанында болсам, мені сол адамдардың тегімен мазақ етеді. Өтірік есім жазып қойған мыналар, тозақтық бәлелер, қандай-қандай өзі аты-жөні? Ойладым: маған тегін берген әкемнің және тегімнің Караташ екенін. Не айтқысы келгені белгілі. Әйткенмен кейбір есімдердің мағынасын еш түсінбеймін. Мыналардікі де солай. Есігін қағып, ішке кірдім. Мәртебелі ханым әлі сол шкафының алдында.

— Таңғы асыңызды әкелдім, мәртебелі ханым!

— Сол жерге қоя сал.

— Тез жеңіз, — дедім, — сүтіңіз суып қалмасын.

— Жарайды, жарайды, — деді. Көзі менің әкелгендерімде емес, шкафта. — Есікті жауып кет!

Есікті жаптым. Сосын ойыма нан түсіп кетті, дереу жүгіріп төмен түстім. Әйтеуір күйіп кетпепті. Нилгүн ханымның да жұмыртқасы мен таңғы асын алдына апардым.

— Ғафу етіңіз, кешігіп қалдым, — дедім.

— Метин таңғы асқа түспей ме? — деді Фарух мырза.

Тағы жоғары көтеріліп, бөлмесіне барып, Метинді ояттым. Перделерді аштым. Ұйқыдан оятқаным ренжіп, тоңқылдап жатыр. Мән бермегенсіп төменге қайта түсіп кеттім. Нилгүн ханым шай ішкісі келді, мен де асүйге барып, демделген шайдан құйдым. Соны әкеле жатқанда қарасам, Метин мырза төменге түсіп, тіпті орнына жайғасып та қойыпты.

— Таңғы асыңызды қазір әкелемін, — дедім.

— Кеше түнде қаншада келдің, сен өзі? — деді Фарух мырза.

— Ұмытып қалдым! — деді Метин. Іш киімшен отыр.

— Көлікте жанармай қалды ма? — деді Фарух мырза.

— Уайымдама, аға, — деді Метин. — Басқалардың көлігімен қыдырдық.

Ішке қарай шайын алайын деп кірдім. Тағы нанды қызарсын деп қойдым. Өзіне қою шай құйып апардым.

— Сүт ішесіз бе, Метин мырза? — дедім.

— Достарың сені сұрап жатыр, — деді Метин. — Бұрын сол қыздармен ажырамас дөс едің. Бір-біріңсіз тамақтарыңнан су да өтпес еді. Қазір бір кітап оқимын деп оларды менсінбей кеттің.

— Менсінбей кеткен жоқпын, тек оларды көргім келмейді.

— Сүт ішесіз бе, Метин мырза? — дедім қайтадан.

— Көрдің бе, өте саяси болып кеттің? Өте қатты идеалист.

— Сен өзің идеалистің не екенін білесің бе? — деді Нилгүн.

— Неге білмейін? — деді Метин, — Сондай бір әпкем бар, миын улаған, күнде көріп отырамын.

— Оңбаған!

— Сүт ішесіз бе, Метин мырза?

— Қойыңдаршы болды, қойыңдар енді! — деп жатыр Фарух мырза да.

— Сүт ішпеймін! — деді Метин.

Асүйге барып, нанды ауыстырдым. «Миын улаған. Бәрі де миындағы анау лас дүниені, жалған сенімдер мен өтіріктерді құртпайынша, бізге бостандық жоқ. Сол үшін қаншама жыл бойы жазумен келем, Фатма, жазып келемін» деуші еді Селахаттин мырза. Өзіме бір кесе сүт құйып, жартысын іштім. Піскен нанды дастарханға апардым.

— Мазаратта әжем дұға жасаса, сендер де қарап отырмандар, — деді Фарух мырза.

— Нағашы әпкемнің жаттатқан дұғаларын ұмытып қалдым, — деді Нилгүн.

— Қалайша тез ұмыттың? — деді Метин.

— Жаным-ау, мен де ұмытып қалдым, — деді Фарух мырза, — әжем сияқты алақандарыңды жайып отырыңдар, ол ренжіп жүрмесін дегенім ғой.

— Уайымдама, жаямыз алақанымызды, — деді Метин, — мен ондай нәрселерге аса мән бере бермеймін.

— Сен де жай алақаныңды, жарай ма, Нилгүн? — деді Фарух. — Басыңа бір орамал тағып алғаның дұрыс.

— Жарайды, — деді Нилгүн.

— Бұл сенің идеалист көзқарастарына теріс болмай ма? — деді Метин.

Мен жоғарыға шығып кеттім. Мәртебелі ханымның есігін тықылдаттым. Ішке кірдім. Таңғы асын ішіпті де, тағы шкафының алдына барып жайғасып алыпты.

— Не болды? — деді, — не қалайсың?

— Бір кесе тағы сүт ішесіз бе?

— Жоқ!

Ыдыстарды жинастыра бастаған едім, шкафының аузын тарс еткізіп, маған қарай айқайға басты:

— Жақындама!

— Шкафыңызға жақындаған жоқпын, мәртебелі ханым! — дедім. — Көріп тұрсыз ғой, тек ыдыс-табақтарды жинастырып жатырмын.

— Не істеп жатыр төмендегілер?

— Дайындалып жатыр.

— Мен әлі ешнәрсе таңдай алмадым, — деді де, өзінен-өзі қысыла шкафына қарады.

— Тездетіңіз, мәртебелі ханым! — дедім, — Әйтпесе күн ысып кетеді.

— Жарайды! Сен есікті жақсылап жауып кет!

Асүйге түстім, ыдыс жуу үшін су әзірледім. Сүтімнің қалған жартысын ішіп, су ысысын деп күтіп отырдым. Ойыма мазарат түсті. Көңілім босағандай болды. Біртүрлі болып кеттім. Кір жуатын бөлмедегі заттарды, құрал-жабдықтарды ойладым. Адам кейде мазар басында жылағысы келіп кетеді. Метин мырза бір шай сұрады, алып бардым. Фарух мырза темекісін құмарлана тартып, бақшаға қарап отыр екен. Ішке кіріп, ыдыстарды жуып тастадым. Қайта келсем, Метин мырза киініп келіпті. Мен де теріс бұрылып, алжапқышымды шештім, галстук пен костюімді жөндеп, шашымды тарадым. Шаштараз шашымды тарап болғасын айпаға бір қарап күлуші едім, тура солай жасадым. Сыртқа шықтым.

жазығы бар дейсің, тәрбиесі солай болды. Өйткені сен ұлыңды өзіңе ұқсаттың! Доған да балаларына көңіл бөлмеді. «Анашым, бұларды нағашы әпкесі тәрбиелеп жатыр, менің қазір шамам жоқ» деді, әрине, нағашы әпкесі тәрбиелеген соң осы, қарт әжелеріне ары мен әрі қашқан қаланы қыдыртып көрсетпекші. Мені де осыған құмартып отыр деп ойлаулары да сол. Бірақ сақ болындар, мен еш нәрсеге қызығып та, қарап та келе жатқаным жоқ. Тек алдымдағы жолға қарап, арасында сөмкемді ақтарып келемін. Ішінен шыққан ескі таныс иісті иіскеп қоямын. Сөмкемнің ішіндегі қараңғы өлемнен ескі бет орамалымды алып, құрғақ жанарымды сүртемін. Бар ойым қабірдегі жандарда!

— Енді жылайтын несі бар, әже!

Дегенмен бұлар менің сендерді қалай жақсы көретінімді білмейді ғой. Мына бейбіт аспан астында, жарқыраған күннің нұрына шомылған сәттерде сендердің өлгендеріңді ойлаудың өзі ауыр екенін қайдан білсін? Бет орамалыммен көзімді сүртіп отырып, өз-өзімді қайрап: «Жетер енді, Фатма, бүкіл өмірімнің қайғы-қасіретпен өткені аз емес! Енді мен не істеу керегін де жақсы білемін. Бәрі өтті, кетті... Міне, ештеңе де қалмады! Қара енді, көтер басыңды!» Қарадым, көзім жаңа ашылған сәбидей айналама зер салдым: зәулім үйлерді, биік қабырғаларды, тақтайшадағы жарнамаларды, афишаларды, витриналарды, түрлі-түсті бояуларды... Бірақ дереу айнып қалдым, мына түрлі түсті бояу сіңген тіршілік маған жиіркенішті! «О, тоба, не деген сұрықсыз дүние, Фатма, қарама, жетер!»

— Әже, бұл жерлер бұрын қандай еді?

Өз ойыммен өзім алысып келе жатып, балалардың сөзін де тыңдамаппын! Айтайын ба? Бұрын бұл жерлер бау-бақша, оның ішінде де қандай бау-бақша еді, шіркін! Қазір қайда солар?!

Болған жайтты айтар болсам, бұл жерлерде ешкім болмаған сол кездерде. Ана сендердің марқұм аталарың көзі тірі-

сінде, кешқұрым «жүр, Фатма, екеуіміз қыдырып қайтайық» дейтін. «Ренжіме, мына жерге келіп мойын бұра алмай қалдым. Сені ешқайда қыдыртпадым, мені бір ғана энциклопедия шаршатты. Сонда да, уақытым жоқ деп мен Шығыстың деспот еркектері сияқты болғым келмейді. Әйелімнің көңілін көтеріп, оны бақытты еткім келеді. Жүр, біраз бақшада айналып жүріп қайтайық! Әрі әңгіме-дүкен құрамыз, қарашы, бүгін менің не оқығанымды. Білімнің бас тартуға болмайтын дүние екенін және осы білім болмағандықтан еліміздің осылай нашар болып жатқанын ұққандаймын. Бізге де бір жанару, жаңғыру және бір сілкініс керек екенін енді нақты түсіндім. Алдымда атқаруым керек өте үрейлі бір жауапкершілік бар. Осы жапан далаға мені осыларды оқып түсінсін дегендей қуғынға жіберген Талат Пашаға алғысым шексіз! Өйткені осы жалғыздық пен бос уақытым болмағанда мына керемет ойларды мен түймес те едім. Мына тарихи жауапкершіліктің ауыртпалығын мен ешқашан да сезінбеген болар едім, Фатма! Русоның да барлық тұжырымдары қырларды, далада, табиғаттың ортасында, жападан-жалғыз жүргенде жасалған; бірақ біз екеуіміз жүреміз» дейтін.

— Мальборо! Мальборо!

Мына дауыстан селк еттім. Басымды көтеріп қарасам, кіп-кішкентай бала қолын көліктің ішіне кіргізіп жіберердей тура! Мына түрімен көліктің астына түсіп кетер ме екен өзі, қайтеді?!

Айналаға қарасам, шүкір, ағаштардың арасында қырды жағалап келе жатыр екенбіз.

— Қатты ыстық па деймін, аға?!

Қырдың етегінде жайқалған жасыл ағаштар көзіңді демалдырады. Бір кездерде Селахаттин екеуіміз онаша қыдырған жерлер еді. Ауылдың бірді-екілі адамдары ғана алдымыздан шығып сәлемдесіп жататын. «Дәрігер мырза, әйелім қатты науқас, бір келіп кетесіз бе? Алла разы болсын сізге!» дейтіндері де кездесетін. Бұл аянушы ма еді, мені тастай сала көмек-

ке жүгіретін. «Оларға жаным ашиды, Фатма, ақша алмадым, қайтем оны?» деп ақталып жататын. Бірақ өзіне ақша керек болса, әрине, олар келмейді көмекке. Ондай кезде менің жүзіктерім, гауһар тастарым басты рөлде... Шкафтың аузын бекіттім бе өзі, иә, иә, бекіттім...

— Әже, жақсы келе жатырсыз ба?

Ой, мыналар да мені өз ойыммен оңаша қалуға да мұрша берер емес, қай-қайдағы сұрақты қойып... Бет орамалмен көзімді сүрттім, адам марқұм күйеуі мен баласының қабіріне бара жатқанда қандай көңіл күйде болушы еді?! Сендерге тек жаным ашиды...

— Қарасаңшы, әже, Исмайылдардың үйінің алдынан өтіп барамыз! Міне, мынау!

Ой, Алла-ай! Не деп кетті мыналар! Осы жер екен ғой, ақсақтың үйі! Бірақ мен қарамаймын. Мен үшін маңызды емес.

— Режеп, Исмайыл қалай?

— Жақсы... Лотерея сатады.

Тындап келемін. Жоқ, естімегенсін келемін.

— Аяғы қалай?

— Бұрынғыдай, Фарух мырза, ақсандап жүреді.

Тек өзімді, күйеуімді және баламды күнәдан сақтау үшін үн қатпадым. Менің кінәмді біле ме бұлар? Мүмкін, оларға ергежейлілер келіп айтпаған шығар бұрынғы ата-бабасының істегендерін.

— Хасан қалай?

— Сабағы нашар, ағылшын тілі мен математикадан орнында қалды. Жұмысы да жоқ.

Осылайша әңгіме қызып барады. Енді «Әже, олар біздің туыстарымыз екен, білмейсіз» демесе болғаны. Ой, тоба, Фатма, не ойлап кеттің?! Сен бүгін осы жерге соларды ойлауға келе жатырсың ба? Әлі жеткен жоқпыз, бірақ бет орамалмен көзімді құрғатып келемін. Менің осы бір қайғылы күнімде мыналар да көлікке отырып алып, ойдан-қырдан әңгіме айтып, тура бір табиғатқа серуенге шыққандай болып келе жатыр.

Әлі есімде, табиғатқа серуен демекші, бір күні жалғыз атқа жегілген ат арба келді. Селаяхаттинмен бірге бітпейтін қырдың басына тақыр-тұқыр етіп, салдырап шыққанбыз. «Қандай жақсы болды, Фатма, энциклопедиямен айналысып отырып, мынандай ғажап дүниеге уақыт бөле алмас едім» деп Селаяхаттин мәз. «Әттең, бір шөлмек шарап алғанымда ғой. Піскен жұмыртқаларды алып, қыр басына шығып жайғасамыз. Таза ауа жұтып қана қоймай, мына жерден теңіз әдемі көрінеді, соны тамашалаймыз. Еуропада мұны «табиғат аясындағы демалыс» дейді. Бәрінің де шегі бар, Фатма, Алла қаласа, біз де бір күні соған жетеміз! Ұл-қызымыз көрмесе де, немерелеріміз көретін болады. Бәрі ұл-қыз демей араласып, бәрі бірге білім алатын болады. Білім деген теңдікке қол жеткізіп, біздің немерелеріміз Еуропа елдерімен теңеседі. Немерелерім қабірімінің басына келіп тұратын болады».

— Келдік, әже, келдік, қарашы!

Жүрегім тарсылдап қоя берді. Көліктің моторы өшкен кезде айналада бір тыныштық орнады. Тоқсанға келіп өлімін күткен мені есікті ашып түсірді.

— Кел, әже, қолыңызды беріңіз!

Ат арбадан түсуден де киын екен мына темірден түсу! Алла сақтасын, абайсыз құлап кетсем, өліп қаламын-ау! Өлсем қуана-қуана мені осы жерге көміп кетеді-ау!

— Қане, былай! Қолымнан ұстаңыз, маған сүйеніңіз, әже!

Неге бұлай жаман ойлап келемін, біліп қалса, ренжиді ғой. Сыртқа шықтым. Көктастардың арасынан біреуі бір қолымды, біреуі екінші қолымды ұстап ақырын жүріп келеміз. Аллам, сен жаңсақ ойларым үшін кешіре гөр! Мына көктастар да адамға жаман ой салады екен! Бір күні мына ыстықта, ешкім жоқ, ешкімге керексіз болып, кепкен шөптердің иісі аңқыған тонырақ астында жатамын-ау мен де.

— Қалайсыз, әже?

— Қайда еді, өзі?

Қазірше ол қабірдің ішіне кіруді ойлама, Фатма! Қарашы, әлі сөйлеп келе жатыр ана ергежейлі, аталарының жатқан жерін немерелерінен де жақсы білетінін көрсету үшін. Өйткені мен оның баласымын дегің келе ме?

— Осы жер!

Балалар да әкесі мен анасының қабірін көріп:

— Келдік, әже, міне, мына жер!

Мұны көрген менің жүрегім сыздады. Осында екенсіңдер ғой! Жылап тұрмын! Сендер қолымды босатындар, мені олармен оңаша қалдырындар! Бет орамалмен көзімді сүрттім. Сендерді осы жерде көруге жазғанша, Аллам неге менің де жанымды бірге алмадың? Ой, не деп кеттім, тәубе-тәубе! Білемін, өйткені мен өмірімде бір рет те болса шайтанға ермедім! Бірақ мен бұл жерге сізді кінәлау үшін емес, дұға бағыштауға келдім, қазір жылап алайын, мұрнымды сүртіп, бір сәт демімді ұстап үнсіздік жарияладым. Құлаққа тек шырылдаған шегірткенің даусы ғана естілді. Бет орамалымды қалтама салып, екі алақанымды жайып дұға оқыдым. Оқып болып, басымды көтеріп қарасам, обалы не керек, олар да алақандарын жайып тұр екен. Қуанып қалдым! Нилгүн басына әдемі орамал байлап алыпты, бірақ мына ергежейлінің сиқын көріп жиіркеніп тұрмын! Иә, Аллам, сен кешіре гөр, біреудің некесіз туғандығына мақтанып шалқайғанын көре тұра мен шыдай алмаймын! Тура бір бәрімізден де сені сол қатты жақсы көретіндей, сол көп дұға ететіндей болып тұр, Селахаттин! Мына түрімен кімді алдамақшы? Әттең, қолымда балдағым болғанда ғой, салып кеп жіберетін. Бірақ мен оны емес, сені ойлауға келдім, Селахаттин! Иә, бір күні сенің осылай көктас көтерген қабірінді көремін деп ойладым ба? Көктаста ойылып жазылған есіміңді оқимын деп ойладым ба: *Дәрігер Селахаттин Дарвинұлы (1881–1942) Рухына Фатима.*

Міне, оқып тұрмын... Сен мұндайға сенбеуші едің ғой, сондықтан сенің дәл қазір тозақтың отына азап шегіп жатқаныңды білемін, бірақ менің ойлағым келмейді. Бұл да менің

кінәм емес. Қанша рет саған «тәубе де, тәубе ет, Селахаттин» дедім, ал сен мені тек мазақ етумен шектелдің. «Надан әйелсің, оңбаған әйелсің, басқалар ұқсап сенің де миынды улап тастаған, Алла да жоқ, ахырет е жоқ, о дүние дегенің бізді осы өмірде жолға салу үшін жасалған қияли әңгіме. Тәңірдің бар екенін дәлелдеу үшін қолымызда схоластикалық нонсенстан басқа дәлел қалмады, тек қана факт пен заттар бар еді. Біз оларды және олардың арасындағы байланысты біле аламыз және менің міндетім бүкіл Шығысқа Алланың жоқ екенін түсіндіру, естіп тұрсың ба, Фатма!» деуші едің... Ой, тоба, мен не деп кеттім? Бұларды ойлама, сенің шайтанға берілмеген алғашқы пәк күндеріңді ойлағым келеді. Өйткені «өлген адам туралы тек жақсы сөз айту керек» деген халық сөзі үшін емес, расында, сен бала едің. Әкем айтқандай, болашағы жарқын жас едің. Емханасында тып-тыныш, өзімен-өзі отырған жоқ па едің? Отырған едің. Әйтпесе қабылдауыңа келген мың сан науқастарға не істеріңді Алла біледі. Үсті-басы ашық-шашық, сәнденген сылқым әйелдер де талай келетін алдына, олар келсе есікті жауып алатынсын. Бірақ күйеулерін де ертіп келіп жататын. Маған кейде «көрші бөлмедегілерден ыңғайсыз, сен бөтен ойлама, Фатма» деуші едің. Иә, иә... Бәлкім, солардың кесірінен болды бәрі. Осында орналасқан бір-екі науқас, науқас деуге әзер үйрендік. Өйткені қиын жұмыс еді. Селахаттин бұл туралы сен дұрыс айтып кеттің, ешкімнің теңіз жағасында бірнеше балықшымен қараусыз қалған айлақтың бұрышында түнеген алыс ауылдың маубастары мына таза ауада науқас тана қоймас, ауырса да біле қоймас, білсе де келе қоймас. Шынымен де кім келеді? Бар-жоғы аз ғана үй мен ондағы бірнеше ауылдықтар. Бірақ соған қарамастан атағың шығып, сонау Измиттен келетін. Гебзеден келетіндердің саны көп болды. Тузладан қайыққа мініп келгендер де көп. Табыс молая бастаған кезде, сен мастанып, науқастарыңмен араздаса бастадың. Мен келесі бөлмеде бәрін тыңдап тұрамын.

— Не жаққансың сен мына жараға?

— Алдымен темекі бастық, дәрігер мырза, сосын тезекке орадық.

— Ойбай, ондай да бола ма? Ерлі-зайыптының дәрісі ғой ол, қазір ғылым дамыған заман....

... — Жарайды, мына балаға не болды?

— Қызуы көтеріліп тұр, дәрігер мырза, бес күн болды.

— Ал неге ертерек әкелмедіңдер?

— Теңізде дауыл болды ғой, көрмедіңіз бе, дәрігер мырза?

— Ой, мына түрлеріңмен баланы өлтіріп қоя жаздапсыңдар ғой!

— Алланың жазғанын көреміз ғой.

— Қандай Алла, Алла жоқ, Алла өлген!

...Ой, Алла-ай, тәубе деші, Селахаттин, олай демеші!

— Қандай тәубе, топас қатын-ау! Енді сен шықтың ба мына надан ауылдықтарға ұқсап. Намыстанамын сен үшін. Алдыма келген қаншама адамды адам қылам деп тырысып жатсам, қойнымдағы әйелімнің басында бір шөкім ми жоқ. Қандай ақымақсың, ең болмаса осы ақымақтығыңды мойындап, маған бір рет те болса сенші.

— Сен мына түріңмен тапқан науқастарыңнан айрыласың!

Не де болса маған бәрін қасарысып істейтіндей. Күйеуімен бірге сонша жолды арып-ашып жүріп жеткен бір байғұс науқас әйелге бір дәрі жазып беру үшін қандай сөздер айтқанын мен көрші бөлмеден естіп тұрдым:

— Шешсін үстіндегісін мына әйелің. Менің жұмысыма кедергі болып жатыр. Ақыры күйеуі екенсің, сен айт, ауылдан шыққан топастар. Болмаса мен әйеліңді емдемеймін, жоғалыңдар! Мен сендердің надан сенімдеріңе сеніп отыратын адам емеспін!

— Жалынам, дәрігер мырза, бұлай етпеңіз, ең болмаса дәрі беріңіз!

— Жоқ, әйелің шешіпбесе, дәрі жоқ. Көзіме көрінбей кетіндер! Бәрінді жалған Аллаға сендіріп қойған.

... — Тәубе, жағынды қарыстырсаң етті, Селахаттин, ең болмаса оларға олай сөйлемесеңші!

— Жоқ, мен ешкімнен қорықпаймын! Бірақ мен туралы ел айтатынын айтып жатқан шығар.

Расында, Алласы жоқ дәрігер екен ол. Бұл нағыз шайтанның өзі. Барғанда көрген де боларсындар, үстелінің үстінде тұрған бас сүйегін, бөлмесінің бастан-аяқ кітапқа толып тұрғанын. Біртүрлі сиқырлы құралдары да бар, түймедейді түйе жасайтын жарнама тақтайшалар, басынан түтін шыққан мұржалар, ине шаншылған өлі құрбақалар да бар ол жерде. Жаны қатты қысылып тұрған адам ғана ол имансызға барып жанын аманаттайды. Бұл оңбаған дені сау адамды ауру қылады. Босағасынан аттағанды жын соғады. Өткен жолы сондай бір Ярымжадан келген бір науқасқа «сен ақыл-есі дұрыс адамға ұқсайсың, сенен көмек сұрайын. Мына қағазды алып, ауылыңның ортасындағы шайхапаға барып оқы, ішінде сүзек және өкпе құрт ауруларына қарсы жасалатын ем-домды жаздым депті. Сонымен қатар Алланың жоқтығы туралы да жаздым. Сен барып осыны дәріпте, ең болмаса сенің ауылың жөнделсін депті. Онсыз да сен сияқты ақыл-есі дұрыс адамды әр ауылға жіберіп отырсам, ол барған адамда ауылда кешқұрым мен аманатымды жеткізіп, менің энциклопедиямнан бірер үзінді оқыса, ұлтымыз құтқарылады! Бірақ ең алдымен осы энциклопедиямды бітірсем болар еді, неге сонша созып кеттім. Қарғыс атқыр ақша болмай тұр. Фатманың гауһар тастары мен жүзіктері салынған құты жақсылап бекітіліп тұрған шығар» дейтін көрінеді. Осы секілді алып-қашпа әңгіме ел арасында тарап кетті.

Расында, дертінен түңіліп, еш үміті қалмаған бірнеше науқастан, ауламызға кірер-кірмес өкініп, бірақ қайта шегінуге шайтанды да ренжітуден қорқатын аңғал шарасыздардан басқа ешкім келмейтін болды. Бірақ бұған басыңды да қатырмайтынсың, Селахаттин. Бәлкім, менің жүзіктеріме сенгенің шығар, «енді ол науқастардың келмегені де дұрыс болды»

деуші едің. «Өйткені ол надандарды көрсем, қаным қараяды, үмітім сөнеді. Бұл айуандардың адам боларына сену қиын. Өткенде бір сөз арасында біреуіне «бір үшбұрыштың ішкі ауданы қанша болады?» дедім, әрине, оны өзім біліп тұрмын. Өмірінде үшбұрыш деген не екенін естімеген бұл бейшара ауылдың адамы шешімін таппайтынын біле тұра сұрадым. Сөйттім де, қолыма бір қағаз алып түсіндіре бастадым. Математиканы милары қаншалықты қабылдай алар екен деп сынағым келді. Шынымен де мәселе бұл бейшараларда емес екен, мемлекет оларға жақсылап білім берсе, бәрі жақсы болары сөзсіз. Ол мені қорқа-қорқа тыңдады, мен де қырық сағат оған әдемі тілмен бәрін түсіндірдім. Сенің тура менің көзіме қарағаныңдай, оның екі көзі шарасынан шығып кете жаздап тұрды. Сен де сол шайтан көргендей маған шоши қарайсың». «Айналайын-ау, мен сенің күйеуіңмін» дейтінсің. Иә, сен шайтансың, Селлахаттин, қарашы, қазір тозақтасың. Тозақ ішінде қайнаған қазанда қайнап жатырсың. Жоқ, әлде, сен айтқандай ма екен өлім? «Мен өлім ойлап таптым, Фатма!» деген болатынсың. Енді тыңда, бәрінен де маңыздысы осы, өлім деген сондай қорқынышты! Шыдай алар емеспін, қабірдегі сенің халінді ойлап мен қорқып барамын.

— Жақсысыз ба, әже?

Селк еттім. Мойнымды бұрып қарадым. Ойға батып тұр екенмін. Дегенмен Селлахаттин соңғы рет сен қаламасаң да рухыңа бағыштап бір Фатиха оқыын.

— Әже, қаласаңыз, мұнда отырып, демалып алыңыз!

— Сөйлемендер!

Бәрі үнсіз қалды. Фатиха сүресін оқыдым. Жолдан өтіп бара жатқан бір көліктің даусын естіп тұрмын. Шегірткелердің даусы да тына қалды. Әмин! Бет орамалымды қалтамнан шығарып, көзімді сүрттім. Сосын ақырын жүрдім. Сен әрқашан ойымдасың, балам! Алдымен әкеңе соғайын дедім. Менің ақылсыз, бақытсыз, сорлы ұлым-ай! Қабірдегі жазу: *Губернатор Доған Дарвиңұлы (1915-1967) Рухына Фатиха.*

Иә, «Фатиха» оқып жатырмын. Менің шарасыз, бақытсыз, әлсіз, бейбақ, жетімек балам-ау, сен үшін оқып жатырмын, Әмин! Сен осындасың! Ой, жаным-ай, маған әлі тірі сияқтысың! Қайда кетті мына менің бет орамалым? Міне, көріндер енді, шамам жеткенше өкіріп-өксіп алайы!

— Жылама, әже, жылама!

Аяқ-қолым дірілдеп, тұрған жерімде құлап кететіндей болдым. Айқайлап, тағдырыма налып жатырмын. Я, Алла, мен осылай баламның қабірінің басына келіп тұрарлықтай не жаздым? Неге мені бұлай жазалайсың? Мен қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Тағдырым осылай болсын дедім бе, ұлым? Доганым, мен саған бұл өмірде істейтін ең соңғы ісің әкеңнен сабақ ал дегенім болды ғой. Қаншама рет айттым емес пе? Оған қарап өзіңе сабақ ал, оған ұқсама дедім. Сол үшін сені мектеп-интернаттарға жібердім. Құлыным, артық ақшам болмаса да, сол бір кездерде марқұм нағашы атаң мен әжең қалдырған және отбасымыздың күнкөрісіне жараған құтыдағы гауһар тастарымды, алтын сақина мен лағыл тастарымды сен білім алсын деп мектептерге төлемедім бе? Сенбі күні үйге кеш келетін едің, мас әкең сені автовокзалдан күтіп алуға бармайтын еді. Ол бір тиын таппағанымен қоймай, қарғыс атқыр ана бір жазуларын басып шығару үшін менен ақша жырымшылауға тырысты. Ал мен суық қыстың түндерінде ұлым ең болмаса француз мектебінде оқып жүр деп жұбанып жүрдім. Бір күні байқасам, сен де солар секілді инженер немесе кәсіпкер болудың орнына саясатшы болам деп жазыпсың. Білем, сенен керек десең мықты министр де шығар еді. Бірақ сен секілді біреуге бұл обал тірлік. «Анашым, бұл мемлекет тек саясатпен ғана түзеледі» дедің келіп. Саған қалды ма енді түзету, ақымақ ұлым-ау деп жұбанып жаттым. Демалысқа келгенде байқадым, шаршау жүзін, ойлы көздерін менің жанымды жай таптырмады. Не деген бейбақ едім мен. Тура әкесі секілді дертті басына жамап алып, ары-бері теңселіп жүруді де үйреніп алғанын кеш байқадым. «Осы жасында темекі

тартып, не күйік алып бара жатыр, ұлым» дедім, «мемлекетті уайымдаймын, ана» дедің. Мен сені әлі де райынан қайтар дедім. Сенің қалтаңа ақша толтырып, Стамбұлға бар, қыдырып көріп қайт, қыздармен таныс, ойға берілме, ашық-жарқын ойнап-күл деп әкеңе көрсетпей қызыл-сары лагыл тастарымды бердім. Алып Стамбұлға барып сат та, көңіліңді көтер дедім, бірақ ойламаған жерден бір сүйкімсіз кіп-кішкене қызға үйленіп келетініңді мен қайдан білейін? Мен саған асықпай, еркін жүр дедім. Ең болмаса бір шаруаның басын ұста дедім. Бәлкім, сені уәкіл сайлар ма еді? Мына губернаторлықтан айрылма, әлі әкім болатын кезің келеді, ұлым, демедім бе? «Жоқ, анашым, шыдай алмаймын енді, бәрі жиіркенішті, сүркия тірлік» дедің. Неге сен басқаларға ұқсап үйің мен жұмысыңның ортасында шауып жүрмейсің? Бұл үшін саған ренжідім де... Кейін білдім, әкеңе ұқсаған қорқақ және жалқаусың. Солай ма? Әкең секілді өмір сүруге қабілетсіз, адамдармен араласуға жігерсіз болдың. Елдің бөріні жазғыруға, күйе жағуға дайын тұрдың. Мені «олай емес, ана, бәрі жиіркенішті, губернаторлыққа да төзе алмаймын енді. Ол жерде ауылдықтарға, кедей-кепшікке әділетсіздік жасайды, намысын таптайды, әйелім де өлді, балаларға нағашы әпкелері қарайды. Мен өз еркіммен жұмыстан шығып, осында келіп орналасамын. Болды, анашым, менің тірлігіме араласпа, мен осы тыныш бір бұрышта қаншама жылдан бері тек осыны ойлаумен келемін» дегенсің. Бұл жерде отыра алмайсың, барып қайта өмірге араласасың, ұлым. Режеп, байқа, бұған нан тауып берме, үл-үлкен адам барып өз нанын өзі тауып жесін. Осынша жасқа келіп жолыңнан тайма, мені маскара етесің дедім.

— Әже, кәнекей, енді ыстық болып кетеді.

Оңаша қалып бар шындықты жазғым келеді, жоқ, бірақ рұқсат етпеймін.

— Біраз күте тұрайық, Метин мырза...

— Әттең, біреу келіп, мына қабірлердің үстін жақсылап бір тазаласа.

Ауыздарынды жаба тұрсаңдар қайтеді екен, мен әкелеріңмен біраз оңаша сөйлесіп алайын деп едім. Мен де көріп тұрмын жануарлардың тезегін. Бәрі де осындай болу керек пе? Кезінде, балам, сенен ішімдік ішіп жүрсің бе деп сұрадым. Үн қатпадың. Сен әлі де жассың. Қаласаң, тағы да үйлендірейін. Таңнан кешке дейін не істейсің мұнда? Ешкім жоқ, тымтырыс жерде саған не бар? Сен тағы үн қатпадың. Әх, білем, сен де әкен сияқты отырып алып, мағынасыз бір нәрселерді жазбақшысың ғой. Үндемей құтылғың келді. Солай ма? Ұлым, мен сенің бүкіл күнәң, кінәң және қателіктерің үшін қандай жауапкершілікте екенімді білсең ғой... Мен оқымаған надан бір әйелмін. Қара, қазір менің ешкімім жоқ. Мені мазақ етеді. Мен корген тауқыметімді бір көрсең ғой, менің қандай бақытсыз екенімді, қалай жылағанымды көрсең ғой... бет орамалды бетіме басып өкіріп жылап жатырмын. Бүкшиіп кетіппін...

— Болды, әже, жетер! Жыламаңыз енді! Тағы да келеміз әлі.

Я, Алла, не деген бейбақ едім! Мені күйеуіммен, баламмен оңаша қалдырмай, бұл жерден әкеткісі келеді. Қабірінің үстіне жатып алғым келді, жата алмадым. Жоқ, Фатма, қарашы, немерелерің саған жаны ашып тұр. Қаншалықты бақытсыз, шарасыз екенінді көріп те тұр. Олардікі дұрыс. Не де болса тағы бір құран бағыштайын дедім, бірақ ана албасты ергежейлінің алара қараған көзқарасын көріп, адамды бір сәтке болса да еркіне қалдырмайтынын ойлап ашуландым. Шайтан барлық жерде бар. Қазірде осылай бір-бірімізді ашуландыру үшін ана бір қабырғаның артынан азғырып қарап тұрған шығар.

— Әже, болды енді, шаршап кеттіңіз! Жетер енді!

«Фатиха» оқып, алақанымды жайдым. Олар да үнсіз алақан жайды. Соңғы рет оқып жатырмын, оқып жатырмын. Көліктер зуылап жатыр. Күн қандай ыстық десеңші! Үстіме қалың қамзолымды кимегенім абзал болған екен. Соңғы шыққанымда шкафтың аузын жапқан болармын. Кілттеген де болуым керек. Ешкім жоқ үйде, Алла сақтасын, ұры кіре қоймас.

Адамның ойы не деген жүйрік. Кешір мені, әумин! Біз кеттік енді! Алла жар болсын!

— Маған сүйеніп алыңыз, әже!

Гүл Дарвин келіні (1922-1964) Рухына Фатиха.

Мені әкетіп бара жатыр. Мына ыстықта енді менің тұрып саған Құран бағыштауға шамам да қалмады. Оларға бағыштаған дұғамнан саған да сауап тиерін білемін. Кішкентай, ажарсыз, әлжуаз қыз, Доғаным сепі сүйіп қалған еді. Әкеліп қолымнан сүйгізген. Бір жолы кешкісін бөлмеге келіп «қалайсың, анашым» деп сөз бастап, саған деген ойын білдірді. Мен не дейін, көндім. Осылайша, әлжуаз, нәзік, кіп-кішкентай қыз келінім болып шыға келдің. Сол кезде бір көріп-ақ білгенмін сенің ұзақ жасамайтыныңды. Үш бала тудың да дымың қалмады. Дәм-тұзың таусылды. Қасықтап, шөкімдеп жеп, әзер күніңді күніңе жалғап жүріп, көз алдымда таусыла бердің. Көзіңнің оты да өшіп жатты. Жейтін тағамынан қорыққан, байгұсым-ай! Онсыз да менің дұғама мұқтаж болатындай күнәң да жоқ еді. Ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата алмай, өмірге ғашық бола алмай, тек басқалардың қайғысына жылаумен ғана өмірден өткен саған не айтамын?

— Жақсысыз ба, әже?

Осылай мені қолтықтаған күйі үйге қарай бет алдық.

Қырды кезген Хасан

Осылайша кері қайтып бара жаып, әжелері тағы бір құран бағыштағысы келді. Бұл жолы онымен тек Нилгүн ғана алақан жайды. Фарух үлкен бір бет орамалын шығарып терін сүртті. Режеп көке мәртебелі ханымды қолтықтап келеді. Метин қолын беліне таяп, енді дұға етіп жатқандай сыңай танытуға

да ерініп тұр. Сосын жарым-жартылай болған бұл дұға да тез бітті. Әжесі теңселе аяқ басты. Екі жағынан да балалар ұстап, көтере алып жүрді. Менің алдымнан өтіп кете барды. Мен де өз-өзіммен қалып, қабырғалар мен көк шөптің арасында миымды тынықтыру үшін айналама тояттана көз салдым. Күлкілі корініс: Фарух деген анау семіз бір жағында, ал екінші жағында көкем болатын ергежейлі... Әжелері дәу кара пальтоның ішінде көйлегі кең тігілген ойыншық қуыршақ секілді. Бірақ күлмедім, бәлкім, мазаратта болғандықтан үрейленген шығармын. Нилгүнге қарадым, басына жараса қалған әдемі орамалына сүйсіне қарадым. Сосын жіңішке аяқтарына қарадым. Қандай қызық: өсіп қалыпты, үп-үлкен әдемі қыз болыпты. Бірақ аяқтары жіп-жіңішке.

Кейін, көліктеріңізге мініп кеткен соң, мен сіздер түсінбей қалып жүрмесін деп жасырынған жерімнен шықтым. Мен де тыныштыққа оранған қабір басына келіп қарап тұрдым. Мынау атаңыз, мынау әкеңіз және мынау анаңыз. Мен тек әкелеріңді көргем, есімде сол ғана бар? Біз бақшада ойнап жүргенде бөлмесіндегі перде арасынан кейде басын қылтитып, сендер мен біздердің бірге ойнап жүргенімізді көретін. Менімен ойнап жүргендеріңді көрсе де, сізге ешнәрсе демейтін. Оған бағыштап құран оқыдым. Ешнәрсе істемесем де күнге жанып барамын. Құлағыма шырылдаған шегірткелердің даусы келеді. Әр нәрсе ойладым. Өз ойымнан өзім шошып кеттім. Ақылымнан адасардай болдым, темекі шығарып тарттым. Сосын мазараттан шығып, жолға түстім. Үйге барып үстел үстіне ашып тастап кеткен математика кітабыма қайта ораламын. Өйткені мен бір сағат бұрын сол үстел басында отырып, тура терезеге қарап отырғанымда сендер ақ «Анадолмен» қырға шығып бара жатқан едіңдер. Араларында әжелерің болған соң, мен не үшін және қайда бара жатқандарыңды түсіне қойдым. Мазаратты және өлген адамдарды ойлаған кезімде мына миыма онсыз да кірмейтін математика сабағы одан да бетер кірмейтінін білдім. Одан да мен оларға барайын,

қабір басында не істейтіндерін көрейін дедім. Көрген соң раттанғын қалармын, сосын келіп, сабағымды оқырмын дедім; анамды босқа ашуландырып алмайын деп терезеден шығып, жүгіре-жүгіре осында келдім. Сендерді көрдім, енді, міне, аяқсыз қалған математикама қайта оралдым.

Шаңды жол бітіп, асфальт жол басталды. Жанымнан көліктер зулап өтіп жатыр, бір-екі рет қолымды көтеріп тоқтатпақ болдым. Бірақ мына заманда мынандай көлік мінгендерде адамгершілік қалмаған да шығар. Мені көрмегенсіп, қырдан төмен қарай сырғып кете барады. Кейін Тахсиндердікіне келдім. Анасы мен Тахсин үйдің артында шие жинап жатыр, ал әкесі шарбақ сыртында шиелерді сатып отыр. Ол да мені көрмеген болды. Мен сағатына 100 км жүретін қымбат көлік айдап және 80 лирадан 5 кг шие алатын біреу болмағандықтан, маған басын да көтеріп қарамады. Иә, қазір ақшадан басқаны ойлай алатын тек мен ғана бармын дей беріп едім, бірақ Халилдің қоқыс жинайтын «Камаз» көлігін көргенде қатты қуанып кеттім. Төменге қарай кетіп бара жатыр еді, қол көтердім, бірден тоқтай қалды. Мініп алдым.

— Әкең не істеп жатыр? — деді.

— Не істесін? — дедім, — сол лотерея ғой.

— Қай жерлерге барады?

— Таңғы уақытта пойызда жүреді.

— Сен ше?

— Мен әлі оқып жатырмын, — дедім. — Мына «Камаз» ең көп қанша тұрады?

— Сексен! — деді. — Бұл жақта не істеп жүрсің сен?

— Миым шаршады. Біраз демалайын дедім.

— Сенің миың осы жасыңда аши бастады ма?

Күліп жатыр. Үйімнің алдына келгенде тежегішін басты.

— Жоқ, — дедім, — мен төмендегі мөлтек ауданнан түсемін.

— Не бар ол жерде?

— Бір досым бар, сіз танымайсыз.

Үйдің жанынан өтіп бара жатып, ашық тұрған тереземе қарадым. Әкем түсте келгенше мен де жетіп қалармын. Мөлтек ауданның кіреберісінде «Камаздан» түсіп қалдым. Халилдер мені жұмысы жоқ, еріккен біреу демесін деп тез-тез жүгіре бастым. Сонау айлаққа дейін бардым. Ыстықтан қара терім шығып, әлсіреп кеткендіктен отырып демалдым. Теңізді тамашаладым. Бір моторлы қайық жылдам келді. Айлаққа бір қызды түсіріп, қайта кетті. Сол қызға қарап отырып, мен сені ойладым Нилгүн: Алақаныңды Аллаға жайғаныңды бағана ғана өз көзіммен көрдім емес пе? Қызық екен. Тура бір «Онымен сөйлесіп» жатқандайсың. Кітаптарда жазады: періштелер бар деп. Сосын ойландым: шайтан да бар, демек. Басқа нәрселер де. Бәлкім, қорқайын деп ойлап отырмын-ау бұларды, қорқа берейін, шоши берейін. Бір нәрсені бүлдіргенімді сезініп, жүгіре-жүгіре қырға шығып, үйге барайын. Барып математикамен шұғылданайын деп қоямын. Қой, бірақ сәлден соң онсыз да барамын ғой. Қазірше біраз қыдыра тұрайын.

Жағажайға келген соң адамдардың азан-қазан тіршілігін және ана бір үйілген балықтарды көріп, тағы да кінәні шайтаннан іздедім. Тыпырлап, жыбырлап жатқан балық үйіліп жатқан балықтар арасынан біреуі қимылдап ақырын-ақырын жылжиды, қайтадан үйіріне келіп корінбей кетеді. Тура бір күнәдан арылғысы келетіндей, бірақ әйелдер оларға тыныштық берер емес. Аралары шырмауық гүлмен бөлініп тізілген үстелдерде отырған әйелдерге жақыннан қарадым. Қызық жағдай: кейде жаным бір жамандық жасағысы келеді, ұяламын. Мені көріп ұялып қалсын деймін. Осылайша, оларды жазалаған болар едім, бұдан былай ешқайсысы да шайтанға ілеспейтін болады. Мүмкін, тек менен қорқатын болар: мынандай бір сезім бар? Біз билікке, олар болса тура жолға келсе. Өз ойымнан өзім ұялып кеттім, қиялға беріліп кетіпмін. Өзімді жұбату үшін Нилгүнді ойладым. Сен күнәдан пәксің. Тағы біршама уақыт мына көз байлайтын көріністер-

ге қарай тұрайын, сосын математикаға ораламын деп ойлап болғанымша:

— Сен неге қақиып тұрсың мына жерде? — деді жағажайға жауапты адам.

— Болмай ма не? — дедім.

— Кіретін болсаң, бар, ана жерден билет ал! — деді. — Суга түсетін киімің мен ақшаң болса...

— Жарайды, — дедім, — керек емес, кетемін.

Қайттым. Ақшаң болса дейді, «Фатиха» орнына осыны оқиды қазір. Сондай жиіркеніштісіңдер, кейде тіпті өзімді көптің ішінде тұрып жалғыз сезінемін. Жартысы маскара, жартысы надан. Ойлаған сайын адамдар мынандай көпшіліктен қорқады. Бірақ арамызда балалар бар, олар Алладан да қорықпайды. Бәріне бірдей топырақ шашпайын, бірақ өзім ақ пен қараны, адал мен арамды ажырата білген соң қорықпайды да... Мен де не істеу керегін жақсы білемін. Кейін біздің балалардың кеше кешке кафеде «бөлтірік» деп мені мазақ еткендері есіме түсіп, ашуға булықтым. Жарайды. Сол істеу керек нәрсенің бәрін мен жалғыз өзім-ақ істей аламын, жігіттер! Мен жалғыз өзім жүремін ендігі жолды. Солай болу керек екенін білемін. Өзіме сендім және сенім арттым.

Жүре-жүре сендердің үйлеріңнің алдына келіпін, Нилгүн. Білмей де қалыппын, тек жасыл желекке оралған қабырғаларды көріп барып есіме түсті. Қақпаның есігі жабық. Барып жолдың арғы бетіндегі ағаштың астына барып отырдым. Үйлеріңнің терезелеріне, қабырғаларына қарадым. Сені үйде не істеп жатыр екен деп ойлады. Бәлкім, тамақ ішіп жатқан боларсың, бәлкім, басында сол орамал әлі де тұрған шығар. Мүмкін, түскі ұйқыңды қимай жатқан шығарсың. Қолыма бір қоқыс алып, асфальттің бетіндегі күм үйіндісіне сенің суретінді құмарлана салдым. Ұйықтап жатқанда жүзің одан сайыи ажарлана түседі. Сол дидарыңа қарап мен күнәні, айыбымды есіме аламын, тамағыма дейін батып кеттім деп жүрген күнәларымды ұмытып, менің неге соншалық күнәм болар деймісің деп

өзімді жұбатамын. Мен басқалар секілді емеспін, нақ сен секілді пәкпін, бұған сенімдімін. Сосын былай ойладым: ергежейліге көрінбей аулаңа кіріп, ағашқа ормелеп, үйдің қабырғасына аяқ тіреп, бөлмеңе мысық сияқты ұрлана кірсем. Ұйқыда жатқан бетіңнен сүйсем. Сен кімсің? Мені танымадың ба? Біз жасырынбақ ойнаушы едік, сені сүйемін, сені танитын барлық сыпайы еркектер саған ғашық болатынындай мен де саған ғашықпын! Мен сені қатты сүйем! Сосын ашуландым: құмның бетіндегі суретінді аяғыммен теуіп бұзып тастадым. Мен тұрып, қай-қайдағыны ойлап отырып, өз ойымнан өзім уялдым. Тура сол кезде Нилгүн үйден шығып, қақпаның есігінің алдына келді.

Бұлар бәрін теріс түсінеді, жамандыққа жориды. Кері қайтуға ыңғайландым. Теріс қарап бұрылғаным сол еді, даусын естідім. Қарасам, есіктен шығып кетіп барады. Қайда бара жатқаны қызық болды, соңына түстім.

Жүріп бара жатқан жүрісінде бір ерекшелік байқадым, нақ бір ер адамның жүрісі. Жүгіріп барып, күшақтай алсам ба екен: мені танымадың ба, Нилгүн? Бала кезімізде аулада бірге ойнаушы едік. Метин де болатын, бірге ойнадық, балық ауладық.

Бұрышқа келгенде бұрылмады, тіке кете берді: жағажайға бара жатырсың ба? Сен олардың арасына қалай барасың? Ашуландым, сонда да соңыңнан қалмадым. Жіңішке аяқтары жылдам жүреді, неге асығыс сонша, әлде күткен біреуі бар ма?

Жағажайға бармады, зуылдап қырға шықты. Енді оны күткен кім екенін жобалап келемін. Бәлкім, соның көлігіне мінерсің. Бәлкім, теңіз моторлы қайығы бар шығар оның. Кім екен деп ойланып, көру үшін соңынан қалмай келемін. Өйткені басқалардан айырмашылығы жоқ екенін де білемін.

Сол жердегі дүкенге кірді де жоқ болды. Дүкеннің алдында балмұздақ сататын бала бар, біршама танымын, мен туралы бөтен ойламасын деп алысырақ барып тұрдым. Мен байларға қызмет қылуды жек көремін.

Сәлден соң Нилгүн дүкеннен шықты да, тура келген жолымен қайта қайтып келеді. Тура маған қарап жүріп келеді. Теріс айналдым, иіліп аяқ киімімнің бауын байлап отыра кеттім. Қолында бір пакет бар, маған қарады, мен де көзіне көзім түсіп, ұялып кеттім.

— Сәлем, — дедім орнымнан тұрып.

— Сәлем, Хасан, — деді, — қалайсың?

Біраз үнсіз тұрды да:

— Кеше сепі келе жатып жолда кордік. Ағам таныды. Өсіп кетіпсің. Қатты өзгеріп кетіпсің. Не істеп жүрсің?

Тағы да үнсіз қалды.

— Әлі жоғары жақта екенсіңдер. Ағаң айтты. Әкең де лотерея сатады екен. Өзің не істеп жүрсің? Бірдеңе десеңші.

— Мен бе? — дедім, — мен осы жыл күтіп жүрмін.

— Непі?

— Сен теңізге бара жатырсың ба, Нилгүн?

— Жоқ. Дүкеннен келе жатырмын. Әжемді мазаратқа апардық. Ыстықтан біраз әлсіреп қалды ма, соған иіссу әкеле жатырмын.

— Демек, жағажайға бармайсың ғой, — дедім.

— Ол жерде адам көп болады, таңертең ертемен ешкім жоқта барамын.

Екеуміз де тілі байланған жандардай үнсіз қалдық. Сосын маған қарап күлімдеді, мен де еріксіз күлдім. Алыстан көріп жүрген дидары жақыннан мүлдем басқа көрінді. Қысылғаннан қара тер болдым. Ыстықтап тұр деп ойлар. Бір қадам алға басты:

— Жарайды, — деді, — әкене сәлем айт!

Қолын маған қарай созды, қол алыстық. Қолы жұп-жұмсақ. Мен терлеп тұрған алақанымнан ұялдым.

— Сау бол! — дедім.

Кетті. Соңынан қарамадым. Өте маңызды шаруасы бар адам сияқты мен де басқа бағытқа қарай асықпай кете бердім.

Фарух мұрағатта хикаялар ізdedi

Мазараттан келген соң әжем бізбен төмен қабатта ас ішіп отырып, мазасы қаша бастады. Бірақ қорқатын ештеңе жоқ. Нилгүнмен бірге мәз болып отыр едік, ол бізге көзі шарасынан шығып кетердей бақырайып қарады да, басы салбырап, есін жоғалтқандай болды. Екі қолтығынан демеп, жоғары шығардык. Төсегіне жайғастырдык. Нилгүн әкелген иіссуды білегіне, самайына жақтык. Сосын мен бөлмеме кеттім, тамақтан кейін бірінші темекімді тарттым. Әжемнің халі анау айтқандай мүшкіл еместігін білген соң, күн астында қайнап тұрған «Анадолыма» мінің, жолға шықтым. Басты жолмен емес, Дарыжа жолымен жүрдім. Бұл жолдарға арнайы әдемілеп асфальт төсепті. Шиеленген ағаштары мен інжірлердің біршамасы орнында. Бұл жерлерге бала кезімізде Режеп екеуіміз қарға аулауға немесе қыдыруға келетінбіз. Керуенсарай деп жүрген жерлерім әлі төмен жақта болуы керек. Шет жақтарда жана аудандар тұрғызылыпты, әлі де тұрғызылып жатыр. Дарыжада жана бір нәрсе көзіме түсе қоймады: сол баяғы он жылдық тарихы бар Ататүрік ескерткіші.

Гебземен барып тура губернаторлықтан бірақ шықтым. Губернатор ауысыпты. Екі жыл бұрын мына үстелде өмірден безген біреу болған, ал қазір тоқтаусыз қол-аяғын ойнатып отырған бір жас. Өзім ойлағандай оның көңілін табу үшін сөмкемнен факультет жариялаған доценттік диссертациялық жұмысымды шығарып көрсетуім, яки мұрағатқа бұдан да бұрын кіргенімді немесе марқұм әкемнің де губернатор болғанын айтуым керек еместігін түсіндім. Бір адамды шақырып, мені соған қосып жіберді. Онымен бірге барған кеңсемде бұрыннан таныс Рызаны іздедік, бірақ таппадық. Ол

диспансерге кетіпті. Ол келгенше мен де дүкен аралап жүре тұрайын деп шештім.

Екі биік бетон дуал арасынан өзер өтіп, дүкендерге жақыидадым. Алдымен төмен қарай жүрдім. Көшелерде жан баласы көрінбейді. Бір қаңғыбас ит асфальт үстінде ойнақтап жүр. Темір ұстасының дүкенінде бір ер адам «Айгаз» балонын бұрап жатыр. Кеңсе заттары сатылатын дүкеннің витринасына қарамай өтіп кеттім. Дүкендердің алдындағы тар жолдардан өтіп, мешіт көзіме көрінгенше жүре бердім. Сосын кері бұрылып, барып кіші аландағы шынар ағаштың түбіне отырдым. Ұйқым ашылсын деп бір шай іштім. Кафенің радиосын рахаттана тыңдап, шайдың ыстығын да елемеппін. Менімен ешкімнің шаруасы жоқ. Осының өзі көңілімнің хошын көтерді.

Губернаторлыққа оралсам, Рыза келіп қойыпты. Мені танып, қуанып қалды. Ол кілтті тапқанға дейін менің бір отініш жазып тастауым керек болатын. Мен де үлгеріп, отінішті қалдырдым да, екеуіміз бірге төменге түстік. Есікті ашты, шаң мен дымқыл иісті таныдым. Ескі үстел мен орындықтың шаңын сүртіп, екеуіміз әңгімеге кірістік. Көп ұзамай ол мені жалғыз тастап шығып кетті.

Тебзе мұрағатында анау айтқандай көп нәрсе жоқ еді. Не болса да, ауылдың қайырымдылығы және көп адам біле бермейтін қысқа бір кезеңінен қалған дүниелер. Сол кездерден қалған құжаттардың үлкен бөлігі кейіннен Измитке (сол кездегі атауымен Изникмитке) жіберілген. Бұл жердегі құтылардың ішінде ұмытылған бұйрықтар, жылжымайтын мүлікке берілген құжаттар, сот реестрлері, дәптерлер бір-бірінің үстіне үйіліп жатыр. Солай сақталған. Отыз жыл бұрын мамандығын сүйген және республиканың алғашқы жылдарына тән сол бюрократиялық ұлтшылдықпен біте қайнасқан бір лицейдің тарих мұғалімі бұларды реттеуге тырысыпты, бірақ ақын соңында безіп кеткен дейді. Екі жыл бұрын мен оның жарты жолда қалдырған жерінен жалғастырайын деген бола-

тынмын, бірақ мен де бір аптадан соң басымды алып қаштым. Мұрағатшы болу үшін, тарихшы болу үшін ең маңыздысы, ақкөңіл болуың керек. Менің лицей мұғалімім ондай жан емес; мұрағатта өткізген сағаттарын дереу бір кітаппен қорытындылауға кіріскен. Мұғалімнің өз өмір хикаясынан және гебзелік таныстарынан басқа Гебзенің тарихи құрылымдары мен құндылықтарынан мәлімет берген бұл кітапшаны Селмамен ұрысып қалған күндерімде, сыра ішіп көңілденген сәттерде оқығаным есімде.

Сары дақтармен, зең және қыртыс-тыртысымен ескірген қағаздарды піскеп отырып, рахаттана парақтаймын. Оқыған сайын, осы қағаздарды жазған, жаздырған және өмірлерін осы жазылғандарға байланыстырған адамдардың нақ өзін көргендей болатынмын. Бәлкім, тағы осы мұрағатқа өткен жылы көріп едім деп ойлаған сүзектің ізін құрту үшін емес, осы рахатқа қайта бату үшін келген болармын. Солғын тартқан қағаз үйіндісін ашып оқыған сайын кімде болса, ақырын-ақырын ішіне қалай кіріп кеткенін білмей де қалады. Ұзақ бір кемемен сапар шегіп, жол бойы қалың тұманнан жаны қысылған адам, тұман ашылған сәтте қара жердің әр ағашын, тасы мен құсын көріп, бірден таң-тамаша болатыны белгілі.... Сол секілді оқыған сайын ашылған қағаздар арасынан бір-біріне байланысқан миллиондаған өмір мен хикая бірден ойыма жаттала береді. Сол сәтте ғажап сезімге бөленемін. Тарихтың осы санамда жанданған түрлі түсті, қызықты бір дүние екенін мойындай түсемін. Бұл не нәрсе өзі, түсіндірші десе, сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Сәлден кейін соңында бір таңғажайып сезім қалдырып өте шығады.

Бір сот реестрін оқып жатып, бұл сезімді оқығандарымды жазып отырып табармын деп ойладым. Сөмкемнен шығарған дәптерге жаза бастадым. Жәлел атты бір адам Мехметтің өзін балағаттағанын жазған. Мехмет қазының алдында балағаттамағанын айтады. Хасан және Касым деген екі куәгер айтқанын дәлелдеген. Қазы болса Мехметке ант-су іш деген, Мехмет

ант-суын іше алмаған. Күні өшіп кетіпті, жазбадым. Сосын Хамза деген біреудің Абдиді өзіне қамқоршы етіп тағайындағаны туралы оқып жаздым. Сосын орыс тектес Дмитрий деген құлдың қолға түскені туралы жаздым. Оның қожайыны тузалық Вели мырза деген біреу екеніне және Дмитрийдің оған кері қайтарылуына шешім шығарған. Жоғалған бір сиырдың кесірінен тұтқындалған бақташы Жүсіптің басынан өткендерін де оқыдым. Сиырды не сатқанын, не сойғанын айтпаған. Жоғалған. Соңында бауыры Рамазан кепіл болып, оны зынданнан шығарған. Сосын тағы бір жарлықты оқыдым. Қалай болғанда да бидай артқан кейбір кемелердің Гебзенің айлақтарына, Тулаға және Ескихисарға тоқтамай, тіке Стамбұлға баруын бұйырған. Ибраһим атты біреу «Стамбұлға бармайтын болсам, әйелімді үш рет талақ беріп босатамын» деген, Стамбұлға бармағандықтан, әйелі Фатма ажырасқандығын алға тартады. Ибраһим Стамбұлға бармағанын, бірақ баратынын және антында бір мерзім жоқтығын айтады. Сосын оларға тіркелген мүліктерінің мөлшеріне қарап, сенімхатта берілген кейбір болістердің көлемін табуға тырыстым, бірақ нақты бір шешім шығара алмадым. Көптеген диірменнің, бау-бақшаның және зәйтүн шаруашылығының жылдық табысын дәптеріме көшіріп алдым. Бұларды дәптеріме көшіріп жатқанда сол жерлерді көргендей сезімде болдым, әрине, бұл жай өз-өзімді алдау болатын. Кейін бірнеше ұрлыққа қатысты оқиғалар жазылған жазуларды оқыдым және ештеңе сезіне алмаған күйде сыртқа шықтым.

Дәлізде темекі тартып тұрып, өткен жылы келгенімде тіркелгенін көрген ідетті қарастырғанша, басқа бір маңызды оқиғаларды зерделеу керек деп ойладым. Өз-өзіме бұл не туралы оқиға болғаны дұрыс деген сұрақ қойдым. Бірақ бұл сұрақ мазамды қашырды. Одан да басқа пәрсе ойлауға бел будым. Өйткені тарих деген — хикаядан бөлек бір дүние. Жақсы бір тарих кітабын жақсы бір хикая кітабынан немесе бір романнан ажырататын нәрсе — ол жерде пайдаланылған

әдебиеттердің тізімі болуымен қатар басқа бір ерекшелігі болуы керек. Сонда не болу керек?

Адамның артында не бар екен деп қызығатындай бір дуалдың алдында жүк көлігі тұр екен, артқы дөңгелектерін көріп тұрмын. Темекімді тауысып, қызыл өртті сөндіретін шелектің құмына тастап сөндіріп, ішке кірдім.

Етхем деген біреудің Қасымның үстінен жазған арызын оқыдым: Етхем үйінде жоқ кезде Қасым үйіне келген. Отбасымен сөйлескен. Қасым оқиғаны өтірікке шығармайды, бірақ тек гөзлеме деген тағамды жеу үшін барғанын және аз ғана май алып кеткенін айтады. Енді тағы бірде екі адам бір-бірінің сақалын тартқаны үшін соттасқан. Сосын Жафер мен Ахметке соғыстағы жеңістері үшін берілген марапат ретінде берілген Гебзе ауылдарының есімдерін жаздым. Тағы да Кевсер мен Кезбан атты екі әйелдің жезөкшелік жасағанына байланысты аудан тұрғындарының арызын оқыдым. Арыз иелері ол әйелдердің ауданнан қуылуын талап еткен. Сосын Кевсердің бұдан да бұрын жасаған әрекетіне Әли деген куәгер болғанын да жазып алдым. Сатылмыш деген біреудің Календерден жиырма екі алтын алашағы бар екен, бірақ Календер қарызын мойындамаған. Мелек атты бір қыз азат бола тұра Рамазан деген біреудің тарапынан әділетсіз түрде Бахаттин мырзаға сатылғанын айтқан.

Сосын мыналарды жаздым: Мухаррем атты бір бала ескіше оқу үшін үйінен шыққан, әкесі Синан оны Ресулмен ұстап алған. Баланың әкесі Ресулдың баласын тура жолдан тайдырып жүргенін және мұны тергеп-тексеру керектігін айтқан. Ресул болса Мухарремнің өзі бұған келгенін, бірге диірменге бара жатқанын, қайтар жолда Мухарремнің інжір жинау үшін бақшаның ішіне кіріп жоқ болып кеткенін айтқан. Оқиғаның болған күнін де дәптеріме жазып алған соң, баржоғы төрт жүз жыл бұрын бір баланың түсіне кіретін інжірлердің және сол інжірлерді түсінде көрген баланы түсінде көрген Ресулдің қандай екенін ойға алдым. Сосын қарақшылықпен

айналысқан бір қылмыскерлер тобының ұсталғаны, шарапханалардың жабылуы және шарап ішкендерге айыппұл салынуына байланысты бұйрықтарды оқып жазып алдым. Тағы да жазғандарым: ұрлықтар, сауда-саттықтағы дау-дамайлар, қарақшылықтар мен үйленіп, ажырасқандар... Не керегі бар еді бұл хикаялардың? Бірақ бұл жолы темекі тарту үшін дәлізге де шықпадым. Хикаялардың бір пайдасы болар-болмасын ойламауға тырысып, дәптеріме еттің бағасына қатысты бірнеше сандар мен сөздерді жазып алдым. Сол сәтте көзіме тас ошақтардың ішінде табылған бір өлік бойынша жүргізілген тергеу шараларының жауап парақтары түсті. Тергеу кезінде тергеуге алынған жұмысшылар ол күні не істегендерін біртіндеп баяндаған. Алғаш рет 1028 жылы режеп айының 23-күні болған сол оқиғаларды өзім көзбен көргендей болып рахат бір сезімді бастан өткердім. Күні бойы немен шұғылданғандарын егжей-тегжейлі баяндаған жұмысшылардың сөздерін мұқият бірнеше мәрте оқыдым. Көңілім темекі тартуға құмартса да, өзімді ұстауға және бар көргендерімді жазуға тырыстым. Бұл шаруа ұзаққа созылды. Біткен соң көңілімнің құмарын бастым. Күн ауып қалыпты, жертоленің терезесінен қайтар күн еркелей сығалайды. Біреу келіп мен үшін есік алдына күніне үш түрлі тағам мен бір пакет темекі және кешкісін бірер шөлмек арақ тастап кететін болса, мына салқын жертоледе бүкіл өмірімді өткізуге дайынмын. Бүгін бәрін ашықтан-ашық көрмесем де, ең болмағанда біршама сезінгенім мен түйгенім мынау болды: мына қағаздардың артында бүкіл өміріңді өткізуге тұрарлық хикая бар. Бұл хикаялар тұманның арғы жағындағы жердің бөлігін маған көрсетердей. Осыны ойласам, өзіме және істеген ісіме деген сенімім арта түседі. Сосын үлгілі және жақсы бір оқушыға ұқсап, дәптерімнің қанша бетіне жазғанымды санай бастадым: тура тоғыз бет! Үйге қайтып бір жүз грамм ішімдік ішуге лайықтымын деп шештім де, орнымнан тұрдым.

Метин басқалармен бірге

Жейландардың айлағында отырмыз. Теңізге сүнгіп кеткелі тұрмын. Бірақ жын соққандай аналардың сөзіне құлағымды түріп, елендеп отырмын.

- Бүгін кешке не істейміз? — деді Гүлнүр.
- Басқаша бір нәрсе жасайық, — деді Фафа.
- Не болмаса Сиадиеге барайық.
- Не бар ол жерде? — деді Тургай.
- Музыка, — деп айқайлап жіберді Гүлнүр.
- Музыка осы жерде де бар.
- Жарайды, онда сен айт не істеу керегін.

Теңізге қойып кеттім. Жылдам жүзіп келе жатып жылы осы уақытта Америкада болатынымды, қабірде жатқан марқұм анам мен әкемді ойладым. Нью-Йорктың азат көшелерін, бұрыш-бұрышта мен үшін джаз шырқайтын негрлерді, ешкімді ешкімге тигізбей зуылдайтын метролардың жолын және бітіп таусылмайтын жер асты лабиринттерін қиялдадым. Сол сәтте әкем мен ағамның кесірінен қолымда қаражат болмаса, келер жылы ол жерлерге бара алмай қалатыным еске түсіп, ашуландым. Жо-жоқ, мен қазір сені ғана ойлаймын, Жейлан: айлақтағы отырысыңды, аяқтарыңды айқастырганыңды, сені сүйетінімді және өзімді де саған сүйдіретінімді.

Сәлден кейін судан басымды шығарып, артыма қарадым. Жагадан әлдеқайда ұзап кетіпшіні. Ішіме біртүрлі бір үрей ұялады. Олар ана жерде; мен болсам ұшы-қиыры жоқ тұзды, толқынды, қорқынышты судың ішіндемін. Артымнан келіп бір итбалық тістеп алардай шошып кеттім. Тез-тез жүзе бастадым. Теңізден шығып, Жейланның қасына барып отырдым. Қарап отырмайын деп анадан-мынадан сөз еттім.

- Теңіз өте керемет!
- Тез шығып қойдың ғой, — деді Жейлан.

Мойнымды бұрып, бір нәрселер айтып жатқан Фикретке құлақ қойдым. Әкесі осы жылы қыста қалай жүрек талмасына ұшырағанын, әп-сәтте барлық шаруа он сегіз жасар ағасына қалғанын және ағасы Германиядан келгенше барлық жауапкершілік бұған қалып, қалай басқарғанын айтып жатыр. Сосын көп ұзамай үлкен бір істің басында отыратын мықты адам болатынын дәлелдеу үшін, әкесінің кез келген уақытта өлуі мүмкіндігін айтқанда, мен өзімнің ата-анамның әлдеқашан дүниеден өткенін, бүгін таңертең ғана қабірлерінің басына барып қайтқандығымызды айтып қалдым.

— Ой, достар, көңіл күйімді түсіріп жібердіңдер, — деді де, Жейлан орнынан тұрып кетті.

— Қане, бір нәрсе істейік!

— Иә, істейік! Көңілді бір жерге барайық!

— Хисарға барайық! — деді Зейнеп.

— Ол жерге кеше ғана бардық емес пе? — деді Ведат.

— Балыққа барайық олай болса, — деді Жейлан.

Тұран бір жақпа майдың аузын аша алмай жатқан:

— Бұл уақытта болмайды.

— Неге болмайды?

— Тузлаға барайық!

— Өте ыстық, — деді Фикрет.

— Жынданатын шығармын, — деді Жейлан ашулы.

— Сендермен жүрсек, еш нәрсе істей алмаймыз, — деді Гүлнұр.

Жейлан сұрады:

— Қазір ешқайда бармаймыз ба енді?

Ешкім ешнәрсе демеді. Ұзақ бір үнсіздіктен кейін, Тұранның қолындағы жақпа майдың қақпағы жерге ұшып түсті. Жерге түсе зырылдап дөңгеленіп барып, Жейланның аяғының істына тоқтады.

— Менікі емес, Хулиянікі, — деді Тұран.

— Жаңасын аламын, — деді де, Жейлан жаныма келіп отырды.

Жейланды сүйетінімді не сүймейтінімді ойлап отырдым. Ойлана келе сүйетініме көз жеткіздім. Адам жанын қысатын ыстықта қай-қайдағы ойлар келе береді екен... Тұран орнынан тұрып, қақпақтың түскен жерінде тұрып теңізге қарады.

— Жоқ, — деді Жейлан, орнынан атып тұрып. — Сен алмайсың, Тұран!

— Жарайды, олай болса сен ал!

— Мен бе? — деді Жейлан. — Мен неге аламын? Хусейн алсын!

— Сандырақтама, — деді Тұран. — Мен аламын!

— Мен аламын, — дедім мен. — Мен теңізден жаңа шықтым!

Орнымнан тұрдым да кеттім.

— Сен жақсы баласың, Метин! — деді Жейлан.

— Ал көрейік! — деді Тұран. Саусағының ұшымен әмір бергендей ишара қылды.

— Алмаймын, — дедім бірден. — Теңіз суық.

Фафа қарқылдап күлді. Мен бұрылып, орныма келіп отырдым.

— Хулия, — деді Тұран, — саған жаңа бір құтысын әперемін.

— Жоқ, мен аламын оған жаңасын, — деді Жейлан.

— Онсыз да бітіп тұрған, — деді Хулия.

Сол кезде Мехмет Маридің қарсы беттегі аралға барғысы келетінін айтты. Бәрі бірден жеңілтек оймен, сол еуропалық қонақты риза қылу мақсатында моторлы қайыққа мінгесе бастадық. Мен Жейланмен бір қайыққа міндім. Сосын ол үйіне барып екі шөлмек алып қайта келді де, айқай салды:

— Жын!

Енді бірі музыка деп айқайлаған соң Жунейт те жүгіріп үйіне барып, екі жиіркенішті шөлмекті және дауыс зорайтқышты әкелді. Сосын моторлы қайықтар гүрілдеп от ала кетті. Жылдамдатқан сайын қайықтардың тұмсығы төмендеп барады. Жарты минутта ашық теңіздің ортасына жеткендей ойға баттым: олар байлар деп қоямын. Бір нәрсесі бұзыла ма,

сызыла ма, ескіре ме, бәрібір, бастарын да қатырмайды. Байлардың қайықтары сағатына қырық миль жүреді. Мен қорқып отырмын, тіпті қатты қорқып отырмын. Аяқ-қолымды дірілдеткен осы үреймен мен сені сүйемін, Жейлан!

Қайықтар аралдың жағалауына соғысып қалардай барып, бірден жылдамдықты басқан соң тоқтай бастады. Аралдың ана басындағы жарықтың тек ізі байқалады. Бір жерден бір ит шықты, артынан бір қара мен сұр ит ерді; жүгірін жағаға түсті, жартастарға өрмеледі. Бізге қарап үріп жатыр. Жын шөлмегі қолдан-қолға отіп жатыр, қасында еш нәрсе де жоқ. Маған да ұсынды, алдым да шөлмектің аузынан іштім.

— Мыналар құтырған! — деді Гүлнүр.

— Газ атсай, Фикрет, көрейік не істер екен! — деді Жейлан.

— Фикрет газды тапаншасын атып еді, қайықпен бірге оралған иттер аралдың айналасында тапырлап жүгіре бастады. Қайықтағылар айқайлап, ән айтып, иттерді жүгіртін жіберді. Иттер қашқан сайын бұлар мәз. Қарқылдап күлді, ұлыды, бақырды... Ал мен бұлардың бәрін де ақымақтар деп ойладым. Дегенмен, Алла сақтасын, нағашы әпкемнің ыстық және тымырсық үйінен мың артық еді мына жер. Мына айқай-шулар маған көңілді, радионың үстіне кестелі орамал жабылған, шаң басқан кішкентай үйден мына жер әлдеқайда берекелі және жанды!

— Музыка! Музыка даусын барынша шығарыңдар, не істер екен?!

Музыканың даусын зорайтып қойып, кішкентай аралдың айналасында екі рет айналдық. Үшінші рет айналып жатқанда көзім қайықтың соңында қалып жатқан көбікті іздерге түсті. Таң қалдым: Көбікті судың ұзақтау жерінде Жейланның көңілді басы көрініп қалды. Қорқынышты бір түс көргендей ешнәрсе ойламастан суға секірдім.

Суға түсер-түспес оғаш, қорқынышты бір сезім бойымды дір еткізді: Тура бір Жейлан екеуміз осы жерде өліп қалатындаймыз. Сәлден кейін басымды судан шығарып қарадым

да, таң қалдым. Қайықтың бірі тоқтап, Жейланның қасына барыпты. Ішке кіргізіп жатыр. Жейланды судан шығарып болған соң, мені де әкетуге келді.

— Сені кім итерді? — деді Фикрет.

— Ешкім де итерген жоқ оны, — деді Гүлнұр, — өзі секіріп кетті.

— Өзің секірдің бе? Неге секірдің?

— Мені кім итерді сонда? — деді Жейлан.

Тургайдың маған қарай созған күрекке жабысып, қайыққа мінуге тырысып жатырмын. Бірақ тура мінген кезде Тургай күректі тастай салды да, мен суға қайтадан құладым. Басымды судан шығарғанымда ешкімнің маған көңіл аударып та жатпағанын көріп асып-састым.

Ақыры қайыққа шығып, еңтігімді баса алмай тұрмын.

— Қаргыс атқырлар, ешқайсың да көңіл көтеру дегенді білмейсіңдер!

— Итке лақтыру керек сені!

— Білсең, сен үйрет онда бізге, — деді Тургай.

Оларды аңдып тұрған ит ең жақын жартастың басына барып шығып ұлыды.

— Ақымақ, — деді Жейлан. Өткір тістерін ақситқан итке қызыға қарап тұрды. — Мына итке тағы біраз жақындасаңшы, Фикрет!

— Неге?

— Сол...

— Не көрмекшісің? — деп Фикрет қайықты итке қарай бұрып, ақырын-ақырын жүргізді.

— Не керек сол хайуаннан? — деді Тургай.

— Еркек пе, ұрғашы ма өзі? — деді Фикрет. Қайықты өшірді.

— Бәлекет! — деп айқай салды Жейлан өзінен-өзі...

Жейланды құшақтап алғым келді, бірақ өзімді оған сүйгізу үшін не істеу керектігін ойладым. Ойым сан сақта. Қайықтың ішінде аунап секіріп, бақырып шақырғым келіп тұр. Көңілім әлденеге алаңдаулы. Өзімді басқалардан төмен сана-

сам да, бір жағынан, кітаптар мен әндердің сөздерінде небір сиқырлы сөзбен жазылып жүрген сол бір ғажап сезімге шыр-малғандығымнан, күн өткен сайын көз алдымда өзіме деген құрметіп артып келеді. Бір кезде бар көңілді өзіме аударғым келді, дегенмен оларға қарағанда кедей екенім есіме түсіп, бір амал жасарлықтай өжеттік пен сылтау таба алмадым. Үстімдегі кедейлік кигізген тар киім еңсемді езетіндей. Жанымыздағы қайықтың басында екі адам тепсініп, бақырып, бір-бірін суға итеріп жіберу үшін қылғындырып жатыр. Содан кейін сол қайық бізге жақындап келіп, шелектерімен үстімізге су шаша бастады. Біз де оларға шаштық. Ескектерімен қылыштасып ойнап, біраз шайқасты. Суға құлап жатқандары да болды. Жын шөлмектері босап қалыпты. Фикрет ақысы қалғандай шөлмектің бірін иттерге қарай лақтырды. Шөлмек жартасқа барып бөлшек-бөлшек болды.

— Не болып кетті? — деп айқай салды Жейлан.

— Болды енді, болды, қайтамыз, — деді Фикрет.

Теңізге түскендерді жинамай-ақ қайық жүре бастады. Теңіздегілерді жинастырған соң ана қайықтағылар да бізге жетіп келді. Үстімізге бір шелек су шашып:

— Қане, кеттік, жарысамыз!

Екі қайық қатар тұрып, бірдей жылдамдықта жүре бастағанда Гүлнұрдың жан даусы шыққанына қарамай зу ете шықты. Ана қайықтың жылдамдығы біздің қайықтың жылдамдығынан артып түсері белгілі, бірақ Фикрет ызаланып, аналардың озу үшін бәрін қайықтың бас жағына шақырды. Сәлден кейін қарсыластар бізден басып озды. Жеңістеріне секіріп қуанып жатқанда, ашуланған Жейлан дымқыл сүлгісін түйіндеп, оларға ызалана лақтырды. Бірақ сүлгі теңізге түсті. Дереву айналып, ол батпай тұрып сүлгіге жеттік. Бірақ ешкім қол созып теңізден алмағандықтан, қайығымыз сүлгінің үстінен бір үтік сияқты ақырын басып өтті де, оны суға батырып жіберді. Бәрі шуылдасып жатыр. Сосын Дарыжадан Яловаға бара жатқан көлік кемесінің соңына түсіп, оған жетіп алды.

Жетіп барып оның айналасында да екі рет айналып шуылдаған күйі жағалауға жеттік. Содан достарым бодос деген ойын ойнауға кірісті: Екі моторлы қайық қатар тұрады. Арасына дөңгелектер, сүлгілерді байлап салбыратып қояды да, кейін соғысқан көліктер ұқсап бір-бірінен қашып тартылады. Көп ұзамай қайықтар осы жылдамдықпен жағажайда жүзген адамдардың арасына кіріп кеттік. Қайықтар арасында айқайлап-шулап қашқан адамдардың үрейлі даусын естіп ақырын ғана:

— Мыналар біреуді жазым қылсақ қайтер едік?

— Мұғалімсің бе не, сен? — деп айқай салды Фафа. — Лицейдің мұғалімі шығарсың сен?

— Мұғалім екен, — деді Гүлнұр.

— Мен мұғалім атаулыны жек көремін! — деді Фафа.

— Мен де! — деді Жүнейт.

— Ол ішімдік ішпеген ғой, — деді Тұран, — ақыл-есі сау ғой.

— Іштім, — дедім, — сенен көп іштім.

— Көбейту кестесін жаттаумен бітпейді барлық нәрсе.

Жейланға қарадым, естімегенсіп тұр. Мен де сыр бермедім.

Тағы біраз айналып жүріп-жүріп, қайықтарымыз кері қайтты. Жейландардың айлағына келіп жеттік. Қайықтан түсіп жатқанда айлақта үстіне ванна халатын киген қырық бес жастағы бір әйелді көрдім. Жейланның анасы екен.

— Балалар, әбден су болыпсыңдар ғой, — деді. — Мынауың не? Құлыным-ау, сенің сүлгің қайда?

— Жоғалтып алдым, анашым, — деді Жейлан.

— Солай бола ма екен, тоңып қалған шығарсың, — деді анасы.

Жейлан мән бермегенсіп:

— А-а-а, анашым, бұл Метин! — деді. — Олар ескі бір үйде тұрады. Бір түрлі, тып-тыныш үйде.

— Қайсы ескі үй? — деді анасы.

Қол алыстық, әкемнің не жұмыс істегенін сұрады, айттым және университетте оқу үшін Америкаға кететінімді де айттым.

— Біз де Америкадан үй аламыз. Мына жақта ертең күніміз не болары белгісіз. Американың ең жақсы жері қай жер, білесің бе?

Оған біршама жағрапиялық мәліметтерді баяндадым. Яғни климат шарттарынан, халық санынан және кейбір сандардан сөз еттім. Әйтсе де мені тыңдап тұрғанын, тұрмағанын білмедім. Өйткені маған емес, үстімдегі киім мен шашыма қарап тұр. Тура бір мен басқа, сыртқы болмысым бір басқа секілді сезілдім-ау оған. Кейін біршама анархиядан және Түркияның қазірге келеңсіз жағдайлары туралы да айтып жатқанда, сөзге Жейлан қосылды:

— Анашым, мына оқымысты сіздің де басыңызды айналдырып жатыр ма?

— Ой, әдепсіз қыз! — деді анасы.

Дегенмен сөзімнің соңын да тындамай кетіп қалды. Мен де барып бір жағалау үстеліне отырдым. Теңізге жүгіріп түсіп, жүгіріп шығып жүрген Жейлан мен басқаларға қарап ойға баттым. Содан бәрі жағаға шығып орындықтарға, бетондарға отырған кезде күннің астында көрер көзге сенгісіз бір тыныштық орнады.

Сол жерде жартылай жалаңаш денелеріміз бен созылған аяқтарымыздың арасында және бетонның үстінде қалып кеткен бір сағатты байқадым. Арқаны теп-тегіс бетонға сүйеген, басы-аяғы, ортасы, тереңдігі мен көлемі де жоқ біздің үнсіздігіміз бен ана мұңды және мағынасыз әуен арасында қимылсыз күнге бетін беріп жатқан сағаттың ұзын тілі мен кіші тілі бір-бірін қуалап жатыр. Енді уақытты өлшемейтінін және бір кездерде нені өлшегенін де ұмытып қалғанын, уақытты босқа өткізгенін мойындағандай. Осылайша, сағаттың ойы да ойының не екенін білуге тырысқан бір ойсыздың ойынан айырмашылығы қалмағандай.

Кейін Жейланды да осыған ұқсас ойлармен сүйетінімді түсіндім. Түн жарымына дейін осы ойсыз ойларға батып жаттым.

Әжесі күміс шекер ыдысын шығарды

Бөлмемнің есігі қағылды. Көзімді жұмып, дыбыс шығармай жата бердім. Есік ашылды, кірген Нилгүн еді.

— Әже, қалайсың?

Жауап қатпадым. Мұңлы жүзіме, қимылсыз жатқан кеудеме тақалып келіп қарасын және менің қайғыға батып жатқан жанымды ұғынсын дедім.

— Әлдеқайда тәуір болып қалған сияқтысыз, жүзіңізге оң кіріп қалыпты.

Көзімді аштым да бұлардың ешқашан мені түсінбейтініп, тек пластик құтыдағы иіссуы мен жасанды, орынсыз күлкімен мәз болатынын және менің өз қайғыммен, өткеніммен, ойларыммен жалғыз қаларымды ойладым. Жарайды, мені осы әдемі, тұнық ойларыммен оңаша қалдыр.

— Қалайсың, әже?

Бірақ мені жайыма қалдырмайды. Мен де жауап бермеймін.

— Жақсы ұйықтадыңыз ба? Бір нәрсе керек пе?

— Лимон шырыны! — дедім.

Нилгүн кеткен соң өзімнің сол әдемі ойымды ойлауды жалғастырдым: тәтті ұйқыдан тұрғандағы жылылықты санамда сақтауға тырыстым. Көрген түсімді есіме түсірдім: кішкентай екенмін. Стамбұлдан шығып бара жатқан бір пойыздың ішінде екенмін. Пойыз жүрген сайын бірінен кейін бірі тізілген ескі әрі әдемі бау-бақшалар; біз сол бау-бақшада жүргенде Стамбұл алыста қалды. Сол мезет алғашқы күндерді ойладым: ат арбаны, саңғырлаған құдық шелегін, тігін машинасын, оның педалінің тыныштық бұзған тақыр-тұқыр еткен даусын; кейін күлкілерді есіме алдым, ештеңе күтпеген алаңсыз күндерді ойладым, Селахаттин. Пойызда ауырып қалып, Гебзеден түсіп қалғанымызды... Гебзеде хан сарайларында қиналып,

ауа райы дұрыс деп Женнетхисарға алғаш келгенімізді... Темір жол салынған соң қолданусыз қалған айлақ, үш-төрт ескі үй, төрт-бес лашық, бірақ ауасы қандай тамаша еді, Фатма? Алысқа барудың керегі де жоқ! Осы жерге орналасайық! Әрі Стамбұлға және ата-анана жақын боламыз. Олар да ренжімесін әрі үкімет құлағанда қайтадан келуге дайын тұрамыз! Осы жерге бір үй салайық!

Сол кездерде бірге ұзақ жүрдік: өмірде біз жасайтын сансыз шаруа бар, Фатма, деуші еді Селахаттин. Кел, саған біраз мына әлемді көрсетейін, құрсағындағы бала қалай, теуіп жатыр ма? Білемін, ол ұл болады және атын Доған қоямын. Бұл Доған жаңа әлемді үнемі есімізге салсын деп, жеңіспен, бейбітшілікпен өмір сүрсін деп, әлемге күш-қайраты жетер азамат болсын деп қоямын атын! Денсаулығыңа мұқият бол, Фатма! Екеуіміз бірге ұзақ жасайық, жалғанды жалпағынан басып өмір сүрейік! Жер деген кең, қарашы, ана шөптер, өзінен-өзі өсіп шығып, бой көтерген өжет ағаштар! Адамзаттың табиғат құдіретіне бас имеуі — мүмкін емес дүние! Біз де Руссо секілді табиғаттың құшағында өмір кешейік және табиғи емес ана оңбаған патшалар мен надан пашалардан алыс болайық! Бәрін-бәрін өз ақылымызбен шешейік! Мұның бәрін ойлау да бақыт! Шаршаның ба, жаным, кел, қолымнан ұста! Мына жердің және аспанның сұлулығына қара! Стамбұлдың күллі екіжүзділігінен құтылдық! Мен сені сондай қатты жақсы көремін! Талатқа не де болса үлкен рахмет айтамын, алғыс хат жазамын! Таста сол Стамбұлдағыларды! Кінәларын, қылмыстарын және қайғыларын бір-біріне рахаттана сыйлап жатқандар өз былығына бата берсін! Біз мына жерде тап-таза, қарапайым, көңілді және жап-жаңа нәрселерді ойлайық! Көре-көре жаңа әлемді өзіміз-ақ жасаймыз; шығыстың әлі көрмеген азат өмірі, жер бетіне түскен ақыл жұмағы осында болады деп сеніммен айта аламын, Фатма! Бұл болады, және оны біз, батыстықтар, жасаймыз», олардың қатесін көрдік, кемшіліктерін алмаймыз. Біз немесе біздің балаларымыз

көрмесе де бұл ақыл жұмағын, осы жерде немерелеріміз осы топырақтың үстінде көреді! Сән-салтанатын құрады! Сосын мына күрсағындағы балаға жақсылап тәрбие беруіміз керек. Оны бірде-бір рет жылатпаймын! Қорқыныш деген нәрсені, анау шығыстың қайғысын, көз жасын, жамандығын, жеңілісі мен үреймен бас июін бұл балаға ешқашан айтпаймын! Оның тәрбиесімен екеуіміз бірге айналысамыз. Оны азат бір азамат етіп өсіреміз. Мұның не екенін сен жақсы білесің, солай ма? Жарайсын! Онсыз да сенімен тайталаспаймын, Фатма! Сені қатты құрметтеймін! Сені де азат және бақытты адам деп білемін. Басқалардың әйелдері сияқты бір тоқал, бір күң секілді көрмеймін сені. Сен менің теңімсің, жаным, түсініп тұрсың ба мені? Жарайды, қайтайық, енді. Өмір түс секілді әдемі, бірақ түсті басқалар да көрсін деп әрекет ету де керек, қайттық!

— Әже, лимон шырынын әкелдім!

Басымды жастықтан көтеріп қарадым.

— Мына жерге қоя сал, — дедім, — Режеп неге әкелмеді? Әлде сен дайындадың ба?

— Иә, мен дайындадым, әже! — деді Нилгүн. — Режептің қолы май, нан жауып жатыр.

Бетімді тыржиттым. Қызыма жаным ашыды, Режеп, міне, оны да алдаған ғой. Ол ергежейлі алдайды, қу ғой. Олардың арасына қалай кіргенін, ойларын қалай жеткізгенін, жиіркенішті әрі сұмпайы түрімен оларды ар-ұят, намыс отына тұншықтырып, Доғанымды алдағандай бұларды да алдап жатқанын ойлап кеттім. Айтып жүр ме екен? Басым шарасыз жастыққа қайта құлады. Мен сол қорқынышты ойға қайта кірдім.

Режеп ергежейлі бәрін баяндап жатыр деп елестеттім:

— Иә, мәртебелі ханым, маған, бауырларыма және бейшара анама не көрсеткенінді немерелеріңге бір-бірлеп баяндап беремін. Мәртебелі ханым, білсін, естісін: Өйткені марқұм әкемнің, марқұм Селахаттин мырзаның да айшықтап жазғанындай, шүкір, енді Алла жоқ, ғылым бар, бәрін үйре-

нуге болады, бәрін білуге болады. Білсін бәрі де! Біледі де... Өйткені мен айттым. Енді маған «сорлы Режеп» дейді. Демек, саған әжеміз қорлық көрсеткен екен ғой, әлі де қорлап келеді; біз сені аяймыз, сен үшін жанымыз ауырады. Алдында кінәліміз. Сол үшін қазір май қолыңды жуып, лимон шырынын дайындамай-ақ қой, сен қимылдама, рахаттанып отыра бер, онсыз да бұл үйде сенің де үлесің бар жансың дейді. Себебі Режеп бәрін айтып қойған. Балалар, сендерге әкелерің Доған мырза әжеңіздің соңғы гауһартасын сатып, ақшасын неге бізге бергісі келді, білесіндер ме деген болар. Осы ойларға түншығып жаттым. Кенет басымды жастықтан қалай алғанымды білмей қалдым!

— Қайда ол?

— Кім, әже?

— Режеп? Қайда ол?

— Төменде дедім ғой, әже. Ас әзірлеп жатыр.

— Не деді ол саған?

— Ештеңе, әже! — деді Нилгүн.

Жоқ, ештеңе айта алмайды. Оған батылы да жетпес, Фатма, қорықпа. Ол қу, бірақ қорқақ ғой. Бас жағымда тұрған лимон шырынын алып іштім. Бірақ ойыма тағы шкаф түсті. Сосын сұрадым:

— Сен не істеп жатсың бұл жерде?

— Сізбен отырмын, әже, — деді Нилгүн. — Биыл осы жерді қатты сағышып қалыппын.

— Жарайды, — дедім, — Отыр! Бірақ қазір орныңнан тұрушы болма!

Ақырын-ақырын төсегімнен түрдым. Жастығымның астынан кілтті, шетте тұрған балдағымды алып жүре бердім.

— Әже, қайда? — деді Нилгүн. — Көмек керек пе?

Жауап бермедім. Шкафтың алдына барып тоқтадым. Демімді бастым. Кілтгі құлыпқа салып жатып тағы бір қарадым. Иә, Нилгүн орнында отыр. Шкафты аштым да, тағы қарадым. Босқа уайымдаппын. Құты орнында: іші бос. Мейлі, ең

бастысы, орнында тұр. Сосын шкафты қайта жауып жатып, төменгі сөредегі бұрышта тұрған шекер ыдысын көрдім. Соны алып, Нилгунге апардым.

— Ой, әже, көп рахмет! Мен үшін орныңыздан тұрдыңыз ба?

— Кәмпит ал, қызым!

— Қандай әдемі күміс ыдыс мынау! — деді.

— Тиме!

Төсегіме келдім, басқа нәрсе ойлайын дедім, бірақ болмады:

Шкафтың қасынан бір елі шыға алмаған сол күндерді ойлай бердім. «Ұят емес пе, Фатма», дейтін Селахаттин. «Қарашы, адам бізді сонау Стамбұлдан көруге келді, сен болсаң бөлмеңнен шықпайсың. Оның үстіне еуропалық бір адам, өте сыпайы. Жоқ, еврей деп бұлай жасайтын болсан, мүлдем артық кеткенің болады, Фатма. Дрейфус оқиғасынан кейін бұлай ойлаудың қаншалықты жаңылыс екенін бүкіл Еуропа біледі». Сосын төмен түсіп кетті Селахаттин, мен перделердің арасынан қарап тұрдым.

— Әже, лимон шырынын ішсеңізші!

Терезе пердесінің арасынан қарап тұрмын: Селахаттиннің қасында төпелтек бойлы бір адам бар екен. Капалычаршы зергері екен. Бірақ қарапайым бір саудагер емес, бір ғалым адам сияқты. Селахаттин онымен сөйлесіп тұр, естіп тұрмын:

— Е-е-е, Авраам мырза, Стамбұлда не жаңалық? Халық республиканың жариялануына риза ма?

— Мазасыз, мырзам, маза жоқ! — деді еврей.

— Неге олай? — деді Селахаттин, — сауда-саттықта ма? Дегенмен Республика бәрінен де бұрын сауда-саттыққа жол ашады емес пе? Біздің халықты сол сауда-саттық құтқарады. Тек біздің мемлекет емес, бүкіл әлем сауда-саттықпен оянады. Бірақ алдымен ақша табуды, есеп-қисапты үйренуіміз керек. Бұл математика деген сөз. Сосын сауда, математика мен ақша бірігіп фабрикалар құрылады. Сол кезде біз де олар сияқты тек табыс табуды емес, олар секілді ойлануды үйренеміз. Сіз-

дінше, олар сияқты өмір сүру үшін, олар сияқты ойлану керек пе, әлде олар сияқты алдымен ақша табу керек пе?

— Кім ол «олар» дегенің? — деді еврей.

Селахатгин болса:

— Кім болсын, жаным, еуропалықтар да... Батыстықтар, — деді.

— Бізде әрі мұсылман, әрі саудагер ешкім жоқ па не? — деп сұрады.

— Анау атақты Жевдет мырза кім, ол туралы естігенсің бе?

— Естігем, — деді еврей.

— Сол Жевдет мырза соғыс кезінде көп ақша жасаған дейді, жарайды, басқа не жаңалық Стамбұлда? Сенің ана Бабыәлилермен байланысың жоқ па? Не деп жатыр ол ақымақтар? Тағы кімді жазушы, ақын деп алға тартып жатыр? Оларды білесің бе? — деді.

— Мен еш танымайды екенмін, мырза, — деді еврей. — Сіз өзіңіз келіп көрсеңізші.

— Жок, бармаймын! — деп айқайлап жіберді Селахатин. — Желкемнің шұқыры көрсін оларды. Қарғыс атсын! Анау Абдуллах Жевдетке қарашы, соңғы кітабы қандай? Бәрі де Деллахеуден алынған. Бірақ өзінің ойы ұқсатып жазыпты. Оның үстіне бәрі өтірік, қате, өзі де түсінбеген. Әрі өндіріс пен дін туралы алдымен «Bourguignon»-ды оқымай тұрып жазу мүмкін емес нәрсе! Ол және Зия мырза басқалардан алып жазады. Әрі түк түсінбей жатып жазады. Онсыз да Зияның французшасы өте нашар, оқығанда түсіне алмайды. Осылар туралы бір мақала жазып маскара қылайын деп едім, бірақ мұндай түкке тұрғысыздар үшін қаламымды тоздырғым келмеді. Әрі энциклопедиямның алтын уақытын құр жоғалтпайын дедім. Мен оларға қолымды бір сілтедім, Стамбұлда бір-бірінің қанын ішіп-ішіп таусылар бір күні.

Басымды жастықтап көтеріп, бас жағымдағы лимон шырынын алып іштім.

Содан кейін Селахаттин:

— Олар туралы осы ойлағандарымды барып айт, — деді.

— Мен олардың ешқайсысын танымаймын, мырза, — деді еврей. — Ондай адамдар менің дүкеніме еш келмейді де.

— Білемін, білемін! — деп айқайлап сөзін бөлді Селахаттин, — Бір нәрсе айтуыңның керегі де жоқ! Мен қырық сегіз томдық энциклопедиямды бітірген соң, онсыз да шығысқа айтылуы керек барлық басты ойлар мен сөздер бір сәтте жария болады. Ол адам нанғысыз ой кеңістігін бір сәтте толтырамын. Бәрі аң-таң болады. Галата көпірінің журналист балалары энциклопедиямды сатады. Оған Банкалар даңғылы араласады, Сиркежи де кіреді. Оқығандардың ішінен қарсылық білдіретіндер шағыды. Бірақ, ең маңыздысы, халық мені түсінеді. Ұлым мені қолдайды! Міне, сол кезде ораламын Стамбұлға! Сол маңызды сілкініс кезінде сол анархияға еге болу үшін мен ораламын! — деді Селахаттин. Еврей:

— Ия, мырзам, сіз мұнда отырыңыз. Стамбұлдың да, Капалычаршының да қызығы кетті қазір. Бір-бірінің көзін ойып жатыр. Басқа зергерлер тауарыңыздың құнын түсіргісі келеді. Тек маған сеніңіз! Барлық шаруа мен айтқандай мазасыз. Сол келіп затыңызды бір көзбен көрейін дедім. Кеш болып барады енді, мен гауһар тастарыңызды көрейін. Хатта жазған сырғалардың түрі қандай?

Бір үнсіздік орнады. Жүрегім тарсылдап, бұл үнсіздікке де құлақ түрдім. Қолымда кілт.

— Әже, ұнамады ма лимон шырыны?

Бір жұтым іштім де, басымды қайта жастыққа қояр-қоймас:

— Ұнады, — дедім, — рахмет, қолыңа дерт бермесін!

— Шекерін көп қосып жібердім бе әлде? Қалай олайсыз, әже?

Сол сәтте еврейдің ашулы жөтелгені жаман естілді. Селахаттин сыпайы тілмен «кешкі асқа қалмайсың ба?» дегенін және еврейдің тағы сырғалардан сөз еткенін естідім. Сосын Селахаттин жүгіре басып баспалдақтардан шықты да, бөл-

меме келді. «Фатма, көне, кел төменге, кешкі ас ішеміз, ұят болды ғой!» — деді. Менің түспейтінімді біліп те тұр. Сәлден сон, Доганыммен бірге төменге түсті. Еврейдің «қандай тәтті бала» дегенін және анасын сұрап жатқанын, Селахаттин менің ауырып жатқанымды айтқанын естіп те тұрдым. Үшеуі тамақтанып отырғанда жезөкшелердің оларға жасаған қызметін айтып жатқанын естіп, жиіркендім. Ары қарай естімедім, естімеуге тырыстым... Өйткені еврейге энциклопедиясын баяндай бастады.

— Әже, не ойланып жатырсыз, маған сойлемейсіз бе?

Энциклопедия: табиғаттану, жаратылыстану, ғылым мен Алла. Батыс пен ренессанс, түн мен күн, от пен су, шығыс пен батыс, уақыт, өлім мен өмір...

— Сағат неше болды? — деп сұрадым.

Тықылдап оның айтқысы келгені тек уақыт екенін білемін. Ойласам, денем түршігеді.

— Сағат алты жарым болып қалды, әже, — деді Нилгүн. Сосын үстеліме жақындап келіп: — Қанша жылдық сағат мынау, әже?

Дастарханда айтылып жатқандарды тыңдамадым. Жиіркеніп ұмытқым келетін нәрселер еді бәрі де: өйткені сөз соңында еврей былай деді:

— Ас өте дәмді. Бірақ мына асты әзірлеген әйеліңіз одан да әдемі. Кім ол?

Масаң тартқан Селахаттин:

— Бейшара бір ауыл әйелі! Бұл жерден емес, күйеуі әскерде, осы жердегі туыстарына тастап кеткен. Ол азамат қайығы батып өлді. Фатма шаршап қалатын, біз де үй қызметшісін іздеп жүргенбіз. Аш болмасын деп төмендегі кішкентай бөлмеге жайғастырдық. Еңбекқор. Бірақ ол жерге сыймай жүр. Бір үйшік жасаттым. Күйеуі де әскерден оралмады. Не қашып бара жатқанда ұсталып асылып өлді, не шейіт болды. Бір нәрсені анық білемін: бұл әйелде халқымның еңбекқорлығы мен сұлулығы бар. Энциклопедиям үшін, ауылдағылардың эко-

номикалық тынысы туралы жазу үшін одан көп мағлұмат алдым! Бір шыныаяқ тағы алайық, өтініш!

Ары қарай естімеу үшін, есігімді жауып алдым. Жиіркеніштен түншығып өлмеу үшін!

— Осы сағат кімдікі еді, өткен жылы айтып едіңіз?

— Марқұм пағашы әжемнің, — дедім де, Нилгүннің күлгенін көріп, сөйлегеніме өкініп қалдым.

Сосын кешкі асты бір евреймен және бір маспен ішуге мәжбүр болған байғұс Доғаным жоғары шығып, жаныма келді. Құшып сүймей тұрып қолын жудым. Сосын төсегіне жатқызыдым. Селахаттин әлі төменде тынбай сөйлеп жатыр. Көпке ұзамады. Еврей кетуі керектігін айтты. Селахаттин жоғары келді:

— Қонақ кетіп барады, Фатма, — деді. — Кетпей тұрып сенің сырға-сақиналарыңның біреуін көргісі келеді.

Мен үнсіз қалдым.

— Бұл адамның Стамбұлдан осы үшін, менің жазған хатымды оқын келгенін сен жақсы білесің, Фатма. Енді оның қолын құр қол қайтарғанымыз дұрыс болмас.

Тағы үндемедім...

— Сөмкесі аузына дейін ақшаға толы, Фатма. Дұрыс адам сияқты өзі. Құнын да жақсы төлеп жатыр.

Жауап қатпадым...

— Не болды саған? Сонша жол арып-ашып келгенде, сонау Стамбұлдан келген адамның қолын бос шығарып саламыз ба?

— Әже, мына қабырғадағы сурет, атаңыздың суреті ғой, солай ма?

Мен тағы жауап қатпаған соң:

— Жарайды, Фатма, — деді жылағандай болып, — қарашы, емханама да ешкім келмейтін болды. Бұл менің кінәм емес. Бұл — мына елдегі қарғыс атқыр қайдағы бір наным-сенімнің нәтижесі. Оны ұялмай айта аламын. Менің табысым қазірше нөл. Егер анау құтының аузы-мұрнынан толып тұрған гауһартастың, сақиналардың, сырғалардың біреуін бүгін мына

еврейге сатпасақ, алдымыздағы қысты, қыс деппін ғой, бүкіл өмірімізді қалай сүрерімізді білмеймін. Сен осыны түсінесің бе? Мен бір кездерде сататын барлық затымды саттым, Фатма, мына үй үшін де қаншама шығын шығарғанымды сен білесің! Сарачханедегі жер телімі үш жыл бұрын сатылды. Өткен жылы да Капалычаршыдағы дүкенді сатып күн көрдік. Вафадағы үйді де сатып, ана бауырларым менің ақымды бермей жеп кеткенін де сен жақсы білесің, Фатма! Енді саған мынаны ескертейін, осыны ұғып ал, екі жылдан бері қалай өмір сүріп келеміз дейсің? Гебзеде мені бәрі мазақ етеді, себебі мен ескі костюмдерімді, күміс қаламсаптарымды, марқұм анамнан қалған бір ғана естелік кітап сандығым мен қолғаптарымды, әкемнен қалған бағалы тәсбихті және Бейоглу байларына жарасатын әдемі сүртігімді Гебзедегі анау жабайы сауда адамдарына қаншалықты арзан бағаға беріп кеттім, сен білесің бе? Жетер енді, болды! Мен тойдым бәріне. Енді кітаптарымды, зерттеу құралдарымды немесе медициналық жабдықтарымды сатуға ниетім жоқ. Ашығын айтайын: бәрін тастап, оның ішінде шығыстағы бүкіл тіршілікті бір мезетте түп-тамырымен жоқ ететін мынау энциклопедиямды бітірмей, он жылдық еңбегімді бір жағына тастап, мойным салбырап Стамбұлға оралатын ниетім де жоқ! Еврей астында күтіп тұр, Фатма! Құтыдан тек кішкентай бір бөлігін шығарасың! Тек ана еврейден құтылу үшін емес, ғасырлар бойы ұйқыда жатқан шығыстың оянуы үшін және Доганымыз осы қыста суыққа тоңып, аш қалмауы үшін осылай жасаймын, Фатма! Аш шкафты!

— Әже, білесіз бе, кішкентай кезімде мен атамның осы суретінен қатты қорқатынмын!

Селахаттин екі қадам арыда күтіп тұрғанда шкафты ақыры аштым.

— А-а, қорқатын ба едің? — дедім. — Атаңның несінен қорқатын едің?

— Өте суық мына суретте ол, әже! — деді Нилгүн. — Сақалынан, көзқарасынан қорқатын едім.

Сосын шкафтың сөресінен құтыны шығарып, ашып, қайсысын берерімді білмей, қимай дал болып тұрып қалдым. Сақиналар, білезіктер, гауһар түйреуіштер, алтын сағатым, інжу алқаларым, түйреуіштер, сақиналар, гауһар тастар, иә, Алла!

Ақыры қимай берген жақұт сырғаларымның біреуін қолына алып, көзі бал-бұл жанған Селахаттин баспалдақтардан жүгіре түсті. Ол әлі түспей тұрып оны ана еврейдің алдап соғарын біліп қойдым. Көп ұзамай қолында оғаш бір сөмкесі, басында қалпағы бар еврей аула қақпасынан шығып бара жатып:

— Сіз Стамбұлға келіп әуре болмаңыз. Керек кезінде хат жазсаңыз, мен өзім-ақ келіп кетемін.

Әр жолы осылай келді: бір жылдан кейін қолында сол баяғы сөмкемен келіп, сырғаның екінші жұбын алуға келгенде еврейдің басында сол баяғы қалпағы еді. Сегіз айдан кейін жақұт білезігімнің біреуін алуға келгенде оның басындағы қалпақты мұсылмандарға да мәжбүрлеп кигізді. Гауһартасты білезіктің екіншісін алуға келгенде 1345 жыл емес, енді 1926 жыл болды. Тағы бір білезігіме келгенде де тағы сол сөмке қолында. Еврей әр келгенінде жұмыстарына шағымын айтады, бірақ ана сұлу қызметші әйел туралы сұрамайды. Бәлкім, енді әйелдерден ажырасу үшін екі сөз емес, үлкен сот керектігін білгендіктен шығар деп ойлады. Кейін келгенінде қаншама рет бірге жеп жүрген асты Селахаттин өзі әзірлеуге мәжбүр болды. Себебі мен әр жолғыдай ол келгенде отырған орнымнан қозғалмайтынмын. Бөлмемде отырамын, ол да еврейге бәрін айтып жатқан шығар. Осылайша, қызметші мен некесіз туғандардан құтылды. Әрине, Доған бірі ергежейлі, бірі ақсақ екі некесіз туған балаларды ауылдан тауып келгенше біз үйде оңаша едік. Сол кездер ең бақытты кездер еді. Сол жолы келгенінде еврейдің тастап кеткен газетін Селахаттин кешкісін бас алмай оқыды. Мен газетте бәрі, яғни барлық күнәлары мен кінәсі, менің берген жазамның жазылып басылуынан қорықтым. Қарасам, мүлдем басқа: газетте басы христиан қалпағындағы

мұсылмандардың суретінен басқа ештеңе жоқ. Еврейдің тағы бір келгенінде әкелген газеттерде мұсылмандардың басында тұрған христиан қалпақтарынан басқа астында христиан әріптері де бар еді. Бұл Селахаттиннің бір күнде бүкіл энциклопедиям астан-кестен болды деген және еврейге жақұт алқаларымды берген кезім еді.

— Не ойлап жатсыз, әже, жақсысыз ба?

Одан кейін келгенінде құтыдағы бриллиант сақинаны шығардым. Нағашы әжемнің қоржыныма қосқан изумруд сақинаны берген кезімде қар жауып тұрған болатын. Еврей вокзалдан төте жолмен келгенін, жолда қасқырлардың шабуылдағанын және өзінің сөмкесімен қорғанғанын айтты. Бұл жай сақиналарды жарты бағасына алуға жасаған қулығы еді. Тағы бір келгенінде күздің күні болатын. Доганым университет оқимын, Мүлкиеде саясатты таңдайтынын айтып жылатқан болатын. Еврей алты айдан кейін келгенінде жақұтты сырға мен алқам кетті. Ол кезде Селахаттин аты мен тегін жаздыру үшін әлі Гебзеге кетпеген болатын. Алты айдан соң барғаныңда, мемлекеттік қызметшілермен ұрысып қалғанын айтты: мақтанышпен алдыма тастаған мемлекеттік құжаттағы тегін көргенде мазақ еткенін түсіндім, жиіркендім және бір күндері көктасымның бетінде осы сүркия есімнің жазылатынын ойлап шошыдым. Еврейдің бір жылдан кейін келіп гүлді сақинам мен гүл сырғамды әкеткен жылдың жазында қайғырып, бір орында тұра алмай қалған Доганымға әкесіне корсетпей қызғылт інжулерімді бердім. Сатып Стамбұлға барып, көңіл көтеріп қайт дедім. Көңіл көтермеді; мені осы үшін кінәлау оңайырақ еді, аналары ауылда өлген некесіз тугандарды барып тауып, ауылдан әкеп үйге жайғастырды.

— Не ойлап жатырсың, әже? Тағы да солар ма?

Еврейдің соңғы келгенінде Селахаттин құтының босауға аз қалғанын көрді. Жақұтты ай-жұлдыз инемді алып жатып, энциклопедиясының бітуіне аз қалғанын айтты. Күні бойы мас

болып жүре беретін болды. Оның мастығын көргім келмей, бөлмемнен шықпайтынмын. Тағы бір жылдан кейін топаз түйреуішім де жарты бағасына кеткенін білдім. Бірақ кітаптарға жұмсайтын ақшаны олай жарты бағаға есептемеді. Енді шайтанға біржола мінгескен Селахаттин соңғы рет еврейді шақырған кезде соғыс басталып кеткен болатын. Содан кейін де еврей екі рет келіп кетті. Бірінші келгенінде ай-жұлдыз жақұт инені, екінші келгенінде гауһартас инемді «бұл күндер де өтер» деп бердім. Осылайша, Селахаттин бар несібесін өз қолымен сатты. Көп ұзамай өзі жасадым деген ең үлкен адам нанғысыз еңбегінен кейін, еврейді тағы бір шақырамын деп отырғанда қайтыс болды. Көзімнің қарашығындай сақтаған екі гауһартас сақинамды да аңқау Доғаным өзі ертіп әкелген некесіз туғандарға беру үшін алып, құтым бос қалды. Қазір шкафтың ішінде бостан-бос тұрғанын көріп, осының бәрін ойлап кеттім.

— Не ойлап отырсыз, әже, айтсаңызшы!

— Ештеңе! — дедім жай ғана. — Еш нәрсе ойлап отырған жоқпын!

Хасан математикалық есептерге ашулы

Күні бойы көше кезіп, кешке үйге қайту деген тура жазғы демалыстан кейін мектепке қайта оралумен бірдей. Кафе жабылғанша отырдым. Басқалардың бәрі біртіндеп үйлеріне қайтып жатқанда, бір шаруасы болып осында қалатын біреу болатын шығар деп күткен едім, бірақ ешқайсысы маған «бөлтірік, бөлтірік!» дегеннен басқа ештеңе айтпады.

— Қане, Хасан балам, бөлтірік болуды қой да, үйіне қайт, математиканды оқы!

Қайттым, қырға шығып барамын. Ешкімге мән бермедім, себебі қараңғыны жаным сүйеді. Ол жерде тек қана қара шегірткелер болады және мен келешегімді осы қараңғылық ішінде көргендей боламын: ұзақ мемлекеттерге баратын жолды, қанды соғыстарды, пулеметтердің даусы, соғыстардың жеңісі, тұтқын құлдардың ескек ескен тарихи фильмдері, күнәлардың жиіркенішті даусын өшірген қамшыларды, сап түзеген әскерлер, фабрикалар мен жезөкшелерді... Мен де үлкен азамат боламын! Қыр басына да келдім.

Бір мезет ішім қылп етті: Біздің үйдің жарығы! Тоқтай қалып қарап тұрдым. Ішінде шам жанған бір мазарат секілді біздің үй. Терезелерде еш әрекет жоқ. Жақындап кеп қарасам, анам жоқ, ұйықтап қалған болуы керек. Әкем де кең диванға жайғасып ұйықтап кетіпті. Мені күтіп отырған гой, күте берсін. Мен де бөлмемнің терезесінен ақырын кіріп ұйықтап қаламын. Барып көрсем, тереземді жауып қойыпты. Жарайды! Барып, келесі терезені қақтым, әкем оянды. Келіп есік ашудың орнына, терезені ашты.

— Қайда жүрсің? — деп айқай салды.

Жауап катпадым. Қара шегірткелер шырылдайды. Үнсіз тұрдық.

— Қане, тұрмай кір енді ішке! — деді әкем.

Терезеден кірдім. Алдыма кеп тұра қалды. Әкелік көзқараспен қарап қалыпты. Сосын тағы бастады:

— Балам, айналайын, неге сабағыңды оқымайсың? Күні бойы көшеде не істеп жүрсің?

Менің ойыма мынау келді: мына жылаған адаммен не шаурамыз бар біздің, анашым? Анама барайын, оятып осылай деп айтайын, сосын анам екеуміз мына адамның үйінен бірге кетіп тынайық. Бірақ солай болғанда мына әкемнің қалай қайғыратынын ойлап жаным қиналды. Иә, мен кінәлімін. Күні бойы көше кездім. Бірақ уайымдама, әкешім, көр де тұр,

ертең сабақты қалай оқиды екенмін. Осылай десем, маған сен-бес те. Сөзінің соңында маған ашулы, үнсіз жыларман көзбен қарап тұрды. Бөлмеге келіп, үстелге отырдым. Математика есептерін шешіп жатқанымды көр де, енді маған ренжіме, әке, жарай ма? Есікті бекітіп алдым. Шамды жақтым, есіктің астынан сәулесі көрініп тұрар, көрсін. Яғни мен сабақ оқып жатырмын. Ол әлі өзімен-өзі сөйлеп жүр.

Сәлден кейін әкемнің үні шықпай қалған соң, не болды екен деп қызықтай есікті ақырын ашып, сығалап қарадым. Жатып қалыпты. Олар пысылдап ұйықтап жатқанда менің сабақ оқуым керек екен. Жарайды, солай-ақ болсын, лицей аттестаты соншалықты маңызды екен ғой. Таңертең анам көрсін, тапжылмай сабақ оқиын. Бірақ, өмірде одан да маңызды нәрселер барын мен жақсы білемін. Қаласаңыз, айтып берейін, анашым, христиандар, сионистерді білесің ғой, арамызда жүрген масондарды да білесің. Кантер, Папа және Брежнев не туралы айтты, білесің бе? Айтсам тыңдамайды, тындаса да түсінбейді... Қой, не болса сонымен миымды ашытпай математикаға кірісейіп дедім.

Кітапты аштым. Алланың бәлекеті болған алгоритмнен қалып кеткенмін. Иә, «log» деп жазамыз және «a log» (A.B.) = a logA + a logB дейміз. Мұны бір жағынан кітапта теорема дейді. Бәрін де әдемілеп дәптеріме жаздым. Сосын тап-таза етіп жазғанымды көрін өз-өзіме риза болдым. Төрт парак жазып-пын, яғни мен еңбектеніп болдым. Демек, бүкіл алгоритм дегеніміз осы ғана екен. Енді есеп шығаруға келдім. Мынаның алгоритмін ал дейді:

$$\log_b \text{ түбір асты } \frac{x - b}{ax + c}$$

Жарайды алайын. Қарадым. Сосын дәптерлеріме жазғандарыма тағы бір рет көз жүгірттім. Көп уақыт өтті, бірақ қайсысын қайсысына бөліп көбейтетінім, нені неге қысқартатыным еш ойыма түспей қойды. Тағы бір рет оқыдым. Тіп-

ті жаттап алдым десем де болады. Мысал есептерді қалай шығарған, оған да қарадым. Әйтсе де мына сұмырай есептің шешімін шығара алмадым. Қатты ашуландым. Орнымнан қалай тұрғанымды білмедім. Әттең, дәл қазір бір темекі болса, тартып-тартып алатын. Тағы отырып қолыма қалам алдым да, есепті шешуге кірістім, бірақ қолым тек қана дәптерлерімді шимайлаумен болды. Сәлден кейін қарашы, Нилгүн, дәптерімнің бұрышына не жазғанымды:

Емес едім мен саған бұлай ынтық,
Сен өзің жанымға болдың ыстық.

Сосын тағы есепке кірістім, бірақ ештеңе шықпады. Біраз ойланып отырып ойыма келгені: барлық \log -тардың және $\sqrt{\quad}$ -тердің арасында қандай байланыс барын білгеннің не пайдасы бар? Жарайды, мәселен, мен күндердің бір күні ақшамның есебін тек қана алгоритм және түбір астын қолданып жасайтындай бай немесе мемлекет қызметкері болып кеттім делік. Сонда мен ол кезде менің мұндай жұмыстарымды жасайтын бір хатшы ұстауға миым жетпей қалатын ба еді?

Математиканы шетке ысырып тастадым. Ағылшын тілі кітабымды аштым. Бірақ басым қатып тұрды. Алла бәлекет бергір, тағы сол Mr. және Mrs. Brown ба деп ойладым. Сол суреттер, бәрін білетін және жүйелі жасайтын сол адамдардың суық әрі бақытты жүздері. Ағылшындар екен бұлар. Үтіктелген костюмдері мен галстуктері бар. Кошелері де тап-таза. Бірі отыр, біреуі үстел үстінде, астында, жанында тізіліп қалған. *On, in, under...* Осы мағынасыз сөздерді жаттауға мәжбүрмін. Әйтпесе ана жақта пысылдап ұйықтап жатқан лотерея сатушысы «балам оқымайды» деп сөгеді. Кітаптың бетін жауып қойып, бөлменің төбесіне қарап отырып жаттадым. Жаттап отырып бірден ызам келіп, кітапты алып жерге лақтырдым: қарғыс атсын! Үстелден тұрып, терезеден сыртқа шықтым. Мен бұлармен жетілетін адам емеспін. Бақшаның бұрышын-

да тұрып қараңғы теңізді және сол қараңғы түнектің арасында жалғыз жанып-сөніп тұрған, иттері жайылған аралдың жанып тұрған шамын тамашалап, біршама рахаттанып қалдым. Төменгі аудандардың жарығы түгелдей сөнген. Тек көше шамдары мен терең-терең гуілдеген әйнек фабрикасының шамдары жарқырайды. Үнсіз кеменің қызыл жарығы да бар. Бакшада қураған шоптің, топырақтың және жаздың иісі аңқып тұр. Тек қара шегірткелер ғана жүр. Бұлар шие бақшасының, алыс төбелер мен қалтарыс-бұлтарыстардың, зәйтүн бағының және ағаш астындағы салқын самалдың мына қараңғы әлемде бар екенін еске салатын арсыз қара шегірткелер ғой. Сосын мұқият құлақ түрсем, Йелкенкая жолының батпақты суындағы құрбақалардың да бақылдағанын естідім. Мен өмірде әлі көп шаруа атқарамын! Енді ойыма осы атқарар міндеттерім келді: соғыстар, жеңістер, жеңіліс үрейі, үміт пен жетістіктер, өзім мейірімімді төгетін және өзім құтқаратын адамдарым, мына қатыгез әлемде табатын жолым. Төменгі ауданның жарығы сөнді. Бәрі тәтті ұйқыда. Ұйықтап жатып мағынасыз, ұшы-қиыры жоқ түс көріп жатыр. Ал мен мына жерде бәрінің алдында ояумын! Мен өмірді сүйемін. Жатып ұйықтағанды жек көремін!

Терезеден қайта ішке ендім. Енді сабағыма қайта кірісе алмайтынымды білгендіктен киімшең төсегіме жата кеттім. Таңертең тұрып қайта жалғастырармын. Негізінде математика мен ағылшын тіліне соңғы он күн жетіп қалар деп ойладым, құстар ағаш бұтағында құстар сайрай бастаған шақта, сен ешкім жоқ тым-тырыс жағажайға ертелеп барасың, Нилгүн! Мен де барамын. Кімнің менде шаруасы бар? Ұйқым қашып, жүрегім аузыма алып-ұшып, мазам кете ме деп қорқып едім, жо-о-оқ, ұйқы тартып барады.

Оянған сәтте күн сәулесі қолыма түсіп, көйлегім мен шалбарым су тер болыпты. Дереу тұрып қарасам, анам мен әкем де әлі тұрмапты. Асүйге кірдім. Нан мен сыр жеп тұрғанда анам келді:

— Кеше қайда болдың?

— Қайда боламын, осы жерлерде, — дедім, — түні бойы сабақ оқыдым.

— Ашсың ба? — деді анам, — шай қояйын, ішесің бе, ұлым?

— Жок, — дедім, — Қазір кетіп бара жатырмын.

— Қайда барасың ертемен? Ұйықтамайсың ба?

— Біраз жүріп келемін, — дедім. — Ұйқымды ашып келемін, сосын тағы сабаққа отырамын.

Шығып бара жатып байқадым, анамның маған жаны ашып тұр.

— А-а-а, анашым, маған бір лира бересің бе?

Біраз ойланып тұрды да:

— Не істейсің ол ақшаны? Жарайды, жарайды, әкеңе айтушы болма!

Ішкі бөлмеге кіріп, қайта келді де, екі 20 лира және бір 10 лира берді. Рахметімді айтып, бөлмеме кірдім. Шалбарымның ішінен суға түсетін ішкімімді кидім. Әкем сықырымнан оянбасын деп терезеден шықтым. Артыма бұрылып қарасам, анам басқа терезеден соңымнан қарап тұр екен. Уайымдама, анашым, мен өмірде өз орнымды білемін!

Асфальт жолмен төмен қарай түстім. Қасымнан қырға жылдам шығып бара жатқан көліктер жарыса өтіп жатты. Мойынтақтарын таққан, костюмдерін бір шетке іліп қойған өңшең іскер адамдар. Сағатына 100 километрмен таңертең Стамбұлға шкафтан қағаз алып-салуға және бір-бірлерін аңдуға асығып бара жатқан бұлар мені көзіне де ілмейді. Менің де сіздерде шаруам жоқ, галстукті және костюмді мырзалар!

Жағажайда әлі де болса ешкім жоқ екен. Билет кесуші мен күзетші де әлі келмегендіктен, ішке тегін кіріп кеттім. Желім аяқ киімімді күмның үстіне мұқият қойып, ақырын жартастарға тірелген жағажайдың жағасына келдім. Үйдің қабырғалары түскен жерге дейін жүрдім де, үйдің күн түспеген бұрышына барып отырдым. Есіктен кірген Нилгүнді осы жер-

ден көрермін. Тып-тынық теңіздің түбін анық көруге болады. Шөгінділер, теңіз балдырлары теңізге басқаша бір тыныс беріп тұрғандай. Сезімтал кефилдер сәл ғана сыбыр шықса, каша жөнеледі. Дем шығармай тұрдым.

Көп ұзамай біреу келді де, шынжыр мен маскаларын киді. Судың ішіне ау құрып, кефилдердің соңына түсті. Осы надандардың жазықсыз кефилдерді аулағанын жаным сүймейді. Бір кезде оның қолынан кефилдер мен балықтарды көрдім. Күн бетіме шақшиып түсті.

Бала кезімізде бұл жерде олардың ескі әрі оғаш үйі мен біздің қырдағы үйден басқа ештеңе жоқ еді мына жерде. Метин, Нилгүн және мен осында келетінбіз. Мен тіземе дейін суға түсетінмін. Сөйтіп, балдыр арасынан шабақ балық ұстауға тырысатынмын. Бірақ көбінесе балық түсетін қолыма. Метин оларды жібере сал дейтін, мен жемімді жеген соң, балықты босқа жібере салғым келмей, ыдысыма саламын. Сосын ыдысыма су құйсам, Метин мазақ ететін. Мен сараң емеспін, досым, дейтінмін. Нилгүн мұны естімеген де болар. Расында, мен сараң емеспін. Метин болса балықтарын жасырып қояды, қармағының басына жем емес, бұрандалы шұрып байлайды. Қарашы, Нилгүн, ол қандай сараң еді! Нилгүн болса балықтарға жаны ашып, теңізге қайта жіберіңдер деп жүретін. Олармен дос болу өте қиын еді, білемін. Не де болса балықтың сорпасы дәмді, ішіне картоп пен пияз саласың.

Сосын бір шаянды тамашаладым. Әрдайым бір нәрсемен шұғылданғандықтан, бұл шаяндар терең ойлы және сабырлы. Анау аяғың мен қысқашыңды неге ойнатып отырсың сен? Мына шаяндар тура менен артық көп нәрсе білетіндей: туғаннан кәрі қақпастарға ұқсап қалған. Қарны аппақ әрі жұмсақ. Тіпті жаңа туылған шаяндар да кәрі көрінеді.

Содан судың беті қимылдады да түбі көрінбей кетті. Адамдар біртіндеп кіріп-шығып бастаған соң су астан-кестен болды. Есікке бір қарағанымда Нилгүн кіріп келеді екен. Жағажайдың осы бетіне келіп, маған қарай жүрді.

Келе жатып, тоқтай қалды. Үстіндегі сары көйлекті шешіп, суға киетін киімі мен сүлгіні жерге төсеп жата кетті. Сосын сөмкесінен бір кітап алып оқи бастады. Кітапты көтеріп тұрған қолы мен басын ғана көре алдым. Ойландым.

Терлеп кеттім. Көп уақыт өтіп кетті, әлі оқып жатыр. Сосын салқындайын деп бетімді сумен шайдым. Арада қаншама уақыт өтті, ол әлі кітап оқып жатыр.

Барып сәлемдесем бе екен деп те ойладым. Мен де теңізге қыдыруға келіп едім десем, ол маған ашуланар деп ойладым. Не де болса ол менен бір жас үлкен екенін мойындадым. Кейіндеу барармын, басқа бір күні.

Содан Нилгүн орнынан тұрды. Теңізге қарай бет алды. Не деген сұлулық деп ойладым. Жүзе бастады. Керемет жүзеді. Заттарын жағаға тастап кеткенін де ұмытып, жайбарақат жүзіп жүр. Уайымдама, Нилгүн, мен қарап отырамын ол заттарға. Ол әлі артына бірде-бір рет қарамады. Қалаған адам барып заттарын ауыстырып кете алады, бірақ мен бас-көз болып отырмын. Заттарына ештеңе бола қоймас.

Орнымнан тұрып, Нилгүннің заттарының қасына бардым. Ешкім қарап та тұрған жоқ. Онсыз да Нилгүн менің досым. Еңкейіп, сөмкенің бетінде тұрған кітаптың мұқбасына қарадым. Бір христиан қабірінің басында жылап тұрған екі карт. «Әкелер мен балалар» деп жазылып тұр. Кітаптың астында бағанағы сары көйлегі бар. Сөмкесінде не бар екен? Тек қызыққандықтан ғана, ешкім қарап тұрмаған соң ашып, ішін ақтара бастадым: бір крем құтысы, сіріңке, күнге қайнап тұрған кілт, тағы бір кітап, әмиян, шаш түйреуіші, кішкентай жасыл тарақ, сүлгі, «Самсун» пакеті және тағы бір кішкентай бөтелке. Қарасам, Нилгүн әлі алыста жүзіп жүр. Ешкім кате түсінбесін деп бәрін орнына қойдым. Тек ана кішкентай жасыл тарақты алып қалтама салдым. Ешкім байқамады.

Қайтадан жартасқа шықтым да күттім. Содан кейін Нилгүн теңізден шықты. Тез-тез барып, сүлгісін жамылды. Тура менен бір жас үлкен ақылды қыз емес, кішкентай ғана ақы-

мақ қыз секілді. Үстін құрғатып, сөмкесін ақтара бастады. Ақтарып-ақтарып, сары көйлегін киіп, үйіне қарай асықты.

Мен таң қалдым. Бейне бір менен қашып бара жатқандай. Сонына түсіп жүгіре бердім. Үйіне қарай бет алды. Алдынан көлденен шығайын деп жүгіріп келемін. Ол бірден тоқтады, мен сасып қалдым. Енді ол менің соңыма түсіп, тура мені аңдидындай болды. Дүкеинің алдынан оңға бұрылдым. Көліктердің арасына жасырынып, аяқ киімімнің бауын байлап отырған сияқты көз қиығымды салсам, ол дүкенге кіріп кетіпті.

Жолдың қарсы бетіне өттім. Үйге қайтып бара жатып кездесіп қалған болайық. Сол кезде, қалтамнан шығарып, «Нилгүн мынау сенікі ме?» деп берейін деп ойладым. Қайдан таптың десе, түсіріп алған боларсың дермін. Менікі екенін қайдан білдің десе ше... Жо-о-оқ, олай демейін. Сен жолда кетіп бара жатып түсіріп алғаныңды көрдім дегенім жөн. Осылай ойға батып ағаштың түбінде тұрмын. Қара тер болдым.

Сәлден кейін дүкеннен шығып, маған қарай келе жатты. Жақсы, мен де дүкенге қарай келе жатқан болдым. Оның бетіне қарай алмадым, жерден көз алмай келемін әрі жаңа ғана бауын байлаған аяқ киіміме қарап қоямын. Басымды көтердім.

— Сәлем! — дедім. Қандай сұлу деп ойлап қоямын.

— Сәлем! — деді. Еш күлімсіремеді.

Мен тоқтадым, бірақ ол тоқтамады.

— Үйге қайтып бара жатырсың ба, Нилгүн? — дедім. Даусым дірілдеп кетті.

— Иә, — деді де үнсіз кете берді.

— Сау бол! — деп айқай салдым соңынан. — Режеп мырзаға сәлем айт!

Ұялдым. Артына қарап бір рет болса да жарайды демеді. Тұрған жерімде қаққан қазықтай, соңынан ұзақ қарадым. Неге бұлай етті? Бәлкім, бәрін түсінген болар деп ойладым. Бірақ түсінетіндей не бар мұнда? Жолда кездескен бала кездегі досыңа сәлем бергенде тұрған не бар? Қызық! Ойлана-

ойлана кете бердім. Халық айтқаны рас, қазір адамдар өзгеріп кеткен, бір сәлемін де қимайды. Сосын қалтамдағы елу лира есіме түсті. Нилгүн де үйіне жеткен болар. Не ойлағаны бар екен? Бір телефон соғайын, бәрін түсіндіріп айтайын, маған бұрынғыдай сәлемін түзу берсін, одан басқа ештеңе сұрамаймын. Телефонда не айтатынымды ойланып келе жатырмын. Сені сүйемін десем қалай болар екен? Басқа нәрселер де ойыма сан кіріп шықты. Көшеде жағажайға бара жатқан жиіркенішті адамдар. Бұл әлем не деген аласапыран?

Поштаға барып, анықтамаға қарадым. Дарвинұлы Селәхаттин отбасы деп жазылыпты. Женнет жағалауы көшесі, 12-үй дегенді ұмытып қалмайын деп жазып алдым. 10 лира беріп, бір жетон алдым. Кабинаға кірдім. Телефонын тердім. Бірақ ең соңғы санға келгенде саусағым 7-нің орнына 9-ды теріп жіберді. Телефонды қоймадым. Қате терілді, бірақ мен телефонды қоймаған соң 10 лиралық жетон тақыр-тұқыр етіп ары қарай түсіп кетті де, арғы жағынан бір әйел даусы:

— Алло, — деді.

— Алло, бұл қай жер? — дедім.

— Ферхат мырзаның үйі, — деді — Сіз кімсіз?

— Бір досы! — дедім, — сөйлесуге бола ма?

— Қазір! — деді, — не үшін?

— Маңызды бір шаруа бар, — дедім. Басқа не дейін, 10 лирам босқа кетпесін деп ойладым.

— Сен кімсің өзі? — деді өл.

— Ферхат мырзаға айтамын, берсеңші күйеуіңе телефонды.

— Ферхат па? — деді, — сен кімсің өзі?

— Иә, соған бер деймін саған, — дедім. Кабинаның әйнегінен қарасам, қызметкер өз шаруасымен екен, біреуге марка беріп жатыр.

— Сен кімсің? — деп қояр емес анау да.

— Сені сүйемін! — дедім. — Сүйемін сені!

— Не? Кімсің сен өзі?

— Улан әлеуметтік жезөкшесі! Мемлекетті коммунистер қолға алып жатыр. Сіз болсаңыз әлі жартылай жалаңаш... Жезөкше, мен сені....

Телефонды қоя салды. Мен де ақырын қойдым. Қарасам қызметкер әлі марканың алушысына артық ақшаларын қайтарып жатыр. Ақырын-ақырын сыртқа шықтым. Маған назар да салмады. Ең болмаса он лира босқа кетті деп мен де өкінбейтін болдым. Поштадан шығып, ойланып келемін: әлі 40 лирам бар. Адам 10 лирамен осынша көңіл көтере алса, 40 лирамен 4 есе көңіл көтеруіне болады екен ғой. Мұны математика дейді. Өздері осыны түсінбегендіктен мені босқа бір жыл орныма қалдырды. Жарайды, мырзалар, мен күтуін күтемін. Бірақ соңында өкінетін сендер боласындар!

Сүт арқалаған Режеп

Нилгүн ханым теңізден оралды. Фарух мырза да оны күтіп отырған. Үстел басына жайғасқан соң таңғы астарын бердім. Біреуі газетін оқып отыр, енді бірі ұйқысын аша алмай отыр. Сөйлесіп, күліп-ойнап таңғы астарын ішті. Сосын Фарух мырза үлкен сөмкесін алды да, Гебзеге мұрағатқа кетті. Нилгүн де кітабын оқуға кірісті. Метин болса әлі ұйқыда. Дастарханды жинамай тұрып, жоғарыға шықтым. Мәртебелі ханымның есігін қағып, ішке кірдім.

— Мен базарға барамын, мәртебелі ханым, — дедім, — бір қалауыңыз бар ма?

— Базар? — деді. — Бұл жерлерде базар бар ма?

— Қанша жыл бұрын дүкендер ашылып еді ғой, — дедім, — сіз де жақсы білесіз.

— Олардан ештеңе керек емес! — деді.

— Түскі асқа не береміз?

— Білмеймін, — деді, — жейтін бір нәрсе жасарсың!

Төменге түсіп, алжапқышымды шештім. Сөмкені алып шықтым. Желінетін нәрсенің не екенін емес, желінбейтін нәрсенің не екенін айтады. Бұрыннан соны ойлап табу менің міндетім еді. Қырық жыл өтсе де не жейтінін білмеймін! Күн ыстық, терлеп келемін. Көшеде адам көп. Стамбұлға жұмысқа асыққандары көрініп тұр. Қырға шықтым, үйлер азайып, бау-бақша мен шие ағаштары көбейе түсті. Құстар да әлі ағаш басында. Көңіл күйім жақсы. Көп кешікпей топырақ жолмен жүрдім. Сәлден кейін үйлерін және төбесіндегі теледидар антеннасын көрдім.

Невзаттың әйелі мен Женнет әпке сиыр сауады.

Қыс кезінде сүттен шыққан буды көрген бір қызық. Невзат та осында екен. Үйдің артқы қабырғасына сүйеп қойған мотоциклші жондеп жатыр. Қасына бардым.

— Сәлем, — дедім.

— Сәлем — деді, бірақ бұрылып қарамады. Мотоциклдің бір жеріне саусағын қысып алып, безектеп кетті.

Бір сәт үнсіз қалды. Әңгіме болсын деп:

— Бұзылды ма? — дедім.

— Жоқ, жаным, — деді. — Бұл бұзылушы ма еді?

Мотоциклімен мақтанады және оның даусымен бүкіл ауданды шулатады. Екі жыл бұрын бақташылықпен, сосын сиырының сүтін сатып жинаған ақшасына алған болатын. Таңертең осы мотоциклімен сүт таратады. Бірақ мен «бізге тастама, мен өзім келіп аламын» деймін.

— Екі ыдыс әкеліпсің?

— Иә, — дедім, — Фарух мырзалар келді.

— Жарайды, қой мұнда!

Қойдым. Үйден сүт құйғышы мен таразысын алып шықты. Алдымен таразыға қойды, сосын сүт құйғышпен ақырын ыдысқа сүтті құйды.

— Екі күн болды, кафеге келмей қойдың, — деді.

Жауап қатпадым.

— Е-е-е, сен ол арсыздарға мән берме! Тәрбие көрмегендер! — деді.

Ойланып кеттім.

— Расымен де, сол газеттің жазғаны рас па өзі? — деп сұрады. — Шынында, бар ма сондай ергежейлілердің үйі?

Газетті бәрі оқыған ғой.

— Сен де ренжіп кетіп қалдың, — деді. — Ол арсыздарға ашулануға бола ма? Қайда кетіп қалдың?

— Кинотеатрға!

— Не бар еді ол жерде? Айтсаңшы маған да.

Айтып бердім. Айтып болғанымша бұл да ыдыстарымды толтырып қойыпты. Аузын бекітін жатыр.

— Мынандай қақпақтар қазір табылмайды, — деді. — Қымбаттап кетіпті, нашар шараптарға қазір пластик қоя бастады. Мен де осындай қақпақтарымды жоғалтып алмайын деп жүрмін. Жоғалтсаң, он лира. Өйткені менің сүтім «Пынар сүті» емес. Қиын болмаса, балаларыңа дәрі сүт ішкізесіңдер.

Үнемі айтатыпы осы. Қалтамнан Фарух мырза берген қақпақтарын шығарайын дедім де, райымнан қайттым. Тек қана ол бір қуанып қалсын деп:

— Иә, бәрі қымбаттады, — дедім.

— Солай! — деді асығыс ыдыстарды толтырып жатып. Қобалжып кетті. Қымбатшылықтан, өткен өміріндегі жақсы сәттерден сөз қылды. Ішім пысып кетті, тыңдамадым. Барлық ыдыстарын толтырып, сөмкесіне салып:

— Мен мыналарды таратып келемін, — деді. — Қаласаң, сені де үйіңе жеткізіп салайын.

Педалін басып, мотоциклін оталдырды да:

— Қане! — деді.

— Жоқ! — дедім мен, — жаяу барамын.

— Жарайды онда! — деді де, мотоциклімен зырылдай жөнелді.

Асфальтқа шығып кеткенше соңында аспанға көтерілген шаң-тозаңға карап тұрдым. Одан да ұялдым. Сүт құйылған ыдыстарды арқалап кете бардым. Сәлден кейін бұрылып артыма қарадым. Невзаттың әйелі мен Женнет әпке әлі сиыр сауып жүр. Женнет әпкенің төңкеріс жылдарын көргенін анам айтушы еді. Қорқып кететінмін. Бақшалар мен ара шегірткелер жоғалды, орнына үйлер тұрғызылды. Жылдар бойы сақталған жерлер. Кейін қыркүйекте аң аулауға келе бастайтын, көліктерінің ішінен жын соққандай секіріп шыққан тазы иттерімен. «Оларға жақындамаңдар, балалар, атып өлтіреді! Бір дуалдың қақ айрылған жерінде кесіртке! Қашты! Құйрығын не үшін тастайды кесірткелер, білесің бе, балам, қандай заңға сәйкес бұл?» деген еді Селахаттин мырза. Үнсіз, үрейлене қарайтынмын: шаршау, мүжілген, қартайған әке.

— Тоқта, саған бір қағазға жазайын да берейін, — деді де, «Чарльз Дарвин» деп жазып маған берді. Әлі сақтап келемін. Соңғы күндері басқа қағаз да берген болатын: бізде не артық, не кем болғандардың тізімі бұл, балам, саған тек мынаны қалдырамын. Бәлкім, басқа бір күні оқып түсінерсің. Қағазды алып қарадым: ескі жазулар. Ішімдіктен қан толған көзімен маған жақын келіп қарады; күні бойы бөлмесінде энциклопедиясымен отырған, шаршау еді. Кешкісін ішімдік ішетін, сосын аптасына бір рет қатты ішеді, сосын азайтады; кейде бақшаның бір жерінде, бөлмесінде немесе теңіз жағасында естен танғанша ішіп, бір-екі маспен жүріп қайтатын. Ондай күндерде мәртебелі ханым бөлмесінен шықпай отырып алатын. Ет дүкеніне бардым. Адам көп, ана ажарлы қара торы әйел жоқ.

— Біраз күтесің, Режеп, — деді Махмут.

Сүт ыдыстары мені шаршатып жіберді, отырып демалып алдым.

Селахаттин мырзаны қисайған жерінен тауып алып, мәртебелі ханым көріп тағы бастамасын деп, мына адам суықта қалып кетпесін деп қорқа-қорқа барып оятатын едім:

— Мырзам, неге бұл жерде жатырсыз? Жанбыр жауғалы тұр, тоңып қаласыз, барып бөлмеңізге жатыңыз, — дейтінмін. Бір нәрсені мінгірлеп айтып жатады. Қарт даусымен:

— Лагнет мемлекет! Лагнет мемлекет! Бәрі бекер! Мына томдарды бір бітіріп алсам. Ең болмаса мына жазудан Степанға сәл бұрын жолдай алсам; сағат қанша? Бүкіл ел ұйқыда, барлық шығыс ұйқыда! Жоқ, бекер емес, бірақ шамам жоқ! Шіркін, жаным қалағандай бір әйелім болса, анаң қашан өлді, Режеп, балам?

Әйтеуір бір кезде орнынан тұрады, қолымнан ұстайды. Апарып орнына жатқызамын. Жол бойы сөйлейді:

— Қашан оянады бұлар? Ақымақ, ойсыз ұйықтайды бұлар! Ақымақтар өтірікке белшеден батты. Әлемнің бастарындағы сандырақ және қарабайыр әңгімелерге сәйкес екеніне сеніп, қуана-қуана ұйықтайды. Қолыма шокпар алып бастарынан ұрып-ұрып оятамын оларды! Ақымақтар, жалған дүниеден көздерінді ашып оянындар, көріндер!

Содан ол маған сүйеніп, бөлмесіне келе жатып, мәртебелі ханымның бөлмесі ақырын іштен ашылатын. Жартылай қараңғы бөлмеден тіксініп, уайымдай қараған көздері көрінгендей болады. Сол мезет:

— Ай, ақымақ қатын, — дейтін. — Сенен ғана шошимын, жатқыз мені тосегіме, Режеп! Ояңған кезде кофем де дайын болсын! Жұмысқа кірісуім керек. Асықпасам болмайды, әліпбиді де ауыстырып жіберді. Энциклопедиямның барлық жоспары астан-кестен болды. Он бес жыл болды, бітіре алар емеспін!

Сойлей-сөйлей ұйықтайтын. Ұйықтап қалғанша қасында отырып, сосын бөлмеден аяғымның ұшымен шығып кететінмін.

Ойға шомып кетіпмін. Есімді жисам, әйелдердің бірінің баласы мені көріп аң-таң, көзім алмай отыр. Ыңғайсыздана бастадым. Ойымды басқа жаққа бөлейін десем болмады, шыдай алмай орнымнан тұрып, ыдыстарымды алдым.

— Мен кейіндеу келемін.

Шығып дүкенге бардым. Баланың көзқарасына адам төзер емес. Бала кезімде мен де қызыға қарайтынмын. Анам тұрмыс құрмай бала сүйгендіктен деп ойлаушы едім, бірақ олай емес екен. Әкем әке бола алмағанын айтқан соң түсіндім.

— Режеп көке! — деді біреу, — мені көрмедің бе?

Хасан екен.

— Құдай ақы, — дедім, — Ойланып кетіпін. Не істеп жүрсің мұнда?

— Ештеңе, — деді.

— Қане, бар үйіңе, сабағыңды оқы, — дедім, — бұл жерде сенің не шаруаң бар? Сен жүретін жер емес бұл жер.

— Неге?

— Қате түсіңбе, балам, — дедім. — Сабағыңды оқы дегенім ғой.

— Таңертең оқи алмаймын, көке, — деді, — өте ыстық. Кешкісін оқимын.

— Кешке де оқы, таңертең де оқы, — дедім. — Оқығың келеді ғой, солай ма?

— Әрине, оқығым келеді, — деді. — Сен ойлағандай қиын емес оқу деген. Мен жақсы оқимын.

— Иншалла! Қане, сен бар үйіңе!

— Фарух мырзалар келді ме? — деді. Ақ «Анадолды» көрдім. Қалай олар? Нилгүн де, Метин де келді ме?

— Келді, — дедім, — жақсы бәрі де.

— Сәлем айтыңыз, Нилгүнге де, Метинге де, — деді, — Оның үстіне жаңа ғана көрдім. Бұрыннан дос едік.

— Айтамын сәлемінді, — дедім. — Сен енді үйіңе бар!

— Қазір барамын! — деді. — Бірақ саған бір өтінішім бар, Режеп көке! Маған 50 лира бере аласың ба? Дәптер алуым керек. Дәптерлер өте қымбат.

— Темекі тартасың ба, не? — дедім.

— Дәптерлерім таусылды деп тұрмын ғой!

Ыдыстарымды жерге қойдым. Қалтамнан шығарып бір 20 лира бердім.

— Бұл жетпейді, — деді.

— Болды енді, ашуланамын қазір, — дедім.

— Жарайды, — деді. — Бір қалам алармын, не істейін енді? Кетіп бара жатып тоқтады да: — Әкеме айтпаңыз, жарай ма? — деді. — Босқа ашуланады.

— Иә, — дедім. — Ренжітпе әкенді.

Ол кетті. Мен де ыдыстарымды алып, дүкенші Назмиге келдім. Ешкім жоқ, бірақ Назмидің қолы тимей жатыр екен. Дәптерге бір нәрсе жазып жатыр. Сосын маған қарады. Әңгіме-дүкен құрдык.

Аналарды сұрады.

— Жақсы, — дедім.

— Фарух мырза?

Оның ішкенін айтып қайтемін? Онсыз да біледі. Күнде кешке келіп арақ алады. Басқалары ма? Олар да өсіп қалды.

— Қызды көріп тұрамын, аты кім еді? — деді. — Таңертен келіп газет алады.

— Нилгүн.

— Өсіп қалыпты.

— Иә, өсіп қалды. Бәрі де өсіп жетілді.

— Иә, ол Метин.

Оны көрінті. Оны қалай қалай танығанын айтты.

Міне, дос деген осы. Бір-біріміз білетін нәрсені айтамыз, жаным сүйеді. Сөздер, мына сөздердің бәрі бос, білемін бекер. Бірақ осыдан ләззат аламын, жұбанамын. Бәрін таразыға өлшеп, пакетке салды. Бір қағазға жазып бер дедім. Сосын оны үйге барып дәптерге жазып қоямын. Айдың соңында, қыс мезгілінде үш айда бір рет Фарух мырзаға көрсетемін. Сосын есептейді.

— Фарух мырза, мынау былай болды, мынау мұнша болды. Бір қарап есептерсіз. Қателік болмасын.

Ол қарамайды.

— Жарайды Режеп, рахмет, мыналар үйдің шығындары, ал мынау сенің еңбекақың, — деп әмиянынан тері иісі аңқыған дымқыл мыж-тыж ақшаларды алып, маған береді. Аламын да, санамай қалтама саламын. Алғысымды білдіріп, тақырыпты ауыстыруға тырысамын.

Назми мырза бір қағазға жазып берді, төледім. Мен дүкеннен шығып бара жатқанда, кенет:

— Расим бар ғой, — деді.

— Балықшы Расим.

— Иә, — деді, — кеше қайтыс болыпты.

Қарап тұрды, мен үн қатпадым. Артық ақшамды, ыдыстарымды және сөмкелерімді алдым.

— Жүректен кетіпті, — деді. — Арғы күні түс мезгілінде балалары келген соң шығарады екен.

Міне, осылай, сөздеріміз де, істеріміз де бәрі бекер.

Фарух мұрағатта ескі құжаттарды оқыды

Гебзеге келгенімде сағат таңғы тоғыз жарым еді. Көше ыстық, таңғы салқынның ізі де қалмаған. Келе салып губернаторлыққа кірдім. Бір өтінішке қол қойдым. Бір қызметкер де жазғанымда оқымай нөмірлеп берді. Бір тарихшының менен 300 жыл кейін мына үйінділер арасынан осы өтінішімді тауып оқитынына сенімді едім. Тарихшы болу — баға жетпес жұмыс.

Иә, баға жетпес жұмыс, дегенмен асқан сабырлықты қажет ететін жұмыс деп ойладым. Сабырлылығыма мақтанып, жұмысыма сешіммен кірістім. Төбелесіп жатып, бірін-бірі өлтірген екі дүкеншінің хикаясы қызықтырды. Жаназалары

шығарылып, жерге көмілген екі даукестің жақындары сот залында бір-бірін кінәлаған. Екеуінің пышақпен базар ортасында бірін-бірі қалай жарақаттағанын көрген куәгерлер егжей-тегжейлі баяндап берген. 17 жұмадан бұрын 998. Бұл танертең, хижра санауы бойынша айтылған жылдардың түсініктеме кітабын жаныма алып алдым. Ашып қарасам, бұл күн 1590 жылдың 24 наурызы болады екен! Демек, қыс мезгілінде болған оқиға. Жаңа жазып отырғанымда көз алдыма тек аптап жаздың күні елестеп отырған болатын. Бәлкім, шуақ шашқан наурыздың бір күні болуы да гажап емес. Сосын бір араб құлын алты мың ақшаға сатып алып, аяғында жарасы бар екенін білген соң сатушыға қайтарылуын талап еткен алушының сотқа берген арызын ашып оқыдым. Сатушының сөзіне қалай сенгенін, құлдың жарасының қаншалықты терең екенін алушы өте ашына жазған болуы керек. Сосын, Стамбұлдың билігі бар жер иесіне қатысты жазғандарын оқыдым. Сот қағаздарының тағы бір бұрышынан сол адамның жиырма жыл бұрын айлақта күзетші болып жүріп, жөнсіз әрекеті үшін сотты болғанын да оқыдым. Жарлықтардан Будак атты бір ер адамның Гебзеде айналдырып жүрген долларларының қандай екенін білуге тырыстым. Енді оба індетінің емес, соның ізіне түскендеймін. Өмірі болмаған бұл жер телімін дәптерге жазып бар деп көрсеткенін, бұл жердің салығын екі жыл қалтасынан төлеп, сосын бір баумен баспа-бас ауыстырып алғанын, жоқ жер телімінің жаңа қожайынының басына бәле тауып беріп, өзі құтылып кеткенін түсінгендей болдым. Немесе менің ойымнан Будакқа лайық көрген бұл хикая сот құжаттары бойынша құнын жоймаған. Құжаттардың кейбір жерлерін туралаған бұл хикаяны ойдан шығару үшін көп ойландым. Хикаяның басқа құжаттарда да тураланғанын көріп, қатты қуандым. Будак баудан жинаған жүзіммен басқа біреудің қорасында шарапхана жасап, сол жерде шарап саудасын бастаған. Саудада пайдаланған кейбір адамдардың сотта өзін кінәламас бұрын, оларға барынша қарсылық көрсетіп, өздерін бездіріп жіберге-

нін рахаттана оқыдым. Сосын оның Гебзеде кішкентай бір мешіт тұрғызғанын да білдім. Гебзенің атақты адамдары туралы баяндаған ол кітапта тарих мұғалімінің бұл адамға және сол мешітке бірнеге бет арнағанын оқып таң қалдым. Оның ойындағы Булак пен менің ойымдағы Булак мүлдем басқа. Ол кітапта лицейдің тарих кітаптарына суреті қойылатын, құрметті де байсалды Османдық бар еді. Менің Будақым болса, қу және қабілетті бір алаяқ. Будаққа байланысты құжаттармен байланыспайтын, жаңа және барынша бай бір хикая ойлап таба алар ма екенмін деп ойлап отырғанымда Риза келіп, түскі үзіліс басталғанын ескертті.

Сыртқа шықтым, тағы сол көшенің ыстығынан кашу үшін тар өткелден өтіп, ескі базарға бардым. Жоғарыға қарай, мешітке бет алдым. Өте ыстық еді. Аулада тірі жан жоқ, сәл әрдегі люктен араздасқан адамдардың даусы естіледі. Бұрылып қарным ашқанын сезіп, тамақтану үшін кафеге келдім. Бір қуыс көшеден өтіп бара жатқанымда балалардың бірі «Бөшке!» деп айқай салды. Басқалар күлсе де деп бұрылып қарамадым. Кафеге барып отырдым.

Шай сұрадым, темекімді тұтаттым. Тарихшы болу қандай екен деп ойлана бастадым. Жазуларды көшіріп жазып, бірнеше оқиғадан хикая құрастырғаннан басқа да жұмыс болу керек деймін. Мүмкін, былай шығар: бір топ оқиғаның себебін іздеп жатырмыз, содан ол оқиғадан басқа оқиғаға кірісіп кеттік, ол оқиғадан басқа оқиға туындап, осылайша жалғасып кете берсе, ғұмырымыз жетпесі анық. Біз бір шаруаны жарты жолдан қалдырып, басқасы келіп, оны сол жерден жалғастырып әкетуі де мүмкін. Бірақ олар алдымен біздің оқиғаларды қате тұжырымдағанымызды жазып бастайды.

Шайымды әлі әкелмеген балаға сөйлей бастадым. Сосын өзімді жұбатқым келіп былай ойландым: бостан-босқа уайымдайсың; тарихшының істегендеріне байланысты бұл ойлағандарың да бір хикаядан басқа ештеңе емес. Тарихтың ең маңыздысы да бір хикая, бір күлдіргі дүние деп білемін. Бірақ

галстук таққан әріптестерім салмақтылығын көрсету үшін бұл күлдіргі тұстарын жауып, өздерін балаларынан боліп қарағысы келеді. Әйтеуір бір кезде шайым келді-ау. Ішіне қант қостым да, қалай еритінін қарап отырдым. Тағы бір темекі тартқан соң мейрамханаға бардым.

Екі жыл бұрын да түскі асты осы мейрамханадан ішетінімін. Тып-тыныш, ыстық, адамға жағымды бір жер. Бу басқан жылы әйнектің артында қаңылтыр табада тізілген отуртма, мусакка, сарма, түрлү және түрлі баялды тағамдары бірдей қоюлықтағы бір майдың ішінде тұрады. Арқасы осы майдың үстіне шығып тұрған бір топ жартылай қуырылған котлет те жаздың ыстығында суға түскен әскерилерді еске салады. Тәбетім ашылды. Бір баялды мусакка, бір табак түрлүге тапсырыс беріп отырдым. Аяғына шұлық киген және кеудешелі даяшы сұраған соң бір сыра ішетінімді айттым. Сосын кенет әйелімді есіме алғым келді. Мұңға батып кеткендеймін. Әйелімнің ендігі некесінен бір баласы болатынын ойлап, ішім алай-дүлей болды. Осылай боларын білуші едім, сезетінімін. Бірақ тағы да мұны нақты білуімнің маған керегі жоғын да сезіп тұрмын. Алғашқы үйленген айларда бала сүюді кейінге жоспарлап, сақтық шараларын қолдандық. Селма дәрі мен құралдарға қарсы болғандықтан, барлық ләззат алатын жағдайлардан бас тартуға тура келетін. Сосын уақыт өте мұны ұмыта бастадық. Бір жылдан кейін бір рет қана балалар туралы сөйлесіп, енді перзент сүйсек деп армандап едік. Одан кейін баламыз болсын деп әрекет жасадық, бірақ болмады. Содан бір күні Селма келіп, маған дәрігерге бару керектігімізді ескертті. Мені батылдандыру үшін алдымен өзінің баратынын айтты. Мен қарсылық білдірдім. Дәрігер деген оңбағандарды өз ісіме араластырмайтынымды айттым. Селма дәрігерге барды ма, бармады ма, мен білмедім. Бәлкім, менен жасырынып барған да болар, бұл туралы ойлай да алмадым, себебі көп ұзамай айрылысып кеттік.

Даяшы бос ыдыстарды алып кетті. Тәттіден не бар деп сұрадым. Қадайф бар екен, әкелді. Тағы да сыра алдырдым.

Бұл жолы әкем мен анам ойыма түсті. Шығыста Кемахта едік. Әлі Нилгүн де, Метин де туылмаған еді. Анамның дені сау, үй шаруасын өзі-ақ атқаратын. Екі қабатты тас үйде тұрдық. Баспалдақтары тастай суық болатын. Түнде бөлмемнен шығуға қорқатынмын. Қарным қанша ашса да, жалғыз өзім төменге асханаға түсуге сескеніп, асүйдегі жейтін тағамдарды қиялдап, ұйқысыз жататынмын. Тас үйдің кішкентай балконы бар еді. Бұлтсыз суық қыс түндерінде сол жерден таулар арасында қалған ашпақ бір жазық жер көрінетін. Күн суытқан сайын қасқырдың ұлығанын еститінбіз. Қасқырлардың кешке ауылға келетіні туралы, олардың аштықтан үйдің есіктерін қағатыны туралы айтылып та жүретін. Есікті біреу қақса, «кім бұл?» деп сұрамай тұрып ашпа дейтін. Бір күнде түн ортасында әкем есікті тапаншамен ашқан еді. Көктемде де бір жолы қолына тапаншасын алып, балапандарға шапқан түлкінің соңынан түсіп аңдыған болатын. Бірақ түлкінің өзі емес, жүрген тықыры ғана байқалатын. Анам бүркіттердің де түлкі секілді балапандарды аулайтынын айтқан болатын. Сол кезде мен бүркіт дегенді бірде-бір рет көрмеппін деп ойлап, іштей қышжылатынмын. Осылай ойда отырғанымда мұрағатқа оралатын уақытымның өтіп кеткенін байқамай қалыпшын, орнымнан атып тұрдым.

Көгерген қағаздардың арасына отырып қайтадан жұмысыма көңілді кірісіп кеттім. Кез келгенін ақтарып оқып жатырмын. Қарызға батқан Юсуфтың қарызын төлегеннен соң кепілге қойған есегін кері алады. Бірақ қайтар жолда есегінің оң аяғының ақсап қалғанын көріп арызданады. Осылайша Хусейнмен соттасқанын оқып отырып, күлкімді тия алмадым. Үш шөлмек сыра ішіп, көтеріңкі көңіл күймен күліп отырғанымды да білемін. Бірақ мына жазылғандарды оқып, одан да бетер күлдім. Содан бұдан алдын оқыдым ба, оқымадым ба демей, қолыма түскен қағаздың бәрін оқи бердім. Дәптерге ешнәрсе жазбадым. Бір паракты ары, бір паракты бері алып, тек рахаттанып оқып отырдым. Бұл жұмыс жанға

жаққан соң, жағымды бір әуен тыңдағанмен бірдей болады екен. Бір жағынан, өзіме, өміріме қатысты әртүрлі ойларға шомып, бір жағынан, алдымдағы қағазға таңбаланған оқиғаларды ой елегінен өткізіп жатырмын. Бір диірменнің табысы туралы қор менеджері мен диірменші арасында түсініспеушілік болған, сотқа сол диірменнің кіріс-шығысы туралы бір топ есептер берілген. Отырыс хатшысы да мен дәптерге жазғандай бұл цифрларды даққа жазыпты. Диірменнің айлық, тоқсандық табысы, үгіткен бидайдың арпаның өлшемін, алдыңғы жылдардың табыстарын көрсететін бұл цифрлармен бір бетті толтырдым.

Сосын тағы мынаны шын сеніп оқыдым: бидай артқан жүк кемесі ең соңғы рет Карамурсел айлағына соғып өткен соң жоқ болып кеткен. Стамбұлға бармағанымен қоймай, ешкім ол туралы хабар да бермеген. Кеменің Тузладағы бір жерде, сол жартастар арасында жүгімен бірге батып, ал ішіндегі адамдары да жүзу білмегендіктен батып өлген болу керек деп шештім. Тағы бір Дурсун ұлы Абдуллахтың бояушы Кадри мен Мехметке боясын деп берген төрт астарды қайта сұрап жазған арызын оқыдым. Абдуллахтың астарды неге кері алғысы келгенін түсінбедім. Тұздалған көкөніс сататын Ибраһим Софу 19 Шабан 991 (7 қыркүйек, 1583) жылы, Гебзеде үш тұздалған қиярды бір ақшаға сатқаны үшін үстінен арыз жазып, түрмеген қамалған. Осыдан тура үш күн өткенде Махмут тарапынан сатылған 13 ақшалық сиыр етінің 140 дирхем кем шыққаны туралы хаттама толтырылған. Оны да дәптеріме жазып алдым. Шарап саудасын жасап, кейін алдап-сулап қызметке көретіліп алған анау менің Будакым — негізінде көңілді бір хикая жазу үшін тапсырмас кейіпкер. Құжаттар мен сілтеме нөмірлерімен үйтіп-бүйтіп құрастырған мына хикаяма бір тақырып іздей бастадым: Аян жүйесінің бір прототипі. Гебзелі алып Будак! Жаман емес! Тек Будак қана емес, Будак Паша болса, одан да керемет болады. Ол бірақ, кейіннен Паша болған жоқ па? Бәлкім, оның қалай

Паша болғаны туралы бір мақала жазармын. Мақаланың бас жағында 16-ғасырдың алғашқы жартысының жалпы көрінісін сызып көрсетіп қояр едім.

Қарақшылыққа бастаған Тахир Мехметұлы атты алаяқты тұтқындау туралы бұйрықты оқыдым. Етхем Пашаның жақындарының бірі бауын айналадағы ауылдан келгендердің малдарына жем қылмауға және оба індетінен қайтыс болды делінген әйелінің әкесінің таяқтап өлтіргенін жазған Нуриддиннің арызы бойынша қажетті шараларды қолға алуды бұйырған жарлықтарды оқыдым. Бірақ жазбадым. Сосын базар бағалары жазылған ұзын бір тізімді дәптеріме көшіріп жаздым. Тағы Өмерұлы Пір Ахметтің моншашы Мехметке берешек ақшасын сегіз күн ішінде тауып беру кепіл ретінде уәкіл Шейх Феттулахтың алдында міндеттемеге алғанын оқыдым. Сосын Мусаұлы Қызырдың аузынан шарап иісі шыққандығы үшін жазылған арыздарды да оқыдым. Тағы да күлкім келді, бірақ күлу үшін тағы бірер шөлмек сыра ішуім керек сияқты. Ұзақ уақыт бойы ешнәрсе ойламай және жазбай, көңіл қойып сот құжаттарын оқыдым. Маған ұнағаны ешнәрсе іздемегендігіме сенімді бола тұра, бәрін бір нәрсе іздеген адамдай, бір мәселенің шешімін таба алмай жатқандай зейін қоя оқуымда еді. Ақыры көзім шаршап тоқтадым. Күн сәулесі түскен жерге терезесіне қарадым.

Неге тарихшы болдым мен? Он жеті жасымда бір қызығушылығым оянды. Бары сол. Көктемде анам қайтыс болды, артынша әкем де зейнет жасын күтпей-ақ, губернаторлық жұмысынан бас тартты. Женнетхисарға орналасты. Мен де сол жазды Женнетхисарда әкемнің кітаптарын ақтарып, бақшада және теңіз жағасында жүріп оқығанымды ұмытпаймын. Сұрағандарға дәрігер болам дейтінмін, иә, әкем де, атам да дәрігер болды. Дегенмен көктемде барып тарихшы болам деп жазылдым. Тарихты маған ұқсап қызығып, шын ниетімен таңдаған қанша адам бар екен? Есіме түсіп кетіп, ашуландым: Селма ақымақтығымен мақтанатын ауру менің тұлғалық ерек-

шелігіме айналып кеткенін жиі айтатын. Бірақ оған тарихшы болғаным ұнайтын. Әкем, меніңше, жақтырмады, себебі менің тарихшы боламын дегенімді естіп, қатты ішкен болатын. Мүмкін, оған бола да ішпеген болар, ол онсыз да күнде ішіп жүрген арағы ғой. Әжем әкем ішпесін деп күнде ұрысып жататын. Әжем ойыма түскен соң, үй мен Нилгүн есіме түсіп кетті. Сағатыма қарасам, бес болып қалыпты. Сыраның да әсері қалмапты. Сәлден кейін оқудың да қызығы қалмады, Рызаны күтпей сыртқа шықтым. Колікке отырып үйге қайттым.

Метин би кешінде

Қарбыздың соңғы бөлігін де аузыма тығып, дастарханнан тұрып кеттім.

— Асыңды ішіп бітірмей қайда бара жатырсың енді? — деді әжем.

— Уайымдамаңыз, әже, — деді Нилгүн. — Метин асын ішіп тауысты.

— Қаласаң, көлікті ал, — деді Фарух.

— Керек болып жатса, келіп аламын, — дедім.

— Менің сықырлап қалған «Анадолым» бұл жерде іске жарамайды деген едің, солай ма?

Нилгүн бір рахаттана күлді. Мен ешнәрсе демедім. Жоғарыға шықтым. Ішінде жаздың ыстық күнінде жұмыс істеп тапқан он төрт лирасы өзіме деген сенімімді оятқан әмиянымды, кілтімді алдым. Қатты жақсы көретін американдық макасиімді бір рет шаңын сүртіп, жездемнің Лондоннан әкеліп сыйлаған және оны алғандағы қызықтарын айтып ішексілемізді қатырған жасыл жемпірді иығыма салып төменге түстім. Асүйден шығып бара жатқанда Режелті көрдім.

— Баялдыны жеместен қайда бара жатырсың, кішкентай мырза?

— Бәрін де жедім, қарбызды да.

— Тіл-көз тимесін!

Ауланың қақпасынап шығып бара жатырмын. Нилгүн мен Фарухтың күлкісі әлі естіліп тұр. Түні бойы істейтіндері осы: біреуі екіншісіне болмайтын нәрсені күлкіге айналдырып отырады. Сәлден кейін екіншісі қасындағысын күлдіру үшін бірдеңе ойлап табады. Осылайша, шамның әлсіз жарығының астында бірнеше сағат отырып, өздерінен басқаның бәрі әділетсіз, ақымақ және жаман деп, өздерінің ақымақтықтарын ұмытып кетеді. Осы әңгімемен отырып Фарух та бір шөлмек арағын тауысады, егер Нилгүн ұйықтап қалмаған болса, оған тастап кеткен әйелі туралы айтады. Бәлкім, бүгін де түнде үйге келгенде тағы да Фарухтың үстел басында қисайып жатқанын көретін шығармын. Өзінің осы қылығына қарамастан, ана шіріген көлігін әр берерінде ұялмай мені тілімен шағып, көңілімді қалдырады. Жарайды, сонша ақылды, саналы екенсің, анау өзі сұлу, өзі салиқалы әйеліңнен қалай айрылып жүрсің? Сатсаң, ең аз дегенде 5 миллион болатын жерде тұрады, бірақ тамақтанған ыдыстарының шеті сынық. Шанышқы мен пышақ дегенді таппайсың, тұз салатын ыдысының орнына шегемен қақпағын тескен ескі бір дәрінің шишасын қолданады. Тоқсан жастағы мүсәпір әжемнің әр жерге төгіп-шашып жегеніне еш нәрсе дей алмай отыр. Жүре-жүре Жейландардікіне келдім. Оның ата-анасы бакуатты отбасы. Бірақ көрер басқа қызығы жоқ кедей-кепшік секілді теледидар алдына жайғасып алыпты. Мұндай сауатсыздау байлар негізі қалай көңіл көтеруді білмейді! Жағаға бардым, бәрі жиналыпты. Тек таңнан кешке дейін шілдің мұрнына кісенделгендей бакшаны сулайтын бағбан кем болып тұр. Отырып тыңдадым:

— Сәлден кейін анам мен әкем жатқан соң видео көреміз.

— Жок, айналайын, түні бойы осы жерде тығылып отырамыз ба?

— Менің билегім келіп тұр, — деді Гүлнұр, қиялмен бір әуенге елігіп қимыл жасады.

— Біз покер ойнаймыз, — деді Фикрет.

— Чамлыжаға шай ішуге барайық.

— Елу километр!

— Түрік киносына барып тамашалап қайтайық!

Алыстағы аралдың шам жарығы жанып-сөніп, тынық теңізге қалай шағылысқанын көріп отырдым. Төбемде ілулі тұрған ханымеліні, қыздардың иіссуын иіскеп-иіскеп ойға шомдым.

Жейланды сүйетінімді ойладым; бірақ шешімін таппаған бір сезім оны менен алыстатып бара жатқандай: Таңға дейін төсегімде ойланғанша, оған өзім туралы айтуым керектігін білемін. Дегенмен ойласам, мен айтатын «меннің» еш маңызы қалмағандай. Менің айтатын нәрсем құтылардың ішіндегі құтылар секілді еді. Өз ішімде үнемі бір нәрсе бардай. Осындайлардан кейін нағыз өзімді тауып жарыққа шығарар едім, бәлкім, бірақ әр құтының ішінен Жейланға көрсететін шынайы Метин емес, оны жасырған басқа бір құты шығады. Былай ойладым: Махаббат адамды өтірікке сүйрейді екен. Тіпті ғашық болғаным сенгендігімнен мен осы екіжүзділік сезімінен құтылатынымды ойлап едім. Шіркін, бітсе екен бәрі!

Сосын бір шешімге келген басқалармен бірге жүрдім. Көліктерге міндік. Шуылдап қонақұйдің би кешіне бардық. Бірнеше алаңғасар туристерден басқа ешкім жоқ. Мына кен дүниеде демалыс үшін жүріп-жүріп осындай қапас әрі рухы әлсіз жерге келген туристерді келемеждеді.

— Ақымақ неміс ханзадалары!

— Көңіл көтергім келіп тұр достар, не істейміз?

Сосын біраз биледік, мен де Жейланмен биледім. Ештеңе дей алмадым. Маған 27x13 және 79x81 не болады деп сұрады. Жауабыма мән бермей күліп, жылдам әуен басталған кезде ішім пысып кетеді деп барып отырды. Мен жоғары қарай шықтым. Тыныш, жерде кілем төселген дәлізден өтіп, қарасан көз тоймайтын, мұнтаздай таза дәретханаға кірдім. Айнадан

өзімді көргенде бәрі де садақа кетсін, Алла жазасын берсін осылайша бір қызды сүйгеніме сенгендігім үшін деп ойладым, өз-өзімнен жиіркендім. Эйнштейн, меніңше, он сегіз жасында мұндай болмаған шығар. Ұлы Рокфеллер де мұндай болмаған шығар менің жасымда. Сосын байлықты армандап, қиялға берілдім: Ақыры Америкада тапқан ақшамен Түркияда бір газет сатып аламын, бірақ біздің ақымақ байлар сияқты оны жоқ дағдарысқа ұшыратпаймын. Газет редакторы болып, Юртташ Кане сияқты бір өміршең етемін. Мен аңыз болатын адаммын. Дегенмен Алла сақтасын, «Фенербакче» клубының бастығы болу да ойымда бар. Тағы бай болсам, осы мүсәпір күндерімді, ескі армандарымды ұмытып кететінімді ойлап, байларды жек көріп кеттім. Бірақ Жейлан ойымды бөлді. Оның билеп жүріп қолын қойған жерді, көйлегімнің үстін иіскедім де, дәретханадан шықтым. Баспалдақта оларға жолықтым. Басқа бір жерге бара жатыр екен, көліктерге қайта міндік.

Фикреттің «Алфа-Ромеосының» бір үшқыш кабинасын еске түсіретін алдыңғы жағында түймелер, белгілер, көрсеткіштер, жанып-сөнген түрлі-түсті жарықтар бар. Ойлана-ойлана қарадым. Стамбұл-Анкара жолына шықпастан бұрын Тургайлардың көлігі бізді ығыстырып кетті. Сосын үш көлік Гөзтепе қиылысына дейін жарысуға келістік. Жүк көліктері мен автобустардың, жаяу көпірлердің астынан, жанармай бекеттерінің, фабрикалардың, жағада отырып демалғандардың, кафелердің, үйдің балконынан шығып таза ау жұтқандардың, көлік жөндеушілердің, қарбыз сатушылардың жанынан, шайханалар мен мейрамханалардың арасынан жарысып өтіп кеттік. Фикрет дамылсыз көліктің сингалын басып келеді. Арасында достар айқайлап, күліп-ойнап келеді. Бір қиылыста қызыл жарық жанғанда Фикрет тежегішті басуға үлгермей, қарсы бетке өтіп кетті. Бар жылдамдықпен бір «Анадолдың» үстіне шығып кете жаздады, бірақ «Анадол» иесі сол мезет жолдың шетіне шығып үлгерді де, апаттан құтылды.

— Оздык олардан, — деп айқай салды Жейлан. — Бәрінен оздык, газды бас, Фикрет!

— Айналайындар, мен өлгім келмейді, көңіл көтергім келеді! — деді Зейнеп.

— Үйленгің келе ме?

— Мұны «Алфа-Ромео» дейді. Опы мойындау керек.

Жарыста біз жеңдік, сосын Суадиеге келдік, Багдат даңғылына шықтық. Жиіркенішті әлемнен таза болғаны үшін бұл көшені ұнатамын. Бәрінің бетінде жалған екенін анық жазады. Жиіркенішті ғимарат мәрмәрлары! Жиіркенішті плексигласс тақтасы! Өзін-өзі жасырмайтын бүкіл жиіркенішті дүниелерді жаным сүйеді. Бір «Мерседесім» болса, жолға шығып, мына қыздардың бірін міндетті түрде ұстап әкестер едім. Мен сені сүйемін, Жейлан! Мына өмірді кейде сүймейтін кездерім болады, бірақ сені бір сәт те сүймей жүре алмаспын. Көліктерді автотұраққа қойып, би кешіне кірдік. Бұл жер бір клуб деп есігін жауып қойған, бірақ 250 лира берсең, кіре аласың.

Демис Руссос ән шырқап тұр. Мен Жейланмен биледім, бірақ көп сөйлеспедік, артық ешнәрсе айта алмадым. Жаны жай таппай жүр екен, көңілсіз, мұң басқан күндерді бастан өткеріп жатқанын айтып, ойында менен де басқа бір нәрсе барын білдіргісі келгендей. Алыстағы көкжиекке ойлы жанармен ұзақ қарады. Бұл халін көріп, менің де дегбірім қашып, оған жаным ашыды. Сәт сайын оны жақсы көріп бара жатқанымды сезіндім.

— Не ойлап отырсың? — дедім.

— А-а-а, мен бе, ештене?

Тағы да біраз биледік. Арамызда белгісіз бір үзіліп түсер сезім бар секілді, бірақ екеуіміз де сол сезімнің нәзік жібін үзгіміз келмейтіндей бір-бірімізге жақындай түстік. Бірақ бұл жай менің қиялым екенін де білемін. Сәлден кейін жылауға шақ тұрған мұңды өлең аяқталып, жылдам әрі көңілді әуен басталды. Ортаға көңіл көтеру үшін елпілдеп-желпілдеп шыққан

жастар әп-сәтте толып кетті. Жейлан да солардың арасында қалды. Үстеріне түрлі түсті жарық сәулесі шағылысып, тез-тез билеп жатқандарды тамашалап, ой шырмауына еріксіз кіріп мен отыра бердім.

Тізелерін бүгіп дірілдеп, есі ауысқан тауықтай бастарын шайқап жатыр! Ақымақтар! Мұның бәрін ләззат алу үшін емес, басқалар да осылай істеп жатыр деп жасап жатқандарына сенімдімін! Билеп жатып, мен қазір билеп жатырмын ғой деп ойлайды дейсің бе? Өйткені оғаш әрекеттер, әуенді тыңдамасаң, одан да бетер оғаш! Мен билеп жатып істейтін әрекеттерімнің ақымақтық екенін түсінемін. Осыны ойлап, қысылған жанымды «амал нешік, мына қызды өзіме қарату үшін осындай оғаш қылықтарды жасауыма тура келеді» деп өзім жұбатамын. Осылайша, саналы түрде мына ақымақтардың қатарына қосылып кеттім бе деп ойланамын. Дегенмен қосылмай, соңында олар секілді әрекеттер жасап, өзіндік болмысымды сақтап қалсам болды емес пе? Мұндай болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Қуанып кеттім! Сосын мына жерде оңаша қалып, өзінше ақылсынып отыр демесін деп, барып сол ақымақтардың арасында биге қосылып кеттім.

Енді мына жердің де ауасы тар, болмайды, басқа жаққа барамыз деп бәрі шулап шықты. Қане, кеттік!

Тұрдық. Ақшаны Фикрет төледі. Ведат екеуіміз бөліп, өз ақымызды төлеуге ниет білдірдік. Бірақ Фикрет біз күткендей сөзге келмеді. Бұл жолы басқалардың Турғайдың «BWM»-нің әйнегін қағып, қарқылдап мәз болғандарын көрдім. Барып қарасам: Хулия мен Тұран бір-бірін құшақтаған күйі ұйықтап қалыпты. Зейнеп болса өзінің бастан өткерген ғашықтық сезімінің күшімен бақыттан басы айналғандай рахаттана күлді.

— Олар онсыз да көліктен түскен де жоқ еді ғой! — деді сосын.

Менің жасымдағы ер бала мен қыз баланың құшақтасып ұйықтауға болатынын түсіндім.

Көліктерге жайғастық. Анкара жолына шыққан кезде бұрышта қарбыз сатып тұрғандардың алдына барып Турғайдың көлігі тоқтады. Турғай көліктен түсіп, сығырайған шам жарығының астында сатушымен бірденелерді сөйлесті. Қарбыз сатушысы күтіп тұрған үш көлікке бұрылып қарады. Аздан кейін Турғай келді де, көліктің терезесінен Фикретке былай деді:

— Бермей жатыр, болмайды дейді, — деді.

— Мәселе бізде, біз топырлап келдік, — деді Фикрет.

— Жоқ па екен? — деді Гүлнұр, — Енді не істейміз?

— Ішімдікке қанағат қылсаң, басқа жерден аламыз.

— Болмайды, мен ішімдік ішпеймін. Бір дәріханаға барайық.

— Не аласың дәріханадан?

— Басқалар не дейді? — деп сұрады Фикрет.

Турғай ана көлікке барды. Қайтадан келді.

— Ішімдік алайық деп жатыр, — деді. Кетіп бара жатып тоқтай қалды да: — Банкеттерді әлі мұздаппапты.

— Жарайды, — деді Фикрет, — түсіндім!

Жолға шықтық. Малтепеге жетпей тұрып, Германияның нөмірі жазылған бір көлікті ұнаттым, үсті шабадандармен толып, артқы жағы салмақтан қисайып тұр.

— Бұл әрі «Мерседес»! — деп бақырды Фикрет. — Қане, достар!

Ол Турғайдың көлігіне жарығын өшіріп-қосып, белгі берді. Сосын өзінің көлігінің жылдамдығын азайтып, біраз артта қалды. Тамашалап тұрмыз: Турғайдың «BMW»-сі алдымен «Мерседестің» сол жағына шықты. Бірақ ығыстырып, газын басып зырғып кетудің орнына, ақырын ғана оңға тартып, «Мерседесті» жолдың шетіне қарай ығыстырды. «Мерседес» болса біраз сигналын басып абдырап қалды. Кейін Турғайдың «BMW»-сіне соғысып қалмау үшін амалсыз дөңгелегін төмен түсірді. Бәрі күлді. Оны қашқан бір қорқақ итке ұқсатты. Турғайдың «BMW»-сі болса газға басып кетті. «Мерседеспен» жарыс ойыннан құтылған соң:

— Қанекей, кезек сенікі Фикрет! — деді.

— Әзір емес. Біраз өзіне келсін!

Мерседесте бір гана адам бар еді: Германиядан оралған бір қызметкер деп ойладым, одан әрі ойлағым да келмеді.

— Абайлаңдар, ол жаққа қарамандар, достар! — деді Фикрет.

Ол да Тургай сияқты алдымен «Мерседестің» сол жағына шықты, сосын ақырын-ақырын оңға итерді. «Мерседес» шыңғырғандай болып сигнал басқанда қыздар кібіртіктеп қалды. Қорыққан болу керек. Фикрет одан бетер оңға тартқанда германдықтың дөңгелегі тағы түсіп кетті. Тағы да бәсеңдей бастаған соң, бәрі күлкіге тағы қарық болды.

— Ана байғұстың түрін көрдіңдер ме?

Газды басып жүріп кеттік. Сәлден соң, Ведаттың колігі де осылай басып озды-ау деймін, ойткені «Мерседестің» ашумен шыңғырған сигналын естідік. Кейін бір жанармай беке-тінде жолықтық. Жарықтарын сөндіріп, жасырынып тұрды. Германдық «Мерседестің» қарсы алдымыздан асықпай өтіп бара жатқанын көріп мәз болдық.

— Обал болды негізі, ана адамға жаным ашыды, — деді Зейнеп.

Сосын бәрі болған нәрсені жарыса қуанышпен айтып дабырласып кетті. Мен болсам оз-озімнен қысылып келемін. Сол жердегі дүңгіршекке барып бір шөлмек шарап сұрап, ішіп алдым.

— Сен Стамбұлдансың ба? — деді дүңгіршек сатушысы.

Дүңгіршектің іші бір зергердің витринасы сияқты жап-жарық. Не болса да сол жерде біраз тұрып, дүңгіршектің кішкентай радиосындағы түрік әйел әншінің түрік әнін тыңдап, бәрін ұмытқым келді. Махаббатқа, жамандыққа, сүйіспеншілікке және жетістікке деген аласапыран сезім мен ойлар сергелдең еткендей.

— Иә, Стамбұлданмын.

— Қайда бара жатырсыздар?

— Қыдырып жүрміз, міне!

Сатушы түсінігі мол, ұйқылы және шаршау басын шайқады.

— А-а-а, қыздармен десенші...

Маңызды бір нәрсе айтатындай сыңай таныттым, ол да менен маңызды бір әңгіме күткендей, салмақты козқараспен қарады. Сол мезет достардың көліктері сигналдарын дамылсыз басып, бастарын аспанға көтерді. Жүгіре басып көлікке міндім. «Қайда жүрсің?» деп бәрі шуылдасып жатыр. Менің кесірімнен үлгере алмай қалатындарын да айтып үлгерді. Негізі мен бәрі біткен болу керек деп ойлаған едім, бітпепті. Жылдам жүріп Пендиктен кейін тағы көрдік оны, шаршау жүк көлігіне ұқсап әрең-әрең қырға шығып келеді. Бұл жолы алдымен Тургай солдан келіп, «Мерседесті» оңға қарай ығыстырды. Ведат болса оң жағына, ал біз артынан келіп, бамперіне тақап жақындадық. Осылайша, оны бізден озатын болса, ішінен шаншылып қалардай жан-жағынан қыстық. Сәл жүрген соң, бізден басып озғысы келді, бірақ құтыла алмады. Оны сигналдарды соңына дейін басып, көлік жарықтарын жақын түсіріп шиқылдаттық. Музыканы да барынша шығарып, қолдарын терезеден шығарып, оның көлігін ұрғылап жатты. Айқайлап-шулап, терезеден бастарын шығарып, ән салуға кірісті. Арамызда қысылып қалған «Мерседес» те бізбен бірге ышқына сигналын басып келеді. Бәрінің мына қарқынмен шуылдаған дауыстары бүкіл ауданды басына көтерді. Осылайша, қаншама үй, аудан, фабрикалардың арасынан жын ұргандай зуылдап өте шыққанымызды білмедім. Ақырында неміс жүргізуші жылдамдықты басқан соң, артымызда автобустар, жүк көліктері топырлай бастады. Амалсыз онымен қоштасып, кетуімізге тура келді.

Ойланбай шарап іштім. Женнетхисар жолына түстік, кәрі бір ерлі-зайыштылар отырған «Анадолды» басып озуға тырыстық, бірақ болмады. Жанармай бекетінен кейінгі кездесу орындарының алдынан өтіп бара жатқанда Фикрет барынша сигнал берді. Жарығын жағып өшірді. Бірақ ешкім

ешнәрсе демеді. Біршама уақыт жүрген соң, Жейлан жалаң аяқтарын көліктің артқы терезесінен сыртқа шығарғанын көрдім. Ұзын, аппақ аяқтары артымыздан келген көліктердің жарығымен тура сахнаның жарығындай шағылысып келеді. Сырт көзге ұқыпты, саналы бір қызметкердің аяғы секілді жәй-жәй қимылдап қояды. Аппақ жалаңаш аяқтары желге шайқатылып келе жатқандай. Гүлнүр Жейланды иығынан ұстап, ішке тартты.

— Мен мас емеспін, — деді Жейлан.

Бәріміз үнсіз қалдық. Стамбұлдан Анкараға маңызды бір жұмысқа келе жатқандай мерзімді демалыс аумақтарынан, фабрикалар мен зәйтүн және шие бақшаларының арасынан ешбіріміз тіл қатпай келеміз. Көлік ішінде шырқап тұрған әуенді де естімегенсіп, жүк көліктері мен автобустардың жанынан өткенде басқан сигналдарымызды да елемей, ұзақ жол жүрдік. Мен тек Жейланды ойладым, оның жаңағы қылығы үшін өмірімнің соңына дейін сүйіп өтуге бармын деп келемін.

Херекеден өткен соң, бір жанармай бекетіне тоқтадық. Көліктерден түстік. Дүңгіршектен нашар шарап пен сэндвич алдық. Бір автобустан түскен шаршау және шаны ұрпиген жолаушылар арасына кіріп кетіп, қолымыздағыларды жедік. Жейланның жол шетіне шыққанын, ағын суға қарап қарнын тойдырып, ары-бері өткен көліктерге таңдана қарап сэндвич жегенін көрдім. Одан екі көзімді алмай қарап отырып, болашағымды ойладым.

Сәлден кейін Фикреттің қараңғы жерде Жейланға жақындай түскенін байқадым. Оған бір темекі беріп тұтатты. Менен оншалық алыста емес еді. Бірақ ары-бері өткен көліктердің гүрілінен олардың не деп жатқандарын ести алмадым. Мені сол қызықтырды. Көп ұзамай бұл қызығушылығым қорқынышқа ұласты. Мен үшін бір жеңіліс секілді... Артынша көліктерге міндік те, ешнәрсе ойламай түннің қараңғылығына қойып кеттік.

Сүйкімді қыз Фатма

Барлық жанға жағымсыз шуыл басылған соң, күні бойы басымды ауыртқан жағажай, моторлы қайық, бала, әуен, радио, мастар, боғауыз сөздер, теледидар мен көлік дауысы тыншығап соң, ең соңғы көлік ауланың қақпасының алдына зулай өткен соң, мен орнымнан ақырын тұрып, перделер арасынан сыртқа қарап, құлағымды түремін: ешкім жоқ, бәрі шаршап ұйқыға батқан. Тек қана жел, теңіздің толқыны, сыбырлаған ағаш жапырақтары, кейде олар болмаса жақын жерде қара шегіртке, қарқылдаған қарға немесе шәуілдеген ит болады. Ондай кезде пердені жауып қойып, үнсіз оларды тыңдаймын. Сосын тоқсан жыл жасаған өмірімді ойлап қорқып кетем. Көлеңкем түскен шоптердің ішінен шыққан бір леп тура аяғымды тондырып, мені қорқытып барады: барып жылы көрпемнің астына кіріп алсам ба? Бірақ тыныштық әлемге бойымды үйретіп, рахаттанып отыра бердім. Бейне бірдене болатындай, бейне бір біреумен сөйлескендей, бейне бір мына әлем маған жаңа бір нәрсе көрсетердей. Күттім, күттім, сосын пердемді жауып, төсегіме келіп шетіне отырдым. Сағаттың бірден жиырма кеткен тіліне қарап ойға шомдым: бұл жолы да Селахаттин қателескен екен, иә, жаңа еш нәрсе жоқ!

«Әр күні жаңа бір әлем біздің Фатма», — дейтін Селахаттин. — Әлем біз сияқты әр таңда қайта туады, осы мені қатты толғандырады. Кейде күн шықпай тұрып оянамын да, сәлден кейін күннің туатынын, барлық нәрсенің жап-жаңа болатынын, сол жаңа дүниемен өзімнің де жаңарып, бұрын білмеген нәрселерімді көріп, оқып үйренетінімді және үйренген соң білгендерімді қайтадан көретінімді ойлап қатты толқимын, Фатма! Төсегімнен атып тұрып, далаға шығып, күннің қалай туғанына қарап отырғым келеді. Күн шығып келе жатқанда барлық өсімдік пен жәндік атаулының қалай оянып, өзге-

ре бастағанын көргім келеді. Сосын босқа тұрмай жоғарыға шығып, осы көргенімді жазайын деймін, Фатма! Ал, сен ше, сен неге осылай сезінбейсің, неге бір нәрсе айтпайсың, қалай ойлайсың? Міне, қарашы, Фатма, көрдің бе мына шынжыртабанды, не болды, бір күні бұл да көбелек болып ұшады! Еее, адам тек қана көргенін және көріп тәжірибе жасағандарын жазуы керек. Сол кезде ана еуропалықтар секілді мен де, мысалы, Дарвин секілді ұлы тұлға, шынайы бір ғалым болармын, бәлкім. Дегенмен мына қараңғы шығыста ешкім бір тұлға бола алмас, Фатма! Көрдң бе, мына шабдалы қалай гүл ашты, қалай бұлай хош иісі аңқып тұр? Жарайды, иіс дегеніміз не? Бізге осы сезімді берген кім? Фатма, інжірдің неге мұнша арасыз болғанын көрдң бе? Құмырсқалар қалай ымдасады? Фатма, бір рет болса да теңіздің оңтүстіктен соғатын желден бұрын қалай көтерілетін және солтүстік-шығыстан соғатын желден соң қалай басылып қалатынын ойландың ба? Адам деген үнемі зер салу керек, зерделеу керек. Сонда ғана білім жетіледі және басымызды осылайша тәрбиелей аламыз». Жаңбырдан соң аспан күркірей бастағанда қуаныштан құтырған шайтан бөлмесінен атып шығады, баспалдақтарды екі аттап далаға шығып топыраққа шалқасынан жатады да, үсті-басы малмандай су болғанша бұлттардан көз алмайды. Бұлттар туралы да жазатынын, жазу үшін бір себеп іздейтінін білетінмін. Өйткені ол былай дейтін: «Әр нәрсенің өзіне тән бір себебі бар екенін елдің бәрі білген кезде, ойларында Аллаға жол қалмайды. Ашылған гүлдердің, жұмыртқалаған тауықтың, көтеріліп басылған теңіздің және күркіреген аспан мен жаңбырдың күдіретін Алладан емес, менің энциклопедиямнан табады. Сол кезде бір нәрсені басқа бір нәрсе жарататынын және Алланың қолынан ешнәрсе келмейтінін түсінеді. Жарайды, Алла бар бола қойсын, бірақ ол тұрған жерінде жай ғана бізді тамашалаушы көрермен. Біз өзіміз өз білімімізбен оның қолындағыларын тартып ала алатынымызды көреді. Мынаны айтшы, Фатма, бұл өмірде болып-біткен нәрсенің бәріне қа-

рап отырудан басқаға күші жетпейтін біреуді Аллаһ деуге бола ма? Ия, үндемейсің, солай ма? Себебі сен де түсініп отырсың Аллаһтың жоқ екенін. Сен сияқты күндердің бір күні олар да менің жазғандарымды оқып, мұны түсінетін болады. Тыңдап тұрсың ба мені?».

Жоқ, тындамаймын мен сені, Селахаттин! Бірақ ол мен үшін айтып жатқан жоқ: «Аллаһтың қолынан ешнәрсе келмейтінін түсінгенде, барлық нәрсе өз қолымызда екенін біледі; қорқыныш пен батылдықтың, күнә мен жазаның, жақсы мен жаманның өз қолдарында екенін көргенде не болар екен, Фатма?» Мұны айтып отырып, дастарханда шөлмектің қасында емес, тура бір жазу үстелінің жанында отырғандай атып тұрып, жоғары-төмен түсіп-мініп айқайға басады: «Сол кезде менің алғашқы жылдарымдағыдай болады; өз ойларына өздері сенбейді; ойларына түскен нәрседен өздері безеді; ойлаған ойлары үшін өздерін кінәлай бастайды; басқалардың да сол бір нәрсені ойлай алатынын түсініп қорқынышқа қылғынып, үреймен өздерін кінәлі сезіне бастайды. Сол кезде жүгіре-жүгіре маған келеді. Менің кітаптарыма — 48 томдық энциклопедияма менің және тәңіршіл нәрсенің енді осы томдық болғанын, мен болғанымды түсінетін болады, Фатма! Иә, мен, дәрігер Селахаттин, ХХ ғасырда «Оның» орнына енді бүкіл мұсылмандардың жаңа тәңірі неге болмаймын? Өйткені енді тек ғылым тәңір болады, Фатма, естіп тұрсың ба?».

Жоқ! Енді мынаны естіп тұрудың өзі күнә екенін білемін, өйткені Режектің пісірген шегілген етпен қуырылған картоп пен дәмсіз көк пиязды жеп, ыдысыма ашуре алып, жанындағы кіші бөлмеге кетіп қалдым. Сол жерде аяғым тонбасын деп тіземді бүгіп отырып, кішкентай қасығыммен ашуремді асықпай жей бастадым. Бір анар, асбұршак, нокат, құрғак інжір, мейізбен жаңғақтардың үстіне бір гүлдің ніссуын сепкендей, қандай ғажап!

Ұйқым келмейді. Төсектің шетінен түрдым. Ашуре ішкім келді. Үстелге барып отырдым, үстінде бір ыдыста әтір тұр.

Шиша ыдыста емес, бірақ іші көрініп тұр. Кеше алғаш көргенде шиша ыдыс деп ойлағам. Бірақ қолыма ұстап көрген соң білдім. Тіксініп мынау не өзі дедім. «Шиша ыдыста жоқ екен, әже», — деді Нилгүн. Мені тыңдамай білегіме жаға бастады. Пластиктен шыққан нәрсе сендерге өмір сыйлайтын шығар, бірақ маған емес.

Мына қарт адамдар қандай күлкілі деп өздерін де келемеждеп қояды: «Әже, қалайсыз? Теледидар деген не, білесіз бе? Неге бізбен төменде бірге отырмайсыз? Мына тігін машинаңыз қандай әдемі? Педалі да бар. Балдағыңызды неге төсегіңізге алып жатасыз? Сізді көлікпен қыдыртайық! Киімдеріңіздің оюлары қандай әдемі! Сайлауға неге дауыс бермедіңіз? Неге бос шкафыңызды ақтара бересіз?» деп, әр сөйлеген сайын күледі. «Маған қарап неге күле бересіңдер», — десем, тағы күледі. «Біз күліп жатқан жоқпыз», — деп тағы күледі. Не үшін күледі, түсінбеймін, бәлкім, аталары мен әкелері өмір бойы жылап өткен соң ба? Мазам кетті.

Ергежейліні оятып, ашуре сұрасам ба екен? Балдағыммен жерді ұрсам, оянып келеді: «Не болды, мәртебелі ханым?» дейді. «Түннің ортасында, оның үстіне мына мезгілде қайдан болсын? Сіз ештеңе ойламай жатып демалыңыз! Ертең бір жолын табамын».

«Менің жағдайымды жасамасаң, не істеп жүрсің мұнда? Жоғал!» Ол да дереу кетеді. Балаларға айтып та үлгереді: «Мен қатты қиналып жүрмін, балалар, әжеңіз маған күн көрсетпейді!». Жарайды солай-ақ болсын, олай болса неге мына ергежейлі мұнда жүр, неге кетпейді ана бауыры ұқсап?

«Өйткені, — дейді ол, — мәртебелі ханым, сіз де жақсы білесіз, марқұм Доған мырза «алындар мына ақшаны, Режеп, Исмайыл, алындар! Қалауларыңша өмір сүріңдер, мен әкем мен анамның кінәлары мен күналарының кесірінен ар азабын тартудан жалықтым. Алындар мына ақшаны» деген кезде, ақылды Исмайыл, аман болсын бауырым, «жарайды» деп ақшаны алып, өзіне қыр басынан жер алды да, үй салды. Анау

ше, өткенде мазаратқа бара жатқанда алдынан өттік қой. Енді неге дым білмегенсіп тұрсыз, мәртебелі ханым! Біреуімізді ақсақ, ал мені ергежейлі еткен сіз емессіз бе?». «Өшір үңді!» Қорқып кеттім. Ол бәрін алдап жатыр: «Аңқау Доғанымды алдап, не айтқандарыңды білмеймін, бірақ қолыңдағы ақшасын алдыңдар! Саған да, ұлым, ешнәрсе жоқ! Қара, міне, құтыма, ана ішкіш әкеңнің кесірінен ешнәрсе қалмады». «Әкем туралы олай деменіз, анашым! Ақша да, гауһартас та қарғыс атқыр, барлық жамандықтың бастауы; бер ана құтыны, теңізге лақтырып жіберемін, жоқ, оны басқа пайдалы нәрсеге қолданамын, анашым! Қарашы, білесің бе, мен хаттар жазамын, шаруашылық министрлігін танимын. Мектепте менен бір сынып кейін оқыған. Заң жобасын әзірлеп жатырмын. Бұл жолы пайдасын көретінімізге сенемін! Жарайды, анашым, құтыңа тимеймін. Сен де менің шаруама араласпа. Менің ішімдік ішкеніме қарама!».

Үстелден тұрдым, шкафыма жақындадым, кілтті шығарып, есігін аштым. Шкаф иісі аңқып тұр. Екінші тартпаға қойған болатынмын. Орнында тұр екен. Ашпай тұрып иіскедім. Аузын ашып, бос құтыны тағы иіскедім, балалық шағым есіме түсті.

Стамбұлда көктем кезі. Мен он төрт жасар қызбын.

— Біз ертең түстен кейін қыдыруға барамыз.

— Қайда барасыздар?

— Шүкрі Пашалардікіне барамыз, әке! Түркан, Шүкран және Ниган атты қыздарымен ойнаймын. Бірге ойнап-күліп, күйсандық тартамыз. Олар мені күлдіреді, олең, кейде мен үшін аударылған романдарды оқып береді. Мен оларды қатты жақсы көремін.

— Жарайды, бірақ қазір тым кеш болды, енді сен ұйықта, Фатма!

— Жарайды, мен ұйықтаймын, — деп ертең сонда баратынымды ойлап ұйқыға батамын. Әкем есікті жабады. Жабылған есіктің лебімен әкемнің иісі маған жетеді. Мен төсегімде оларды ойлап ұйықтаймын. Таңертен күн төбемде тұрады.

Құтының иісі секілді, есімді жидым: жетер енді, ақымақ құты! Мен өмірдің не екенін білемін! Өмір сенің ішіңе кіріп, өртеп-өртеп, ой, Алла, тас-талқан етеді, ақымақ қыз! Ашуланғаным сондай, не болса да құтыны лақтырып жіберуге шақ қалдым, өзімді ұстадым. Енді уақытты қалай бөлсем екен. Қоя түр, тағы бір кезі келер. Бұл жолы үшінші тартпаға салдым, шкафты жаптым, кілттедім. Кілттедім бе деп тағы бір тексеріп қарадым, иә кілттеппін. Барып төсегіме жайғастым. Төсегімнің үстіңгі жағында үйдің төбесі. Мен неге ұйықтай алмай жатқанымды білемін. Үйдің төбесі жасыл. Ең соңғы көлік әлі келмегендіктен. Бірақ жасыл бояу төгіліп қалыпты. Ол келген соң аяқ тықырын естіп, жатқанын білемін. Астынан сары шығады. Бар әлем менде екенін ұғынғанда, жасыл бояу астынан шыққан сарының астында пысылдап ұйықтаймын. Бірақ ұйықтай алмадым: түр-түсті ойладым, түр-түстің сырын тапқым келді.

«Бояулардың және түр-түстің сыры өте қарапайым, Фатма», — дейтін Селахаттин. Теріс айналдырып үстел үстіне қойған Доғанның велосипедінің артқы дөңгелегіне таққан ана жеті шеңберді маған көрсетті: «Көріп тұрсың ба, Фатма? Жеті түс бар мына жерде, енді қара, не болар екен мына жеті түс». Шайтанарбаның педалін қуана-қуана жылдам айналдырғанда жеті түс бір-біріне араласып кеткенін көріп қызыға түстім, бірақ біртүрлі қорқып та кеттім. Ол рахаттан күліп, бөлменің ішінде ары-бері айналдырды. Кешкі аста аз уақыттан кейін бір шетке лақтырып тастайтын ұстанымын мақтана түсіндірді: «Фатма, тек көзбен көргенімді жазам мен, ұстанымым осы менің. Тәжірибеммен растамаған нәрсемен ешқашан энциклопедияға жазбаймын!». Ол бұл сөзді неше мәрте айтқанын да ұмытып қалған болар. Өйткені өлімнің сырын тапқан жылдарда өмір қысқа, энциклопедияның ұзақ екеніне сенімді еді. «Әр нәрсені тәжірибе жасауға ешкімнің уақыты жоқ, Фатма!» — дейтін. «Кір жуатын бөлмеге құрған анау зертхана бір жастық құмарлығынан басқа ешнәрсе емес

екен. Батыстықтардың ойлап тапқан барлық білім қазынасын бір рет тағы тәжірибеден өткізіп, анықтауға кіріскен адамның не ақымақ болуы керек, не тәкаппар болу керек» деген болатын. Тура менің «сен осының екеуісің де, Селахаттин» дейтінімді білгендей, өзінен-өзі ашуланып, айқайға басатын: «Алып Дидерот та он жеті жылда энциклопедиясын бітіре алмады, Фатма. Өйткені ол тәкаппар болды. Вольтер мен Руссо екеуімен тайталасып не керегі бар, ақымақ адам. Өйткені олар да ең болмағанда өзің сияқты үлкен адамдар және адам деген кейде үлкен адамдардың кейбір нәрселерді өзінен бұрын ойлап таба алатынын түсінбесе, бар жұмысы жарты жолда қалады. Мен ақкөңілмін. Еуропадағы барлық нәрсені бізден бұрын тауып, ең ұсақ ерекшеліктеріне дейін зерттегендерін мойындаймын. Сол бір нәрсені қайтадан зерттеу ақымақтық емес пе? Алтынның бір сантиметр кубы 19,3 грамм болатынын, мен тағы қолыма таразы алып қайтадан тартуыма және қалтама алтын толтырып, Стамбұлдағы анау намыссыздардың арасына баруымның еш керегі жоқ, Фатма! Шындық бір рет айтады: аспан Францияда көк, інжір ағаштары Нью-Йоркта да тамызда жеміс береді. Тауық жұмыртқасынан біздің тауық кепеде балапан шыққанындай ант етемін, Фатма, бүгін Қытайда да шығып жатыр. Су буы Лондонда машиналарды айналдырса, бұл жерде де айналдырып жатыр. Аллаһ Парижде жоқ болса, бұл жерде де жоқ. Адам барлық жерде бір және тең. Мемлекет әрқашан ең жақсысы, ал білім — барлық нәрсенің бастауы!»

Селахаттин бұларды айтқан соң, енді Гебзедегі темірші және пеш жағушыларға оғаш машина мен құралдар жасатудан, олардың ақшасын тауып берем деп маған жалынудан және ана еврейді шақырудан бас тартқан еді. Субұрқактың қалай жұмыс істейтінін көрсету үшін пеш мұржасымен жасаған білезік құбырларға енді шелек-шелек су құйып, жындыхана ауласында субұрқакқа қарап тыншыған жындылар секілді алдана алмайды. Электрдің не екенін тауып көрсету

үшін тек қана жаңбырдан қамыр секілді су болып түскен қағаздар ұшырудан және лупа, әйнектермен, басынан түтін шыққан мұржалармен, түсті шишалармен және дүрбілермен ойнаудан да баз кешті. «Кір жуатын болмедегі сандырақ бос нәрселер үшін сені көп шығынға батырдым, Фатма», — дейтін. — Бәрі де жас баланың тірлігі деп сен дұрыс айтыпсың. Кешірім сұраймын! Үйімізге құратын анау әуесқой зертханалармен ғылымға қосар үлесіміз болатынын ойлау — тек жастық қызығы емес, сонымен қатар ғылымның қандай биік бір нәрсе екенін түсінбеушіліктен келген бір балалық екен. Ал мына кілтті! Режеп екеуің олардың бәрін алып, теңізге лақтырып тастандар! Қаласандар, сатындар! Не қаласаң, соны жаса! Иә, алыңдар мына табақтарды, жәндік жинақтарын, балық сүйектерін, ақымақша кентірген анау гүлдерді және жапырақтарды, дәрі ішінде жатқан анау тышқан, жарқанат, жылан мен құрбақа оліктерін, ал ұста банкаларды, Фатма! Ой, Алла, жиіркенетін, қорқатын не бар енді? Жарайды жарайды, Режепті шақыр, дереу құтылайық мына сандырақтардан. Онысыз да кітаптарыма орын қалмап еді, дұрыс болды. Себебі біздің шығыста отырып жаңалық тауып шығаратынымызды ойлаудың өзі бір надандық екен. Адамдар бәрін тауып қойған, айтылатын сөз де қалмаған екен. Қара мына сөздерге: күннің астында жаңа бір нәрсе жоқ! Фатма, қарашы, көрдің бе? Мына сөздердің өзі жаңа емес. Мұны да, қарғыс атсын, солардан үйрендік. Мені түсініп тұрсың ба? Уақытым да жоқ енді. Энциклонедиямды 48 томға сыйдыра алмайтынымды білемін! Мына көп деректерді 54 томға жинау керек, ең дұрысы! Бір жағынан, бұл шығармам халықтың дүниесі болсын деп те сабырсызданып қоямын. Шынайы бір еңбек жазу адамды қалай мүжіп тастайды десеңші?! Қысқаша қайыруға да хақым жоқ, Фатма, білемін! Өйткені мен шындықтың бір шетін, бір бұрышының басын 100 беттік кішкентай кітапта көрсетіп, сосын жылдар бойы мақтанып шіренген ана ақымақтар секілді рухы төмен біреу емеспін, Фатма! Бола да алмаймын! Анау

Абдуллах Жевдеттің трактаттарына қара, қалай болса солай. Шындықтың бары осы ма, яғни? Оның үстіне Де Пассетті қате түсінген. Боннесансты еш оқымаған. Тағы да *fraternite* сөзін қате қолданған. Бірақ бұл ақымақтардың қай жерін түзетесің? Түзелткенде де кім түсінер дейсің? Надан халыққа бәрін қарапайым жолмен түсінсін деп түсіндіресің, онсыз да осы себептен ана ғылыми жаңалықтарды түсіндірем деп иманым қашты. Жазуларымның ана жеріне, мына жеріне осы малғұндар түсінсін деп мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер жазамын», — деп Селахаттиннің айқай салғаны есімде. Бірден соңғы көліктен кейінгі соңғы көліктің гүрілін естідім.

Аула қақпасының алдына тоқтады. Моторы тырылдап, есігі ашылғанда естідім: Қандай жағымсыз, жиіркенішті әуен мынау! Сосын сойлесе бастады, тыңдадым.

— Ертең кешке Жейландардікінде, жарай ма! — деп айқайлады біреуі.

— Жарайды! — деп оған айқай салды Метин.

Сосын көлік шикылдап, шыңғырып оталды да, жоқ болды. Сосын Метин аулаға кірді. Сықырлатып асүй есігін ашты. Бес қадам басып баспалдаққа мінді. Селахаттиннің ас бөлмесі дейтін жерден өтіп, жоғары шыққан баспалдақтар он тоғыз қатар еді. Шығып, менің есігімнің алдынан өтіп бара жатқанда ойға баттым: Метин, Метин деп айқайлайын, кел мұнда, айт маған, қайда жүрсің, не бар сыртта, түннің бір уағында не бар көшеде? Айт, кәие, қайда бардың, не көрдің, қызықтыр мені, көңілімді көтер менің десем. Бірақ ол мен ойланып отырғанда бөлмесіне кіріп те кетті. Мен беске дейін санап біткенше, шешініп, төсегіне жантая кетеді. Төсекке секіріп жатқанда үй орнынан қозғалып кетердей болады. Рас, мен беске дейін санағанша, ал, бір, екі, үш, төрт, бес... Міне, енді қандай керемет ұйықтап жатыр жас жігіт, өйткені жас кезде сондай рахат ұйықтайсың, солай ма, Фатма?!

Бірақ он бес жасымда да олай ұйықтай алмайтынмын. Бір нәрсе күтетінмін. Ат арбасымен селкілдеп қыдыруды, күй-

сандық тартуды, бөлелерімнің келуін, сосын келгендердің кетуін, тамактануды және тамактанып болған соң орнымыздан тұруды күтеміз. Бүкіл бұл күтуді аяқтайтын тағы да бір маңызды күту барын да тағы күтеміз. Осылайша күтуден-күту деп, соңында адам не күтіп жүргенін ешқашан біле алмайды. Сосын арадан төқсан жыл өткенде жүздеген кішкентай суағардан бір тамып, мәрмәр субұрқакқа ұласқан мөлдір су секілді бәрінің басымды қатырғанын ойлаймын. Ыстық және тынық жаз түнінің тыныштығында субұрқактың салқындығына кеудемді жақындатқан сайын ішінде өзімді көремін және өзімнің менімен толғанын көремін. Мөлдір судың үстіне шаң түспесін дегендей, мен де өзімді кір шалмасын деп ашық ауаға ұшырғым келеді. Жеңіл, кішкентай, нәзік қыз едім мен.

Кейде осы адамдар өмірінің соңына дейін кішкентай қыз болып қала ала ма екен, деп ойлаймын: Үлкейіп, күнәға батқысы келмесе, мен секілді бір қыз тек осыны қаласа, солай қалуга лайықты болу керек. Ол үшін не істеу керек сонда? Стамбұлда бала кезімде мен оларға қонаққа барғанда Ниганның, Түрканның және Шүкранның кезекпен оқыған, түрікшеге аударылған француз романын тыңдаған едім: Христиандардың монастырлары бар екен; ластанғың келмесе төбеге шығып, соның ішіне кіресің және күтесің; бірақ біртүрлі екен деп ойладым мен. Ниганның оқыған сол кітабын тындап отырғанда; олар ана жерде жұмыртқалағысы келмеген жалқау және қырсық тауықтар сияқты қатар-қатар отыр. Сосын үлкейіп қартайғандарын да ойлап жиіркендім: Христиан нәрсе-сі пұт, крест; қара сақалды, қызыл көзді поштар суық тас қабырғалардың ішінде шіриді! Олай бөлғым келмейді! Ешкімге көрінбей бір жерде қалсам болды.

Жоқ, ұйықтай алмаймын! Жоғарыға босқа қарап жатырмын. Айналып, әрең-әрең тұрдым. Үстелге келдім де, тура бірінші рет көріп тұрғандай жайпақ легенге қарадым: Ергежейлі бүгін кешке шабалды мен шиіе қойып кетінті. Бір шиіе алып, аузыма салдым. Бір ірі жақұт данасы секілді, ұртымда біраз

ұстап тұрдым. Сосын тістеп, суы мен дәмі мені алып бір жерге апаруын күткендей асықпай шайнай бастадым. Осында отырмын. Дөнегін шығарып тастап, тағы біреуін алдым. Сосын тағы бір данасын, сосын тағы бір данасын, дәнектерін шығардым, мен тағы осындамын. Бұл түн де қиын өтетін сияқты.

Хасан жағажайға жетті

Оянып қарадым, күн тас төбеге келіпті. Құстар ағашта, анам мен әкем үйдің ішінде әңгіме бастап кетіпті.

— Хасан түнде қаншада жатты? — деді әкем.

— Білмеймін, — деді анам. — Мен ұйықтап қалыппын. Тағы нан жейсің бе?

— Жоқ, — деді әкем. — Түсте үйде ме деп бір тексеруге келемін.

Олар біршама уақыт үнсіз қалды, бірақ құстар сайрауын қоймады: жатқан жерімде құстарды және Стамбұлға асыққандардың көлік даусын тыңдадым. Сосын тұрып, шалбарымның қалтасынан Нилгүннің тарағын алып, қайтадан орныма жаттым. Терезеден кірген күн сәулесінен тараққа қарап, жайғасып жатып, ойға баттым. Қолымда ұстаған нәрсенің Нилгүннің қалың шашының ең терең түптеріне дейін тигенін есіме алдым.

Сосын терезеден ақырын шықтым. Құдықтан су алып бетімді жуып едім, өзімді сергек сезіндім: Енді түнде ойлағанымдай біз бөлек ортаның адамдарымыз деп ойламайтын болдым. Ішке кірдім. Суға түсетін іш киімімді, шалбарымды және резеңке аяқ киімімді кидім. Тарақты қалтама салдым да, шығып бара жатқанымда есіктің тықырын естідім. Әкем кетіп бара жатыр. Яғни таңғы аста қызанақ, сыр және зәйтүнмен бірге

өмірдің қандай қиын екенін және лицей аттестатының қандай маңызды екенін естімейтін болдым деген сөз. Есік алдында сөйлесіп тұр.

— Оған айт, бүгін отырып сабақ оқымайтын болса... — деді әкем.

— Кеше түнде отырып сабақ оқыды ғой, — деді анам.

— Мен аулаға шығып, терезеден ішке қарадым, — деді әкем, — үстелде отырды, бірақ сабақ оқып отырған жоқ, ойының бәрі басқа жақта екені белгілі.

— Оқиды, оқиды! — деді анам.

— Өзі білер, — деді ақсақ лотерея сатушысы. — Болмаса, тағы да шаштаразға оқуға жіберем.

Сосын бірі күшті, бірі әлсіз екі аяғының алыстап бара жатқанын естідім. Тық-тық етіп тықылдап кеткен соң, мен де шығып, асүйге бардым. Таңғы асымды іше бастадым.

— Отыр, — деді анам. — Неге тұрып тұрсың?

— Қазір кетін барамын, — дедім. — Не болса да, қалай сабақ оқысам да әкем көрмейді екен. Жаңа естідім.

— Сен оған қарама, — деді, — қане, отырып асықпай әдемілеп же! Саған шай құяйын, ішесің бе?

Маған аналық махаббатпен қарап тұр. Анамды қаншалықты жақсы көретінімді және әкемді қаншалықты жек көретінімді ойладым. Анама жаным ашыды, әкемнің бір кездерде оны ұрып-соғып, маған басқа бауыр сыйлай алмағаны есіме түсті. Бұл қандай күнәнің жазасы еді? Дегенмен менің бауырым — анам. Ойладым: біз анам екеуіміз анасы мен ұлы емес, тура бір бауыр секілдіміз. Бізді сазайын тартсын деп мынау ақсақтың үйіне әкеліп тығып, оның сатқан лотереясының ақшасымен күн көре алсаңдар, көріндер деді. Иә, жағдайымыз анау айтқандай жаман емес, біздің сыныпта жағдайы бізден де төмен кедейлер бар. Дегенмен біз бір дүкеннің иесі емеспіз. Бақшадағы қызанақ, асбұршақ, бұрыш, пияз болмаса, қазанға салып қайнататын нәрсе үшін сұлу анам лотерея сатушы болған ана сараңнан ақша сұрамас еді, бәлкім, екеуіміз аш

қалар едік. Анама бар жағдайды айтайын дедім: әлемді, алып мемлекеттердің ойыншығы болғанымызды, коммунистерді, материалистерді, импералистерді, басқаларды және бұрыннан біздің ата-бабамыз болған ұлттарға бүгін қалай алақан жаюға дейін жеткенімізді. Бірақ ол түсінбейді: тек бақытсыздығына шағымдана береді, бірақ оның себебін ойламайды.

— Жоқ, анашым, — дедім. — Мен тез келемін, бір шаруам бар.

— Жарайды, ұлым, — деді, — Сен білесің.

Жақсы, сұлу анам! Бірақ кейін...

— Енді кешікпе, тез кел, сабақ оқы, түстен кейін әкең келмей тұрып кел, — деді.

Солай-ақ болсын! Бір сәт ақша сұрасам ба деп ойладым, бірақ сұрамадым. Үйден шығып, қырға қарай өрмеледім. Кеше 50 лира берген еді. Режеп көкем де 20 лира берген еді, екі рет телефон соқтым. Ол 20 және лахмажун 15, қолымда 35 лира қалды. Қалтамнан шығарып қарадым, иә сол 35 лира тұр. Осы есепті шығару үшін қандай алгоритм не болмаса қандай түбір асты квадратқа мұқтаждық керек? Дегенмен мені сыныптан сыныпқа өткізбеген ана мұғалімдердің, мырзалардың ниеті басқа: мені мұқату, сүйреткісі келеді, сүйретіп-сүйретіп соңында мені азға қанағат етуге үйренсін деп басымды игісі келеді. Менің соған үйренгенімді көріп қуанасыздар, рахаттанып тұрып «бұл өмір сүруді үйреніпті» дейтіндеріңізді білемін. Бірақ, мырзалар, мен сіздердің өмірлеріңізді үйренбеймін. Қолыма тапанша алып, қайта мен сіздерге үйретемін: сол кезде немен шұғылданғым келетінін сіздерге мен айтамын. Көліктерімен сайдан қырға қарай жанымнан тез-тез өтіп жатады. Қарсы фабрикада да ереуіл болып жатыр. Жүйкем бұзылды, жаным бір нәрсені қалайды. Ең болмағанда ұйымға барғым келді. Бірақ ол жерде жалғыз отырудан қорықтым. Жалғыз өзім Үскіударға да бара алатынымды ойладым. Маған таза, жақсы бір қызмет беріндер, қабырғаларға жазу, базарда шақыру сату маған болмайды, үлкен жауапты

жұмыс беріндер маған. Теледидарлар мен газеттерде бір күні мен туралы жарыса айтатын болады.

Жағажайға келіп Нилгүнді іздедім. Ол жоқ. Көшеде айналып жүрдім. Балкондарда, кішкентай бақшада отырып, аналар, қыздар мен ұлдар таңғы ас ішіп жатыр. Кейбірінің бақшасы сондай кішкентай, үстелі жолға сондай жақын болғаны сонша, табақтарында тұрған зейтүндерін санай аламын. Бәрін жағажайға жинасам, қатарға тұрындар жалқау бөлелер деп жоғары дауыспен бір жерге шығып алып, бәрін бастап баяндасам: Ұялмайсыңдар ма, тозақтан қорықпайсыңдар ма? Ар-ожданыңыз қайда? Санасыз бөлелер, қандай болса да өз рахатыңыздан, дүкеніңізден және фабрикаңыздан келер пайдадан басқа ешнәрсе ойламай өмір сүріп жатырсыздар. Түсінбеймін! Бірақ енді көрсетемін сендерге! Оттар мен машина мылтықтар! Қазір тарихи фильм де көрсетпейді. Мен бір амалын жасаймын, астан-кестен етемін бәрін, мені ұмытпайтын болады! Нилгүндердің үйінің алдына келдім, қарасам ешкім жоқ. Телефон соғып, осының бәрін түсіндірсем. Жағалауға келдім, қарасам ол әлі жоқ. Сәлден кейін Режен көкемді көрдім, қолында себеті бар. Мені көрген соң, бағытын ауыстырды. Жаныма келді.

— Не істеп жүрсің сен бұл жерде? — деді.

— Ештеңе! — дедім, — кеше көп сабақ оқыдым, қазір демалып жүрмін.

— Қане, қайт үйіңе, балам, — деді, — бұл жерде саған не бар?

— Иә, — дедім, — кеше берген 20 лиранды жаратпадым, көке. 20 лираға дәптер бермейді екен. Қаламсабым бар, керек емес. Бір дәптер 50 лира. Қолымды қалтама салдым, 20 лираны тауып алып, оған кері қайтардым.

— Керек емес, — деді. — Мен саған оны сабақ оқы деп бердім. Оқы да, үлкен азамат бол!

— Үлкен азамат болу тегін емес, — дедім. — Бір дәптердің өзі 50 лира ғой.

— Жарайды, — деді де, қалтасынан 30 лира шығарып берді. — Бірақ байқа, барып темекі алып жүрме!

— Темекі шегеді деп ойласаң, алмай-ақ қояйын, — дедім. Біраз кідіріп барып алдым. — Жарайды, рахмет. Метинге, Нилгүнге сәлем айтыңыз. Олар келген еді ғой, иә? Менің барып сабақ оқуым керек. Ағылшын тілі біршама қиын болып тұр.

— Әрине, қиын! — деді ергежейлі. — Өмірді оңай деп ойлап па едің?

Енді бұл да әкем сияқты бастап кетер ме деп жүріп кеттім. Ол болса бұрылып, асықпай кетіп барады. Жаным ашыды. Бәрі торды басынан ұстайды, бір жерде үзілмесін деп, аузынан ұстап алады. Бұл жерде менің жұмысым не деп сұрайды бәрі. Жақтырмайды, білемін. Өздері рахатанып күнеларын жасайды да, мені көрсе берекесі қашардай болады. Токтадым, біраз күттім. Барып жағажайға қарап едім, жүрегім селк етті. Нилгүн бағана келіпті де, топыраққа жайғасыпты. Қашан келдің? Қолында тұрған кітанқа басын қимылдатпай қарап жатыр. Мен болсам аң-таңмын.

— Ооп! — деп айқай салды біреу. — Ішіне құлап кетерсің! Карасам, біздің Сердар екен.

— Не жаңалық, бала? — деді. — Не істеп жүрсің сен бұл жерде?

— Ештеңе!

— Рентгенге түсіріп жатырсың ба бәрің?

— Жоқ, — дедім, — шаруам бар.

— Өтірік айтпа, — деді. — Ішке біреуді жеп қоятындай қарап тұрсың ғой. Ұят емес пе? Кешке Мұстафаға айтайын да, сен де көресіні көр.

— Бір танысым бар еді, соны күтіп тұрмын. Сен не істеп жүрсің?

— Көлік жондеушіге бара жатырмын, — деді, қолындағы сөмкесі көрсетіп. — Кім ол танысың?

— Танымайсың, — дедім.

— Сенің ешқандай танысың жоқ, — деді. — Ұялмай қыздарға қарап отырсың. Танысың қайсы, кім ол, қане, көрсетші!

— Жарайды, — дедім, — көрсетсем кім екенін, бірақ сен білдірмей кара.

Көз қиығыммен көрсеттім, қарады.

— Кітап оқып жатыр, — деді, — сен оны қайдан танысың?

— Осы жерден танымын! — дедім. — Бұрыннан, мына жерде бірде-бір үй жоқ кезден. Бір ғана біздің сайдағы тас үйіміз болған және олардың ескі біртүрлі үйлері болатын. Сосын қазір базардағы кішкентай жасыл дүкен. Басқа ешкім жоқ болатын. Жоғары аудандар да жоқ еді. Фабрикалар да жоқ еді, Йенимакалле мен Есентепе де жоқ болатын. Мынау жаздық демалу орындары, жағажай деген атымен жоқ. Пойыз ол кездерде фабрикалар мен қоймалардың арасынан емес, бау-бақшалардың арасынан өтетін. Иә!

— Ол кезде мына жерлер әдемі ме еді?

— Әдемі болатын! — дедім. — Шиелер көктемде басқаша гүлдейтін. Қолыңмен теңізді ұстайсың, кефир болмаса қарагөз келіп алақаныңа әздері түсетін.

— Жақсы айтып қоясың, — деді. — Ал енді ана қызды не үшін күтіп отырғаныңды айт!

— Бір нәрсе беруім керек оған! — дедім, — бір заты менде қалып қойды. Шығарып көрсеттім, — Бұл тарақ соныкі!

— Арзан тарақ қой мынау! — деді, — олар ондай тарақ қолданбайды. Әкелші бері, көрейін!

Алсын, көрсін, білсін деп бердім. Қолына алып, қарғыс атқыр ол тарақты ары-бері майыстыра бастады.

— Сен бұл қызға ғашықсың ба қазір?

— Жоқ, — дедім, — абайла, сындырасың!

— Бетің қызарып кетті. Демек, мына ауқаттылардың қызына ғашық болдың!

— Майыстырма деймін, — дедім, — обал ғой тараққа.

— Неге? — деді де, тарақты қалтасына салып, бұрылып кете берді.

Артынан жүгірдім.

— Жок, Сердар, — дедім. — Осы қалжының да жетеді. — Жауап бермеді. — Болды енді, бер тарақты, — дедім, жауап қатпады. — Айналайын-ау, дәл қазір қалжындайтын кез емес. Ұят болады.

Тура жағажайдың есігінің алдына тұрған көптің арасына кіріп бара жатып:

— Сен маған ешнәрсе берген жоқсың ғой, бауырым! — деді айқайлап. — Қапе, сонымнан ерме, ұят емес пе?

Жұрттың көзі менде. Ешнәрсе демедім. Үнсіз кідірдім, сонынан қарап, алыстан аңдып ұзақ тұрдым. Бір кезде қарасам, айналада ешкім жоқ екен. Осыны пайдаланып, білдірмей артынан барып қолын қайырдым. Тыпырлай бастады. Бұл жолы қолын аямай қайырдым, жаны көзіне көрінді, білем.

— А-а-а, малғұн! — деп айқайға басты. Сөмкесі жерге түсті. — Қоя түр енді, беремін!

Қалтасынан шығарды да, тарақты жерге тастады.

— Сен қалжыңды да түсінбейсің бе? — деді. Мен ештеңе болмағандай тарақты алып, қалтама салдым. — Сен ешнәрсең де түсінбейсің, ақымақ бөлтірік!

Қатулы қабақпен бір қаралым. Кері бұрылдым да, жағажайға қарай бет алдым. Соңымнан қалып балағаттап жатыр, тіпті менің бір аксүйектің қызына гашық екенімді айқайлап айтып та жатыр. Ары-бері өтіп жатқандар естіді ме, білмеймін.

Жағажайға келген соң қарасам, Нилгүн кетіп қалыпты. Жок, кетпепті, ана жерде сөмкесі тұр. Қалтамнан тарақты шығарып, опы теңізден келсін деп күттім.

Келген соң жанына барамын: «Мына тарақты түсіріп алыпсың, Нилгүн. Жолдан таптым, саған әкелдім, алмайсың ба, әлде сенікі емес пе?» деймін. Алып, рахмет айтар. «Оқасы жоқ, рахмет айтуыңның да керегі жоқ, қазір рахмет айтып тұрсың, кеше жолда бір сәлемімді алуға жарамаған едің» деймін. Кешірім сұрар. «Кешірім сұрауыңның да керегі жоқ. Сен жақсы қызсың, білемін, қабір басында әжеңмен бірге қалай

дұға жасағаныңды көрдім» деймін. Ол менен басқа не істеп жүргенімді сұрар. Мен математика мен ағылшын тіліне дайындалын жүргенімді айтармын. «Сен университетте оқисың ба, мыналарды жақсы білетін боларсың, маған да үйретші» дермін. Ол келісіп, үйіне шақырады. Осылайша, бәлкім, оның үйіне де барармын, біздің бірге сабаққа дайындалғанымызды көргендер «мыналар екі түрлі ортаның балалары» деп айта алмас. Біз бір үстелде отырамыз.

Сосын оны топырлаған адамдардың арасынан көрдім: Теңізден шығыпты, күнге құрғатпады. Аяғым соған қарай жүгіріп кетердей! Сары көйлегін киіп, сөмкесін алып есікке қарай бет алғанда мен де жағажайдан шықтым. Дүкенге қарай жүгіре бастым. Сәлден соң бұрылып, артыма қарадым, Нилгүн де дүкенге жақындап қалыпты. Жақсы болды. Дүкенге келіп:

— Маған бір Кока-кола беріңізші! — дедім.

— Қазір! — деді сатушы.

Бірақ сатушы қазір Нилгүн келіп менің бостан-босқа тұрған кезімде ұстап алсын дегендей, арғы жағындағы қарт әйелмен есептесе бастады. Бір кезде қарт әйелді жіберіп, маған біртүрлі көзбен қарап, шөлмекті ашып берді. Шөлмекті қолынан жұлып алып, дүкеннің бір бұрышына барып, оны күтіп тұрдым. Қазір ол ішке кіреді, ал мен бір бұрышта су ішіп тұрған боламын. Қандай кездейсоқ кездесу! «Сәлем, қалайсың? Маған ағылшын тілін үйретесің бе?» деймін. Күттім, күттім және Нилгүн, сен ішке кірген кезде мен судың сыртындағы қағазды оқып, байқамай қалдым. Сен де мені көрмедің, әлде көрсен де өткендегідей бір сәлем беруге жарамай тұрдың. Әйтеуір мен жаққа қарамадың.

— Сізде тарақ бар ма? — дедің Нилгүн сен.

— Қандай тарақ? — деді сатушы.

— Менікі жоғалып қалды. Қандай болса да бір тарақ алайың, — дедің сен.

— Тек мыналар ғана бар, — деді сатушы, — бола ма сізге?

— Корейің, — дедің сен.

Бір үнсіздік орнады, осы сәтте мен де шыдамым таусылып, бұрылдым да саған қарадым, Нилгүн! Бір қырыңнан жүзінді көре алдым. Қандай сұлусың! Мұрның да кіп-кішкентай!

— Жарайды! — дедің, — Мынаның біреуін алайын.

Бірақ сатушы жауап бермей, сол мезет дүкенге кірген әйелге қарап кетті. Сол кезде сен айналаға көз салдың, мен де қормегенсіп тұрғанымды біліп қоятыныңды ойлап, қорыққанымнан:

— Сәлем, — дедім.

— Сәлем, — дедің сен де.

Бірақ ішім қылп етті, өйткені мені көрген кезде өңің қашты; мені жақтырмай қалғаныңды көрдім. Демек, саған ұнамаймын. Осылайша, қолымда сусын шөлмегін ұстаған күйі қалшыып қалдым. Біз осылай бөтен адамдарша дүкен ішінде үнсіз қалдық. Менімен бетпе-бет келудің өзін қаламауың орынды, себебі біз екеуіміз екі басқа адамбыз. Екеуіміздің ортамыз екі бөлек! Адам деген соншалықты бір сәлемін де аяйды екен-ау деп ойладым. Тіпті ешқандай себепсіз дұшпанын көргендей жақтырмай қарау дегенге таң қалдым. Математикамды оқиын деп ойладым. Лицей аттестатын қолыма алып, биікке ұмтылайын дедім.

Нилгүн бір қызыл тарақ алды.

— «Жумхуриет» газетінен біреуін беріңізші, — дедің, мен аң-таңмын.

Таңырқай қарадым. Газетін алып асықпай есіктен шыққанына қарап тұрып, қолымдағы шөлмекпен мен де жүгіре жөнелдім.

— Демек, сен коммунистердің газетін оқисың ба? — дедім.

— Не дейсің? — деді Нилгүн. Тек не айтқанымды білгісі келгендей сұрады және не дегім келгенін білді де, кідіріп барып, ештеңе деместен бұрылып кетті.

Бірақ мен сені қоймаймын. Бәрін түсіндірсін, мен оған айттайын. Мен де соңына түсіп барғым келді, бірақ қолымдағы Кока-кола шишасын көріп, кері қайттым. Дүкенге келіп

ақшасын төлеп, артық ақшамды алайын деп күттім. Ана қу дүкенші мені ұмытып кетіп қалар деді, білем, босқа мені көп күттірді.

Дүкеннен қайта шығып қарасам, Нилгүн ұзап кетіпті. Соңынан жүгірсем жетер едім, бірақ жүгірмедім. Тез-тез жүре бастадым. Себебі айналамда маған қарап тұрғандар да бар еді. Өңшең жағажайға асыққандар, базарға бара жатқандар, бал-мұздақ жегендер. Жылдам-жылдам жүріп қырға шықтым, түстім. Бір бұрышқа келгенде оның артынан бар күшімді салып жүгірсем де жете алмайтынымды білдім. Сонда да жүре бердім, есігінің алдына дейін бардым. Темірлердің арасынан қарадым: ауладан үйіне кірді.

Қарсы беттегі ағаштың көлеңкесінде отырып біраз ойландым. Коммунистерді және олардың кімді алдап соғарын да ойладым. Сосын тұрдым, қолымды қалтама салып асықпай келемін. Қалтамда манағы жасыл тарақ әлі тұр. Алып қарадым, сындырып тастағым келді, бірақ оны сындыруға да ерініп тұрмын. Жаяужолдың шетінде қоқыс жәшігі болатын, соның ішіне лақтырып тастадым сенің жасыл тарағыңды, Нилгүн! Артыма да қарамай кете бердім. Анау дүкенге дейін жүре бердім. Ойыма бір нәрсе келді.

Е-е, сенімен бір сөйлесем, дүкенші мырза. Біз саған ана газетті сатпайсың деп едік қой! Қандай жаза сұрайсың, айт енді өзің? Бәлкім, ашығын айтар, мен коммунистпін, ана қыз да коммунист, сол үшін оған газетті сатамын деп. Бір жағынан Нилгүнді ойлап мазам кетті. Кішкентай кезінде қандай сүйкімді қыз еді! Ашумен дүкенге кірдім.

— Тағы да сен бе? — деді сатушы. — Не қалайсың?

Басқа тұтынушылар болған соң күте тұрдым. Бірақ тағы да сұрады дүкенші, басқалар да маған тосырқай қарады.

— Мен бе? — дедім. — Бір тарақ аламын.

— Жарайды, — деді. — Сен лотерея сатушысы Исмайылдың ұлысың ғой, солай ма? — Құтысын шығарып көрсетті: — Ана қыз жаңа ғана қызылын алды.

— Қайсы қыз? — дедім. — Маған әйтеуір бір тарақ болса болды.

— Жарайды, жарайды, — деді, — Сен өзің қалаған түсінді айт.

— Қаншаға бересің бұларды?

Басқалардың бәрі кетіп, мен оңаша қалған соң, бүкіл тарақты асықпай қарадым. Сосын тура сенікідей қызыл тарақ алдым, Нилгүн. 25 лира екен. Бердім. Дүкеннен шықтым. Енді екеуіміздің де тарағымыз бірдей деп ойладым. Сосын жүріп-жүріп соқпақ жолдың біткен жеріне дейін келдім. Бағанағы қоқыс жәшігі сол жерде. Оны көрген ешкім жоқ. Қолымды ішіне салдым да жасыл тарақты алдым. Кірленіп қалыпты. Ешкім байқамады: байқаса не болыпты? Енді қалтамда екі тарақ бар, Нилгүн! Біреуі сенікі, ал біреуі сенікінің сынары! Осыны ойлаудың өзі маған бақыт!

Фарух хикаяларды жинақтады

Сағат беске таяп келеді. Зең басқан дымқыл жертөле бөлмесінің терезелеріне күн түскелі көп болды. Сәлден кейін сөмкемді жинап, таза ауада оба індетін іздестіремін. Ойым сан-сақта. Сәл бұрын құжаттар арасында мақсатсыз жүретінімді, байқамай көп нәрсеге қол жеткізетінімді ойлап едім. Енді мына оғаш жетістіктен уайымға түстім... Сәл бұрын тарих бір-бірімен байланысы жоқ, миллиондаған оқиғалардың санамда құрастырған тұманды бір жинағы еді... Дәптерді ашып, жазғандарымды қайтадын тез-тез оқысам, бәлкім, маңағы сезімді қайта сезіне алатын болармын! Міне:

Уәзір Исмайыл Пашаға тиселі Чайырова, Ескихисар және Тузла аймағындағы және Гебзе Төрелігіне қарасты алты

ауылда жасалған кезектен тыс санақтың нәтижелерін оқып отырмын; Қызырдың үйін жағып, заттарын тонағаны үшін Ибраһим Абдулкадир мен оның балаларының үстіне арызданғанын оқыдым. Ескихисар жағасына бір айлақ салу үшін берілген жарлықты оқыдым; бұрынғы сипахи Алиге тиесілі болған, бірақ соғысқа бармағаны үшін одап алынып, Хабибке берілген, Гебзеге жақын он жеті ақшалық бір ауылдың басқаға берілуі керектігін, ойткені Хабибтің де соғысқа бармағаны белгілі болғанын оқыдым; қызметші Исаның қожайынына Ахметтің отыз мың ақшасын, бір егерін, бір атын, екі қылышын, бір қалқанын алып Рамазан атты біреуді паналағанын, Рамазанның Исаны қорғағанын, Ахметтің сотқа жүгінгенін оқыдым; Синан атты біреудің өлгенін және мұрагерлігі туралы сотқа жүгінген Челебиоглу Османның мал-мүлкін сотқа тіркеткенін оқыдым; ұсталған ұрылардың қолынан алынып полковник үйіне қойылған бір аттың гебзелік Дурсунұлы Сүлейманның ұрланған аты екеніне қатысты Мұстафа, Якуп және Худавердинің егжей-тегжей куәлік бергендерін оқыдым және манағы көңілге жайлылық сыйлайтын сезімнің ішімде оянғанын ұғындым: XVI ғасырдың соңғы ширегі миыма кірер емес; ширек ғасырдың бүкіл құбылыстары бір-біріне белгісіз себептермен байланыспай, миымның қыртыстары арасында қала берді. Түскі асты жеп жатқанда оларды ауырлықсыз кеңістікте орналасқан кең байтақ құрт галактикасына үк-саттым; бір-біріне жақындамайтын мына құбылыс құрттары миымның ішімде жыбырлап жүргендей кеңістікте айналады. Басымның ішінде құрттар жүретін бір жанғақ екенін түсіндім. Бас сүйегімді жарып, ішіне қараса, қыртыстардың арасынан тура бір жыбырлаған құрттарды көретіндей!

Бірақ бұлыңғыр галактика ыдырап кетті! Қырсық басым ескі әдетіне салып, менен тағы сол бір нәрсені күтеді енді: Барлық оқиғаларды тұжырымдайтын бір хикая тауып, адам сенетіндей бір ертегі жазып шығуым керек! Әңгіме тыңдау құлшынысы бәрімізге ұнайды, ол бізді қиял әлеміне жақындата түседі.

Түскі асты жеп отырып, бұл мәселенің де бір шешімін тапқандай болдым. Кешелі бері басымды қатырған ана менің Будақжанымның хикаясын ойладым. Ол хикая бүгін таңертен оқыған кейбір жазбалардан кейін жаңа бір сипатқа ие болды: Будақтың бір жолын тауып Стамбұлда бір пашаның қорғаушы қанатының астына бой тасалады деп ойлағанмын. Лицей тарих мұғалімінің жазған кітабынан ұққан тағы басқа деректер де бар ойымда: Бәрі де хикаяға құмарларға, өмірді хикаямен түсіндіргісі келетіндерге лайық дүние.

Будақтың өмірінен XVI ғасырдағы Гебзеге байланысты басы мен соңы жоқ бір кітап жазуды жоспарладым. Кітаптың бір ғана мақсаты болады: сол ғасырдың Гебзе және айналасына қатысты табатын барлық мәліметтерді ешқандай маңызбен мән берместен ретсіз кітапқа жазып шығамын. Осылайша, ет бағасындағы нарықтық келіспеушіліктер, қызды алып қашу оқиғасындағы көтерілістер, соғыспен үйлену, пашалар мен қылмыстар кітапта бір-біріне қатыссыз, кезекпен, тура мұрағатта тұрғандарындай жайбарақат және ақкөңілмен тізіледі. Будақтың оқиғасын да бұлардың арасына қосып жіберетін едім; бірақ басқалардан оны маңызды көргендігімнен емес, тек тарих кітабынан хикая іздегендерге бір дана болса да қалдырайын дедім. Осылайша, кітабым шексіз бір «баяндау» тәсілінде болады. Түскі асты ішіп болғанда, біршама ішкен сыраның әсерімен бұл жобаның түңгиығына батып кеткен де едім. Министрлік мұрағатына да барамын деп қоямын, ешқандай құжатты бос жібермеймін. Кітабымды бастан-аяқ апталар мен айлар бойы оқыған адам, ең соңында менің осы жерде еңбектеніп отырып сезінген бұлыңғыр құбылысты көргендей болады. Ол да мен секілді «Тарих және өмір деген осы» дейтін болады...

Отыз жыл, жоқ, өмірімнің соңына дейін жалғасатын бұл сандырақ жоба ақымақтық пен жігіттік, көз ауру мен жүйке ауру формасында көз алдымда біраз уақыт елестеді. Жазатын парақ санын үрейлене ойға алдым. Сосын алданыш пен ақы-

мақтық аңқыған жобаның ақырын-ақырын түңғиыққа батып жатқанын сезіндім.

Алдымен, жазамын деген нәрсемді әлі қағазға түсірмей тұрып-ақ алғашқы мәселемен жүздесермін. Менің ниетім қандай болған күнде де жазатындарымның бір бастамасы болу керек. Сосын оқиғаларды да қалай жазсам да әйтеуір бір кезекпен тізіп шығуым керек. Мұның барлығы — қаласаң да, қалмасаң да оқырман үшін бір мән және жүйе деген сөз. Егер бұдан бас алып қашатын болсам, жұмысыма қалай бастауды және одан кейін не істеу керегін ешқашан білмеген болар едім. Өйткені ескі әдеттеріне тәуелді адам ақылы әр тізбектен бір жүйе, әр оқиғадан бір символ тауып шығарады. Менің құтылғым келген хикаяны оқиғалардың арасына бұл жолы өзі кірістіріп тұрады. Сол мезет үмітсіздене былай ойладым: Тарихты, тіпті өмірді қалай бар дәл солай сөзбен көрсетудің бір жолы жоқ! Кейін бұл жолды табу үшін тек қана миымыздың құрылымын ауыстыру керектігін ойладым: яғни өмірді шынайы көру үшін өмірімізді өзгертуіміз керек! Мұны барынша жақсы түсіндіргім келген, бірақ жолын таба алмай тұрмын. Мейрамханадан шықтым, осында оралдым.

Бұл кітапты жазуда өзім қалағандай адамдарға әсер ететін бір жолы бар шығар. Арасында ешкімге айтпаймын деген сезімді ішімде қайта жаңғырту үшін дәптеріме жазғандарымды тез-тез оқып шықтым.

Оқып отырып тура кітабымда жазылған оқиғаларға беріліп кетпейін дедім. Бұл кітапты тек мақсатсыз жай бір қарап оқығанға лайықтап жазғым келді. Сәл бұрын осы ойымды жүзеге асырдым деп ойлағам, енді бұл мағынасыз жетістігімнен де жиреніп отырмын. Күн батып барады, сағат бестен өтті. Рызаны күтпей-ақ мына зең аңқыған жертөледен шықтым. Таза ауада обаны іздестіремін.

«Анадолға» міндім. Үш күннен бері губернаторлық мұрағатында отырған ауылдан, жылдар бойы отыра-отыра ішімді қазбалап босатқан бір қаладан шығып бара жатқандай жеңіл-

деп шықтым. Сосын Стамбұл — Анкара жолынан Гебзе вокзалына қарай жолға түстім: Зәйтүн бақшалары, інжір мен шие ағаштары арасынан Мармараға қарай ылдилап барамын. Республика мен бюрократ аңқыған вокзал сонау Тузлаға дейін созылған өзеннің бір басында. Мына жазықтың бір жерінде бір керуенсарай қирандысы болу керек деп ойладым. Көлігімді тұраққа қойдым да баспалдақтармен вокзалға түстім.

Үйлеріне оралған жұмысшылар, джинсы киген жастар, орамал таққан апалар, орындықта отырған қарт, ұлын сөгіп жатқан әйел — бәрі де Стамбұлдан келетін пойызды күтіп тұр. Перронның басына дейін бардым, топырақ жолға түстім. Теміржолдың бойындағы электр сымдарының сықырын тыңдап, қиылыстарды аттап өтіп барамын. Бала кезімде де осылай темір жолдан өткенді жаным сүйетін. Қирандыны да ең алғаш рет бала кезімде, шамамен он бес жыл бұрын көргенмін. Сегіз-тоғыз жасар кезім болатын. Режеп мені аң аулауға апаратын. Қолымда жездем Германиядан әкеліп берген пневматикалық мылтық бар еді. Дегенмен мен мықты мерген емеспін, ол жақыннан атсаң, қарғаларды жарақаттай алатын. Режеп екеуіміз сонау шалғай жерлерге баратынбыз. Бүлдірген теріп, өзенді жағалай жүретінбіз. Бір мезет алдымыздан бір қабырға шықты, сосын кең бір жазыққа орналасқан, жақсылап жонылған ірі тастарды көрдік. Бес жылдан кейін, бір жаздың ыстық күнінде ешқандай қорықпай Режепсіз жалғыз келіп қайтқанмын. Көрген нәрселеріме мән бермей, тек қана сол қабырға мен тастарды тамашалап қайттым. Теміржолға жақын жерде күрбақасы бақылдаған, жағасы тегіс, жанында жасыл шалғындық жатқан бір өзен бар еді... Қайсысы қалыпты? Соларды түгендеп келемін.

Сот реестрінен және тіркеу дәптерлерінен бұрын жазылған бір хатта осы жерде қирандының орнында болған керуен сарай туралы мәлімет оқыған болатынмын. 19-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жазылған бұл хатта адам таңғаларлық бір жайбарақаттылықпен осы жерде пайда болған эпиде-

миялық ауру туралы да баяндалған. Сол кезде хатты жылдам оқып, ойланып тұрып не күнін, не нөмірін жазып алмай, басқа қағаздардың арасына лақтырып жіберіппін. Әлбетте, бұл ісіме өкініш, хатты қайтадан оқығым келіп іздедім. Бір сағат бойы барлық нәрсенің арасын ақтарып көрдім, бірақ таппадым. Стамбұлға оралған соң бұған деген қызығушылығым барынша артты. Не де болса шындыққа жанапайды деген бұл хатқа байланысты бірнеше сұрақ туындады.

Ақыры өзенді таптым: Лас және шіріген иісі аңқып, ақырын ағып жатыр. Бірақ баяғыдай құрбақаларға пана бола алмай қалыпты. Олар да бақылдап жатқан жоқ. Лас судан уланып қалғандай, шөптер мен жапырақтардың үстінде сіресіп тұр. Өлмеген құрбақалар менің аяқ тысырымнан қашып, лажсыз суға секіріп жатыр. Өзеннің шетіндегі шалшық суды да көріп, есіме түсті. Инжір ағаштарын да. Бірақ бұрын бұдан да көп болатын секілді еді. Бір фабриканың артқы қабырғасы бүкіл естеліктерімді өшіріп, ойымды бөліп жіберді де, мені осы шаққа қайта әкелді.

Сол хатта оқығандарым бір кездерде болған шынайы нәрселерді білдіретін болса, тарих деген жұмысқа деген сенімімді жоғалтпай, кеудемді тік ұстап, еңбектенетін үмітім бар деген сөз. Бір оба туралы іздене жүріп, бір топ хикаяларды кездестіретініме де сенімдімін. Осылайша, бар екенін білмеген сол хикаялар да босқа айтылмай қалады. Көптеген сенімі бар тарихшылар жасаған ісінің тек хикая жазушысы екенін нақты түсініп, мен сияқты сенімінен айрылып қалады. Мен пайда болатын теориялық дағдарысты дайындықпен қабылдап, сол күні жазуларыммен және табандылығыммен бұл келеңсіздіктерді біртіндеп жоямын. Темір жолдың шетінде тұрып көрген түске ұқсас сол жеңіс күнімді егдей-тегжейлі армандай бастадым. Фетрет дәуірінде кімнің қайда, қай күні патшалығын жариялағанын және ақша бастырғанын бір детектив секілді зерттеп, өмірінің жиырма жылын бос өткізбеген Ибраһим мырзаға алғыс білдірдім.

Темір жолдың басында көрінген электровоз қасымнан зулап өте шықты. Обамен ауырғандарды ойлап өзен жағасымен, фабрикалар мен кішкентай кәсіпорындардың, пойыз жолаушылар оқысын деп үлкен-үлкен әріппен саяси ұрандар жазылған қабырғалардың жанында кетіп барамын. Өзеннің темір жолдан ұзап кеткеніне қарағанда, нақты есімде, тастар мен қабырға қирандылары, осы жақын аумақтан табуым керек. Тарих деген Женнетхисарға баратын жолдың осы жағындағы сыған шатырларынан бұрын мына лашықтардың, қоқыс үйінділерінің, қаңылтыр бидондардың және інжір ағаштарының арасында, араларында болу керек. Қоқыс үйінділерінің үстінде мені аңдып отырған шағалалар менің жақындағанымды көріп, желге ұшқан қолшатырдай үнсіз теңізге қарап қанаттарын жайып ұша жөнелді. Алдыңғы фабриканың жанындағы аулаға тізілген автобустардың моторын естіп тұрмын: Бұлар Стамбұлға қайтатын жұмысшылар, асықпай автобусқа мініп жатыр. Алдағы пойыз жолының және өзеннің үстінен өтетін бір көпір бар; іске жарамсыз темір үйінділері, қаңылтырлар, бұл қаңылтырлармен үсті жабылған лашықтар, доп қуалаған балалар және құлыншақты атты көріп келемін; ат сығандардікі болу керек.

Кері қайттым, бірақ манағы жүрген жолыммен жүрдім. Іздеген нәрсесінің не екенін ұмытып қалған мысықтай мақсатсыз, қабырға бойымен, темір жол мен өзен арасынан, шіріген және улы сұйықтықтар төгілгендіктен өлген шөптер үстінен, қурамаған тікендердің, бір кішкене қойдын бас сүйегінің және қаңқасы қайдан шыққаны белгісіз бір сүйектің жанынан өтіп, кепкен сүйек пен тот басқан бір консерві құтысын теуіп-теуіп, бір тікенді сым бойымен лашықтарға қарай келе жатырмын.

Бәлкім, болмаған нәрселерін оларға мен көрсете алармын. Сосын шабындықтың басында маған қарап тұрған бір «қараялды» көрдім. Өзі үлкен үйдің бойындай биік екен. Қысқа таяқта орнатылған үлкен жарнама маңдайшасынан маған қарайды. Шетелдік журналдарда кездесетін қысқа балақ бір шалбар киігізін қойыпты. Сәнді болсын деген болу керек.

Керуен сарай қирандысынан алынған тастармен жасалған болу керек деп ойлаған лашықтарға жақындап келемін. Артқы бақшада пияздар мен жуылып жайылған киімдер, жаңадан отырғызылған ағаш бұтақтары көрінді. Қабырғалары мен ойлағандай мықты тастардан емес, жұқа, фабрикадан шыққан бір ғасырлық ескі, шірік брикеттермен өрілген. Лашық қабырғасына мен іздеген заттың және уақыттың жасырынып қалғанын сезіп ұзақ карап тұрдым. Бір темекі тұтаттым. Бос сіріңке құтысы қолымнан сырғып, аяғымның астындағы қураған шөптер, қураған бұтақтар мен екіге бөлінген желім ілгек арасына түсіпті. Жүрін келемін. Шыны сынықтары, анасының соңынан жүгірген иттің күшіктері, шіріген жіп қиындылары, газды судың қақпақтары, тапталған шөптер, жапырақтар. Темір жолдың шетіндегі бір белгі тақтайшасын да іске жаратыпты. Сосын інжір ағашын кордім.

Бәрің есіме түсісіп деп тоқтап тұрып қарадым. Көлеңкесінде піспей тұрып төгілген інжірлер бар. Шыбындар ұшып-қонып жүр. Арғы жағында екі сиыр, шөпке жайылып жүр. Сығандардың биесінің аз ғана шапқанын көріп таң қалып тұрсам, бие бірден тоқтай қалды, тайы тоқтамай кетіп қалды, сосын айналып келді. Өзен жағасында пластик қалдықтары, шыны шишалар, бояу құтылары арасында қағаздар бар; бос бір пластик пакет! Ешнәрсенің негізі жоқ! Ішімдік ішкім келді, қазір қайтамын. Екі қарға мені байқамай басымнан ұшып өтті. 1481 жылы өлген Фатихтың кең шабындық жері осы. Екі фабриканың артқы бақшасында ірі сандықтар тұр, ішінен металдар шығарылған, біріктіріліп нарыққа тартылған. Үйде Әулие Челебиді оқимын. Ақымақ құрбақа мені достарынан әлдеқайда кеш аңғарды. Сасық судың балшығына шылып етті! Нилгүнмен сөйлесемін. Тарих па? Мәрмәр сынықтары топырақты қызылға бояпты. Бір әйел лашықтың ауласында кірін жинап жатыр. Бұл да бір хикая дер едім. Қайдан ойлап тауып жатырсың дер. Тұрып аспанға қараймын. Арқамда әлі сол ақымақ көзбен қараған сәнді «қарауылдың» көздері. Бе-

тіне саяси ұрандар жазылған брикеттер, кірпіштер, ескі қабырғалар. Тас қабырға жоқ! Бірден есіме бірдеңе түсіп кеткендей жылдам жүре бастадым. Тағы бір пойыз өтті. Құрылыс заттарына, қалып құятын ағаштарға қарадым. Ол жердегі ағаштарға да, бақшаның ортасындағы үйлерге де, тот басқан темірлерге, сүйектің, бетон және өрілген сымдардың арасына да. Бірақ мен бәрібір жүріп келемін, себебі өзіме не керек екенін білемін.

Режеп әзірлеген кешкі ас

Бәрі үстел басында әлсіз шам жарығымен отырып, үнсіз тамақтануда. Алдымен Нилгүн мен Фарух мырза сөйлесіп, күледі. Сосын Метип мырза аузындағы нанын жеп тауыспай жатып, орнынан тұрып кетеді. Оған қайда барасың деп сұрап, бір ауыз жауап ала алмайтын мәртебелі ханыммен де басқалар сөйлескісі келеді: «Қалайсыз, әже? Қалайсыз?» — дейді, сосын айтатын басқа бір нәрсе қалмаған соң «қане, ертең сізді көлікпен қыдыртайық» дейді. «Әр жерге биік ғимараттар, жана үйлер, жолдар, көпірлер салынды, жүріңіз, сізді апарайық, әже» дейді. Бірақ әжелері үндемейді. Кейде бірнәрсе деп күңкілдеген болады, бірақ ол күңкілдің арасынан бір сөз таппайсың. Өйткені мәртебелі ханым шайнаған нәрсесіне өкпелі адамша алдына қарап отырады да, басын табағынан көтерсе, шашың-тоғіп алатындықтан, сөйлейтін сөзін ойланбай күңкілдейді. Мәртебелі ханымның қолынан тек тіксінуден басқа ешнәрсе келмейтінін осы күнге дейін түсінбейтін оларға да өкпелі. Бір мезет менімен бірге бір рет болса да түсінгендей болып үнсіз қалады. Бірақ тағы ұмытып, әжелерін ренжітіп алып жатады. Өкпелетпеу керектігі естеріне түскенде ақырын сыбырласа қалады.

— Тағы да көп ішіп жатырсың, аға! — деді Нилгүн.

— Не деп сыбырласып жатырсындар? — деді мәртебелі ханым.

— Ештене, — деді Нилгүн. — Баялдыны неге жемей отырсыз, әже? Режеп бүгін кешкісін ғана қуырды. Солай емес пе, Режеп?

— Иә, кішкентай ханым, — дедім.

Мәртебелі ханым алданып қалудан қорқатынын білдіріп, қабағын тырыстырды, сосын жүзі сол әдетімен қалды. Неден тіксінгенін ұмытып қалды, бірақ әйтеуір бір нәрседен жиіркену керектігін әбден біліп алған қатал кәрі жүзі... Бәрі үнсіз отыр, ал мен үстелден екі-үш қадам алыста күтіп тұрмын. Айналасында жын сокқандай көбелек айналып жүрген әлсіз шамның жарығының астында қасық пен шаңышқының тықырынан басқа ешқандай дыбыс естілмейтін бір кешкі ас: бақша да тынышталары, кей-кейде қара шегірткелер, кей-кейде сыбырласқан ағаштар және алыста жаз бойы бақша қабырғаларының арғы жағында тіршілік еткен адамдардың ағаштарға асылған түрлі-түсті шамдары, көліктері, балмұздақтары мен сәлемдесулері осы тыныштықты бұзады... қыс мезгілінде ол да болмайды. Қабырғалардың артындағы ағаштардың үнсіз қараңғылығы мені үрейлендіреді. Ондай кезде айқай салғым келеді, айқайлай алмаймын. Мәртебелі ханыммен сөйлескім келеді, бірақ ол сөйлемейді. Мен үндемеймін және адамның қалай осылайша үнсіз өмір сүретініне таң қаламын. Үстел үстінде жыбырлаған қолының әрекетінен қорқамын: жан даусыммен айқай салғым келеді. Кәрі, сатқын өрмекші секілді қолдарыңыз, мәртебелі ханым! Баяғыда Доған мырзаның үнсіздігі болатын. Бүкірейген, мыжырайған бір бала секілді болатын; оны да қатты сөгетін. Одан да бұрынғы кезде Селухаттин мырзаның күркіреуден қалған кәрі даусы; өкпесіне әзер ауа кіріп еңтігіп отырып айтатыны тек лағнет еді... бұл мемлекет, бұл қарғыс атқыр мемлекет!...

— Режеп!

Жеміс жегілері келіпті. Былғанған ыдыстарды әкеттім, кесіп дайындаған қарбызды алып шығардым, алдарына қойдым. Тағы да үнсіз жей бастады. Сосын асүйге келдім де, ыдыс жууға ыстық су әзірледім. Қайта жоғары шықсам, сол күйі үнсіз жеп отыр. Бәлкім, енді сөздердің ешбір іске жармайтынын түсінген шығар, бәлкім, кафедегілер сияқты бостан-босқа орынсыз сөз айтқылары келмеген шығар. Бірақ сөздердің адамға керемет әсер беретін кездері де жоқ емес, білемін. Сәлем дейді бірі, сені тыңдайды. Өміріңді, сосын өзінің өмірін баяндайды. Мен тыңдаймын және осылайша бір-біріміздің көзімізден бір-біріміздің өмірін көреміз. Нилгүн тура анасы секілді қарбыз дәнегін жеп отыр. Мәртебелі ханым маған қарай мойнын созды:

— Шеш!

— Тағы біраз отырмадыңыз ба, әже, — деді Фарух мырза.

— Мен апарамын, Режеп, сен әуре болма... — деп еді Нилгүн. Мәртебелі ханым алжапқышын шешкен соң, маған сүйенді.

Баспалдақтан шықтық. Тоғызыншысына келгенде тоқтадық.

— Фарух тағы ішіп отыр, солай ма? — деді.

— Жоқ, мәртебелі ханым, — дедім. — Қайдағыны айтпаңыз.

— Оларды қорғама, — деді және балдағы бір баланы ұратындай аспанға көтерілді. Сосын тағы жүрдік.

— Он тоғыз, шүкір! — деді де, бөлмесіне кірді. Жатқыздым, сұрасам, жеміс жейтінін айтты.

— Есікті жап!

Жаптым, түстім, Фарух мырза тығып отырған шөлмегін үстел үстіне шығарып қойыпты, сөйлесіп отыр.

— Біртүрлі ойлар мазамды қашырды, — деді.

— Күнде кешке айтатын әңгімен бе? — деді Нилгүн.

— Иә, бірақ әлі бәрін айтпадым ғой! — деді Фарух мырза.

— Жарайды, айт онда айтарыңды, — деді Нилгүн.

Фарух мырза ашуланғандай кейіп танытты.

— Миымның ішінде жыбырлап құрт жүргендей, — деді сосын.

— Не? — деді Нилгүн.

— Иә, — деді Фарух мырза. — Тура миымның ішінде құрттар жыбырлап жүргендей.

Мен былғанған ыдыстарды алып асүйге түстім. Ыдыстарды жудым. Ішектерінде құрт болады деуші еді Селахаттин мырза. Шикі ет жесеңіз, жалаң аяқ жүрсеңіз, олар ішіңізге түседі дейтін. Біз ауылдан жанадан келгенбіз, мұндайды түсінбейтін едік. Анам қайтыс болды, Доған мырза бізге жаны ашып, осында әкелді: «Режеп, сен анама үй тірлігіне көмектесесің, Исмайыл да сенімен бірге тұрады. Сендер төменгі қабаттағы бөлмеде тұрыңдар. Мен сендер үшін бір амалын жасармын. Ол екеуінің күнәсін сендер неге өтеулерің керек, неге?» Мен жауап қатпайтын едім... «Әкеме де бас-көз бол, коп ішеді екен, дұрыс па сол, Режеп?» дейді. Мен тағы үнсіз, тіпті «жарайды, Доған мырза» дей алмадым. Сосын бізді осында тастап, әскерге кетті. Мәртебелі ханым ұрысып жүретін, мен асүйге үйрене бастадым. Селахаттин мырза да анда-санда кеп сұрайтын: «Режеп, ауылдың өмірі қандай еді? Айтшы маған, ол жерде не істейді? Мешіт бар ма, барып тұратын ба едің? Сеніңше, жер сілкінісі неден болады? Жыл мезгілдерін кім жасады? Менен қорқасың ба, ұлым, қорықпа, мен сенің әкеңмін. Жасың нешеде, білесің бе? Өзіңнің жасыңды да білмейсің, қарашы. Сен он үштесің, бауырың Исмайыл он екіде. Қорқып үндемеуің де дұрыс. Сендерге қарай алмадым, ауылға, ана ақымақтардың қасына жіберуге мәжбүр болдым. Бірақ мен солай жасауға тиіс болдым, үлкен бір еңбек жазып отырмын. Барлық мәліметтер бар оның ішінде. Энциклопедия дегенді естіп көргенсің бе? Ей, қайдан естисің сен? Жарайды, жарайды, қорықпа, айта бер, анаң қалай өлді? Өте жақсы әйел болатын, ұлтымыздың сұлулығы бар еді оның жүзінде. Саған бәрін айтып берді ме, бермеді ме? Жарайды, Фатма саған жаман бірдеңе істесе, дереу жоғарыға кел маған, менің жұмыс бөлмеме келіп маған

бәрін айт, жарай ма, қорықпа!». Иә, мен қорықпадым. Қырық жыл ыдыс жудым, еңбектендім. Ыдыс біткен соң шаршаппын, алжапқышымды шешіп отырдым. Демалайын дедім. Ойыма сыртта отырғандар түсті, тұрып қастарына бардым. Олар әлі сөйлесіп отыр.

— Мұрағатта соншалық көп құжаттарды оқығаннан кейін, кешке үйге келіп басыңның ішіне қарайтыныңа таң қалам! — деді Нилгүн.

— Енді қайда қараймын? — деді Фарух мырза.

— Құбылыстарға қара, — деді Нилгүн. — Болып біткенге, нәтижелерге...

— Олар қағазда ғой...

— Қағазда, бірақ бір баламасы бар шығар мына дүниеде...
Жоқ па, әлде?

— Бар.

— Міне, соларды жаз!

— Бірақ оқыған соң олар сыртқы әлемде емес, менің миымда болады ғой. Ойымдағыны жазуға мәжбүр боламын. Ал миымда құрттар бар.

— Сандырақтама! — деді Нилгүн.

Түсінісе алмады. Үнсіз бақшаға қарап отыр. Біраз ренжулі, ашулы, дегенмен ойға шомып отыр. Қараған жерлерін көріп те тұрған жоқ. Бақшаның, інжір ағашының және қара шегірткелердің мекені болған шөптерді көрмей, өз ойларына өздері түншығып отырғандай: Не көріп отырсыңдар ойларыңның ішінен? Қайғы, мұң, үміт, уайым, күту қалады соңында. Арда бір нәрсе жасамасаң, өзін-өзі үгіткен диірмен тасы сияқты ойыңыз өз-өзіңізді мүжіп бітеді. Сол кезде өтірікшілер, өсекшілер: «Жынды екен! Дәрігер Селахаттин өзінше бір дәрігер екен, саясатқа араласып Стамбұлдан қуылған. Есі ауысып, кітаптарға көмілген»; жоқ, жынды емес, өз көзіммен көрдім, кешкі астан кейін ішімдік ішкеннен және шамадан тыс қолданғаннан басқа еш кінәсі жоқ. Күні бойы үстел басында отырып жазу жазады. Сосын арасында келіп менімен сөй-

лесіп тұрады. «Дүние деген ана тыйым салынған ағаштағы алма секілді», — деді бір күні, — оны үзіп жей алмайсың, өйткені өтіріктерге сеніп, қорқасыз. Үзіп ал ағаштан білімнің алмасын, қорықпа, ұлым Режеп, қара, мен үзіп алдым. Енді азатпын! Осылайша дүниені басқара аламыз ба? Жауап бер!». Мен қорықтым, үндемедім. Мен өзімді білемін. Мен шайтаннан қорқамын. Шығып біраз серуепдеп келейін, әлде кафеге барсам ба?

— Қандай күрт екен? — деді Нилгүн ашуланып.

— Қарапайым. Себепсіз көп оқиға. Көп оқып, көп ойланған соң басымның ішінде күрт жыбырлайды.

— Себепсіз оқиға? Қызық, — деді Нилгүн.

— Мен олардың арасында байланыс жасай алмай отырмын, — деді Фарух мырза. — Мен араласпай-ақ, байланысты оқиғалардың өздері құрсын деп отырмын. Бірақ мүмкін емес. Бір себеп тапсам, мұны өз ойымнан жасап алғанымды сеземін. Сол мезет құбылыстар қорқынышты күрт сияқты болып кетеді. Кеңістікте жүргендей миымның қыртыстары арасында жыбырлайды...

— Неге олай болады, сеніңше? — деді Нилгүн.

— Мен қартайдым, — деді.

Үнсіз қалды. Түсініскендерінің осы түсініспеушіліктен екенін түсінгендері үшін риза секілді екеуі. Бірге қарама-қарсы екі кісінің үнсіздігі кейде қарама-қарсы отырып сөйлескеннен әлдеқайда мағыналы болады.

— Фарух мырза, — дедім. — Мен кафеге бара жатырмын. Бір нәрсе керек пе?

— Рахмет, Режеп! — деді.

Бақшаға түстім, шоптердің салқындығын сездім және ауланың қақпасынан шығар-шықпас кафеге бара алмайтынымды түсіндім. Жұма күні кешке көшеде адам көп болады. Олардың арасында қысылып-қымтырылғым жоқ. Сонда да жүре бердім. Ешкімге, тіпті лотерея сатушы Исмайылға де көрінбей сонау кафеге дейін бардым. Жап-жарық терезелеріне қа-

рамай тіке орындыққа отырдым. Айналада ешкім жоқ. Отырдым, ағаштарға оралған түрлі-түсті шамдардың су бетінде қимылына қарап ойланып кетіппін. Сосын тұрдым, қырға шығып дәріханаға көз салдым: Кемал мырза сол жерде, қарсы беттегі дүңгіршектің жарығына, шулап сәндвич жеген уайымсыз адамдарға қарап кассада отыр. Мені көрмеді. Мазасын алмайын! Ешкімді көрмей, ешкіммен сәлемдеспей тез-тез үйге қайттым. Аула қақпасын бекіткен соң шудың және ағаштардың артынан оларды көрдім. Балконның әлсіз шамының астында: бірі үстел басында, біреуі біраз арыда. Орындығының өзін әзер көтеріп тұрған артқы аяқтарының үстінде ақырын жайланыпты; аға мен қарындас жоғарыда ашық перделер артында тұрған кінә артушы қарт көзқарасты ренжітпеу үшін әрекет жасап, шуламауға тырысып жатыр. Сосын мәртебелі ханымның опасыз және қатал коленкесі бір сәт терезеден байқалды. Қолында балдағы бар сияқты. Балконның баспалдағынан үнсіз шықтым.

— Қайырлы түн, мен жатамын! — дедім.

— Әрине, — деді Нилгүн. — Жат сен, Режеп, мен танертең ерте жинап аламын.

— Сосын мысық келеді, — деді Фарух мырза, — мен білемін таңға жуық маған білдірмей келеді арсыздар.

Асүйге түсіп, шкафтан өрік шығардым. Кешеден қалған аз ғана шиі бар еді, жанына қойдым, жуып тазалап жоғарыға апардым.

— Мәртебелі ханым, жеміс әкелдім.

Ештеңе демеді. Үстел үстіне қойдым. Есігін жауып төменге түстім, жуынып-шайынып бөлмеме бардым. Кейде бір қорқыныш болатынын білемін. Пижамамды кидім, жарықты сөндірдім. Сосын ақырын терезені ашып, төсекке жайғастым. Таңды көзбен атырдым.

Таң атса ерте тұрып, жүріп келемін. Сосын базарға барамын. Бәлкім, тағы Хасанды көрермін, сосын тағы басқаларды көрермін. Сөйлесерміз, бәлкім, мені тыңдар! Әдемі сөйлей

алсам ғой, шіркін! Сол кезде тындар еді мені. «Фарух мырза, өте көп ішесіз, мына түріңізбен атаңызға ұқсап, әкеңізге ұқсап асқазан жарасынан өлесіз бір күні!». Ойыма түсті: Расим қайтыс болыпты, ертең түсте жаназасына барамын; түсте ыстық күнде табыттың соңынан ана қырға шығамыз. Исмайылды көремін, «Сәлем, аға, не біз жаққа келмей кеттің?» — дейді. Сол создер! Анамның және ауылдағы әкемнің Исмайыл екеумізді дәрігерге апарғаны есіме түсті. Дәрігер: «кішкентай кезінде таяқтан болған ергежейлілік» дегенді айтты. Сосын «күнге көп шығарыңыз» деген болатын. «Кішкентайының аяғы күнде көп жүрсе, түзеліп кетер», — деді. «Жарайды, ағасы ше?», — деген еді анам. Мен мұқият тындап отырмын: «Ол сінді түзелмейді», — деді. «Ол үнемі осылай кішкентай болып қалады, бірақ дәрі ішсін, бәлкім, көмегі болар». Дәрілерді іштім, бірақ көмегі болмады. Біраз уақыт мәртебелі ханымды және оның балдағы мен опасыздығын ойладым. Ойлама, Режеп! Сосын ана сұлу әйелді ойладым. Күнде таңертең сағат тоғыз жарымда дүкенге келетін сұлу әйел, сосын қасапшыға да барады. Қазір жоқ. Ұзын бойлы, қыпша бел, қара торы! Иісі де аңқыған. Қасапшының дүкенінде хош иісі аңқиды. Онымен сөйлескім келеді: Сіздің қызметшілеріңіз жоқ па, ханым? Сауданы өзіңіз жасайсыз, күйеуіңіз бай емес пе? Еттартқыштан ет қалай өтіп жатыр деп қарағаныңыз қандай әдемі! Ойлама, Режеп! Анам да қара торы еді. Байғұс анам! Біз осындай болдық міне! Тағы да үйдемін, міне, қара, қара, әлі осы үйде! Көп ойланасын, ойланба, ұйықта! Ақырын есінедім де, байқадым: айпалам тымтырыс. Бір дыбыс жоқ. Қызық! Тура қыстың түндері секілді! Суық қыс түндерінде қорықсам, бір хикая ойластырамын. Тағы да ойлан! Газеттердегілерді ме? Жоқ, анамның айтқан әңгімелерінен айтайын: бір кездерде бір патшаның үш ұлы болыпты. Бірақ бұрын еш перзенті болмаған екен. Патша бір ұлым болса деп армандайды екен. Аллаға жалбарыныпты. Біз сияқты ма деп ойлаймын, анам айтып жатқанда. Біз сияқты

ұлы да жоқ екен патшаның. Ей, байғұс патша! Оған жаным ашитын, Исмайылды, анамды және өзімді жақсы көріп кеттім. Болмемізді, заттарымызды... Анамның ертегілері секілді бір кітап болса, әріптері үлкен болса, оқысам. Оқып жатып, оларды ойлап ұйықтап қалсам.

Хасанды достары қыспаққа алды

Кешкі астан соң, әкем қолындағы билеттерімен ертерек казиноларға кеткен соң, мен де анама ешнәрсе айтпастан үйден шықтым. Кафеге барсам, бәрі келіпті, жаңадан келген екі бала да бар. Мұстафа оларға түсіндіріп жатыр. Ешкімнің назарын аудармай отыра кеттім. Мұстафаны тыңдадым: «Иә, әлем екі күшті мемлекет тарапынан бөлінгелі жатыр. Еврей Маркс жалған айтады, өйткені әлемді басқаратын оның таптық соғыс дегені емес, ұлтшылдық еді. Ең ұлтшылдар Ресей болып табылады. Олар империалист. Сосын әлемнің орталығының орта шығысы мен орта шығыстың кілтінің Түркия екенін баяндаған. Кейін күштілердің бізді бөлу үшін тыңшылардың көмегімен қалай «Сен алдымен мұсылмансың ба, түріксің бе?» деген талас-тартыс тудырды. Бұл тыңшылар кез келген жерде арамызға кірді, кім біледі, арамызда болулары да мүмкін» деді. Біз үнсіз қалдық. Сосын Мұстафа бұрын қалай бәріміз бірге болғанымызды айтты және сол себепті бізге варвар түріктің басып өткен жерінде шөп шықпас деген алаяқ, жалақор, империалист еуропалыққа қан құстыра алатынымызды айтты. Мен суық қыс түндерінде христиандарды үркіткен аттарымыздың тұяқ даусын естігендей болдым. Сосын бірден ашуландым, өйткені арамызға енді қосылған екеудің бірі былай деді:

— Жарайды, аға, бізде де мұнай шықса, біз де қазір арабтар сияқты бай болып шығар ма едік?

Бәрін ақшаға, бәрін затқа тірейді! Біз ақша үшін емес, рухымызды құтқару үшін күресіп жатырмыз. Бірақ Мұстафа сабырлы қалпында тағы да баяндап жатты. Мен тыңдамадым, бұларды жақсы білемін. Мен енді жаңадан келгендерден емеспін. Сол жерде газет бар еді, алдым, оқыдым, жұмысшы іздегендердің хабарландыруына қарадым. Сосын Мұстафа оларға кешке келіңдер деді. Олар да тәртіпті, мұқият екендерін көрсеткісі келгендей сыпайы ғана сәлем беріп тұрып кетті.

— Бүгін кешке жазу жазамыз ба? — дедім.

— Кеше түнде жаздық, сен қайда жүрсін?

— Үйде болдым, — дедім. — Сабақ оқыдым.

— Сабақ оқыдың ба? — деді Сердар. — Жок, әлде рентгенге түсіріп отырдың ба?

Мысқылдап күлді. Мен оның сөзіне мән бермедім. Дегенмен Мұстафа бәле бола ма деп қорықтым.

— Бүгін таңертең жағажайдың алдында ұстап алдым мұны, — деді Сердар. — бір қызды аңдып отыр. Қыз болса ауқаттылардың қызы, оған ғашық болып қалыпты. Тарағын да ұрлап алыпты.

— Ұрлап алып па?

— Бері қара, Сердар, — дедім, — мені ұры деме, әйтпесе жақсы болмаймыз.

— Жарайды, ал сол тарақты қыздың өзі берді ме саған?

— Иә, — дедім, — ол өзі берді.

— Не үшін береді екен саған қыз тарағын?

— Сенің миың жетпейді мұндай нәрселерге.

— Ұрлаған! — деді, — ғашық болып қалыпты ақымақ! Ұрлаған!

Қалтамнан екі тарақты да шығардым.

— Қара, — дедім, — Бүгін де басқа бір тарақ берді. Әлі сенбей тұрсың ба?

— Көрейік, — деді Сердар.

— Ал, — дедім де, қызыл тарақты бердім. — Қайтып бер-
месең, не істейтінімді бүгін таңертең көрдің ғой!

— Жасыл тарақтан тіпті өзгеше мына тарақ, — деді. — Ол
қыз мұндайды қолданбайды!

— Қолданғанын өз көзіммен көрдім, — дедім. — Сөмке-
сінде бар тағы осындай біреуі.

— Олай болса, ол бермеді саған мұны.

— Неге? — дедім, — бір тарақтан екеуін алса болмай ма?

— Байгүс-ай, — деді Сердар, — махаббаттан басың айна-
лып, не айтарыңды білмей тұрсың ғой.

— Ол қызды танитыныма сенбей тұрсың ба менің? — деп
айқай салдым.

— Кім бұл қыз? — деді Мұстафа бірден.

Сасып қалдым, демек, Мұстафа бәрін естіп тұр.

— Бір байдың қызына ғашық болыпты мынау, — деді
Сердар.

— Солай ма? — деді Мұстафа.

— Жағдай өте қиын, аға, — деді Сердар.

— Кім бұл қыз? — деді Мұстафа.

— Өйткені қыздың тарағын ұрлайды үнемі, — деді Сер-
дар.

— Жок! — дедім мен, — Ол өзі берді маған тарақты!

— Неге берді? — деді Мұстафа.

— Мен де білмеймін, — дедім, — сыйлық жасағысы кел-
ген болар.

— Кім бұл қыз? — деді Мұстафа.

— Ол маған мына жасыл тарақты сыйлағанда, — дедім, —
мен де оған бір сыйлық жасайын деп мына қызыл тарақты ал-
дым. Бірақ Сердардың айтқанындай, мына қызыл тарақ өте
нашар екен, жасылға сай емес.

— Қане, екеуін де ол берді деп едің жаңа ғана, — деді Сер-
дар.

— Кім бұл қыз, сенен сұрап тұрмын? — деп айқайлады
Мұстафа.

— Бала кезден танымын! — дедім, — менен бір жас үлкен.
— Көкесі қызметші болған үйдің қызы екен, — деді Сердар.

— Солай ма, — деді Мұстафа, — айтсаңшы!

— Иә, — дедім, — көкем сонда жұмыс істейді.

— Сонда ол байдың қызы айналып келгенде саған тарақ сыйлай ма сонда?

— Болмай ма? — дедім. — Оны танымын дедім ғой.

— Ей, бала, сен ұрлық жасап жүрсің бе, оңбаған! — деп айкай салды Мұстафа.

Бәрі естіп тұр. Терлеп кеттім, басым салбырап «әттең, бүгін мына жерде болмағанымда ғой» деп ойланып тұрмын. Қазір үйде болғанымда, ешкімнің менде шаруасы болмас еді. Аулаға шығып, алыста кетін бара жатқан үнсіз кемелердің үрей тудыратын жарығын тамашалап, рахаттанар едім.

— Ұрысың ба, сен, жауап берсеңші?

— Ұры емеспін мен, — дедім. Сосын есіме түсті, алдымен күліп алдым, сосын түсіндірдім, — жарайды, шындықты айттайын! Бәрі де қалжың. Не дер екен деп таңертең Сердарға қалжындап айтып едім, бірақ түсінбепті. Иә, мен мына қызыл тарақты дүкеннен алдым. Қаласаңдар, барып сатушыдан айнасы да бар ма деп сұрап көріндер. Ал мына жасыл тарақ соныкі. Жолда түсіріп алған, тауып алдым. Өзіне беру үшін күтіп жүрдім.

— Сен оның малайысың ба сонша күтетін?

— Жоқ, — дедім, — досымын. Біз бал кезден...

— Ақымақ неме, байдың қызына ғашық болыпты, — деді Сердар.

— Жоқ, — дедім, — олай емес.

— Ғашық болмасаң, неге есігінің алдында күтіп жүрсің?

— Менікі емес нәрсені алып, иесіне бермесем, сонда нағыз ұры болмаймын ба?

— Мына неме бізді өзі сияқты ақымақ санап тұр-ау, — деді Мұстафа.

— Көріп тұрсың ғой, — деді Сердар, — қатты ғашық болған бұл!

— Жоқ, — дедім мен.

— Жап аузынды, ақымақ неме! — деп айқай салды Мұстафа, — үялмайды да. Мен мына наданды адам болар деп ойлап едім. Маған бұдан да үлкен қызмет бер деп сұраса, жақсы бір жұмыс қарастырайын деп жүрсем. Сөйтсем, байдың қызына малай болып жүр екен ғой. Қанша күн болды түс көріп жүргеніңе! Кеше кешке біз жазу жазып отырғанда сен оның есігіпін алдында тұрдың ба сонда?

— Жоқ!

— Тағы ұрлықшылығыңмен бізге күйе жағасың! — деді Мұстафа, — Болды, жетер! Жоғал мына жерден!

Біз үндемедік. Мен, әттең, қазір үйде болсам ғой деп ойладым. Үйде рахаттанып математикамды шығарып отырар едім қазір.

— Ұятсыз неме, әлі отыр ғой! — деді Мұстафа. — Көргім келмейді мынаны!

— Қоя бер, аға, артық кетпе! — деді Сердар.

Қарадым.

— Алып кетіндер, мына адамды алдымнан. Мен байларға ғашықтарды көргім келмейді!

— Кешір! — деді Сердар. — Қарашы, дірілдеп тұр! Мен оны адам қыламын. Отыр, Мұстафа!

— Жоқ! — дедім. — Кеттім.

Араларынан кетуге жиналдым.

— Болмайды, аға! — деді Сердар. — Сен отырасың!

Мұстафа орнынан тұрып, белдігімен ойнап отыр. Тұрып бір ұрайын дедім. Оны өлтіріп қоярмын! Бірақ соңында жалғыз қалғың келмесе, түсінісіп, сені жаңылыс түсінуіне жол бермеуің керек.

— Мен оған ғашық болмаймын, Мұстафа! — дедім.

— Бүгін кешке сендер келесіндер, — деді Мұстафа оларға. Сосын маған қарап бұрылды. — Ал сені бұл жерде бұдан

кейін көрмейтін болайын. Сен бізді көрген жоқсың, таныған жоқсың!

Біраз ойландым. Сосын:

— Тоқта, Мұстафа, — дедім, даусымның дірілдегенін білдірмей, — мені тыңда, Мұстафа, қазір түсінесің.

— Нені?

— Мен оған ғашық бола алмаймын ғой, — дедім, — ол қыз коммунист екен.

— Не? — деп маған қарады.

— Иә! — дедім, — ант етемін, көзіммен көрдім.

— Нені көрдің? — деп айқай салды.

— Газетті. «Жумхуриет» газетін оқиды. Күнде дүкеннен соны алып оқиды. Отыр, Мұстафа, түсіндірем, — дедім.

— Не енді коммунистке ғашық болдың ба? — деді бақырып.

Мені бір ұратын шығар деп ойладым. Ұрса ғой, мен оны өлтірер едім.

— Жоқ. — дедім. — Коммунистерге ғашық бола алмаймын. Ғашық болған кезімде оның коммунист екенін білмедім.

— Не болған кезінде?

— Оған ғашықпын деп ойлаған кезімде! — дедім. — Отыршы, саған түсіндірейін, Мұстафа.

— Жарайды, отырдым, — деді. — Өтірік айтсаң, жаман болатынын білесің ғой?

Біраз үнсіз тұрып, темекі сұрадым.

— Сен енді темекіні де бастағансың ба? — деді Сердар.

— Ауызларыңды жауып, бір темекі беріңдер! — деді Мұстафа өзі жайғасып отырып.

Яшар темекіні берді, қолымның дірілдегенін байқамады. Өйткені ол сірінке тұтандырып тұрған. Сосын үшеуі мені қызыға тыңдау үшін күтіп тұрды.

— Мен оны мазаратта көргенімде дұға жасап тұрған. — деп бастадым. — Басында орамал таққан, әжесімен бірге Аллаға алақан жайды, мұны көріп ол туралы бөтен ойламадым...

— Мынау не деп тұр? — деді Сердар.

— Үндеме! — деді оған Мұстафа. — Не жұмысың бар сенің мазаратта?

— Ол жерге көбіне гүл қалдырып кетеді. — дедім, — әкем түнде шығып бара жатып жағасына қалампыр тақса, казинодағылар көп билет алатынға ұқсайды. Барып көріп, алып кел деп әкем жіберді.

— Жарайды!

— Гүл алуға сол күні таңертең мазаратқа барғанда, әкесінің қабірінің басынан кордім. Басында орамал, қолын жайып отырды.

— Өтірік айтады! — деді Сердар. — Қызды бүгін таңертең жағажайда көрдім, жалаңаш еді.

— Жоқ, суға түсетін киімі бар ғой, — дедім. — Бірақ мазаратта оның ондай екенін білмедім ғой.

— Жарайды, сонымен, коммунист болды ма бұл қыз? — деді Мұстафа. — Жоқ, әлде сен ойлап таптың ба?

— Жоқ, — дедім. — солай. Мен оны дұға жасап жатқанда көріп, солай қабылдадым. Аң-таңмын. Өйткені бала кезде ондай емес еді. Бала кезден танымын мен бұл қызды. Жаман емес еді; бірақ жақсы да емес-тін. Сендер білмейсіңдер оларды. Осыны ойлай-ойлай ақыры басым қатты. Ол қандай болып кетті екен деп қызықтым. Осылайша, қызық көріп ізіне түстім. Оны аңди бастадым, біраз ермек болсын деп...

— Еріккен неме, — деді Мұстафа.

— Ғашық дедім ғой! — деді Яшар.

— Үндеме! — деді оған Мұстафа. — Коммунист екенін қалай білдің?

— Аңдып жүргенде, — дедім. — жоқ, қазір аңдымайтын болдым. Ол да бір кездейсоқ болды. Мен кока-кола алу үшін дүкенге кірдім, сол кезде ол да келіп «Жумхуриет» алды. Содан білдім.

— Тек осыдан ғана білдің бе? — деді Мұстафа.

— Жоқ, тек бұдан емес, — дедім мен біраз үнсіз тұрып. — Күнде таңертең келіп бір «Жумхуриет» алады да, басқа газет алмайды. Сосын осы жердегі ауқаттылармен достығын үзіпті.

— Күнде таңертең бір «Жумхуриет» алады, — деді Мұстафа, — иә, сен бізден жасырып отыр едің ғой. Өйткені сен оған ғашық едің және соңынан аңдыдың, солай ма?

— Жоқ, — дедім. — Осы бүгін таңертең алды — «Жумхуриетті».

— Өтірік айтпа, басыңды жарамын, — деді Мұстафа. — Күнде таңертең алады деп айтқан өзің ғой.

— Күнде таңертең дүкенге баратын, сосын бір нәрсе алып жүретін. Алатын нәрсесінің «Жумхуриет» екенін осы таңертең көрдім.

— Өтірік айтады, — деді Сердар.

— Сәлден соң жаныңды шығарамын. Коммунист екенін біле тұра қыздың соңынан жүгірдің. Ал мына тарақтар, не өзі? Шыныңды айт!

— Айтып жатырмын! — дедім. — Біреуін мен оны аңдып жүргенде түсірді. Сол кезде жерден алдым. Ұрлаған жоқпын, яғни... Ал мынау анамның тарағы, ант етейін.

— Анаңның тарағын неге қалтаңа салып жүрсін?

Темекімді тағы бір тарттым, енді не десем де маған сенуге ниеттері жоқтығын білгендіктен үндемедім.

— Саған айтып тұрмын! — деді.

— Жарайды, — дедім. — Бірақ сенбейсіндер. Қазір шындықты айтып тұрмын, ант етейін. Иә, бұл қызыл тарақ анамдікі емес. Ұялғандықтан анамдікі дедім. Бұл қызыл тарақты ол бүгін дүкеннен алды.

— Газетпен бірге ме?

— Газетпен бірге. Дүкеншіден сұрасаңыз болады.

— Сосын сол тарақты саған берді ме, сонда?

— Ол кеткен соң, сол қызыл тарақтан мен де біреуін алдым өзіме.

— Неге? — деп айқай салды Мұстафа.

— Неге дейсің бе? — дедім. — Неге екенін түсінбей тұрсың ба?

— Аузыңды бет қыламын қазір! — деді Сердар.

Мұстафа болмағанда мен оған көрсетер едім, бірақ Мұстафа айқайлап жатыр.

— Ғашық болғандығың үшін бе ақымақ неме? Коммунист екенін біле тұра... Сен тыңшысың ба?

Енді не десем де сенбейді деп ойладым. Тағы үндемедім. Бірақ қатқыл даусы шығып, дегбірімді қашырған соң, ең соңғы сөзімді айтайын, менің коммунистке ғашық болғаныма сенсін деп ойладым. Темекімді жерге тастадым да, жайбарақат адамша үстінен басып өшірдім. Сосын қызыл тарақты Сердардың қолынан алып, ары-бері майыстырдым, сосын былай дедім:

— 25 лираға осындай әдемі әрі арзан тарақ тапсаң, сен де тастап кетпессің, — дедім мен.

— Алланың бәлесі келгір, өтірікші, — деп айқайлады Мұстафа.

Осылайша, мен енді бірде-бір сөйлемсуге шешім қабылдадым. Менің енді сендермен сөйлесуге ниетім жоқ, мырзалар! Болды! Мені араларыңда көргілерің келе ме, келмей ме, өздерің біліңдер, мен онсыз да кетемін. Үйге барып математикамды оқимын. Сосын басқа бір күні Үскүдарға барамын. Үлкен жұмыс сұраймын! Женнетхисардағылар маған тыңшы дегеннен басқа ешнәрсе айтпайды, маған үлкен бір міндет артындар деймін. Енді мына жартысына келген газетімді оқиын. Ашып, оларға мән бермей газет оқуға кірістім...

— Не істейміз енді мырзалар? — деді Мұстафа.

— Әлі күнге дейін «Жумхуриет» газетін сатып жүрген дүкеншіні ме? — деді Сердар.

— Жоқ, — деді Мұстафа. — Дүкеншіні айтып отырған жоқпын, мына ақымақ коммунистке ғашық жанды не істейміз деп отырмын.

— Кешір оны, аға, — деді Сердар. — Қатты кетпе, өзі де өкініп отыр.

— Яғни қоя салайын ба? Сосын ол коммунистерге жем болсын ба? — деп бақырды Мұстафа. — Дереву жүгіріп барып қызына бәрін жайып салар.

— Урамыз ба? — деп миңгірледі Сердар.

— Коммунист қызға ешнәрсе істемейміз бе? — деді Яшар.

— Үскүдардағы қызға істегендей істейік оған да.

— Дүкен сатушысына да жақсылап сабақ беру керек, — деді Сердар.

Сосын өздері сыбырласып сөйлесті. Коммунистердің Тузладағы біздікілерге не көрсеткенін айтты. Мен туралы бір есі ауысқан адамды айтып жатқандай сөгіп жатыр. «Жумхуриет» газетін оқыған бір қызды Үскүдар кемесінен қалай лақтырып жібергендерін баяндады. Көп нәрсе айтылды, бірақ мен оларға мән бермей, тындамағансып отыра бердім. Газет те оқып отырмын, шүғыл маман болатындай құжатым да, тәжірибем де жоқ. Ағылшын тілін білетін телеоператор да емеспін. Алюминий кесетін өндіріс істерінде де тәжірибем жоқ. Көзәйнек сататын дәріхана шебері, телефонға қарайтын әскерлік борышын өтеген электрик және шалбар белбеуін тігетін машинист те емеспін деп қоямын. Қарғыс атсын, бірақ мен қалайда бір күні Стамбұлға барып үлкен бір жұмыс істеймін. Иә, иә, сол жұмысты ойладым және нақты қандай жұмыс екенін білмегендіктен, қайтадан газеттің бірінші бетіне қарадым. Маңызды оқиғалардың арасынан, бейне бір өзімнің басар қадамымды көргім келді. Істейтін жұмысымды да сол жерде табатындай қайта-қайта қарайлап отырмын, бірақ газет жыртылып қалыпты. Бірінші бетін іздеп таба алмадым. Мен газетті емес, тура бір өз болашағымды жоғалтып алғандай күй кештім. Қолымның дірілдегенін көрмесін деп жасыруға тырыстым. Мұстафа маған қарап былай деп жатыр:

— Саған айтып тұрмын, ақымақ неме! — деп айқайлады. — Бұл қыз дүкенге қай уақытта барады?

— Жағажайдан қайтар кезде.

— Мен оның жағажайға қаншада баратынын қайдан білемін!

— Төғыз, тоғыз жарымда барады.
— Қыз сені таниды ғой?
— Әрине, — дедім. — Сәлемдесіп тұрамыз.
— Мынау әлі мақтанып тұр ғой.
— Иә, — деді Сердар, — Сол үшін кешір деп жатырмын.
— Мені тыңда, — деді Мұстафа. — Ертең таңертең тоғыз жарымда сол жерде боламын. Мені күтесің! Қайсы дүкен бұл? Маған көрсет! Қыздың «Жумхуриет» алғанын мен де өз көзіммен көрейін.

— Күнде таңертең алады! — дедім.

— Жап аузыңды! — деді. — Алса, саған белгі беремін. Сол кезде біріпші барып қыздың қолындағы газетті аласың. Бұл жерде коммунистерді жүргізбейтінімізді айтасың. Сосын газетті алып, жырттып лақтырасың. Келістік пе?

Үндемедім.

— Түсіндің бе? — деді. — Құлағың естіп тұр ма?

— Естіп тұр, — дедім.

— Жарайсың! — деді. — Бүгін кешке бізбен жазу жазуға келесің! Үйге қайту жоқ!

Мұстафаны сол тұрған жерінде өлтіргім келді! Бірақ соңында өз басың бәлеге қалады! Ештеңе демедім. Сосын тағы бір темекі сұрадым.

Метин көңілді отырыста

Жунейт терезені ашып, қараңғы жаққа қарап:

— Барлық мұғалімдер қанішер! — деп айқай салды. Ол «барлық мұғалімдер, барлық ағай-апайлар» деп ынырсып тұрғанда, Гүлнұр қарқылдап күлді де:

— Мас болып қалыпты. — деді. — Ұшып жүр, көріп тұрсыңдар ма, достар?!

Жунейт де былапыт сөздермен сөгіп:

— Мені осы жылы тура қажытты! Ей, сендердің өміріммен ойнауға қандай хақыларың бар? — деп айқайлап жатыр. Сол кезде Фунда мен Жейлан да келіп жетті:

— Тссс, Жунейт, не істеп жатырсың мына уақытта? Қарашы, түнгі үш болды, — деді. — Көрнілер, елдер ұйықтап жатыр ғой.

— Көршілеріңнің атасына нәлет! — деді Жунейт. — Мені жайыма қалдыр, әпке, көршілер мен мұғалімдер бірігіп алған.

— Енді саған мынау жоқ, — деп Жейлан Жунейттің қолындағы есірткі салынған темекіні алуға тырысты. Бірақ Жунейт бермеді:

— Басқалар тыныш отыр да, тек мен екенмін ғой шу шығарып отырған, — деді.

Фунда жағымсыз әуен мен гүрлеген шудың арасынан даусымды естісін деп айқай салды:

— Жап онда аузыңды, — деді, — айқайлама, үнінді өшір, естідің бе?

Жунейт бірден басылды, тіпті ештеңе болмағандай, бар ашу-ызасын бір сәтте ұмытып кеткендей болды. Құлаққа ыңылдап жеткен поп-роктың арасында ақырын-ақырын теңселе бастады. Сосын Тұранның би кешіне ұқсату үшін орналастырған жанып-өшетін түрлі-түсті шамдардың арасына кіріп кетті. Мен Жейланға қарадым. Ол аса қайғыра қоймаған сияқты. Әдемі көздері күлімдеп отыр. Жанарында бір мұң табы сезіледі. Я, Алла, мен бұл қызды сүйемін, не істерімді білмеймін, маған көмектесе гөр! Қандай сергелден сезім бұл? Мен де ғашық болып қалып, үйленуге асыққан шарасыз, санасыз, бетін безеу басқан жас түрік ғашықтарындай болып кетермін соңында. Біздің мектептің көптен әйел көрмегендері секілді мына қыздың намысын таптап, сосын таң атқанша ебіл-дебіл болып махаббат жырын жырлап отыра алмаспын. Әркімнен жасырған қойын дәптерлер ішінде осы сергелден

сезімдермен толған дүниелерді сақтап, таң атқанда саған нағыз бір еркек болудың көңіл көтерумен өлшенетінін дәріптесе! Жок, жетер, Метин, ойланба! Бәрінен жиіркенемін, ешқашан оларға ұқсамайтын боламын! Мен салқынқанды, халықаралық деңгейдегі бай әйелқұмар боламын! Иә, иә, газеттерде Контес де Роучфолтисмен бірге бір сурет, келесі жылы Америкадағы алып түрік физик ғалымының жеке және күнделікті өмірі деп мен туралы және «Тайм» журналы бізді ару ханымдармен Италияның Алптерінде қол ұстасып жүргендерімді жариялайды. Теңізге саяхат деп оз қаражатыммен Түркияға келгенімде мексикалық мұнай миллионерінің бір сұлу қызы, үшінші әйеліммен «Хурруйеттің» бірінші бетіндегі үлкен суретімді көрген кезде сен, Жейлан, «мен Метинді сүйемін» деп ойланар ма екенсің, көреміз. Ой тоба-ай! Сол күні көп ішіп қойдым, тағы да Жейланға қарадым. Гашалы темекіні екі рет тартып бал-бұл жайнаған көзіне қарап, бірден ақылынан адасқан, есі шыққан және безілдеген адамдардың арасында біреулердің бақырып-шақырғанын естіп жатырмын. Ой, тоба, ұлып жатқандары да бар, естіп отырмын. Себебін білмеймін. Менің де айқайлағым келіп тұр, олармен бірге шуылдап жатырмын. Міне, мен де айқайладым, алдымен түсініксіз бір айқай шықты, сосын шарасыз хайуан секілді мәңірей бастадым. Осы кезде Гүлнұр бірден:

— Енді сен аузыңды жапшы, Метин, — деді, — сен үнде-меші, сенің оларға қосылуың жараспайды.

Қолындағы оралған темекіні көрсетіп:

— Сен шекпейсің, — деді. Ал мен мұны қалжың деп қабылдап күлімсередім, сосын салмақты кейіппен:

— Мен де бір шөлмекті тауыстым, болды ма, досым. Оның үстіне мен әркімнің қолына бермей, бәрін өзім бітірдім, — дедім. Ол мені тындамады.

— Ынжық неме, пысық неме, неге қоймайсың? Ен болмаса Тұраннан үялсайшы! Оның әскерден бұрынғы соңғы түнін бұзуға қандай хақың бар, — деп жатыр. Мен:

— Жарайды, олай болса, — дедім де, қолымды созып берген темекісін алдым.

— Қара, Жейлан, міне, мен сен секілді темекіні қалай шегемін, сені сүйемін, — деп тағы біраз тарттым. Сол кезде Гүлнұр саған қарағанымды сезді, Жейлан! Сөйтті де, қарқылдап күле берді.

— Қарашы, Метин, сенікі де ұшып жатыр, оған жету үшін әлі көп тартуың керек, — деді. Мен Жейланға айтып жатыр ма деп ойладым да үндемедім. Гүлнұр:

— Өртейсің бе оны? — деді. Мен жауап бермедім.

— Метин, қолымды тез ұстамасаң, қара, мына жерге жазамын, — деді Гүлнұр. — Фикрет ұрлап әкетеді оны.

Сөйтті де, қалың темекінің ұшымен жазып жатқандай болды, мен де үнсізбін. Ол Фикретті іздеп тұрғанда мен де қолымдағы шөлмекті тауысып бітірдім. Мен шыныаяғымды толтырып келейін, масқара болмайын деп ол жерден сытылып шыққанымда Гүлнұр мәз болып күлді. Мен болсам қараңғыда шөлмек іздеп жүргенде, қайдан шыққаны белгісіз, Зейнеп маған асыла кетті де:

— Қане, билейікші, не болды, Метин? Қарашы, қандай керемет әуен?! — деді.

— Жарайды, — дедім, ол маған, мен оған асылып. Абайландар, мен таңнап кешке дейін Жейланды ойлайды деп ойламаңдар. Міне, көріп тұрсыңдар, Зейнеп деген толық қызбен би билеп жатырмын. Бірақ желігім тез басылды. Өйткені қарны тойған жуас мысықтай көзін қысып, маған романтикадан белгі беріп жатты. Қалай құтыларымды білмей тұрғанда біреу келіп құйрығымнан бір тепті. Қарғыс атқырлар, жарықты сөндіріп, «сүйіссін, сүйіссін» деп айқайлап жатыр. Ал мен қараңғыда анау үлкен жастық секілді мамық нәрсені итеріп, сытылып шықтым. Виски мен шыныаяқтар қайда деп іздеп жүргенде, бетіме бір кезде шын жастық келіп тиді. Сол-ақ екен, мен де қараңғыда қатты бір жұдырықты салып қалдым. Сол кезде Турғайдың ыңырсыған даусы ес-

тілді. Асүйдің есігінде Ведатпен бетпе-бет келдім. Маған жақтырмаған кейіпте қарағанын байқадым. Сосын жайғасып жатып алды да:

— Қандай ғажап оқиға, солай ма? — деді.

— Не ол ғажап болған? — дедім таң қалып.

— Білмейсің бе, аға? Біз қазір сөз байластық, — деді де, жауапкершілікті білетін салмақты бір күйеуге ұқсап мейіріммен қолын Семаның иығына қойды, — жақсы емес пе, аға?

— Өте жақсы, — дедім мен.

— Иә, — деді, — керемет оқиға болды бұл, сөз байластық, күттықтап қоймайсың ба?

Қайтадан бет сүйістік, Сема жылап жіберуге шақ түр. Мен аң-таңмын. Тура қашып кетейін дегенімде Ведат мені тағы ұстап алды. Тағы да бет сүйістік. Мен мына сүйісімізді ана ағылшын қыз көрсе, бізді қызтеке деп ойлап қалар деп қорықтым. Жатақханада бәрінің бір ғана арманы біреуді қызтеке деп мазақтау болатын. Қарғыс атқырлар, қанішерлер, аурулар, есі ауысқандар, ақымақтар жүнсіз адам көрсе, қызтеке дейтін. Аллаға шүкір, менің жүнім бар ма, бар. Әрине, бар деп есептеледі. Қаласам, мүрт та қоя аламын. Жарасатын секілді. Мен жүнді еркекпін. Шынында, бір жолы Сүлейман маған тап беріп, ыңғайсыз әрекеттер жасады. Бірақ мен де есемді жібермей, ол ұйықтап жатқанда үстіне шығып, бүкіл жатақханаға масқара еткенмін. Өйткені осылай жасамасаң, байгүс Жемге жасағандар секілді езіп тастайды адамды бұл жабайылар! Жарайды, сабыр ет, Метин, мән берме! Келер жылы Америкадасың, бірақ мына ақымақтардың елінде әлі бір жылдай сүруің керек. Фарух пен Нилгүн, осыдан келер жылы қаражат жоқ деп Америкаға бара алмайтын болсам, екеуің де менен көресіндер! Осылай өз ойыма өзім шырмалып жүріп, асүйді таптым. Ол жерде Хулия мен Тұранды көрдім; Хулия жылап отыр, Тұран да таз басын су кранның астына қойып алыпты. Мені көріп, басын котерді де, маған қатты жұдырығын сілтеп қалды.

— Қайда мұндағы шишалар, ыдыстар? — дедім.

— Ыдыстар ана жерде, — деді. Бірақ еш жерді сілтеп көрсетпеді. Мен тағы да:

— Қайда? — дедім. Ол да тағы:

— Ана жерде, — деді, бірақ ештеңені көрсетпеді. Өзім шкафтардың есігін ашып, ақтарып қарай бастадым. Тұран Хулияға асылып, бір-бірінің тістерін жұлып алардай еріндері жабыса кетті. Құштарлықпен сүйісіп, аймаласып жатыр. Мен біздің де осылай жасай алатынымызды ойладым, Жейлан. Олар енді біртүрлі дыбыстар шығара бастады. Хулия Тұранның аузынан өзін эзер құтқарып алды. Екеуі еңтігіп кеткен.

— Бұл да өтер, кетер, жаным, — деді Хулия. Тұран бірден:

— Сен не білесің әскерден, еркектер барады әскерге, әскерге бармаған еркек — еркек емес, — деп зіркілдей бастады. Арқамнан тағы жұдырықпен түйіп жіберді.

— Ей, сен осы еркексің бе? Неге мәз болып тұрсың? Өзіңе сенімдісің бе сонша? Кел онда, өлшеп көрейік, байқайын қаншалықты еркек екеніңді, — деп қолымен шалбарының түймелерін ағытып жатқанда:

— Қой деймін, не істеп жатырсың, — деді Хулия. — Олай істемеші, Тұран!

— Жарайды, екі күннен соң кетемін, бірақ ертең де осылай көңіл көтереміз, жарай ма? — деді Тұран.

— Әкең ұрысып жүрмей ме? — деді Хулия.

— Аузына сиемін оның, — деп айқайлады, — жетер енді, әке болсаң, жөніңмен бол! Мен сен қалады екен деп бір лицейді бітіруім керек пе? Онымен қоймай, әскерге жіберіп жатырсың! Мен неге осындай санасызбын? Сен неге баланды түсінбейсің? Қандай әкесің, сен? Мен адам болмаймын енді, болды ма? Көлікті де іске жарамсыз қылып тастаймын, «Мерседесті» де алайын, қара да тұр, ант етемін, оны да бір бағанаға барып соғамын, Хулия, көрсін сосын, — деді.

— Жок, — деп жылады Хулия, — олай етпе, не керегі бар? Тұран маған тағы да жұдырық түйіп іштен естіліп жатқан поп-рокка теңселіп билей бастады. Әп-сәтте бәрімізді ұмытып кеткендей. Гапалы темекі түтіні мен әуеннің ала көленкесінде жанып-сөнген түрлі жарықтардың арасына кіріп көрінбей кетті. Хулия болса оның сонында жүгіріп жүр. Ал мен ішімдігімді дайындап жүре бердім. Сосын Турғайды көрдім.

— Қане, сен де жүр, жалаңаш теңізге түсеміз, — деді. Мен қобалжып қалдым.

— Кім, кім? — дедім.

— Ақымақ неме, — деді, — қыздар емес, әрине, Жейлан да жок.

Мен таңғалдым, сені ойладым, Жейлан! Бәрі қалай ғана тез түсініп қойды сені сүйетінімді? Сенен басқа ешкімді ойлай алмайтыншымды қайдан түсініп қойды мыналар? Жейлан, қайдасың, түті мен әуен арасында? Мына түнек ашылсын да, сені тапсам екен, Жейлан! Қайдасың? Іздедім, іздедім, бірақ уайымдамадым. Сәлден кейін билеп жүргенінді, қасында Фикреттің жүргенін де көріп қалдым. Сабыр ет, Метин, мән берме! Мән бермегенсіп барып отырдым бір жерге, әуенде өшті. Біреу көңілді әуен қойды. Бәрі ауылдағы тойдың ортасында жүргендей шуылдап, секіріп, қиқулап билей бастады. Бәріміз қол ұстасып айнала билеп жүрміз. Мен сенің бір қолыңнан ұстап келемін, Жейлан, көз салсам, Фикрет екінші қолыңнан ұстапты. Айналып билей бастадық. Түрік әні шырқалып, алыс-жақын туысымыздың тойында жүргендей шеңбер жасап билеп жатырмыз. Шеңбер ашылғанда тура бір пойыз вагонындай тізіле қалдық. Қонақ бөлмені осылайша тізіліп айналдық, бас жағымыз аулаға шықты. Бәріміз шықтық. Басқа есіктен қайта ішке кірдік. Иығымда тұрған Жейланның жұмсақ қолын сезіп келемін. Көршілер не ойлар екен деп те тұрмын. Асүйге кірген кезде, біздің тізілген пойызымыз шашылды. Тек Фикрет ажырамады. Екеуіміз ғана қалдық, Жейлан.

Асүйде Семаның тоңазытқышты ашып, ішіне қарап жылап тұрғанын көрдік. Ведат болса, салмақты бір күйеуі ұқсап:

— Қане, жаным, енді сені үйіңе апарайын, — дегенін естідік. Сема болса, сол жерде қарап-қарап жылап алатын бір нәрсе бардай тоңазытқыштың ішіне қарап жылап тұр.

— Анаң не дейді, кеш болды, — деді.

— Мен анамды жек көрем, — деді Сема. — Бірақ сен осы бастан оны жақтайсың.

— Қойшы енді, әкел пышақты, — деді Ведат, — әкел пышақты.

Сема қолындағы пышақты жерге лақтыра салды, мен де осы кезде қорқынышты бір оқиғадан көз тасалағандай, үлкен бір қауіптен қорғағандай қолымды сенің иығыңа қойдым, Жейлан. Сені асүйден алып кеттім. Сен де маған сүйендің. Иә, иә, екеуіміз бірге, қараңдар бізге, ішке кірдік. Бәрі айқайлап, секірін жатыр, мен де бақыттымын, өйткені сен маған сүйеніп келесің. Дегенмен Жейлан менен қашып, жүгіріп кетті, қайда кеткенін білмеймін, соңынан барайын дедім. Бір қарасам, тағы Жейланның жанындамын, бір қарасам, тағы бірге билеп жүрміз. Бір қарасам, қолынан ұстап алыпсың, содан бір қарасам, тағы жоқ. Бірақ несі бар, бәрі де түсінікті, ең бастысы, мен бақыттымын! Аяғымды әзер басып тұрмын. Сені енді көрмей қалатыным есіме түссе, өз ойымнан өзім қорқып кетем, Жейлан! Не болса да өзімді саған ешқашан сүйдіре алмайтынымды ойласам, үмітсіз жандай үзілемін. Мен сені іздеймін, Жейлан, қайдасың? Сені жаным қалайды. Жейлан, Жейлан, қайдасың, сені қатты сүйемін! Тура бір кішкентай кезімде бәрінің кешке үйлеріне барғанда бетін сүйетін анасы бар, менде жоқ деп ойланған кездерімдегідей және аптаның аяғында жатақханада өзімді жалғыз сезінгенімдей, өзімнен және жалғыздықтан түңіліп, нағашы әпкемнің үйінде мені ешкімнің жақсы көрмейтінін ойлаған сәттерімдей шарасыз, мүсәпір сезініп отырмын өзімді. Басқалардың ақшасы көп, менде жоқ екенін де ойлаймын. Сен қай жерде тұрғың кел-

се, сол жерде өмір сүреміз. Қаласаң, осында тұрамыз. Түркия соншалықты жаман бір жер емес, жаңа жерлер, жақсы дүкендер ашылып жатыр. Күйдердің бір күні мына мағынасыз және соқыр анархия дәуірі бітеді. Еуропада және Америкада сатылған барлық нәрсе Стамбұлдағы дүкендерде табылатын болады. Үйленейік, менің басым қатты істейді. Дәл қазір қалтамда он төрт мың лирам бар. Ондай ақша ешкімде жоқ. Қаласаң, бір жерде жұмыс істеп көтерілемін. Не болмаса, ақшаның маңызды емес екеніне сеніп өмір кешеміз, Жейлан, солай ма? Қайдасың? Бірге университетте оқимыз, қайдасың, Жейлан? Әлде Фикреттің көлігіне мініп кеттіндер ме? Ой, тоба, сені ана жерде, бұрышта жалғыз отырғаныңды көрдім. Жалғызым, кішкентайым, шарасызым, сұлуым, періштем, не болды? Қандай уайымың бар, маған айтшы, жоқ әлде ата-анаң ренжітті ме сені? Айтшы, жаныңда отырайын, соңында әңгіме болсын деп сөйлескен соң, әрқашан аузымнан жақсы сөз шықпайды.

— Қатты шаршаның ба? — деймін әшейін.

— Мен бе? Иә, біраз басым ауырып тұр, — дейсің. Мен тағы айтар сөз тапнай үнсіз қаламын. Іші пысып, әуенге слітіп, Жейлан көңілді, өмірге риза кейіпте қарқылдап күледі. Менің ашылған аузыма қарап:

— Осындайда өте сүйкімді, жаныма жақын болып кетесің, Метин! — дейсің. — Айтшы, жиырма жетіде он жеті қанша болады?

Сол кезде мен, неге екенін білмеймін, ашуланамын, қолымды сенің иығыңа қоямын. Сол кезде сенің әдемі басың шайқалып кеудеме тиеді, мен басыңды сезінемін. Мен үшіс бұдан асқан бақыт болмайды. Шашың мен денеңнің иісін сеземін, кенет «мына жерде ауа жоқ, Метин» деп сыртқа шығасың. Ой, тоба, екеуіміз бірге бүкіл мына лас жерден сыртқа шығамыз. Міне, менің қолым сенің иығыңда, бір-бірімізге сүйеніп аламыз. Бір-бірімізге демеу боламыз. Мына қорқынышты, жаман, сүйкімсіз әлемде бір-біріне махаббатпен демеу болар екі шарасыз, жалғыз ғашықтар секілді

қашып барамыз мына жиіркенішті әуеннен, топырлаған адамдардан. Енді бәрін артта қалдырып, тыныш және мұңды көшеде, ағаштардың астында бірге жүріп келеміз. Алыстағы казинолардың түрлі түсті және үнсіз жарықтарына көз саламыз. Тек махаббатымен ғана емес, мықты достығымен де басқалар қызығарлықтай жұп болып, бір-бірімізді үнсіз ұғысамыз. Әңгімені тереңнен бастаймыз. Саған таза ауаның кереметін айтамын. Сен де ата-анаңнан онша қорықпайтыныңды, олардың негізі өте жақсы адамдар екенін, бірақ ескінің адамдары екенін айтасын. Мен оларды жақсы танымаймын, өзімнің анам мен әкемнің қайтыс болғанын айтамын. Сен әлемді аралағын келетінін, журналистиканы оқып, мықты бір журналист болғың келетінін айтасын.

— Сен менің мына халіме қарама, біз бұл жерде тек көңіл көтереміз, мен сондай болғым келеді, ана әйел кім еді? Атын ұмыттым, итальяндық журналист әйел, анау ше, тек атақты адамдармен сұхбат жүргізеді. Киссенгер немесе Енвер Селатпен сөйлеседі. Иә, білемін, ол сияқты болу үшін таңнан кешке дейін кітап оқимаймын, өмір менікі, қарашы, осы жылы сыныптан-сыныпқа жақсы өттім. Көңіл көтергім келеді. Біздің мектепте бір бала бар еді, көп кітап оқитын, ақыры жын-данып кетті. Жындыханаға жатқызды, сен қалай ойлайсың, Метин? — дейсің.

Мен ешнәрсе демеймін, тек сенің сұлу екенінді ғана ойлаймын. Сен әлі ауыз жаппай сөйлеп келесің. Әкенді, мектебінді, достарыңды, келешегіңе қатысты жоспарларыңды, Түркия мен Еуропа туралы не ойлайтыныңды тоқтаусыз айтып келесің. Көшенің әлсіз жарығы жапырақтардың арасынан жүзіңе шағылысып, барынша әдемі көрінесін. Мандайыңдағы қыртыстарың жазылып, тіпті ажарлана түсесің. Ой, Алла, қандай сұлу қыз! Адам одап бір бала сүйгісі келеді. Кенет жағажайға барғым келді. Ол жерге де жеттік. Үнсіз құмның үстінде келе жатқанда Жейлан аяқ киімін қолына шешіп алды. Аяқтары құмның үстінде жарқырап, жағалай жүрдік. Мекте-

біл және өмірдегі армандарын тағы баяндай бастады. Сосын сұлуым аяғын асықпай қараңғы және естен тандырардай суық суға салды. Суды шалпылдатып сөйлеп тұр. Суды сүйкімді балықтар секілді қимылдатқан аяғынан басқаны көзім көрер емес. Енді бірде еуропалықтарға ұқсап өмір сүргісі келетінін айтқанда, мені тындар емес. Дымқыл және жабысқақ ыстықты, теңіз бен оның тәнінің иісін сезіп тұрмын. Кенет аяқ киіммен суға түстім де, Жейланға асылдым.

— Мен сені сүйемін, Жейлан!

— Не істеп тұрсың? — деп күлді.

— Мен сені сүйемін, — деп бетінен сүйіп алғым келді.

— Метин, сен массың, — деді қорқып тұрғандай. Оны арқалап алып, өрең жағаға шығардым. Екеуіміз құмға құлай кеттік. Ол астымда тыпырлап жатыр, қолыммен оның кеудесін сылап-сипап жатырмын.

— Жоқ, жоқ, — деді, — Метин, не істеп жатырсың, жындандың ба, әлде массың ба?

— Мен сені сүйемін, — дедім.

— Жоқ, олай болмайды, — деді Жейлан. Мен оның бетінен, құлағынан, мойпынан сүйіп жатырмын. Құмарлана иісін иіскеп жатырмын. Ол менің кеудемнен итерді.

— Мен сені сүйемін, — дедім. Менің кеудемнен итерген сайын, мені бір адамның ең сорлысы ұқсатып итеріп тастауға қандай хақың бар? Одан сайын жабыса жөнелдім. Жете алмайтын шығармын деп армандап жүрген ыстық тән дәл қазір аяғымның астында жатыр. Шалбарымның сырмасын шешуге кірістім.

— Жоқ, керек емес, — деп кеудемнен итереді.

— Неге, Жейлан, неге? Сені сонша сүйемін ғой.

Осылайша, кеудемнен итеріп жіберді, мен де құмда иттей аунап, алысып жатырмын. Міне, не деген надандық десеңші! Үмітсіз арпалысып жатырмын. Жарайды, жарайды, мен де соншалықты бір малгүн емеспін. Қойдым бәрің! Бірақ шынымен жатсақ не болар еді?!

— Жоқ, мен беделіме нұқсан келтіретін адам емеспін, сенің де намысыңды таптамаймын. Тек жай ғана сүйгім келді, сені қалай сүйетінімді түсінші, — дедім. Сосын ақырын өзімді бастым. Ашулы мүшем құмарын баса алмай, рахаттана алмай, суық және құнарсыз құмға сұғылып өшсін. Жарайды, сені жіберейін. Шалбарымның сырмасын тарттым да, айналып аспанға, жұлдыздарға қарадым. Бар енді, мені жайыма қалдыр, жарай ма?! Жүгір, кет, достарыңа барып айт, «ойбай, достар, сақ болындар, мына Метин деген біртүрлі екен. Мені зорламақ болды, оңбаған, дөрекі ұятсыз! Онсыз да белгілі еді, оның ана газеттерде жарияланатын нәпсіқұмарлардан айырмашылығы жоқ екен» деп жар сал!

Тамағыма өксік толды. Мен де шабаданымды алып Стамбұлға қайтамын. Бітті енді мына Женнетхисардың хикаясы! Түркияда сұлу бір қызбен төсектес болу үшін немесе үйлену үшін, демек, миллионер болу керек. Енді білдім. Мен онсыз да келер жылы Америкада боламын, биыл жаздың аяғына дейін колледждің білімгеріне математика мен ағылшыннан сабақ беремін. Сөйтіп, 250 лира алып, жаз бойы ыстық, қапырық нағашы әпкемнің қуықтай үйінде ақша жинап, ақ тер көк тер болып жүргенде, мына жақта Фикрет пен Жейлан... Жоқ, олай емес, не деген әділетсіздік десеңші?! Қыздарды ақшамен емес, ақылмен, біліммен және сыпайылықпен қолға түсіру керек. Иә, қоя бер, Метин! Не керегі бар, одан да ана жұлдыздарға қара! Жарқырап жымыңдасқан жұлдыздардың қандай маңызы бар? Жұрт бұларға қарап өлең оқып жатады, шынымен де не үшін оқиды? Олар бірдеңе түсінетін бе еді? Бос сандырақ! Мәселе тек әйелді алдау және ақша табу. Америкаға барған соң мен ешкімнің ойына келмеген, өте қарапайым, бірақ маңызды физикалық бір жаңалық шығарамын. Сосын Эйнштейннің алғашқы жаңалықтарын жариялаған «Annalen der Physik» журналында жариялаймын. Бір мезетте атакпен ақшаға қол жеткіземін. Біздікілер маған ойлап тапқан және ұшырған ракетаның сырлары мен формуласын сұрайды.

«Біз де алып, гректердің төбесінен ракета жаудырайық» деп маған жалынады әлі-ақ. Мен ол кезде Бодрумдағы миллиордер Ертегүн вилласынан да үлкен және бай виллама, амал нешік, уақытым болмаған соң, жылына бір келіп кетемін. Ол кезде Фикрет пен Жейлан да, кім біледі, үйленетін шығар. Бірақ қайдан білесің, мүмкін, араларында ештеңе де жоқ шығар. Жейлан қайда өзі? Бәлкім, мені тастап қашып кеткен де болар. Ентігін жетіп, оларға бәрін айтып жатқан шығар. Ол қайда деп басымды бұрып қарауға да шамам жоқ, әлсіреп жатырмын. Мұнда құмның үстінде жападан-жалғыз жатырмын. Ешкімім жоқ, анашым, әкешім, бәріне сіздер кінәлісіздер. Неге мені тастап, ерте өліп қалдыңдар? Ешкімнің әке-шешесі бұлай жалғыз тастап кетпейді ұлын. Ең болмаса маған жақсы бір мирас қалдырмадыңдар. Ондай болғанда мен де ақшамен аналар секілді жүрер едім. Бірақ не ақшам, не басқам жоқ. Маған тек семіз ағам мен ана бір идеалист әпкемді тастап кете бардыңдар. Әрине, оған қоса қақбас әжем мен ергежейлі де бар. Одан қалса сасыған, ескі, жағымсыз-жайсыз үй! Оны да бұзғызбайды. Жоқ, мен оны бұзамын. Білем, сендердің неге ақша таппағандарыңды. Өмірдеп қорықтыңыздар, ақша табу үшін керек арсыздықтарға баратындай өжет болмадыңыздар. Ақша табу үшін батылдық, қабілет пен жүрек керек. Менде олар бар, мен табамын ақшаны. Сонда да сіздерге және өзімнің халіме жаным ашиды. Ешкімім жоқтығы, сіздердің және өзімнің жалғыздығым жаным батады. Жылағым келеді, жылауға қорқамын. Кенет Жейланның даусын естідім.

— Жылап жатырсың ба, Метин? — деді. Кетпеген екен.

— Мен бе? — дедім, — жо-оқ, неге жылаймын?

Өзім де абдырап қалдым.

— Жақсы онда, — деді Жейлан, — мен солай ойлап қалдым. Түр енді, қайтайық, Метин.

— Жарайды, жарайды, — дедім. — Қазір тұрамын.

Бірақ тырп етпестен жаттым. Ана жымыңдаған ку жүлдіздарға қарадым.

— Қане, түр, Метин, — деді тағы Жейлан. Қолын созып, мені тартып тұрғызды. Теңселіп, аяқта тұра алмай тұрмын. Жейланға қарадым, демек, жаңа мен үстіне тарпа бас салған қыз осы екен ғой, қызық екен, ол да ештеңе болмағандай темесісін тұтатты. Әңгіме болсын деп:

— Қалайсың? — дедім.

— Жақсы, — деді. — Көйлегімнің түймелері үзіліпті.

Бірақ мұны ызаланып айтпады. Сол кезде оның сондай жақсы адам екенін түсініп, өз ойымнан өзім ұялдым.

— Маған өкпеледің бе? — дедім. — Қатты мас болып қалыппын, кешір!

— Жоқ, жоқ, — деді, — өкпелеген жоқпын. Ештеңе етпес. Екеуіміз де маспыз.

Мен таң қалдым.

— Жейлан, не ойлап отырсың? — дедім.

— Жай, ештеңе емес. Қой, кеттік енді, — деді.

Қайтып келеміз. Менің су болған аяқ киімімді көрді де күлді. Сол кезде мен оны қайтадан құшақтап, сүйіп алғым келді.

— Қаласаң, сендер жаққа барайық, сен барып аяқ киіміңді ауыстыр, — деді. Мен одан бетер таң қалдым. Жағажайдан шығып жүріп келеміз. Екеуімізде де үн жоқ. Тыныштыққа оранған көшеде салқын және қараңғы бақшалардан келген ағаштың, қураған шым менқызған бетон иісін иіскеп келеміз. Біздің үйдің қақпасына келгенде, ескі құлагалы тұрған үйден ұялдым. Іштей ызаланып тұрмын. Әжемнің әлі жанып тұрған жарығына қарадым. Тағы қарасам, ой тоба, ағам балкондағы орындыққа жайғасып алыпты. Әлі қараңғыда отыр, сосын орнынан қозғалды, әлі ұйықтай қоймапты. Орындығының арқасына түннің жарымында, жоқ таңның мынау уақытында сүйеніп отыр.

— Сәлем! — дедім, — Танысып қойыңдар, Жейлан, Фарух. Менің ағам болады.

Олар риза. Мен ағамның аузынан мұңкіген арақ иісін сезіп, екеуін оңаша тастап кетуге ыңғайсыздандым да, жоғарыға жү-

гіре шығып шұлығым мен аяқ киімімді тез-тез ауыстырдым. Төменге түссем, Фарух бастап кетіпті:

Ей, Наили! Тұн ортасында анау ай жүзді сұлуыңның қадам басып келуі, аяғының тысыры, соншалық бір күтуге тұрмай ма?

Әрине, түсіндіңіз, Наилидің өлеңі. Бірақ оқығанда тура өзінің шығармасындай даусын ептеп, кеудесін кере оқыды мынау семіз. Сосын тағы:

Өзімді махаббаттың шарабына мас қылдым, бұл өмірді түсінер емеспін.

Мен кімін, мас болған кім, шараптың ыдысы қандай? — деді, — бұл кімдікі екенін білмеймін, меніңше, Евлияның «Сеяхатнамесі» болу керек.

Жейланның аузы ашылып қалыпты. Османдық арақ құлына күлімдеп қарап отыр. Тағы да тыңдағысы келді, бірақ ағам созын жібермесін деп:

— Аға, көлігіңнің кілтін берші, — дедім. — Біз кетіп барамыз.

— Жарайды, шырағым, тек бір шартпен: мына сұлу қыз менің сұрағыма жауап берсін. «Иә, мен өмірді түсінер емеспін» дегеннің мағынасы не, сен айтшы, Жейлан ханым? Аты Жейлан емес пе еді, дұрыс айттым ба? Жейлан ханым, айтыңызшы, өтініш, дүние деген не өзі? Мыналардың бәрінің, ана ағаштардың, аспанның, жұлдыздың және мына үстел мен бос шөлмектердің не мәні бар, иә, қалай ойлайсыз? — деді.

Жейлан әдемді көздерін төңкеріп оған қарады да, ештеңе демеді. Сосын ұялып, «сен жақсы білесің» дегендей маған өзгеше бір көзқараспен қарады. Мен әңгімені басқа жаққа бұрайын, мас ағам тағы сандырақтап кетпесін деген оймен:

— Әжемнің жарығы әлі жанып тұр ғой, — дедім. Бір мезетте бәріміз жоғарыға бұрылып қарадық. Әжемді ойладық. Осы сәтті пайдаланып мен:

— Қане, кеттік, Жейлан, — дедім. «Анадолға» мініп, оталдырып кете бардық. Жолда мазарат нісі аңқыған бақша, кө-

нерген үй, семіз ағам мен мен туралы Жейланның не ойлағандары ойыма түсіп, намысым оянды. «Иә, мынандай үйі, көлігі мен отбасы бар адам, ешкім жоқ деп жағажайда түн ортасында теңізге келген қыздарға шабуылдайды ғой, басқа не істесін?» деп келе жатқан шығар. Жоқ, Жейлан, бәрін саған түсіндіргім келеді, бірақ уақыт жоқ. Міне, Тұрандардікіне келе жатырмыз, бірақ мені тыңдауың керек, деп ойлап келемін. Көлікті әкеліп қырға бұрдым.

— Қайда? — деп сұрады Жейлан.

— Біраз таза ауа жұтайық, — дедім.

Ештеңе демеді, осылай кетіп барамыз. Қазір бәрін түсіндіремін деп келемін, бірақ қалай бастарымды білмегендіктен тек газды баса бердім. Қырдан төмен түсіп келе жатып та, қалай сөз бастау керектігін ойладым. Сосын қырға шықтық, сосын қайта түстік, мен әлі ештеңе бастамадым. Бірақ барынша газға бастым, «Анадол» да сақырлап келеді. Бірақ Жейлан қың етпеді. Газды одан сайын бастым, бұрылысқа келгенде көліктің артты айналып кетті. Жейлан тағы да үндемеді. Стамбұл-Анкара жолына келдік және өткен-кеткен көліктерге қарап отырып, әңгіме болсын деп мен:

— Көлікті қысайын ба? — дедім.

— Қой, енді қайтайық, — деді Жейлан, — сен қатты мас-сын.

А-а, жарайды, менен құтыла алмай отырсың ғой, ең болмаса мені бір тыңда, саған айтарым бар дегім келді. Саған айтайын, мені түсін, мен жақсы адаммын. Бай болмасам да сендердің не ойлап, қандай талаппен тіршілік ететіндеріңді де жақсы білем. Мен де сендер сияқты адаммын, Жейлан. Мен саған осының бәрін түсіндіргім келеді. Бірақ сөйлейін десем, бәрі қорқынышты, екіжүзді болып кетеді. Ондай кезде қолымнан тек газға басу ғана келеді. Жарайды, олай болса, ең болмағанда намыссыз біреу емес екенімді көр, өйткені намыссыздар қорқады. Ал мен қорықпаймын! Қарашы, мына шірі-

ген көлікпен 130-бен жүріп келемін. Көрдің бе? Сен қорқып отырсың ба? Бәлкім, өлерміз. Газға тағы бастым, сәл кейін қырға қарай шықтық. Осы қырда газға басып өлсем және мен өлген соң жатақханадағы достарым еске алып, бір покер турнирін ұйымдастырар, сол ойындардың кезегінде байлардан алған ақшаларына қабірімнің басына көктас ойып қояр. Газға тағы бастым. Жейлан сол қалпы үнсіз. Ой, тоба, жол ортасында жағажайда жүргендей жайбарақат ары-бері жүргендерді көріп, өлімге жақындап қалғандай болдым. Селт етіп тормозға басқанымда көлік нақ бір қайыққа ұқсап аударылып кете жаздады. Тура соларға қарай келе жатқанын байқағандары жан-жаққа бытыран қаша жөнелді. Көлігім әжептеуір сырғып барып, бір егістікке кіріп кетті. Бір нәрсеге соғысып, моторы өшті. Айналадан тек қара шегіртке даусы естіледі.

— Жейлан, қорқып кеттің бе? — дедім. — Ешнәрсе болмады ма?

— Жоқ, — деді. — Сәл болмағанда аналарды мыжып кете жаздадық.

Сол кезде олардың неге жүгіріп қашқанын және қолдарында бояу құтыларының болғанын көрген соң барып түсіндім. Олар қабырғаларға жазу жазып жүрген анархистер болды ғой. Қазір мына жерге үш қаңғыбас келіп, «не болды, бауырым, неге байқап жүрмейсің?» десе ше? Ерегесуге ниетім болмағандықтан көлікті жүргізуге тырысып жатырмын. Бірақ жүрмеді, тағы бір байқап көріп едім, мың шүкір, отала кетті. Жолға шығайын деп алға-артқа көлікті жүргізіп жатқанда ана үш қаңғыбас көлікке келіп те қалыпты. Келе балағаттай бастаған еді, Жейланға есікті кілттеуді бұйырдым. Олар жаман сөздерін жаудырын жатқанда мен көлікті әрі-бері қозғап, жолға шығаруға тырысып жатырмын. Сол кезде манағы ақымақтардың бірі көлікке соқтығысты-ау деймін, себебі бақырған даусы шықты да, көліктің артын жұдырықтай бастады. Бірақ кеш қалдыңыз, надандар, мен жолға шығып кеттім. Аман-есен біз

құтылды, алдымызда қабырғаға әлі жазу жазып жүргендерді көрдік: Жаңа аудан коммунистерге кабір қазады екен және Есир түріктері құтылады екен. Жарайды, ең болмаса коммунист емеспіз, жылдам ұзап кеттік.

— Қорықтың ба, Жейлан? — дедім.

— Жок, — деді.

Тағы біраз сөйлесіп, болған оқиғаны тағы айтып, әңгімедүкен құрғым келді, бірақ ол тек бір ғана сөзбен жауап қайтарып отырды. Қайтар жолда үнсіз келдік. Ләм-мим демеді Жейлан да. Ақыры Тұрандардың үйінің алдына келдік. Жейлан көліктен атып шығып, ішке қарай жүгіріп кетті. Мен түсіп қарасам, көлікке анау айтқандай зақым келмепті. Ағам болатын ана семіз айлығын араққа жұмсағанша, көліктің мынау тозған дөңгелегін ауыстыруға жұмсаса, басымыз осылай бөлеге қалмас еді. Не болса да аман-есен құтылдык. Ішке кірдім де, аналарды көрдім. Креслода, диванда, жерде жайылып жатыр, түтін арасында талып қалғандай бәрі де. Тура бір өлімді күткендей меңіреу әлем... Мехмет тура бір осы өмірдегі ең соңғы маңызды бір әрекетін жасап отырғандай, жеген шиесінің дөңгегін мұқият, асықпай аузынан шығарып, жәй ғана Тургайдың басына лақтырып отыр. Дымқыл жерге жатып алған Тургай басына тиіп жатқан әр дәнек үшін сабырмен лагнет айтуда және шарасыздықтан ыңырсып қояды. Мен болсам Зейнептің ұйықтап жатқанын, Фафаның бір сән журналына қараған күйі ұйқыға кеткенін, аузы ашылып қорылдаған Тұранның басында Хулияның ерін іздерін және басқалардың аузында темекісін будақтатып, болған оқиғаны баяндап жатқан Жейланды тындап отырғанын көрдім.

— Қане, достар, — деді қолындағы журналды лақтырып жіберіп Фафа, — өпе, таң атып келеді. Бір нәрсе қылайық! Тамактануға барайық! Балыққа барайық!

Хасан ізге түсті

— Көліктің нөмірін алдың ба? — деді Мұстафа.

— «Ақ Анадол», — деді Сердар, — бір көрсем болды, танимын.

— Ішіндегілерді көре алдың ба?

— Бір қыз бен жігіт, — деді Яшар.

— Түрлерін көре алдыңдар ма? — деді Мұстафа.

Ешкім ешнәрсе деген соң, мен де үндемедім: Өйткені Метинді таныдым. Бірақ қасындағысы сен бе, басқа ма, тани алмадым мен, Нилгүн. Таң атпай бізді мыжып кете жаздадыңдар... Мен тек қабырғаларға үлкен-үлкен жазу жазып жатқан едім. Өз міндетімді атқардым. Сердар, Мұстафа және басқа балалар бір бұрышта отырып темекі тартқаннан басқа ештеңе бітіріп отырмаған болатын. Ал мен, міне, әлі жазып отырмын. Осыларға не істейтінімізді жазып жатырмын.

— Жарайды, болды енді, мырзалар, — деді сәлден соң Мұстафа. — Ертең түнде жалғастырамыз.

Сәл ғана үнсіздіктен кейін:

— Жарайсың! — деді маған. — Жақсы жұмыс істедің! Бірақ ертең таңертең осында боласың! Көрейік, қызға не істей алатыныңды...

Бәрі тарқаған соң, қабырғаларға жазғандарымызды оқып, үйге жеткенше ойға шомып келемін. Көлікте Метиннің жанында отырған сен бе едің, Нилгүн? Қайдан келе жатыр едіңдер? Бәлкім, әжесі ауырып, Метинмен бірге дәрі іздеген шығарсындар... Бәлкім, күн шыққанды тамашалап, қыдырып жүрсіндер ме? Сендерді біліп болуға болмайды. Не істеп жүрсіндер? Ертең таңертең сұраймын енді сенен.

Айнала жап-жарық, бірақ біздің үйдің шамы әлі жанып тұрғанын үйге келгенде байқадым. Жарайды, әке! Терезелерді де, есікті де құлыптап тастапты. Өзі ана жерде жатыр, төсегінде емес, әрине, ана жердегі кең диванның үстінде жалғыз

жатыр. Жаным ашығандай болды, бірақ ызаланып та тұрмын. Әйнекті ұрдым.

Тұрып ашты, бақырып-шақырып тағы ұратын шығар дедім. Жок, өмірдің қиын екенін және дипломның маңызын түсіндіруге тырысты. Мұндай тақырыпты қозғаған кезде ол ұрмайды. Басым салбырап тыңдап тұрмын, бірақ бұл іс тыңдаумен бітпейтін түрі бар. Түні бойы сабақ оқып, одан қалса басымнан өткергендерім аздай, енді келіп сені тыңдауым керек пе? Ішке кіріп, шкафтан бір уыс шие алдым. Жей бастадым. Маған қолын ала жүгірді, мен басымды бұғып үлгердім. Қолыма жұдырығы тиді де, шие мен дәнектері жерге шашылды.

Мен оларды жинастырып жатқанда да айтып жатты, бірақ менің тыңдамайтынымды біліп, «Балам, айналайын, неге оқымайсың» деп жалына бастады. Жаным ашыды, қайғырдым, бірақ менің қолымнан не келеді. Сосын иығымнан бір ұрған кезде ашуландым.

— Енді мені тағы да ұратын болсаң, мен мына үйден қашып кетемін, — дедім.

— Кет, құры! — деді, — мен де бұдан кейін терезені ащпаймын!

— Жарайды, — дедім, — мен онсыз да өз ақшамды өзім тауып жүрмін.

— Өтірік айтпа, түннің жарымында не істеп жүрсін көшеде?! — деді. Сосын анам келген соң: — Мынау қашады екен! Үйге қайтып оралмайды екен — деді.

Даусы да біртүрлі дірілдеп шықты. Жылаудың алдында дірілдейтін дауыс ұқсап, қаңғыбас, кәрі иттің ұлығанындай естілді. Анам қас-қабағымен ишара жасап, ішке кір дегендей болды. Мен үндемей кетіп қалдым. Ақсақ лотерея сатушысы тоқтамай, бақырып-шақырып сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Содан бір кезде жарықтарды өшіріп, тым-тырыс болды.

Мен күн терезеге шақшиып тұрса да, барын тосегіме жаттым. Бірақ шешінбедім. Осылай шалқамнан жатып, бөлменің төбесіне көз салдым. Төбедегі көп жаңбыр жауса, арасынан су

тамшылайтын жарылған қабырғаға қарап жатырмын. Бұрын сол жарылған жерді тура бір бүркітке ұқсатушы едім: қияттарын жайып, мен ұйықтап жатқанда үстіме келіп, мені алып кететіндей болатын. Бұл ертегідегідей бүркіт, ал мен тура бір қыз болып кететіндей еді! Ойға баттым.

Оған бола сағат тоғыз жарымда жағажайға барамын. «Сәлем, Нилгүн, мені таныдың ба?», — деймін. Жауап бермей, қабағыңды шығасың. «Дегенмен біздің көп уақытымыз жоқ, өйткені біз қауіпті аймақтамыз. Сен мені дұрыс түсінбедің. Қазір саған барлығын түсіндіруім керек. Солар саған бақырып ұрсуымды, қолыңдағы газетті алып, жыртып тастауымды қалап отыр. Сен енді мұның еш керегі жоғын көрсет оларға», — деймін. Нилгүн болса алыстан бізді аңдып тұрған Мұстафаға барады да, болған жайды түсіндіреді. Мұстафа ұялып қалады. Мүмкін, Нилгүн де осы мезетте оны сүйетінімді түсініп қалар. Бәлкім, ол үшін маған ашуланбас, қайта қуанып қалар. Несі бар, бұл өмірде бәрі болуы мүмкін, білмейсің ғой...

Әлі сол төбедегі «бүркіттің қанатына» қарап жатырмын. Бірде бүркітке, бірде лашынға да ұқсап кетеді. Арасынан су да тамып қояды. Дегенмен бұрын мұндай жоқ еді, өйткені әкем ол кезде бұл болмені әлі салмаған болатын.

Сол кездерде мен біздің үй кішкентай, әкем бір қарапайым сатушы, көкем болса ергежейлі тұқымы деп қатты ұяла қоймайтынмын. Жоқ, тіпті еш қысылмайтынмын деп тұрғаным жоқ, өйткені бізде құдық жоқ кезде мен анаммен бұлақ басына бара жатып, сен мені көріп қоя ма деп қорқушы едім, Нилгүн! Себебі сіз Метинмен аңға шыға бастаған болатынсыңдар. Бір кездерде біз керемет достар едік. Әр күзде жаңадан салынған, бір-бірінен ауырмайтын, тағы шырмауық асылған сол Бешевлердегілер де Стамбұлға оралған кезең еді. Қазан айында бәрі кетіп қалды, ал сіздер әлі осында болатынсыңдар. Сол бір күндерде Метинмен бірге Фарухтың әдемі әрі ескі мылтығын алып, қарға атуға барамыз деп біздің үйге келген болатынсыңдар. Біздің қырга шаққанша қара тер бо-

лып келгенсіңдер, анам сендерге су берген болатын. Таза су болатын, біздің жаңа Пашабакче сынбайтын шыныаяғынан сен суды сүйсініп ішіп едің, Нилгүн! Бірақ, неге екені белгісіз, Метин суды ішпеген болатын. Бәлкім, біздің ыдысты лас деді немесе суды лас деді. Сосын анам «қаласандар, барып жүзім жеңдер, балалар» деді. Метин сұраған соң, «ол біздің бақша емес, бірақ не болыпты, көршіміздікі ғой. Ештеңе етпес, барып жей беріңдер» деді. Әйтсе де екі ағайынды, сендер қаламадыңдар. Мен саған, Нилгүн, өзім барып жұлып әкелгім келді. Сен тағы қарсы болдың. Біздікі емес екенін біліп ыңғайсыздандың. Не болса да сен біздің ыдыстан су іштің, ал Метин ауыз да тимеді.

Күн барыныша көтерілді. Құстардың сайраған даусын ести бастадым. Мұстафа не істеп жатыр екен? Ол да күтіп жатқан шығар, әлде ұйықтап жатыр ма екен?

Осыдан көп жыл өтпей, ары кетсе 15 жылдан кейін мен өзімнің фабрикада жұмыс жасап отырамын. Жоқ, хатшы емес, көмекші мұсылман қыз ішке келіп: «Сізбен сөйлескісі келетін бірер идеалистер, аттары Мұстафа мен Сердар» дейді. Мен: «Алдымен мына істерімді бітіріп алайың, сосын көрерміз» деймін. Оларды біраз күттіріп, жұмысым біткен соң, қоңырау басып шақырып: «Оларды қазір қабылдай аламын, кірсін» деймін. Дереу қысылып-қымтырылып жағдайларын баяндай бастайды Мұстафа мен Сердар. «Әрине, түсінемін. Менен көмек сұрап тұрсыңдар. Жарайды, 10 миллиондық шақыру аламын сізден, бірақ бұл шақыруды коммунизмнен тартыпшақтағымнан емес, сендерге жаным ашығандықтан аламын. Өйткені мен коммунистерден қорықпаймын. Өзім турашыл адаммын. Сауда-саттықта да алаяқтық жасамаймын. Оның үстіне пітір мен зекетімді жыл сайын беріп отырамын. Жұмысшыларыммен де жақсы қарым-қатынастамын. Жомарт болғандығым үшін мені құрметтейді. Кәсіподақтар мен коммунистерге алданбайды. Бұл фабриканың бәрімізді асырап отырғанын мендей біледі, менің де өздерінен ешқан-

дай айырмашылығым жоғын да біледі. Бүгін кешке солармен бірге ауызашарға барамын, сіздерді де шақырамын. Мен олармен біргемін, қол астымда жеті мың жұмысшы бар» дегенімде, Сердар мен Мұстафа ауыздары ашылып, аң-таң болды. Енді менің кім екенімді түсінген болды, солай емес пе?

Халылдің қоқыс таситын көлігі қырға шығып барады. Құстар да сайрауын қойды. Төбемдегі бүркіттен жалықтым, бір аунап, жерге қарап жаттым. Жерде бір құмырсқа кетіп барады. Құмырсқа, құмырсқа, бейшара құмырсқа! Саусағымды созып үстіне ақырын тигізіп едім, тыпырлай бастады. Сенен де күштілер бар, ақымақ құмырсқа, сен білмейсің! Қорқып қалдың ба, жүгіресің-жүгіресің, алдына саусағымды қойсам, тағы бұрылып қаша жөнелесің. Бірақ ойнадым, сосын оған жаным ашыды. Басқа жақсы дүниелерді ойлайын дедім. Ойым тек сол менің жеңіске жететін күндеріммен арпалысып, астасып жатыр.

Сол күндерде мен бір телефоннан басқа телефонға жүгіріп, әмірлерімді жүргізіп болып, ең соңғы телефон қоңырауына жауап беремін: «Алло, бұл жер Тунжели ме?» деймін. Сол жеңіс күнімде: «Алло, қалай екен ол жер? Болды, бас есепшім» дейді телефондағы дауыс. «Бұл жерді тазаладық, рахмет» деп, енді Карсқа телефон соғамын: «Алло, Карс, сіздерде жағдай қалай?» деймін. «Не де болса бәрі бітті, қошбасшым» деп жауап береді. «Бәрі бітіргелі тұрмыз» дейді. Мен де: «Жарайды, міндетіңізді жақсы атқарып жатырсыздар, рахмет» деймін. Телефонды қойып, бөлмеден шығып, мен артымдағы адамдармен бірге үлкен залға кіріп бара жатамын, мыңдаған өкіл мені қуанып, орындарынан тұрып шапалақтап қарсы алады. Сосын жасайтын баяндамамды асыға күтіп тұрғанда, мен: «Құрметті, достар! Идеалист Йылдырым Харекаты қазір аяқталды. Тунжели және ардақты қаламыз Карстағы ең соңғы қызыл қарсыластарымыздың ұясын бұзғанымыз туралы дәл қазір хабар келді. Үлкен Жеңісті енді бізге арман емес, достар. Түркияда өмір сүретін бірде-бір коммунист қалмады»

дегенімде, менің көмекшім құлағыма бір нәрсе сыбырлады. Мен: «Ааа, солай ма, жарайды, мен қазір келемін» деймін. Салынып бітпеген мәрмәр дәлізден өткен соң, қарулы күзетшілердің күткен, есіктері айқара ашылған қырық бөлменің соңғысының ішінде, мықты жарықтармен жарқыраған бір бұрышта сені көремін, сен бір орындыққа байланып отырсың. Көмекшім маған: «Жаңа ұсталды, көшбасшым! Бүкіл коммунистердің басшысы мына қызыл әйел екен» дегенде, мен: «Дереу шешіндер қолын, бізге бұл әйелдің қолын байлағанымыз жараспас» деймін. Сенің қолыңды босатады. «Бізді оңаша қалдырындар, өтініш» деймін. Көмекшім мен адамдарым етіктерін сарт еткізіп бір-біріне соғыстырып, сәлем берген соң шығып кетеді. Есіктер жабылған соң мен саған қараймын. 40 жастағы әдемі, келісті әйел болыпсың. Саған бір темекі ұсынып: «Мені таныдыңыз ба, жолдас Нилгүн ханым» деймін. «Иә, таныдым» дейсің сен де қысыла. Бір сәт үнсіздік орнайды. Бір-бірімізге ұзақ қараймыз, кенет мен: «Біз жеңдік! Біз жеңдік және Түркияны сіздер сияқты Алласыз коммунистерге бермедік! Өкініп тұрсың ба?». «Иә, өкінемін!» деп мен ұстап тұрған темекі қорабына қолдарыңды созғаныңда дірілдегенін көріп: «Тыныштал! Біз және достарым әйелдер мен қыздарға ешқашан жамандық жасамаймыз. Сабыр қыл, өтінемін. Біз мыңдаған жыл жалғасып келе жатқан түрік салтын өміріміздің соңына дейін сақтаймыз. Сондықтан еш қорықпа! Сендердің жазаларыңды мен емес, тарихтың, ұлтымыздың соты тағайындайды» деймін. Сен де: «Өкінемін, Хасан, өкінемін!» дейсің. Мен де: «Соңғы өкініш, амал не, пайда бермес! Сезіміме еріп, обалы не керек, сені кешіруім мүмкін емес. Өйткені мен бәрінен бұрын ұлтымның алдында жауапты адаммын» дегенімде, сен бір қарасам, шешіне бастайсың, Нилгүн. Шешініп, маған жақындайсың, тура Пендикте ешкімге көрінбей, жасырын барып көрген ана бір эротикалық фильмдегі арсыз, әдепсіз әйелдер секілді болып кетіпсің. Ой, Аллаай, бір кезде мені сүйетініңді айтып, алдай бастайсың сен.

Бірақ мен тас секілді қақиып, сенен жиіркендім, суып кеттім. Сен жалынып жатқанда, мен күзетшілерді шақырып былай деймін: «Алып кетіңдер мына Катеринаны! Менің Балтажы Мехмет Пашаның қатесін қайталайтын ниетім жоқ. Халқым сол Балтажының кесірінен көп қиындық көрді. Бірақ ол күндер бітті» деймін. Сосын күзетшілер сені әкетіп бара жатқанда, мен артыма қарамай үнсіз жылап аламын. Сендей бір қызды қандай халге душар еткендері үшін, иә, тек сол үшін, сезімім атойлап коммунистерге қатты ызаландым. Көз жасым тыйылды, демек, қаншама жыл қайғырып жүр екенмін деп өзімді жұбатамын. Жеңіс сән-салтанатқа қосылып, енді сені және сол ескі күндерді мүлдем ұмытармын.

Айналып, төсегімнің шетіне қарадым. Құмырсқа жоқ болып кетіпті. Қашан қаптың? Күн көтеріліпті. Төсектен атып тұрдым. Кешігетін түрім бар.

Асүйге кірдім. Бір нәрсе тауып жеп алдым. Ешкімге көрінбей терезеден шықтым. Кетіп барамын. Құстар тағы ағаш бұтақтарында. Тахсиндер қырдың шетінде ши себеттерін тізіп қойыпты. Көп жүріп, жағажайға келгенде байқадым: Күзетші мен билет кесуші келіпті. Бірақ Нилгүн жоқ. Шеттегі орындыққа барып, кіру есігіне қарап отырдым. Қатты ұйқы қысып тұрса да үнсіз отырдым.

Иә, қазір телефон соғамын: «Алло, Нилгүн ханым, бүгін жағажайға және дүкенге келмеңіз, сізге қауіп төніп тұр. Үйден шықпаңыз енді» деймін. Кім дейтін шығарсың? Ескі бір дос! Сарт етіп телефоным ашулы дауыспен жабылады. Кім екенімді білер ме екен, оны сүйетінімді, қауіптен сақтағым келгенін түсінер ме екен?

Жоқ, мен әйелдерді сыйлау керектігін білемін. Оның қолынан алып, газетті жырту деген! Әйел деген — әлсіз жаратылыс. Оларға жамапдық жасамау керек, анам қандай жақсы адам еді! Әйелдерге теріс қарағандарды жек көремін. Оларға қарап тек төсектес болуды ойлағандар мен беттерін безеу басып әйелге ашыққандар және материалист байлар — жан

дүниесі ластанған адамдар! Мен сыпайы және жұмсақ болу керектігін білемін; «қалайсыз, алдымен сіз өтініз» деп бір әйелмен бірге келе жатқанда бір есік көрсең, аяқтарың өзінен-өзі баяулап, алға тартпай қалады. Сен ойламасаң да қолың созылып, есіктің тұтқасына жабысып, оған есік ашуға тырысасың. Мен сіздер сияқты әйелдермен, қыздармен қалай сөйлесуді де білемін: «О-о-о, темекі тартасыз ба? Тіпті көшеде ме? Әрине, бұған сіздің де хақыңыз бар, мен надан адам емеспін» деп, қолымдағы шақпағымды жандырып, темекісін де тұтатып беремін. Мен кез келген әйелмен бір еркекпен немесе бір сыныптас досыммен сөйлесіп тұрғандай жайбарақат, қысылып-қымтырылмай, тіпті қаласам, бейтаныс қызбен де қызарақтамай сөйлесе аламын. Сол кезде қыздар менің қандай екенімді біліп, мен туралы бөтен ойлағандары үшін ұялатын болады. Мен газетін алып жырта алмаймын! Бәлкім, Мұстафа да жәй айта салған болар.

Мен теңізден шаршадым. Орнымнан тұрдым да жағажайға бұрылдым. Мұстафа да қалжың деген болатын, не болса да ол менің қыздарға қиянат жасамайтынымды біледі. «Сені қайтер екен, көрейік, біздің тәртіпке соңына дейін бағынар ма екен деп едім! Сүйген қызыңа соншалық жаман қылық көрсетудің қажеті жоқ, Хасан!» дейтін шығар Мұстафа.

Жағажайға келген соң Нилгүннің келгенін байқадым. Әдеттегідей жатып жайғасып алыпты. Ұйқым келіп тұрғаны сонша, ештеңе сезіне алар емеспін. Бір мүсінге қарап тұрғандай қарадым да тұрдым. Кейін отырдым, Нилгүн, сені күтіп отырмын!

Бәлкім, Мұстафа келмейтін шығар, бұған аса мән бермесем немесе ұйықтап қалған да болар. Жағажайға асыққан адамдар көп: Стамбұлдап келген көліктер, қолдарында себет пен теңіз добы бар ата-аналар, балалар. Жиіркенішті отбасылар. Бәріңіз де күнәһарсыздар, мұның жазасын тартасыздар! Жирендім!

Бәлкім, тыныш отырғаным дұрыс деп ойладым. Мен ондай адам емеспін ғой! Сол кезде «коммунист қыздың қолынан

газетті де алмады, жыртпақ түгілі» дейтін шығар. «Бұрын идеалист еді, енді коммунист болып кетіпті» деуі де мүмкін! Сақ болындар, мына женнетхисарлық Хасан Караташты арамызға қоспандар! Ол кезде қорықпаймын да, қайта жалғыз өзім үлкен шаруаларды бітіремін, қара да тұрындар!

— Ей, оян, бала!

Қорқып кеттім. Мұстафа екен. Орнымнан атып тұрдым.

— Келді ме ана қыз?

— Ана жерде, — дедім, — көк киімде.

— Кітап оқып жатқан ба? — деді де, Нилгүн, саған қарады. — Не істеу керектігін білесің! — деді сосын. — Дүкен қайда?

Көрсеттім, сосын бір темекі сұрадым. Берді де кетті. Алыстау барып күтіп тұрды.

Темекімді тұтандырдым. Мен ақымақ емеспін, Нилгүн! Сенімім бар, кеше кешке басымызды қауіпке тігіп, қабырғаларға жазу жаздық. Қарашы, қолымдағы бояулар әлі кетпеді.

— Қарашы, темекі шегіп тұрсың, жап-жас емессің бе?

Режеп көке! Қолында себеті.

— Бірінші рет шегіп тұрмын, — дедім.

— Таста ана темекіні, үйіңе қайт сосын, балам, — деді, — не істеп жүрсің мұнда?

Құтылайын деп темекіні лақтырдым да:

— Бірге сабаққа дайындалатын досым бар еді, соны күтіп тұрмын, — дедім. Ақша сұрамадым.

— Әкең жаназаға келеді ғой, солай ма? — деді.

Сосын сәл кідірін барып, теңселе-теңселе кете барды. Қырға шығып бара жатқан көлікке байланған бір ат: тық-тық, тық-тық.

Сәлден кейін қарасам, Нилгүн теңізге шомылып жатыр екен. Шығып, қайтып барады. Мұстафаға хабар бердім.

— Мен дүкенге барамын, — деді. — Сен айтқандай «Жум-хуриетті» алса, мен алдынан шығып жөтелемін. Сол кезде сен де не істеу керектігін білесің, солай ма?

Мен үндемедім.

— Байқа, мен сені аңдып отырмын! — деді де кетті.

Мен қарсы қошеге өттім. Күтіп тұрмын. Алдымен Мұстафа кірді дүкенге. Сосын сен кірдің, Нилгүн. Қобалжып тұрмын. Аяқ киімімді жақсылап байлайын дедім. Қолым дірілдеп тұр. Күтіп тұрып ойға баттым. Өмірде бәрі де болады. Өз ойымнан өзім қорқып кеттім: бәлкім, бір күні таңертең тұрып қарасам, теңіз қып-қызыл болып кеткен болса, не болмаса дәл қазір бір жер сілкінісі басталса, сөйтін, Женнетхисар екіге бөлініп, жағажайдан от лаусап жанса. Қорқынышты!

Алдымен Мұстафа шықты, мен жаққа қарап бір жөтелді. Сосын Нилгүн шықты, қолында газеті бар. Соңына түстім. Ол да тез-тез жүріп барады. Торғайға ұқсап жерге бір тиіп, бір көтерілген аяқтарына қарап келемін. Аяқтарыңның әдемілігімен мені арбап аламын десең, қателесесің. Адамдардан ұзап кетті. Артыма қарадым. Мұстафадан басқа ешкім жоқ. Жақындаған кезде мен байқаған Нилгүн тоқтай қалды.

— Сәлем, Нилгүн! — дедім.

— Сәлем! — деді де, бұрылып кете барды.

— Бір минут! — дедім. — Біраз сөйлесейін деп едім.

Естімегенсіп жүріп барады, соңынан мен де еріп келемін.

— Тоқта! Неге менімен сөйлеспейсің? — дедім.

Жауап қатпады.

— Әлде бір күнә жасап қойып, менен ұялып жүрсің бе?

Тағы да жауап жоқ, кетіп барады.

— Екі мәдениетті адамдар сияқты сөйлесе алмаймыз ба?

Әлде мені танымай қалдың ба, Нилгүн?

Жауап жоқ.

Тағы да аяғын жылдам баса бастағанын көріп, артынан еріп сонша сөз айтқанымның бекер екенін түсіндім. Жүгіріп жанына бардым. Енді екі дос сияқты бірге келе жатырмыз, мен сөйлеп келемін.

— Неге кашасың? Мен саған не істедім? Менен не жаманшылық көрдің, айтсаңшы!

Ол үнсіз.

— Неге бұлай аузыңды ашпайсың?

Ол тағы жауап қатпады.

— Жарайды, менімен неге сөйлеспейтініңді айтайын ба? — деп ызалана бастадым. — Мен туралы қате пікірдесің, солай ма? Мен туралы шынында бөтен ойласаң, қателесесің.

Ештеңе істемедім. Өйткені ұялып келемін. Бар күшіммен айқай салғым келді, мына ақымақ тірлігімнен қорыққандай болдым! Сол кезде алдымызда сәнді киінген екі ер кісі шыға келді.

Мына ыстықта галстук таққан, костюм киген мына адамдар менің ісіме араласпасын деп күтіп тұрдым. Бөтен ойлап жүрмесін деп, тіпті артқа шегінгендей болдым. Қарасам, Нилгүн жүгіріп барады. Үйіне бір көше жақын қалғанда мен де жүгіре бастадым. Сонымнан Мұстафа да жүгіріп келеді. Бұрышқа келгенде сасып қалдым: жүгіріп барып, қолына себет ұстаған ергежейлінің қолтығынан ұстап алыпты. Тоқтай қалып, сондарынан ұзақ қарадым. Мұстафа келді.

— Қорқақ неме! — деді, — саған корсетемін енді!

— Ертең ісім солармен болсын!

— Ертең істейсің бе?

Мұстафаны бір ұрсам! Мұстафа сол жерде қалады. Бәрін түсінісін, мен қорқақ емеспін! Олай олмасын да! Өйткені мен туралы жаман ойлағанды жаным сүймейді. Мен мүлдем басқа адаммын! Мен тіпті өзімнің ішімнен шыққан ашуымның біреуге тиіп кетуінен қорқамын. Мұстафа да ешнәрсе демеді. Үнсіз келе жатырмыз. Ол да мені түсінгендіктен үнсіз келе жатыр. Өйткені сен де соңында бұл ісіңе өкінесің, солай ма?

Дүкенде сатушыдан басқа ешкім жоқ екен. «Жумхуриетті» сұрадық. Ол біреуін беріп жатқанда біз бәрін сұрадық. Дүкенші түсіне қойды да, Мұстафадан қорыққанындай менен де қорқып, бәрін бере салды. Қоқыс жәшігі жоқ екен. Газеттерді жыртып-жыртып умаждап біртіндеп лақтырдым. Дүкеннің айнасына жабыстырып қойған жалаңаш әйелдің суретін алып

жыртып тастадым. Апталық сандырақ журналдарды да құрттым. Демек, бүкіл мына лас дүниелерді тазалау менің міндетім екен! Мұстафа да аң-таң!

— Жарайды, болды, жетер енді! — деп, мені дүкеннен шығарды. — Кешке кафеге кел. Ертең таңертең осында боласың!

Ол кезде жауап қатпадым, бірақ қайтар жолда бір темекі сұрадым. Ол да үнсіз берді.

Әжесі сол күнді ұмытпайды

Режеп таңғы асымның табақтарын алып, асүйге қойып, өзі базарға кетті. Базардан оралған кезінде қасында тағы біреу болды. Аяғын жеңіл басқанынан оның Нилгүн екенін білдім. Баспалдақпен шығып, есігімді ашты. Маған қарады: шаштары су екен, теңізге түскен гой, қайта кетті. Түске дейін болмеме ешкім келмеді. Нилгүн мен Фарухтың төменде сөйлескен дауыстарын естіп отырмын. Одан қалса жағажайдың жұма күнгі жағымсыз шуы бара-бара артып барады. Естімеуге тырыстым. Ұйқым келмей жатыр. «Сенің тозағың, Селахаттин» деп қоямын. Жұмақ дегеп тозағың, міне, жер бетіне шықты. Тында мені, бәрі бір-бірімен тең. Ақша деген бәлені берген кез келген адам ішке кіріп шешінеді, бір-бірімен қатар жата береді, тындашы! Естігім келмей пердем мен тереземді жаптым. Түскі асымды ішіп алып, түскі ұйқыға кетейін деп көп күттім. Режеп кешігіп жатыр. Бір балықшының жаназасына барыпты. Түскі асқа да түспедім. Режеп ыдыстарымды алды да, есігімді жауып кетті.

«Ең жақсы ұйқы — түскі ұйқы» дейтін анам. Түскі астан кейін ең керемет түстерді көресің. Иә. Біраз терледім, жіпсіздім, тіпті жеңілдеп құстай ұшатынмын. Сосын терезені ашып,

таза ауа кіріп, лас ауа шықсын дейтінбіз. Нишантаныңдағы бакшаның жасыл бұтақтары бөлменің сонау ішіне дейін жүргенде түстерім сыртқа шықсын да дейтінмін. Өйткені мен оянғаннан кейін, кейде түсімнің менің одан бөлінген жерден өзімен-өзі ағып кетеріне сенгім келетін. Олгенде де, бәлкім, ойларым бөлменің ішінде аралап жүрер, заттарымның ішінде де, тарс жабылған перделер арасында, үстелім мен төсегімнің, қабырғалар мен төбенің бұрышын жағалап айналып жүрер. Сосын біреу келіп ақырын есікті ашқанда ауада жүрген менің ойларымның көлеңкесін коргендей болар. Жап есікті, ойларымды былғамасын, естеліктерім уланбасын! Менің тап-таза ойларым қияметке дейін осында! Шатырда, мына үнсіз үйде періштедей шалқып тұрсын! Бірақ сол кезде не істейтінін білмеймін: бір үлкен, қалған екі кішкентай өз ауыздарынан қағынды. «Бұл жер өте ескі, әже, бұл жерді құртайық та жаңа үй салайық!» деген. Өйткені білемін, күнәға белшеден бату үшін емес, басқалардың күнәсіз қалғанын көру сендерге барынша ауыр тиеді.

«Күнә деген сол сандырақ тыйымды мен сияқты сен де өткізіп жіберуің керек. Сен де іш мен секілді арақтан. Бір дәмін көруге еш қызыкпайсың ба? Мұның еш зияны жоқ. Қайта пайдасы бар, зейінді ашады. Тәубе! Жарайды, ең болмаса мынаны бір рет болса да айтшы, Фатма, болды. Тәубе! Олай бола мынаны тыңда, карашы, энциклопедиямның ең маңызды тарауы. Тыңда! Мен жаздым! Жаңа әліпби бойынша «Б» әрібінде басталатын мағлұматтарды тұжырымдап оқимын, тыңда: Біліміміздің негізі тәжірибе болады... Тәжірибеге сүйенбеген және тәжірибемен дәлелденбеген ешқандай білім жарамды болмайды... Бүкіл мына ғылыми білімнің негізі болған бұл сөйлем, Алланың бар екені туралы мәселені де бір сәтте растамайды. Өйткені бұл — тәжірибемен дәлелденбейтін мәселе... Онтологиялық дәлел — бұл схоластикалық әңгіме! Тәңір ол тек метафизиктердің ойлап тапқан пікірі... Олай болса біздің алма, алмұрт пен Фатмалар әле-

мінде Алланың, обалы не керек, ешқандай орны жоқ!... Ха, ха, ха! Түсініп тұрсың ба, Фатма, сенің Алла-маллаң жоқ енді! Бұл мәліметті тез арада жайып салуым керек! Энциклопедиямның біткенін күтуге сабырым жетпейді. Баспахана қызметкері Степанға бір хат жаздым, мұны бір бөлек жариялап шығарады тез арада. Зергер Авраамды шақырамын тағы да, қара маған, сондықтан мына маңызды мәселелерде сенің жас қыз сияқты назданғаныңды көтере алмаймын! Құтыдан жақсы бір әшекейінді бересің, ант етемін, бүкіл мемлекетке пайдасы болады. Мұны ақымақ сатушылар сата алмаса, қара да тұр, өзім барып Сиркежеде сатамын. Көресің, бәрі жүгіріп келеді! Өйткені мұндағы ақыл беретін жазуларды ана француз тілінен алып, елдің түсінетін тілінде жазуым үшін қаншама жылдарымды жұмсадым, Фатма, сен де білесің! Негізгі уайымым олардың оқу-оқымауында емес, Фатма, оқығаннан кейін қандай сезімде болатыны қызықтырады мені» дейтін Селахаттин.

Бірақ, шүкір, өзінен және ергежейлісінен басқа ешкім оқымады сол жексұрын өтіріктерді. Шайтан арбаған байғұстың «келешектің керемет жұмағы» деп түсіндірген тозақ бейнесін жиіркене-жиіркене бір ғана мен оқыдым да, басқа ешкім оқымады.

Селахаттиннің кеселге ұшырағаннан жеті ай және өлімінен үш ай кейін Доғаным Кемахта еді, қыстың ортасы, үйде ергежейлі екеуімізден басқа ешкім жоқ. Түнде қар жауып тұрды. Мен қабірдің үстін қар басып қалған шығар деп ойлады. Кенет өз ойымнан қорқып кеттім де, өн бойымды жақсылап жылытайын дедім. Өйткені үнемі аузынан шыққан шарап иісін иіскемейін деп тығылатын болмеде әлі отырмын. Аяғым мұздай болып қалыпты, жалғыз өзім тоңып отырмын. Әлсіз шамның жарығын да елер емепін, қар әйнектерді ұрғылайды, бірақ жылап отырған жоқпын. Жылынғым келді, жоғары шықтым да, Селахаттин бар кезде кірмеген және ішінде ары-бері жүрген аяқ тықыры еш тынбайтын бөлмесіне енді

кіре алатынымды ойладым. Еікті ақырын итеріп, қарадым: айра-жайра шашылған, арсызданып жантайған, бұрыштарда, тартпаларды, кітаптардың үстінде, ішінде, жерлерде, терезе алдындағы қағаздар, қағаздар, беті шимайланған, жазылған қағаздар, қағаз бумалары. Үлкен ебедейсіз пештің аузын аштым. Ішіне қағаздарды тыға бастадым. Сіріңкені тұтандырып тастаған едім, қағаздар, жазулар, газеттермен бірге бүкіл сенің күнәнді жұтып жатыр, Селахаттин! Күнөлар кеткен сайын көңілім рахаттанып отыр. Бүкіл өмірімді арнаған шығармам менің: Көрейік, не жазыпты Ібіліс? Жыртып-жыртып өртеп отырып, оқып жатырмын: Бас жағына кейде қысқаша бірдеңелер жазған. Республика: Бізге керек басқару жүйесі осы... Түрлі республикалар бар... Де Пасет бұл туралы кітабында... 1342... Осы апта Анкарада құрылыпты деп жазыпты газеттер... Жақсы... Бірақ мұны да өздеріне ұқсатып жібермесе екен. Дарвиннің теориясын Құранмен салыстыр және сауатсыздың өзі түсіне алатын карапайым мысалдармен ғылымның құндылығын баянда... Жер сілкінісі бас-аяғы геологиялық бір құбылыс ретінде жер қыртысының шайқалуы... Әйел — еркекті толықтырушы... Екіге бөлінеді... Біріншісі — табиғи әйелдер, бұлар табиғаттың өзіне берген ләззаты мен рахатын сезіне алады. Бұл рахат, қайғы-мұңсыз табиғи әйелдердің көбісі халықтың ішінен, төменгі таптың арасынан шығады... Руссоның үйлене алмаған әйелі секілді... Руссоға бір қызметшісі алты перзент туып берген... Ал екінші әйелдің түрі сондай суық және санасыз болады. Олар өте білімді, философ, сонымен қатар сыйластық пен махаббаттың жылулығын төменгі таптың әйелдеріне тапсырған... Руссонікі қызметші, Гетенікі наубайханашының қызы немесе коммунист данышпан Маркстікі де үй қызметшісі болған... бұдан бір перзент сүйген... Энгельс өзіне алған. Неге ұялсын? Өмір шындығы... Басқа да мысал көп... Осылайша, бұл ұлы адамдар суық әйелдерінің кесірінен өздеріне лайықты емес қайғы-дерттің ішінде өмірлерін улаған. Осы себептен кейбі-

рі кітабын, кейбірі философиясын, кейбірі энциклопедиясын аяқтай алмай, бостан-босқа өліп кете берген... Заңның және қоғамның некесіз туған деп кемсіткен ана балалар да өзінше бір дерт!... Ләйлек қанаттарына қарап отырып ойладым: тура осындай бір ләйлек секілді құйрығы жоқ әуе кемесін жасау мүмкін бе? Ұшақ қазір тек соғыс құралы... Линдберг есімді адам өткен аптада Атлант мұхитын шарлап өтті... Барлық сұлтандар ақымақ... Одақшылдардың қуыршағы ақымақтықтың ең алдыңғы қатарында. Біздің бақшадағы кесір ткелердің, Дарвинді оқымағандар үшін, Дарвиннің пікіріне сай құйрықтарын тастап кетіп бір таңғажайып дүние емес, адам ойының бір жеңісі ретінде қабылдануы тиіс!

Оқып жатырмын, оқып жатырмын және жиреніп пештің аузына тығып жатырмын. Бойым жылынайын дегендей. Қаншалықты оқып, қаншалықты өртедім, білмей қалдым. Кенет есік ашылды, қарасам, ергежейлі: ол кезде небәрі он жеті жаста болатын.

— Не істеп жатырсыз, мәртебелі ханым, обал емес пе?

— Сен аузыңды жап!

Ол аузын жабар емес.

— Қайда менің балдағым?

Үндемеді.

— Тағы басқа қағаз бар ма? Тығып қойдың ба? Шыныңды айт, ергежейлі, не бар, бары осы ма?

Тағы үндемеді. Оған төніп келемін. Төменнен жауап қайтарды:

— Менде ешнәрсе жоқ, мәртебелі ханым, ант етейін, ешнәрсе жасырмадым!

— Жарайды.

Мен де ешнәрсе демедім. Түн жарымда оның бөлмесіне басып кірдім. Оны ұйқысынан оятып, сыртқа шығарып жібердім. Жағымсыз иісі бар бөлмесінің бұрынш-бұрышын ақтардым. Төсегінің кішкентай төсенішіне дейін тінгідім: басқа қағаз табылмады, иә.

Бірақ мен сонда да қорқамын. Бір жерге бір нәрсе жасырып қойған сияқты, бір қағаз қиындысын менен алып қашқан Доған мені басынып, әкесінің баласын іздеп тауып, үйге әкелген еді. Өйткені келіп менен көп сұрайтын:

— Анашым, әкемнің жазулары қайда?

— Мен сені естіп тұрған жоқпын, балам.

— Қане, жылдар бойы жазды ғой, қайда солар, анашым?

— Естіп тұрған жоқпын, балам.

— Әкемнің бітпей қалған энциклопедиясын айтамын.

— Естілмейді.

— Бәлкім, бір керегі болар. Әкем бар өмірін соған сарп етті. Қатты қызығып тұрмын, анашым. Қане, бер оларды маған.

— Естіп тұрған жоқпын, балам.

— Әкем қалағандай, бәлкім, бір жерде жариялармыз, өйткені қара, 27 мамырда бір жыл болады.

— Тыңдап тұрған жоқпын сені, Доғаным!

— Мына төңкерістен кейін Кемализмге айналу болады екен. Ең болмаса энциклопедиядан кейбір қызықты мәліметтерді жариялап үлгерерміз. Қайда болса да маған бер оларды, анашым!

— Менің құлағым жақсы естімейді ғой!

— Қайда бұл қағаздар, ой, Алла-ай, іздеп жатырмын, іздеп жатырмын, таба алмай жүрмін кітаптарды. Жоқ ортада, тек жертөлеге тасталған ана бір құралдары ғана тұр.

— Естімеймін.

— Жыртып, бәрін жақтың ба әлде? — деп жылай бастады. Сосын араққа жүгіреді. — Мен де жазамын, мен де әкем секілді: Бәрі де, қарашы, жамандыққа бастап барады. Бүкіл мына жамандықтың жалғасын, напандықты тоқтатуымыз керек, бұл адамдар мүншалықты арам ниетті немесе напанды бола алмайды. Араларында жақсылары да бар, анашым! Шаруашылық министрін университеттен танимын. Бір қызға гашық болдық, бірақ өте жақсы дос едік. Менен бір сынып төмен оқитын, бірақ атлетика командасында бірге ойнадық.

Жақсы ойнайтын, өзі өте семіз болатын. Бірақ оның жүрегі асыл болатын. Оған ұзақ бір анықтама жазып жатырмын. Қазір бас штабтың екінші басшысы болған пәленше паша да мен Зиледе губернатор уәкілі кезімде жүзбасы еді. Өзі өте жақсы адам, мемлекет үшін жақсы бір нәрсе жасағысы келетін. Оған да бір анықтама жіберемін. Анашым, сен білесің, өмірде осындай бір әділетсіздер болады...

— Жарайды, неге мұның бәріне сен жауаптысың, балам?

— Еш араласпасақ, жауапты біз боламыз, сол себептен, анашым, мен жауапты болмайын деп үстелге отырып жаза-мын соларды...

— Байғұс екенсің сен де, әкеңнен өткен қорқақ екенсің!...

— Олай емес, анашым, қорқақ болсам, мен оларға қосылып кетер едім. әкем болар кезім келді. Бірақ мен де тойдым. Ана байғұс ауылдықтарға не көрсетіп жатқанын білесің бе, анашым?

— Маған ол қызық емес, балам.

— Оларды құс ұшпас, керуен өтпес жерлерге тастады.

— Уайымның ешнәрсеге жарамайтынын маған марқұм әкең үйретті!

— Айдалаға тастады, не дәрігері жоқ, не мектебі!...

— Қандай өкінішті, марқұм әкең маған үйреткендерін саған да үйретпеген екен, Доғаным!

— Жылына бір рет олардың өнімдерін арзан алу үшін...

— Амал нешік, балам, мен өзімнен саған ешнәрсе бере ал-маған екенмін!

— Сосын сол қараңғы әлемге оларды тастап кете береді!...

Тағы да айта берер еді, мен тындамай, өз бөлмеме кетіп қалдым. Ойға шомдым: Бұл біртүрлі негізі! Басқалар секілді болмасын деп, үйі мен жұмысының ортасында тыныш барып келмесін деп біреу бұларды айналдыратын сияқты. Сол адам қазір менің қайғыма қарап рахаттанып отыр. Сағатыма қа-радым. Үш болыпты, бірақ әлі ұйықтай алар емеспін. Жаға-жайдың шуы құлақ тұндырады. Сосын ергежейліні ойлап өз-өзімнен шошыдым.

Бәлкім, ауылдан хат жазып, Доғанымды сол кезде өздеріне жанашыр қылып алған секілді. Бәлкім, Доғанымға әкесі айтқан болуы да мүмкін. Бірақ ол кезде Селахаттин жазудан басқаны көзі көрмейтін еді. Университетті бітірген соң жазда Доғаным олар туралы көп сұрай бастады. «Режеп пен Исмайыл неге кетті, анашым?» дейтін. Бір күні өзі іздеп кетті. Бір аптадан кейін келгенде жанында жасөспірім олар бар еді: Үсті-басы алба-жұлба ергежейлі мен ақсақ! «Бұларды ауылдан неге алып келдің, не жұмысы бар бұлардың біздің үйімізде?» дедім. «Неге әкелгенімді сен жақсы білесің, анашым» деді де, екеуін де ергежейлінің қазіргі бөлмесіне орналастырды. Сосын ақсақ Доғанның сатқан гауһартасының ақшасын жеп қашып кетті, бірақ алысқа емес. Әр жыл сайын қабір басына бара жатқанда көрсететін үйге! Ергежейлі неге қалды деп уайымдамадым. Ұялғандықтан дейді, адамдардың арасына бара алмағандықтан болар. Доғаным кеткен соң, Селахаттин мен ергежейліні кейде онаша көріп қалатынымын: «Айт, балам, ауылдағы өмір қалай? Көп қиыншылық көрдіңдер ме? Саған да намаз оқы деді ме? Айт маған, Аллага сенесің бе? Айтшы, анаң қалай қайтыс болды? Қандай жақсы адам еді, ұлтымның сұлулығы бар еді оның бойында. Бірақ, амал жоқ, мен мына энциклопедиямды бітіруім керек» дейтін Селахаттин. Ергежейлі үндемей, қашуға тырысатын. Мен оған жақындағым келмейтін, бөлмеме қанып барып, ұмытуға тырысатынымын. Дегенмен жиіркене-жиіркене есіме алатынымын: қандай жақсы адам еді, ұлтымның сұлулығы бар еді оның бойында! Қандай жақсы әйел! Қандай жақсы әйел еді!

Жоқ, олай емес, ол тек күнәһар әйел еді, Селахаттин. Бір ұй қызметшісі. Қан дауымен бұлар күйеуімен ауылдан қашып, Гебзеге келген. Сосын әскерге барғанда күйеуі оны тастап кеткен. Балықшы оның қайығы аударылып өлгенін айтқан. Ал мен оны айлақтың қирандысы арасынан қанша рет көрген едім. Бейшара, жарлы байғұс кім біледі немен күнелтіп жүргенін оның. Сол кезде геределілік аспазшымыз Селахаттинге

әдепсіздік жасап, «Сіз Аллаға сенбейсіз, бірақ біз сізге көрсетеміз, анау-мынау» деген соң, Селахаттин оны қуып жіберді. Сөйтіп, мына жиіркенішті әйелді үйге әкелді. «Қайтеміз, амал жоқ, Фатма» деді, мен араласа алмадым. Ол үй тірлігін тез игеріп кетті, Селахаттин «қандай қабілетті әйел, солай ма, Фатма?» деген болатын. Мен сол кезде болатынның бәрін түсініп қойғанмын. Жиіркендім және ойландым, қандай жаман, анам мені бұл өмірге басқалардың кінәсі мен күнәсіне куә болып, жиіркеніп өтсін деп әкелген бе?

Суық қыс түндерінде аузынан арақтың сасық иісі анқып, Селахаттин мені ұйықтап қалды деп ойлап, алдымен баспалдақтардан асықпай түседі де, ергежейлінің қазір тұрып жатқан бөлмеде анасы болған әйел күтіп отырғанда, ой, тоба-ай, не деген надандық, үнсіз бара жатқанын көріп жиіркенетінмін. Сосын онымен барынша рахат және энциклопедиясында жиі-жиі қолданатын сөзі секілді, бәлкім, барынша «азат және еркін» көңіл көтеру үшін тауық кепе орнына қазіргі лашық жасап қойғанын көріп, одан сайын түңілдім. Мас болып жұмыс бөлмесінен шығып, түн ортасында оның бөлмесіне кеткен кезде, мен бөлмеде қолыма тоқыма жібімді алып, не істеп жатқандарын ойлап отыратын едім.

Ол жарлы әйелге маған істетте алмағандарын істетіп жатқан болар деп ойлайтын едім. Күнәға жақсылап батыру үшін алдымен оған ішімдік ұсынады, сосын Алланың жоқтығын айтады. Анаусы да «иә, жоқ, мен күнәдан қорықпаймын, Алла жоқ» деп шайтанды қуантады. Тәубе, Фатма, ойлама! Кейде ақырын шығып, артқы бөлмеге барып лашықтың күнәһар және өлсіз жарығына қарап, ойланып іштей міңгірлейтінмін. Сол жерде, қазір сол жерде... Бәлкім, ана некесіз туғандарын сүйіп жатқан шығар, Алланың жоқтығын айтып жатқан шығар, бәлкім, күліп, мөз-мейрам шығар... Ойлама, Фатма, ойлама! Сосын өз ісіме ұялып, бөлмеге келетінмін. Доған үшін тоқып жатқан жемпірімді қолыма алып, оны күтемін. Бір сағаттан кейін Селахаттинның лашықтан шыққанын естимін. Тіпті

дыбысын шығармай баспалдақтан теңселіп шығады да, бір саусақпен менің бөлмеңді тексеріп, кішкентай дәлізден жұмыс бөлмесіне кіргенге дейін оны шайтан оймен, қорқынышпен және жиіркенге аңдып тұратынмын. Баспалдақтан теңселіп шығып келе жатып, бір жолы тоқтай қалды. Сол кезде есіктің арасынан көзіне тіке қарағанымды көріп қорқып кетті. Есікті жауып, ақырын бөлмеге тығылғым келген, бірақ үлгермедім, өйткені Селахаттин айқайлай бастаған: «Ана жерден мұршыңды шығарып әр түні неге қарайсың, қорқақ неме! Қайда барғанымды, не істегенімді білесің бе өзің?». Есікті жауып қашып кеткім келеді, бірақ үйді тастап кете алмаймын. Тастасам, одан бетер күнәға бататын секілдімін! Сосын тағы айқайға басты: «Ешнәрседен ұялмаймын мен, Фатма, еш нәрседен! Шығыстың бүкіл сандырағының, бүкіл күнә мен кінәсінен аулақпын мен, Фатма, түсінесің бе? Бостан-босқа тамашалап тұрсың мені: мені кінәлап, менен жиіркенген істерімнен мақтанамын!». Сосын теңселіп бірер баспалдақ тағы шықты да, менің есікті қиялай ашқан жеріме келіп айқай салды: «Ана қатынмен мақтанамын, маған туып берген балаларымен де!.. Ол еңбекқор әйел! Түзу, таза, намысты, көзі ашық және ажарлы! Сен сияқты тек күнә мен жазадан қорқып өмір кешпейді, өйткені сен сияқты пышақ пен шанышқы ұстауды, сыпайылық көрсетуді үйренбеген! Енді бері қара, не айтарымды тыңда!». Даусы бұл жолы сөгу емес, жалбарыну, алдау сипатта еді. Арамызда тек әдеттегі тұтқасын ұстаған есік қана бар, мен үнсіз тыңдап тұрмын: «Ұялатын, тіксінетін, кінәлайтын ештеңе жоқ, Фатма, біз азатпыз! Басқалар ғой азаттығымызды тежеген! Бұл жерде бізден басқа ешкім жоқ, Фатма, сен де білесің. Мына құлазыған аралда өмір кешіп жатырмыз. Робинзон сияқты, қоғам деген қарғыс атқырды Стамбұлға тастады. Ол жерге тек қана энциклопедиям бітіп, бәрін астан-кестен ететін кезде ораламыз! Енді тыңда: Сенің кесіріңнен басқалардың бақытсыз болғаны дұрыс па? Сенің сандырақ наным-сенімдерің кесірінен басқалардың қайғыруы орынды ма? Енді қара,

тағы не айтатынымды: Қазір ана лашықтан келе жатырмын, жасыратын несі бар, білесің қызметші әйелді, балаларымның, Режеп пен Исмайылдың қасынан келемін; Гебзеден оларға бір пеш алған едім, пайдасы болмапты, олар суықта тоңып жатыр, Фатма, сенің сандырақ сенімдеріңнің кесірінен. Олардың ана жерде дір-дір етіп жатқанына мен разы емеспін, мені тыңдап тұрсың ба?». Түсіндім және қорықтым. Есікті жұдырықтап, жыларман болып жалынып, айтқандарын тыңдап тұрмын, жауап қатпадым. Сәлден кейін, жылай-жылай бөлмесіне кеткенін естідім. Көп ұзамай оның терең, жайбарақат және мас қорылын естіп таң қалдым. Таңға дейін ойландым. Қар жауып тұрған терезеден қоз алмадым. Ойлаған және түсінген нәрсемді таңғы аста маған айтты.

Таңғы асты ішін отырмыз, ана әйел бізге қызмет етіп жатыр, сосын тура мына ергежейлінің істегеніндей қызметпен шаршап, асүйге кетіп қалған кезде Селаяхаттин: «Сен оларға некесіз туғандар дейсің, бірақ олар да адам ғой» деп сыбырлады. Еш сыр берместен және бір нәрсені жалынып сұрап тұрғандай, адам нанғысыз сыпайылық мен жұмсақ дауыста сөйлеп отыр. «Байғұс балалар, ана суық жерде тоңып жатыр, біреуі әлі бір жаста, екіншісі үш жаста: Оларды аналарымен бірге осы үйге көшіріп алуға шешім қабылдадым, Фатма! Кішкентай бөлмеге енді сыймайды, анау қасымыздағы бөлмеге орналастырайық! Ұмытпа, олар — бәрібір менің ұрпағым! Енді сандырақ наным-сенімдеріңмен бұған қарсы шықпа!». Мен үндемедім, ойланып отырмын. Түскі асқа түскен кезде бағанағыдай емес, қатқылдау үнмен: «Ана жерде жамылғандарына, жұқа төсеніштерге оранғандарына мен риза емеспін енді. Ертең Гебзеге базарға барғанда...». «Демек, ертең Гебзеге барады екен ғой» деп ойладым. Түстен кейін де соны ойладым: Бәлкім, кешкі аста та бұдан кейін бір дастарханда отырамыз дейтін шығар. Онсыз да бәріміз теңбіз деп жүрген жоқ па? Бірақ олай демеді. Арағын ішті, таңертең Гебзеге баратынын айтты да, қысылып-қымтырылмай шығып кетті.

Дереу жоғары шығып, артқы бөлмеге барып, соңынан қарап тұрдым: Ай сәулесіне жарқыраған қардың үстімен теңселіп, лашықтың күнәһар жарығына қарай кегіп барады, мейлі, ертен көрерсің! Ол оралғанша ай сәулесі түскен қарды тамашалап отырдым; бір көзім ана әлсіз шамның жарығында. Қайтып келген соң бөлмеме кірді де, көзіме қарап айтты: «Екі жылдан бері сенен ажырасу үшін бір сот керек болды, екі жылдан бері үстіңе қаласам да әйел ала алмадым, босқа кекірейме! Арамызда үйлену деген күр сөзден басқа ештеңе қалмады, Фатма! Оның үстіне келіскен кездердің шартына қарай, мен сенімен қалаған кезімде екі-ақ ауыз созбен ажыраса аламын және басқасына үйлене аламын! Түсінесің бе?» деп айтып жатыр, айтып жатыр. Мен тындап отыра бердім. Сосын танертең Гебзеге баратынын айтып, ақырын теңселе шығып кетті.

Бірақ жетер енді, Фатма, ойланба! Көрпенің ішінде терлеп кетіппін. Есіме түсті: Мүмкін, ергежейлі айтып жүр ме екен? «Балалар, әжеңіздің қолындағы ана балдақпен бізді...» деп.

Көрпенің астына кірдім. Тағы да естіліп тұр. Енді түсіндім деп қоямын. Енді түсіндім, қандай керемет ешкім жоқ қыстың түндері: түннің тыныштығы менікі болғанда, бәрі де тастай тыныш жатқанда: мен құлағымды жастықтың жұмсақ қараңғылығына тіреп, әлемнің сонау терең тыныштығына түсемін. Уақыттың сыртынан келе жатқандай ауыр-ауыр өзін жастығының астынан маған естілетіндей дүниесі: Селухаттин ертеңіне Гебзеге кетті. Қиямет күні сонша алыс еді сол күні! Үйде жалғызбын. Сонша алыста еді қабірінде шірімеген өлілер! Ойлағанымдай балдағымды алып, баспалдақтан түсіп, қар басқан аулаға шықтым. Еріген қарда аяқ іздерімді қалдырып, шайтанның лашығы деген күнәһарлар ұясына қарай тез-тез жүре бердім.

Не деген ұзақта мына жарқанаттар, ысылдаған жыландар, өліктер! Лашыққа бардым, есігін қағып, біраз күттім, жарлы әйел, ақымақ қызметші дереу ашты. Оны итеріп жіберіп ішке кірдім, демек, некесіз туғандар мыналар ма? Ол

қолымнан ұстағысы келді. Жетімектер, тарақандар, өлім келгірлер! «Олай деменіз, ханым, балалардың не жазығы бар? Балаларды ұрғанша мені ұрыңыз, олардың кінәсі жоқ! Ойбай, балалар, қашындар, қашындар!». Қаша алмады! Шіріктер, оліктер, тастандылар! Қаша алмады, аямай ұрдым. Арасына түскен анасын да қосып ұрдым. Ол да маған қарсылық білдіріп ұрғысы келгенде, мен бар күшіммен аямай соқтым, Селахаттин «күшті, мықты» деп жүрген әйелі ме анау, шалқасынан түсті. Мен емес! Сосын бес жыл бақшаның басына тұрғызылған, лашық деген жиіркенішті мынау күнәһар ұяның ішін, жылаған жетімектердің даусын тыңдап қарап тұрдым. Ағаш қасықтар, қорғасын пышақтар, анамнан қалған сынық ыдыстар да осында екен, қара, Фатма! Жоғалды деген дұрысырақ ыдыстар да осында, үстел деп қолданған сандықтар, төсеніштер, жыртық маталар, пеш мұржасы, жер төсектер, терезе мен есіктердің астына қыстырылған газет қиындылары, ой, Алла-ай, қандай жиіркенішті! Дақ-дақ, сұмырайдай төсеніш, қағаз бумалары, жаңған сіріңкелер, тот басқан, сынық көсеу, қанылтыр құтылар ішіндегі отындар, аударылып жатқан ескі орындықтар, ілгектер, бос арақ пен шарап шөлмектері, жерде әйнек сынықтары, тіпті қан да бар... Жетімектер әлі жылап жатыр, мен жиіркендім. Селахаттин сол күні кешке келіп жылады, содан он күн өткен соң алыс ауылға оларды апарып тастады. «Жарайды, Фатма, сенің айтқаның болсын. Бірақ мына әрекетің адамгершілікке жатпайды. Кішкентайдың аяғы сыныпты, үлкеніне не болғанын білмеймін, бүкіл денесі көкпеңбек. Шок алған болар, мұның бәрі энциклопедияма жазылады, оларды алыс ауылға жіберемін. Балаларды асырап алуға ниетті бір көрі адамды таптым. Оған әжептеуір ақша бергендіктен, ана еврейді жақын күнде тағы шақыруға мәжбүрмін. Қайтсемін енді, күнәларымыздың жазасы болар. Болды, болды, тағы бастама, сен күнәсізсің, тек мен ғана күнәһармын. Бірақ бұдан кейін неге арақ ішкенімді сұрамайсың! Мені жайыма қалдырасың, бос қалған асүйде

енді өзің жұмыс істейсің! Енді мен жоғары шығып жұмыс істеймін, сен де жынымды келтірмей жоғал! Көзіме көрінбе! Бөлмеңе барып кілттеп жат! Суық төсегіңе кір, түні бойы жаппалақ сияқты төбеңе қарап, ұйықтай алмай жат!»

Содан әлі жатырмын, ұйықтай алмаймын. Оңаша қалғанда бәріне қолымды тигізіп, иіскеп, дәмін көремін, сезінемін, ойланамын: суды, құмыраны, кілтті, орамалды, шабдалыны, иіссуды, табақты, үстелді, сағатты... Ол жердегі барлық нәрсе мен үшін айналамда рахат және түсінікті. Тықылдап, сыртылдап, түн ортасында бәрі де күнәдан тазартып жатқандай болады. Сол түндерде анда-санда мен оларға, олар маған жақын болатын, мен де өзіме барынша жақындай түсетінмін.

Фарух пен Нилгүн қырдан табиғатты тамашалайды

Маған «Фарух, Фарух» деп дауыстаған айналамда жүрген ай қалпақты бір қартты көрдім түсімде. Маған бір тарихтың сырын айтатын сияқты. Бірақ тұрған жерімде қатты ұялып, терлеп ояндым. Жағажайдың шуын, аула есігінің ар жағынан өткен көлік мен моторлы қайық даусын естіп жатырмын. Ұзын бір түскі ұйқының пайдасы болмады. Әлі ұйқым қанбаған.

Ұй тым-тырыс. Баспалдақтан түсіп, асүйге кірдім: қолым әдетімен тоназытқыштың тұтқасын ұстаған кезде ойыма алдым. Сондай бір нәрсе болса өмірімде, мынау мұрағатты, хикаяларды және тарихты ұмыта алсам. Мүздатқышты ашып, бір зергердің витринасын тамашалап тұрғандай ұзақ қарадым: кеселер, шишалар, түстер, қызанақтар, жұмыртқалар, шиелер, алдандырыңдаршы мені. Бірақ олар былай дейтін секілді:

«Жоқ, сен енді бізбен алдана алмайсың; өмірден баз кешіп немесе баз кешердей болып, соның қызығымен алданасың сен: Мен де солар сияқты, атам мен әкем сияқты істесем, бәрін тастап осында тығылсам, күн сайын Гебзеге барып келсем, тарих деген нәрсеге байланысты, бас-аяғы жоқ миллиондаған сөздер тұратын жазу жазу үшін үстелге отырсам. Дүниені адам ету үшін емес, тек қана не болғанын баяндау үшін жазсам».

Салқын жел үдей түсті. Қарасам, бұлттар да жақындапты. Қатты бір оңтүстік желі келе жатыр. Жабық пердеге қарап, Режелтің бөлмесінде қалай ұйықтап жатқанын ойладым. Нилгүн тауық кепенің алдында, жазғы аяқ киімін шешіп тастап, аяғын топыраққа басып газет оқып отыр. Бақшада ары-бері біраз жүрдім. Еріккен кішкентай бала секілді құдықпен, су тартатын сорғымен ойнадым. Есіме балалық шағым түсті, әйелді де ойлай бастаған кезде асүйдің баспалдағына келіп те қалыппын. Баспалдақтан көтеріліп бөлмеме кірдім, өз төсегіме жатып, Әулие Челебидің кітабын ашып, ақтарып оқи бастадым.

Батыс Анадолыға саяхаты туралы баяндаған: Ақхисарды, Мармара ауылын, сосын тағы бір кішкентай ауылды және ауылдың минералды суларын. Минералды су адамға майдай жағады, қырық күн ішсе, алапес ауруына ем болады екен. Сосын бір хауызды қалай тазалап, рахаттана ішіне түскенін оқыдым. Хауыздың рахатын тағы бір рет оқыдым және Әулиенің күнә мен кінә санамайтын көңіліне риза болдым. Өзімді соның орнына қойғым келді. Сосын хауыздың бір бағанасын жөндеу жұмыстары жасалғаны туралы да жазыпты. Одан кейін Жедизді атпен кешіп өтіпті. Мұның бәрі ештеңеден ұялмайтын қауіпсіз, бейбіт теңгеріммен; ол барабанына соққан мектердің зор қуанышымен жазған. Кітапты жауып, қалай бұлай істегенін, істегені мен жазғаны қалай бұлайша бір-біріне сәйкес келетінін, өзін басқа біреуді тамашалап тұрғандай қалай сырттай бақылай алатынын ойладым. Дәл осы нәрсені мен де жасап, жақын бір досыма хат

жазып, баяндасам қалай болар екен; сергелден және күнәлі ойларым кей құбылыстарды жасырып қалар ма еді. Менің не істегенім және ниетім, менде болған нәрселер мен пікірлерім араласып кетсе, құбылыстармен Әулиенің орнатқан тікелей және нақты қарым-қатынасты еш орната алмай, бетпен жерге құлап, қайғырар едім.

Ашып тағы бір рет оқыдым: Тургутлу қаласын, Ниф қаласын, Улужаклыны және бұл жердегі басқа бір әлемді: «Шатырымызды бір қаланың шетіне құрып, жайлау шопандарынан семіз қозы алып, бір мезет кәуап пісіріп жедік». Міне, рахат пен ләззат та сыртқы әлемдегідей қарапайым болды. Бұл әлем де шынында бар және тыныштықпен, кей-кейде құлшыныспен, кейде көңілді мұңмен бейнелетін және өмір сүретін бір жер; салыстырылатын, ауыстыруға немесе басып алуға ниет қылып, қырқысып-тартысып жататын жер емес.

Бәлкім, Әулие оқырманын алдау үшін бір айла жасаған болар. Бәлкім, ол да мен секілді біреу шығар, бірақ ол жақсы жаза білген, тіпті өтірікті де жақсы құрауды білген. Бәлкім, ол да ағаштарды және құстарды, үйлерді және қабырғаларды мен сияқты көретін шығар, тек мына жазуларымен мені алдап отырған шығар. Бірақ өзімді сендіре алмадым; тағы біраз оқыған соң мұның бір өнер емес, бір санадан туындағанын байқадым. Әулиенің әлемді, ағаштарды, үйлерді, адамдарды көре білген санасы біздікінен мүлдем басқаша. Кенет, бұл қалай сонда, Әулиенің санасы қалайша бұлай жаратылған деп қызыға бастадым. Көп ішіп, әбден мұңға батқан кезде әйелімді ойладым. Әйелімді ойлаған сәтте кейде біртүрлі оянып, құтыла алмай жатқан түсімнің бірі деп үмітсіз сандырақтаймын. Сол шарасыздықпен сөйлеп жатқандай ойландым: Мен де сол сияқты бір бола алмаймын ба? Пікірімді, миымның құрылымын оныкіне ұқсата алмаймын ба? Ол сияқты мен де әлемді бар болмысымен бастан-аяқ бейнелей алмаймын ба? Кітапты жауып, бір шетке лактырдым. Мұны сен де жасай аласың, ең болмаса өміріңді сеніммен бір іске ар-

нап еңбектенсе аласың деп өзімді қайрадым. Ол сияқты әлемді және тарихты алдыма алғаш шыққан жерден бастап жаза бастаймын. Ол жазғанындай, Манисада кім бар, қанша теңгелік меншік, қанша феодалдық иелік, қанша жындысы және қанша сарбазы барын, мен фактілерімде тізімдеймін. Бұл деректердің бәрі онсыз да мені мұрағатта күтіп тұр. Әулиенің құрылымдардан, салт-дәстүрлерден және әдеттерден қалай рахаттанып мәлімет берсе, мен де ана деректерді қағазға жазамын. Олар туралы жазып жатқанда мен де ол сияқты өз пікірімді қоспаймын. Бірақ оның бір мешіттің мөрмәрмен немесе қорғасынмен жабылғанын жазғандай, мен де бір оқиғаның барысын олай немесе бұлай болған деп қоса аламын. Осылайша, менің тарихым да Әулиенің «Саяхатнаме» кітабындай құбылыстардың шексіз бейнесінен басқа ештеңе бола алмайды. Мұны білгендіктен мен де ол сияқты бір сәт дамылдап, дүниеде басқа нәрселердің де бар екенін есіме алып, бір қағаздың бетіне «Хикая» деп жазамын. Менің оқиғаларым да оқырмандарым сезіне алуым үшін адамның құмарлықтары мен толқуына арналған тәтті, көңіл көтеретін қиялдардан ада емес. Бір күні, егер біреу Әулие Челебидің 6000 парағынан әлдеқайда ауыр болатын менің парақтарымды оқығандар менің тарихымдағы тұманның салмағын сол қалпында көреді. Әулие жазғандай, барлығы да қағаз бетінде ағаш, құс, тастан жасалған заттар сияқты демалады; құбылыстың артында дәл осындай табиғилықтың бар екені оқырманға сезіліп жатады. Осылайша, менің миымның қыртыстарында жүр деп ойлаған оғаш тарих құрттары сол жерде төгілді, мен олардан құтыламын. Солай құтылған күні мен де жолымды табармен, бәлкім, теңізге де түсермін.

Бір көліктің сигналы жағымсыз шығып жатыр. Төсектен атып тұрдым. Жүгіре басып баспалдақтан түстім де, аулаға шықтым. Жел үдеп кетіпті, бұлттар жап-жақын, демек, жаңбыр жауады. Темекімді тұтаттым, ауладан өтіп кошеге шықтым, жүріп барамын. Иә, көрсетіңіз, маған енді не көрсет-

кініз келеді? Ей, қабырғалар, терезелер, көліктер, балкондар, балкон ішінде тіршіліктер, резеңке доптар, бітелулер, пластик дөңгелектер, аяқ киімдер, бөтелкелер, кремдер, банкалар, жейделер, сүлгілер, сөмкелер, аяқтар, белдемшелер, әйелдер, ерлер, балалар, жәндіктер, көрсетіңіз, маған сіздің тоқыраған өлі бетіңізді көрсетіңіз, мен өзімді тезірек ұмытып кеткім келеді; неон шамдарына, плексиглас жарнамаларға, саяси ұрандарға, теледидарға және қабырғаларға ілінген жалаңаш әйелдерге, дүкен бұрыштарына, газет суреттеріне, өрескел плакаттарға қарай-қарай мен өзімді ұмытқым келеді;

Бір желкенді қайық оңтүстіктен соғатын желден қашып, асықпай жағалауға жақындап келеді және барған сайын көтерілген толқындардың бетінде ақырын-ақырын тербеледі. Тербеліп жатып, өзін тербеген және қимылдатқан бір аңдаусыз дүниенің бар екенін білмейтіндей: Бақытты желкенді қайық! Кафеге қарай бет алдым. Адам көп. Жел сырттағы үстел жабуын көтеріп жатыр, бірақ аналар, әкелер, балалар шайлары мен газды суларын рахаттанып ішсін деп үстел жабулары ұшынан желіммен мықтап бекітілген. Желкенді қайықтың желге еркелеген желкенін әзер түсіріп жатыр. Ақ мата төмен түскен кезде, ұсталып қалып, ұшу үшін қанатын қаққан көгершіндей желпілдеп жатыр. Бірақ бекерге, ақыр соңында желкенді түсірді. Тарих дегеніміз не деген ойынды бір шетке лақтырып жіберсем не болар екен? Барып дәптерімді оқиын, мұрағаттың естеліктерімен тыныш қана алданып отырайын. Отырып бір шай ішіп алсам ба екен? Бос үстел жоқ. Барып терезеден кафенің ішіне қарадым. Карта ойнап отырғандар бар, арасында бос үстел де көрінді. Қолдарында ойын картасын ұстап алып қарап отырғандар да бар, кейбірі шаршаған секілді, карталарын тастай салып демалып отыр. Біреуі тасталған карталарды жинап алып, араластырып жатыр. Қалай араластырып жатқанын көріп, ойланып кетіппін. Иә, иә, бір ойын картасы бәрін шеше алады!

Үйге қайтып келемін, жолда ойға баттым: мұрағаттың тыныштығында ұйықтап жатқан бүкіл қылмыстар мен ұрлықтарды, соғыстар мен ауылдықтарды, папалар мен алаяқтарды, әрбір деректерді карта көлемдегі қағазға жазамын. Сосын жүздеген, жоқ, мыңдаған қағаздан құралған сол қорқынышты жинақты бір картаны араластырғандай, әрине, ол біраз қиындау, арнайы аппаратты, яғни жеке машиналарда, нотариустарда қолданылған лотерея машиналарында араластырамын. Сосын оқырманның қолына ұстатамын! Міне, ешқайсысының бір-біріне қатысы, басы-аяғы, алды мен арты, себебі мен салдары жоқ. Мінекей, алыңыз, жас оқырман, тарих және өмір деген осы, қалауыңызша оқыңыз! Бәрі осында, болын біткен нәрсенің бәрі осында, бірақ бәрін бір-біріне байланыстыратын ортақ бір хикая жоқ. Қаласаңыз, сол оқиғаны сіз жасап шығарыңыз. Сол кезде: «Хикая жоқ» па деп сұрайды, мұнға батқан жас оқырман. Ол кезде оныкі де дұрыс деймін, «әрине, деймін, тыныш өмір сүру үшін бәрін түсіндіріп беретін бір хикая керек керек сіздерге, болмаса мына жаста есінен адасады адам, дұрыс айтасыз» деймін. Миллиондарды табатын карта қағаздары арасына джокер тығып жібергендей, асығыс «Хикая» деп үстіне жазамын.

Себептердің тізбегін бұзу үшін қажеттіліктің моральдық жетегінен арылығы деп және ішіне де хикаяның өзін жазған қағаздарды тыға бастаймын. «Жарайды, бәрінің мағынасы не?» деп сұрайды тағы жас оқырман. Бәрі не нәтиже береді? Неге сену керек? Қайсысы дұрыс, қайсысы қате? Өмір деген не? Не істеуіміз керек?

Жагажайдың алдына өткен күн бұлттардың арасына кірген соң құмдарды жапқан адамдар не істерін білмей қалды. Оларды құмының үстінде емес, бір мұздың үстінде жатқанын, күнге қыздырыну үшін емес, жұмыртқаларын жылытып жатқан тауықтар секілді мұзды жылытқысы келгендерін елестете бастадым. Бірақ бұл не үшін керек екенін білемін: Себептердің тізбегін бұзу үшін қажеттіліктің моральдық жетегінен

арылыңыз. Күм емес жатқан жері мүз болса, менің кінәм жоқ. Мен азатпын, бәрін де жасай аламын, өмірде бәрі болады: Жүре бастадым. Күн шықты, дүкенге бардым, үш бөтелке сыра алдым. Көмекшісі бөтелкелерімді қағаз қорапқа салып жатқанда қысқа бойлы, үлкен ауызды, реңі келіспеген бір қарт адамды Эдвард Г. Робинсонға ұқсаттым. Қызық нәрсе, шынымен де қатты ұқсайды. Адам айтса нанғысыз: сол сияқты қыр мұрны, кіпкентай тістері мен бетіндегі қалы да бар. Бірақ басы дәу және мұртты. Міне, дамыған елдің үмітсіз қоғамдық сауаты осы. Қолымыздағы деректі құбылыстың нашар көшірмесі бар түпнұсқа құбылыстан қандай айырмашылығы бар? Таз бір бас, мұрт, демократия және өндіріс жағынан. Ойдан шығарып алған Эдвард Г. Робинсонмен бетпе-бет келіп тұрмын. Бірден сырын ашты: «Мырза, бүкіл өмірін басқа бір адамның нашар көшірмесі секілді сүру, білесіз бе, маған қандай ауыр?! Әйел-балаларым тек нағыз Робинсонға қарайды, қарайды да, менің оған ұқсамайтын жақтарымды бір кемшілік ретінде бетіме басып айтады. Оған ұқсамасам мен кінәлімін бе? Құдай үшін айтыңызшы, адам өзі өзі болып қалса, болмай ма? Не болмаса ол адам атақты актер болмаса, не болыпты? Ол кезде мені қалай кемсіткен болар еді?». «Ол кезде басқа жолын тауып, оған сенің ұқсағаның үшін сынар еді» деп ойлады. «Дұрыс айтасыз, мырза. Әлде сіз де әлеуметтанушы емессіз бе? Немесе бір профессор?» «Жоқ, доцент!» Қарт Робинсон ірімшікті алып, асықпай шықты. Мен де бөтелкелерді алдым, үйге қайтып келемін және осымен жетер деп ойлады. Барынша үдеген жел балконда жайылған кірлерді ары-бері желпілдетіп, ашық тұрған терезелерде сақырлатып жатыр.

Үйде бөтелкелерді тоңазытқышқа қойдым. Есігін енді жапқанда шайтан түртіп, шыдай алмай, бір бөтелкені ашып, аш қарынға тартып алдым. Өзім бір дәрі ішкендей болып, Нилгүннің қасына бардым. Қыдыру үшін ол да мені күтіп отыр екен. Шашы мен кітаптың парақтары желмен желпілдеп кетіпті. Ауданда адам көретіндей ешнәрсе жоқтығын айттым.

Көлікпен қыдыруға шешім қабылдадық. Кілтті алуға жоғары шығып, дәптерімді алдым. Асүйден бір бөтелке арақ пен сыра алдым, қақпағын ашатын құралды да ұмытпадым. Алғандарымды көріп Нилгүн бөлісеміз бе дегендей маған қарады, сосын жүгіріп барып радионы әкелді. Көлік қырылдап-сырылдап оталды. Жағажайдан шыққан адамдар арасынан асықпай өттік. Ауданнан шыққан кезде алыс жердегі бір жазыққа найзағай түсті. Бізге даусы кейін жетті.

— Қайда барамыз? — дедім мен.

— Сенің анау обамен ауыратындарыңның керуенсарайына, — деді Нилгүн.

— Оба түндер мен жұмақ күндері, — деп мінгірледім.

— Сен роман оқып жүрсің бе? — деді Нилгүн тандана.

— Білесің бе, — дедім мен қобалжып, — сол оба деген мені барған сайын қызықтыруда. Кеше түнде ойыма түсті, бір жерден оқыған болатынмын. Кортестің сондай кішкентай гана әскермен Ацтектерді жеңіп, Мексика қаласын басып алуының артында оба болған екен. Қалада оба індеті шыққан соң Ацтектер Тәңірдің Кортестерге берілгенін айтқан.

— Өте тамаша, — деді Нилгүн. — Сен де біздің обаны тауып, басқа нәрселерге теліп, соңынан кетерсің.

— Бірақ ондай нәрсе жоқ қой!

— Олай болса, да сен кетпейсің!

— Бармағанда не істеймін?

— Әдеттегідей тарихпен шұғылданасың.

— Енді шұғылдана алмаймып-ау деп қорқам.

— Жақсы бір тарихшы болатынына неге сенбейсің?

— Өйткені адамның Түркияда ешқандай да құны қалмағанын білемін.

— Жоқ, жаным, олай емес.

— Иә, біліп ал, осындай біздің ел. Арақты әкелші.

— Жо-о-оқ. Қарашы, қандай әдемі жерлер мына жерлер! Сиырлар. Женнет әпкенің сиырлары.

— Сиырлар! — деп айқай салдым.

— Өзінді тастап жіберуге сылтау іздеп келесің, солай ма? — деді Нилгүн.

— Іздеп келем. Арақ берші маған!

— Неге болмайтын нәрсеге бола өзіңді тастамақшысың? — деді Нилгүн. — Обал емес пе саған?

— Несі обал? Өз-өздерін тастап жіберген қаншама адам бар. Олардан не айырмашылығым бар менің?

— Бірақ сіз өте көп оқыған адамсыз, мырза! — деді Нилгүн кекеткен дауыспен.

— Негізінде мұны шын көңілмен айтқың келеді, бірақ көкірегің жібермей тұр, солай ма?

— Иә, — деді Нилгүн бұл жолы сенімді дауыспен. — Түкке тұрғысыз дүниелер үшін неге адам өзін тастап, құрбан болады?

— Түкке тұрғысыз емес, — дедім. — Өзімді тастап жіберсем, бақытты болам, шын адам екенімді сезінемін.

— Қазір де шын адамсың ғой, — делі таңдана.

— Шынайы боламын! Түсінесің бе? Қазір шынайы емеспін. Өзіне ие болған, өзін әрдайым сұрақтың астына алған адам Түркияда нағыз адам бола алмайды, міндетті түрде қиналады. Түркияда қиналмау үшін адам өзін-өзі тастап жіберу керек. Арақты бермейсің бе?

— Ал мынаны!

— Міне, осылай! Енді радионы да қос!

— Өзінше болуды қоймайсың!

— Өзінше емеспін! — дедім, — мен сондаймын, түрікпін!

— Қайда барасың?

— Жоғарыға, — дедім көңлім көтеріліп, — Бәрі ең жақсы көрінетін жерге. Бәріміз бірге...

— Қай жерді айтасың?

— Бәрін бір мезетте көруге болатын жерге, бәлкім...

— Бәлкім? — деп сұрады Нилгүн. Мен үн қатпадым.

Исмайылдардың үйінің алдынан қырга шықтық. Дарыжа жолына түстім. Мазараттың алдынан өтіп, цемент фабри-

касының артына қарай түскен ескі, топырақ жолға түстім. Жаңбырдың суы малмандай қылған қыр жолында теңселіп келеміз. Төбеге шыққан кезде жаңбыр себелей бастаған еді. «Анадолдың» басын табиғат көрінісіне қарай бұрдым. Бұл жерге түн ортасында Женнетхисардан көлікпен сүйісуге келген жастар секілді тұрмыз. Айналага көз салдық: Тузладан Женнетхисарға дейін майысып-майысып созылып жатқан жағалау, фабрикалар, демалыс ауылдары, банк мекемелері, жоғалған зейтүн бақшалары, шие ағаштары, ауылшаруашылық мектебі, Фатихтың өлген жері, теңіздегі бір толқын, ағаштар, үйлер, көленкелер, Тузла басынаи бізге қарай ақырын-ақырын келе жатқан бір жаңбырдың арасына кіріп барады. Сағанақтың теңіздің үстінде сақырлап-сақырлап жылжыған аппақ ізін көріп тұрмыз. Арақ бөтелкесінің түбінде қалғандарын да кесеме құйып, толтырып іштім.

— Асқазаныңды құртасың! — деді Нилгүн.

— Сеніңше, әйелім неге мені тастап кетті? — дедім.

Екеуіміз де үнсіз қалдық. Сәл кейін Нилгүн мұқият бір дауыспен, ұяла-ұяла былай деді:

— Мен екеуіңіз бір-біріңізді тастап кеткен шығар деп ойлаушы едім.

— Жоқ, ол мені тастады.

— Жоқ, жаным!

— Иә. Солай! — дедім.

— Жаңбырға қарашы, түсінбеймін.

— Нені? Жаңбырды ма? Ішімдік ішсен, түсінер едің. Неге ішпейсің? Ішімдік деген жеңілістің символы дейсің ғой, солай ма?

— Жоқ, олай ойламаймын!

— Ойлайсың, білем, ойлан сен де. Мен де жеңілгенмін!

— Бірақ сен соғсқа қатысқан жоқсың ғой! — деді Нилгүн.

— Екі түрлі рухпен өмір сүруге шыдай алмай жеңіліп қаламын. Сенде сондай бола ма кейде? Мысалы, мен кейде өзімді екі адаммын деп ойлаймын. Бірақ қазір олай болмайтыны-

на көзім жетті. Бір ғана адам болып, салауатты өмір сүремін. Теледидарда көрсетілетін іші толы тоназытқыштарды, кілем жарнамаларын, қолын котеріп: «Ағай, сабак айтсам бола ма?» деген оқушыларымды, газеттердің жарнама беттерін, бір-бірінің бетінен сүйіп арақ ішкен адамдарды, автобус ішінде ілініп тұрған оқу орындары мен шұжықтардың хабарландыруларын қатты жақсы көремін. Түсіндің бе?

— Сәл-сәл, — деді Нилгүн мазасыз.

— Жаңбыр жаман болып барады-ау деймін?

— Иә!

— Мен мас болдым.

— Мұншалық мас болмайтын шығарсың.

Сыра ботелкесінің біреуін алып аштым да, аузынан ішіп жатып:

— Жарайды, бәрін жоғарыдан тамашалап тұрғанда не ойлайсың? — деп сұрадым.

— Бәрі көрініп тұрған жоқ қой... — деді Нилгүн күлімдеп.

— Соны коре салсаң ғой. «Асауға мақтаныш» дегенде мына бір тарауды оқып едім: Айға шығып әлемге қараса ғой, бәрін, бүкіл мына тіршілікті бір мезетте көрсе ғой, адам не ойланар екен?

— Бәлкім, аласапыран болғанын ойлар еді.

— Иә, — дедім және есіме түсті «Егер сіз бұл кескінді елестетсеңіз, ол өте жақсы көрінеді...».

— Бұл кімдікі?

— Недимнің! — дедім. — Асығып жүріп оқығанда есімде қалғаны.

— Тағы да біраз оқышы!

— Есімде жоқ! Онсыз да Әулиені оқып жүрмін. Біз неге ол сияқты емесіңіз, қалай өйлейсың?

— Қалай сонда?

— Бір ғана адам рухы бар оның. Өзін тануда өте мықты болған. Мен олай емеспін. Сен ше?

— Білмеймін! — деді Нилгүн.

— Әттең! — дедім.

— Қандай ұқыпты жансың, сен! Кітаптардан бір елі шықсаң, жүрегің жарылып кетердей. Жарайсың! Сен, сене бер! Олар да сенетін еді, сеніп те жүр!.. Бірақ бір күні сенбейтін болады. Қарашы, фабрика да жаңбыр астында қалды. Қандай қызық жер мына әлем!

— Неге?

— Білмеймін... Сені жалықтырмай ма?

— Жо-о-оқ!

— Әттең, Режепті де алғанда қасымызға!

— Келмеді ғой.

— Иә, ұялады. Жақсы көремін Режепті, — деді Нилгүн.

— Чипс!

— Не?

— Диккенс романындағы мылжың ергежейлі...

— Аға, сен өте қатыгезсің!

— Кеше менен Үскүдар тарихы туралы сұрағысы келген сияқты еді!

— Не сұрады?

— Сұрамады ғой! Ол Үскүдар деген кезде ойыма бірден Әулие Челеби келді. Бұл Үскүдар — ескі Дарадан Галаттың шыңына дейін ашылған зындан, — дедім мен.

— Ол не деді?

— Ескі Дараны түсінбеді-ау деймін, ұялып үндемеді Чипс! Бірақ сосын қарашы маған не көрсетті ол?

— Өте мейірімсізсің!

— Атамыз жазған бір тізімді!

— Атамыздың ба?

— Бізде, яғни Түркияда қажеттілік тудырған артық нәрселер мен кем болғандары!

Сосын қолымды созып, өз дәптерімнің ішінен алдым.

— Қайдан алдың ол қағазды?

— Режеп берді дедім ғой! — дедім де, оқи бастадым.

— Ғылым, шапка, сурет, сауда, теңіз асты...

- Не?
- Бұлар бізде кем болғандарың тізімі...
- Режептің бауыры Хасан бар ғой!
- Жок!
- Сол Хасан мені аңдып жүр, аға!
- Тізімді оқиын ба?
- Мені аңдып жүр деп айтып тұрмын!
- Неге аңдиды екен сені?... Теңіз асты, буржуазия, сурет өнері, су бұркағы, шахмат, хайуанат бақшасы.
- Мен де білмеймін соны!
- Сен үйден шығасың да, ол сені аңдиды екен... Фабрика, профессор, тәртіп. Күлкілі нәрсе екен, солай емес пе?
- Жағажайдан әр қайтқан кезімде мына Хасан мені аңдып жүреді.
- Бәлкім, дос болғысы келіп жүрген шығар.
- Иә, солай деді.
- Көрдің бе? Тыңда, олай болса. Атам бізден сонау нешеме жыл бұрынғы кемшіліктерімізді тапқан, қара: хайуанат бақшасы, фабрика, профессор, меніңше, қазір профессор деген асып жетіп жатыр. Сосын тәртіп, математика, принцип, жаяу жол, тағы бірде басқа қаламмен өлім қорқынышы мен беймәлімдік сапаны жазған, сосын еркіндік...
- Жетер енді, аға!
- Бәлкім, саған ғашық шығар!
- Мүмкін!
- Біздегі керексіз деңгейде артық болған нәрселер болса, мыналар екен: адам, ауылдық, қызметкер, мүсылман, әскер, әйел, бала...
- Бұлар мен үшін қызық емес.
- Кафе, жалқаулық, арсыздық, пара, салқынқандылық, қорқыныш, жүк тиеуші... мұнара, ит, мысық, қонақ, дос-жаран, ант, қайыршы, жұмыссыз... сарымсак, пияз, қызметші, қолөнершілер... бәрі де артық екен бұлардың...
- Жетер енді!

— Кішкентай дүкен, имам...
— Өтірік соқпа!
— Жоқ, міне, қара!
— Бұрынғы ескі жазу бұл! Режеп көрсетті бүгін, «оқы» деді. Атамыз беріпті оған.

— Неге беріпті?
— Білмеймін?
— Жаңбырға қарашы, ұшақтың даусы емес пе мынау?
— Иә!
— Ол аспанда!
— Қандай қызық нәрсе бұл ұшақ!
— Иә!
— Ішінде болсақ қой қазір!
— Аға, ішім пысып кетті, қайтайық!
— Құлайды қазір!
— Қайтайық!
— Мен туралы не ойлайтыныңды айтшы!
— Сені қатты жақсы көрем, аға!
— Басқа?
— Бірақ көп ішкенінді қаламаймын!
— Басқа?
— Неге осындайсың?
— Не дегенің?
— Бақытты болғаныңды қалаймын!
— Мені көңілді деп ойламайсың ғой, солай ма? Тоқта, сенің көңіліңді көтерейін! Дәптерім қайда? Бер! Қара енді? Қасап Халилдің 21 ақша тұратын сиыр еті тартылды. 120 дирхем кем шықты. Мұның не мағынасы бар?

— Өте түсінікті!
— Қызметші Иса қожайыны Ахметтің 30 мың ақшасын, бір егерін, бір атын, екі қылышын, бір қалқанын алып Рамазан атты біреуді паналаған.

— Қызық!

— Қызық па?! Несі қызық? Менімен тұрғың келе ме?

— Не?

— Мына жерде, көлікте деп тұрған жоқпын, шынымен айтсам, тында: Стамбұлда әпкеңмен тұрғанша менімен бірге тұр, Нилгүн. Үлкен кең бір бөлмем бар үйде. Өте жалғызбын.

Арада бір тыныштық орнады.

— Бұл туралы ойланбапшың, — деді Нилгүн.

— Неге?

— Әпкелерден ұят болады деп ойладым.

— Жарайды, — дедім. — Қайтайық!

Көлікті оталдырып, әйнек сүртетінді қостым.

Метиннің көлікпен әлегі

Кеше түнде көп көңіл көтергендеріне риза болып, бүгін де соны қайталағысы келгендер Тұранның үйіне жиналды. Жейлан Элвис пластинкасын үйінде ұмытып кетіпті, соны алып келуге бірге барайық деп ұсыныс жасадым.

— Мына жаңбырда ма?

— Менің көлігім бар, Жейлан! — дедім.

Жейлан екеуіміз мұңды және ескі әуенмен ақырын-ақырын уланған ана бақытсыздарды соңымызға тастап, үйден шықтық. Жүгіріп барып ағамның ескі «Анадолға» міндік. Жапырақтардан төгілген жаңбыр тамшыларын, көліктің ескі және әлсіз жарығы түскен су басқан жолды, қараңғы әлемді тамашалап келеміз. Жейландардың есігінің алдына көлігімді тоқтаттым. Көліктен түскен Жейланның қызғылт сары белдемшесі көлік жарығына шағылысып, үйіне қарай жүгіре басты. Сосын үйінің шамдары жанды, ал мен оның бөлмеден бөлмеге өтіп, ол жерде не істеп жатқанын қиялданып ойлап отырмын. Сосын былай ойладым: қандай қызық мына махаббат деген! Осы

шақта сүріп жатқан жоқ секілдімін! Бір жағынан, жалықпай келешекте не істейтінімді ойлап, бір жағынан, бүкіл әрекеттері мен сөздерін мағыналы ету үшін болып біткен бар нәрсені қайта-қайта ойлап, өткен шақта өмір кешемін. Оның үстіне ана надандардың махаббат деп шіренгендерінің нақты не екенін де түсіне алар емеспін! Бірақ не керегі бар! Жастықтың салқын жағын жастанып, ысыған бетімді рахаттандыру үшін алаңдайтын сол ұйқысыз түндер бітсін, болды! Сәлден кейін Жейлан қолына пластинканы алып жүгіріп келді.

— Анаммен ұрысып қалдық! — деді. — Түн жарымда қайда барасың дейді.

Үндемедім. Тұрандардың есік алдынан көлікті тоқтатпай өтіп кеттім. Жейлан үрейлене:

— Қайда? — деп сұрады.

— Ант ұрғандар маған жақпайды ол жерде! — дедім, — оралғым келмейді ол жерге! Ішім пысып кетеді, таза ауа жұтып, біраз серуендейік!

— Жарайды, олай болса тез қайтайық, олар күтіп қалады.

Қуыс көшелерден жайбарақат және бақытты сезініп ақырын жүріп келемін. Кішкентай үйлердің кішкентай балкондарынан тамшылаған жаңбырға және ағаштарға қарап отырған мейірімді адамдардың әлсіз шам жарықтарын көргенде үйленетінімізді, балаларымыз да болатынын армандап келемін! Сосын қайтатын уақыт жеткенде тағы да тентектік жасап, Тұрандардың үйіне қарай емес, көлікті ауданның сыртына қарай шығарып, қырға тарттым.

— Не істеп жатырсың? — деп сұрады.

Көлік жарысына қатысатын мұқият жүргізуші сияқты жолдан көзімді алмай, зырғып келемін. Сосын өтіріктің күйрығы бір тұтам боларын біле тұра, жанармай құямыз дедім. Өзімді әдепсіз сезініп келемін.

— Жоқ, қайтайық енді! — деді. — Бізді күтін отыр.

— Сенімен біраз оңаша қалып сөйлескім келеді, Жейлан.

— Не туралы? — деді қатқыл үнмен.

— Кеше түнде бөлған жайтты қалай қабылдадың?
— Еш! Ондай-ондай болып тұрады. Екеуіміз де мас едік.
— Бар айтарын осы ма? — дедім ашумен. Газды одан сайын бастым.

— Қане, Метин, қайтайық, ұят болды.
— Мен ешқашан ұялмаймын кешегі тірлігім үшін!
— Иә, көп іштің, енді бұдан кейін олай ішпейтін шығарсың!

— Жок, одан емес!

Сол кезде қолым еріксіз оның қолын ұстап алды. Кішкентай қолы ып-ыстық. Мен қорыққанымдай қолын тартпады.

— Болды, кетейік! — деді.

— Сені сүйемін! — дедім ұялып.

— Қайтайық!

Қолын барынша қатты қыстым және еш есімде қалмаған анамды ойладым. Оны құшақтайын деп әрекет жасап едім, айқай салды.

Бір күшті шақырайған жарық көзімді шағылыстырды. Дәл алдымызға келе жатыр. Дереу рульді оңға бұрдым. Ұзын бір «Камаз» көлігі екен. Қорқынышты даусымен сигналды басып-басып, қасымыздан гүрілдеген пойыз сияқты өте шықты. Мен тежегішті басып тұрып, ілініске қадам басуды ұмытып кетсем, пластикалық «Анадол» да секіріп, қозғалтқыш тоқтап қалды.

— Қорқып кеттің бе? — дедім.

— Тез арада қайтайық, кешіктік!

Кілтті бұрадым, бірақ көлік оталмады. Тағы да байқап көрдім, сол күйі қалды. Көліктен түстім, көлікті итеріп оталдырып алайын дедім, бірақ тағы түк шықпады. Қара терім ағып, көлікті түзу жолға дейін итердім. Сосын мініп, аккумуляторы отырып қалмасын деп жарығын сондіріп, ескі «Анадолды» ұзын қырдан төменге қарай жылдам сырғытып жібердім. Дөңгелектері су асфальттың үстінде шикылдап, жылдамдық алып келеді. Нақ бір ашық теңізге қарай жол алған кеме секілді қырдан төмен қарай сырғанай жөнелді. Бірнеше мәрте

оталдырып алайын деп тырыстым, тағы да болмады. Алыс бір жерде бір найзағай ойнап, айнала сап-сары болып жарқыраған кезде қабырғаларға жазуды жазып жатқандарды көрдік. Сосын еш тежегіш баспадым. Бірақ қиылыстан өтіп, төбенің жылдамдығымен сонау пойыз көпіріне дейін және одан ары Анкара жолы бойымен жанармай бекетіне бардық. Жанармай бекетіне келгенде көліктен түсіп, кеңсеге кірдім. Мен үстелге сүйеніп ұйықтап жатқан сантехникті ояттым, автомобильдің стартер моторы баспай тұрғанын және ілінісуі сынғанын айттым; «Анадолдың» сырын білетін біреу бар ма деп сұрадым.

— «Анадолды» білетін адам маңызды емес, — деді сантехник. — Тоқта, сәл күт!

Тандана қабырғадағы «Mobil-Oil» жарнамасына қарадым: қолында май құтысы бар жансыз әйел айтса адам нанғысыз тура Жейланнан аунымайды. Есі ауған адамша көлікке оралдым.

— Сені сүйемін, Жейлан!

Ашулы кейіппен темекісін тартып отыр: — Кешіктік!

— Сені сүйем дедім ғой!

Бір-бірімізге босқа қарап отырғандаймыз. Көліктен түсіп, ойында бір нәрсе бар адамша жылдам жүріп, ол жерден қашып кеттім. Қараңғы бір бұрышқа барып тұрып, алыстан қарадым. Үстінде неон шамының жанып-сөнген жүйкеге тиетін жарығы ұрып тұрған, темекі тартқан бір көлеңке еді. Терледім, темекісінің қызыл шоғы жиі-жиі жанғанын байқадым. Сол жерде осылай, оны тамашалап, ал өзімді алаяқ, надан береуге ұқсатып жарты сағат тұрыппын. Сосын алдымда тұрған дүңгіршекке барып, теледидарда ең көп жарнамаланатын шоколадтардың біреуін алдым. Көлікке келіп отырдым.

— Қайда кетіп қалдың, уайымдадым. — деді. — Кешіктік.

— Саған бір сыйлық алдым, қара!

— А-а, жаңғақты ма? Ондай маған ұнамайды...

Оған сүйетінімді тағы да айттым, бірақ үмітсіз сөздер; бос сөздер; тағы бір байқайын дедім, бірақ басым айқастырып

алған қолына сылқ етті. Қимылдап жатқан ашулы қолдарын бірнеше мәрте асығыс, тура бір нәрседен айрылып қалмайын дегендей сүйе бердім, сүйе бердім. Қолын алақандарыммен қыстым. Тағы біраз сүйген соң үмітсіздіктен түншығып өлмес үшін, бұрылып, таза ауаға басымды шығардым.

— Көріп қояды! — деді.

Тағы шықтым, бардым, көліктеріне жанармай құйған бір отбасын көрдім. Май сорғыштың үстіндегі неон шамы бұзылып қалған ба, бір жанып, бір сөнді. Адам бай болып та туылады, кедей болып та туылады. Бұл — тағдырдың ісі. Адамды өмірінің соңына дейін сынайды деп ойлады. Мен қаламасам да аяқтарым тағы солай қарай тартып тұрады. Тағы да қайтып көлікке келдім. Ешқандай нәтижесі жоқ ақымақтық әрекетіме бастым.

— Сені сүйемін!

— Қане, не болды, Метип, қайтайық!

— Тағы біраз күте тұрайық, Жейлан, өтінемін!

— Егер шынымен сүйсең, мына таудың басында мені зорлықпен ұстап отырмас едің!

— Сені шынымен де сүйемін!

Сөздер үстіміздегі жабуларды ашпайды, одан бетер жасырып қояды. Шарасыздықтан көліктің ішін ақтара бастадым, артқы орындықтан бір дәптер тауып алдым. Фарухтікі болу керек, ұмытып кеткен ғой. Неон шамының жарығында біраз парактап көрдім, сосын ашудан жарылып кетпесін деп Жейланға бердім де, оқып көруін сұрадым. Еріндерін тістелеп отырып біраз оқыды да, сосын көліктің артқы орындығына лақтырып жіберді тарих дәптерін. Жөндейтін бала келген соң көлікті жарыққа қарай сүйреп апардым. Әлсіз жарық астында Жейланның қатулы және мейірімсіз қабағын көрдім. Көп уақыт бойы ұста бала екеуіміз моторын ашып қарадық және ол ұста бала керек бөлшекті әкелуге қайта кеткен соң да, бұрылып Жейланның түріне қарасам, сол қалпы қатқан күйі отыр. Ең болмаса бір жылулық сезілер емес. Бұзылған «Ана-

долдан» біраз алыстап барып, қайта жауа бастаған жанбыр астында махаббат туралы әртүрлі ойларға шомдым. Мына бәлекет сезімді құрметтеп жыр жазған ақындар мен шырқатқан әншілерге қарғыс айттым. Бірақ кейін бұл сезім де адамның үйрене келе сүйеге тырысқан бір күш екенін сездім. Жейланның ашулы, кінә артушы көзқарастарына шыдай алмай, алдымен көліктен ұзадым, сосын ұста баламен бірге көліктің астына түстім. Сол жерде, ұстамен бірге ескі көліктің жауып тұрған жағымсыз қараңғылықта жатып, Жейланның менен 50 см жоғарыда және өте жырақта екенін сезіндім. Көп кешікпей мен көліктен түскен Жейланның сүйкімді аяқтарын, тура бас жағымда тұрғанын көрдім. Ұзын өкшелі, қызыл түсті аяқ киім біраз оңға-солға жүріп, ашуланып сабырсызданды, сосын ызаланып бір жерге қарай беталды. Қызыл сары белдемшесі және арқасы маған анық көрінген кезде оның кеңсеге кіргенін байқадым. Ойыма не үшін кеткендігі көліктің астынап асығыс сүріне-қабына шықтым. Шығып бара жатып:

— Тез жап мынаны! — деп айқай салдым да ұстаға, жүгіріп кеттім. Кеңсеге барғанымда Жейлан үстел үстіндегі телефонға, үстелге сүйенген ұйқылы-ояу сантехник Жейланға қарап отыр.

— Тоқта сен, Жейлан! — деп айқайлады. — Мен телефон соғамын!

— Енді түсті ме есіңе? — деді Жейлан. — Өте кеш болды, бізді уайымдап та отырған болар, кім біледі не ойлап жатқандарын. Сағат болса екі...

Тағы көп нәрсе айтып жатты, бекетке тағы да басқа көліктер келіп, жанармай құятын қызметкер сыртқа шығып кетті де, менің ұялатын орыным қалмады. Анықтама дәптерін ашып, Тұрандардың номерін таптым. Мен телефонды теріп жатқанда, «Ақымақ екенсің!» деді Жейлан.

Мен де тағы оған оны сүйетінімді айттым және ешнәрсе ойламастан сеніммен «Саған үйленгім келеді!» деп қойдым. Бірақ сөздер ешнәрсені өзгерте алмайды енді. Жейлан өзіне

ұқсаған жарнамадағы әйел суретінің қасына барып тұрып алды да, маған ашулана қарады. Жанарындағы қатулықтан ба, әлде ана суреттегі әйелге қатты ұқсатқандықтан ба, қорқып кеткенімді білмедім. Дегенмен қандай да бір қорқынышқа қарсы дайын тұрмын.

Сәлден соң телефон тұтқасын біреу алды, Фикреттің даусын таныдым.

— Сенсің бе? — дедім, — Бізді уайымдамаңдар деп телефон соғып жатырмын!

Бір жағынан Тұранның үйінде сонша адам бола тұра, неге ол көтерді телефонды деп таң қалдым.

— Сіз кімсіз? — деді Фикрет.

— Мен ғой, жаным, Метинмін!

— Сені түсіндік, қасындағы кім?

— Жейлан, — дедім таңдана.

Кенет екеуі бірге мені мазақ етіп тұрған жоқ па деген ой келді. Бірақ Жейлан жайбарақат еді. Арасында:

— Кім көтерді телефонды? — деп сұрады.

— Мен сені Жейланды үйіне тастап кеткен болар деп ойлап едім! — деді Фикрет.

— Жок! — дедім, — біз бірге осында жанармай бекетінде тұрмыз. Уайымдамаңдар! Жарайды, Алла жар болсын!

— Кім, кім ол сөйлесіп тұрғанын? — деп сұрады Жейлан.

— Берсеңші телефонды!

Бірақ бермеуге, Фикреттің жағымсыз сұрақтарына жауап беруге тырысып жатырмын:

— Не істеп жүрсіндер сендер жанармай бекетінде?

— Аз ғана бір жөндеу жұмыстары бар, — дедім асығып, — қазір келеміз, Алла жар болсын!

Бірақ Жейлан даусын естісін деп бақырды:

— Тоқта, тоқта, телефонды қоймасын! Кім ол?

Тұтқаны қояйын деп жатқанда Фикрет суық дауыспен:

— Жейлан менімен сөйлескісі келіп тұр-ау деймін, — деді. Сәл кідіріп, тұтқаны Жейланға бердім. Өзім кеңседен шығып,

қараңғы, жағымсыз жаңбыр астында тұрдым. Сәл жүрген соң жарық бөлмеде, сөрелер, афишалар және құтылары арасында шашын қайырып телефонмен сөйлесіп тұрған Жейланды көрдім. Америкаға барған соң, бұлардың бәрін ұмытамын деп ойлап қоямын, бірақ енді Америкаға да кеткім жоқ. Жейлан салмағын әдемі аяқтарының бірінен екіншісіне салып, ызалы жүзбен ары-бері теңселіп сөйлесіп тұрғанда мен іштей сыбырладым. Мен танитын қыздардың ең сұлуы! Мына жерде жаңбыр астында мен үшін берілген бір жазаны тарту үшін шарасыздықпен, сабырмен дайындалып тік тұрдым. Сәлден кейін Жейлан телефон тұтқасын қойды да, қуанып сыртқа шықты.

— Фикрет қазір келеді!

— Жоқ! Мен сені сүйемін!

Жүгіріп көлікке міндім, ұстаға айқайлап, көлікті дереу жөндесе, қалтамдағы ақшаны түгел беремін дедім оған.

— Қазір жөндеймін! — деді ұста. — Бірақ бұл көлік сені тағы жолда қалдырады.

— Жоқ қалдырмайды! Жөнде тез мынаны!

Біраз жұлқылап жүріп, ұста маған оталдыр деді. Дереву көлікке міндім де, педальды бастым. Бірақ болмады. Тағы да шұқылап жүріп, ұста тағы басу керектігін айтты. Мен бастым, нәтиже болмады. Бірнеше мәрте қайталаған соң, ашумен, үмітсіздікпен өзімді жоғалтып алғандай болдым.

— Жейлан, мені тастап кетпе!

— Сен жындана бастадың! — деді Жейлан.

Көп ұзамай Фикрет «Алфа-Ромеосымен» қасымызга келгенде мен есімді жидым.

— Қане, тез арада кетейік бұл жерден, Фикрет! — деді Жейлан.

— Несі кетті мына «Анадолдың»? — деді Фикрет.

— Қазір істейді, — дедім. — Мен одан бұрын боламын Женнетхисарда, Жейлан. Қаласаң, жарысайық!

— Жарайды, — деді Фикрет мені алдаусыратып, — Жарысайық.

Жейлан барып Фикреттің көлігіне отырды. Педальды қатты бастым, шүкір істеп кетті, әйтеуір. Ұстаға алдымен 1000 лира бердім. Сосын тағы бір данасын бердім. Сосын жарысу үшін көліктерімізді қатар қойдық.

— Абайла, Фикрет, — деді Жейлан, Метинді қазір жын соқты.

— Тұрандардың үйіне дейін! Бір, екі... — деп санады Фикрет.

Үш дегенде көліктеріміз гүр етіп, оттай зулай жөнелді. Қане, көрейік деп газды түбіне дейін бастым. Бірақ ол менен бұрын алға шыққан соң, алдымда озып барады. Бірақ жақсы, өйткені сигналды басып, алыстан жағатын жарықтарымды қосып, мына шіріген «Анадолмен» де оның соңынан қалмай келемін. Сені онымен оңаша қалдырмаймын!

Көпірден өтіп бара жатып одан бетер жақындадым және қырдың басындағы айналма жолға келгенде жылдамдықты басудың орнына газға қатты бастым. Өйткені бәлкім, өте әдепсіз және күлкілі пікір болар, бірақ сен секілді қызға өзіме ғашық қылу үшін олуге де дайын болуым керектігін білемін енді. Бірақ мына әділетсіздікке қара, сен анау қорқақ неменің көлігіндесің, бұрылысқа келгенде сужүрек неме, қара Жейлан, тежегішке басты, қызыл жарығы жанды, мен сол жағына алғым келгенде қақайып жолды бермей келеді, түсіндің бе, ой тоба, мен де бір байғұспын-ау деп тұрғанда кенет аң-таң болдым. Алдымен жылдамдықты азайтты және газға басқанда «Алфа-Ромео», әрине, зулады. Адам нанғысыз бір жылдамдықпен қырға қарай өрмеледі, кішірейіп бара жатқан қызыл жарығы, екі минөтте көзден ғайып болды! Ой, Алла-ай! Газға барынша бастым, бірақ астымда сықырлаған көлік болғандықтан қырға шыққан бір жылдам ат арбасы секілді ой-шұқырға түсіп, әрең-әрең келеді. Қарғыс атқыр, сәлден соң ыңылдай бастады да, артқы дөңгелектері тағы моторға бағынбай кетті.

өртеңіп кетпесін деп тоқтағанымда, сол күйі тоқтаған жерімде қалдым. Жападан-жалғыз, есі ауған адамдай отырмын. Тек айналамда жалғыз қара шегірткелер ғана бар.

Бірнеше рет оталдырып көрдім, болмады. Енді оларға жету үшін көлікті қырдың төбесіне және жазықтың арғы бетіне дейін итеріп апарып, сосын сонау Женнетихисарға дейін ылдилап жүруім керек екенін ұқтым. Лағнет жаудырып итере бастағанымды жаңбыр да басылған еді. Көп ұзамай қара терге түсіп, белімнің ауырғанына қарамай, тағы да итеріп келемін. Жаңбыр қайта себелей бастағанда ауырсынуым арта түсті. Қолмен тежегішті бастым да, көлікті тепкілей бастадым. Сосын қырға шығып келе жатқан бір көлікке қол көтердім, бірақ сигналын баса-баса зулап қасымнан өте шықты. Алыстан бір жерде аспан күркірегенін естіп, тағы итере бердім. Енді белімнің ауырғанынан көзімнен жас парлады.

Сосын осынша қиналып аз ғана жер жүргенімді көріп басым айналды, жол бойымен жүгіре бастадым. Жаңбыр үдей түсті. Тоқтамай жүру үшін шие бақшасына кірдім, баулардың арасына түстім, бірақ батпақта және мына тас қараңғыдан жүгіре алар емесің! Көп кешіктпей бауырым мен белімнің ауырғанына шыдай алмай, бүк түстім. Аяқтарым батпақтың ішінде. Алыстан бір белгі боларлық үрген қайырсыз иттердің даусын естіп, барынша жақындағанын сездім де, кері қайттым. Одан бетер малмандай су болмайын деп көлікке міндім. Отырдым, рульге басымды сүйедім: сені сүйемін!

Сәлден соң, қырдан екі-үш адамның сөйлесіп келе жатқанын көрдім. Көмек сұрайын деп қуана-қуана көліктен түстім. Бірақ қараңдап жақындаған сайын бойымды үрей биледі: ірі денелісінің қолында бояу құтысы бар, біреуі мұртты, ал үшіншісі костюмде екен.

— Не істеп жүрсің сен түн жарымда? — деді мұрттысы.

— Көлігім бұзылды. Көмектесе аласыңдар ма?

— Бізді ат көріп тұрсың ба, әлде әкеңнің құлы ма едік?

Қырдан төмен сырғытып жібер.

— Бір минут, бір минут! — деді костюмдегісі. — Мен сені енді таныдым. Есіңізде ме, бүгін таңертең сәл болмағанда мыжып кете жаздаған болатынсың!

— Қалайша? Сендер ме едіңдер? Айып етпе, бауырым! Костюмдегі мені емес, нақ бір әйелді салып тұрғандай сөйледі:

— Айып етпе, тәттім, бүгін таңертең сені сәл болмағанда езіп кете жаздадым! Басып кеткенінде не болар еді?

— Кеттік, достар, су боласындар! — деді мұртты.

— Мен осы жерде, осымен қаламын, — деді костюмдегі. Барып көлікке отырды. — Қане, достар, сендер де келіңдер!

Мұрттысы да, қолында бояу құтысы бары да сәл кідіріп барып, амалсыз көліктің артқы орындығына жайғасты. Мен де рульге, костюмдегінің қасына барып отырдым. Сыртта жаңбыр үдеді.

— Мазанды алмадық па, шырағым?! — деді костюмдегісі. Жауап ретінде күлімсіреп қана қойдым.

— Жарайсың! Маған ұнады бұл, қалжыңды түсінеді екен. Нағыз азамат! Атың кім сенің?

Айттым.

— Өте қуаныштымын, Метин мырза. Мен Сердар. Мынау Мұстафа, бұл ақымаққа «бөлтірік» дейміз, негізі аты Хасан.

— Қазір тағы масқара боласың, байқа! — деді Хасан.

— Несі бар? — деді Сердар, — танысуға болмай ма, сонда? Солай емес пе, Метин мырза?

Қолын созды. Мен де қолымды создым, ол бар күшімен қолымды қыса бастады. Көзімнен жас ағып кеткелі тұр, мен де шарасыз оның қолын қыстым. Сол кезде қолымды жіберді.

— Жарайсың! Күшің көп екен, бірақ менен күшті емессің!

— Қайда оқисың, сен? — деді Мұстафа.

— Америка лицейінде!

— Байлардың лицейінде де! — деді Сердар. — Біздің бөлтірік те сен сияқты байдың біреуіне ұрынып жүр.

— Тағы бастама! — деді Хасан.

— Токтай тұр, Бәлкім, саған жолды көрсетер. Ол да осылардан! Солай емес пе? Неге күлесің?

— Жай, — дедім.

— Біліп тұрмын неге күлгенінді! — деді Сердар. — Байдың қызына ғашық болды деп мына жарлығы күліп отырсың. Солай ма, бала?

— Сен де күліп отырсың ғой, — дедім.

Айқайлап:

— Мен күлемін! — деді Сердар. — Мен оның досымын, оны төмендетпеймін, бірақ сен көресің. Не болыпты, есектің баласы, сен өмірінде ғашық болып көрмегенсің бе?

Тағы да сөге бастады. Мен үндемеген сайын ашуланды. Ашумен көліктің ана жерін, мына жерін сабалады. Көліктің қорабын ашты, сақтандыру қағаздарын күлкілі нәрсе оқып жатқандай қарқылдап күлін, бақырып-шақырып оқыды. Көліктің менікі емес, ағамдікі екенін білген соң мені келемеждей бастады, сосын:

— Ана көліктермен, ана қыздармен түн жарымда не істейсіңдер осы сендер?

Жауап бермедім. Мені барынша арсыз адамдай сөгіп жатты:

— Намыссыз немелер! Жақсы нәрсе дегенмен! Кеше түнде қасындағы сенің ғашығың ба еді?

— Жоқ, — дедім, — ғашығым емес.

— Өтірік айтпа, — деді Сердар.

— Әпкем еді! — дедім. Әжем ауру, соған дәрі іздегенбіз.

— Неге жағажай жанындағы дәріханадан алмадыңдар?

— Жабық болды ол жер.

— Өтірік! Ол жер күнде ашық болады! Сол дәріханашының коммунист екенін білесің бе әлде?

— Білмеймін.

— Байдың қыздарымен қыдырудан басқа не білесің сен? Сен біздің кім екенімізді білесің бе? — деді Мұстафа.

— Білемін, — дедім. — Идеалистсіңдер!

— Жарайсың! — деді Мұстафа. — біздің дертіміз не екенін білесің бе?

— Ұлтшылдық емес пе?

— Мына бала түрік емес-ау? — деді Сердар. — Сен түріксің бе, ей, бала? Ата-анаң түрік пе?

— Түрікпін!

— Ал мынау не олай болса? — деп Жейланның ұмытып кеткен пластинкасын көрсетті Сердар, — «*Best of Elvis*».

— Пластинка ғой бұл, — дедім.

— Ақымақ қылма, аямаймын! — деді Сердар. — Не істеп жүр бұл жағымсыз пластинка бір түріктің көлігінде?

— Мен қызықпаймын ондайға — дедім, — Әпкемдікі ол пластинка, ұмытып кеткен ғой.

— Яғни сен би кештеріне бармайсың ғой? — деді Сердар.

— Өте аз барғанмын!

— Коммунизмге қарсысың ба, сен? — деді Мұстафа.

— Қарсымын!

— Не үшін қарсысың?

— Білмеймін соны...

— Жо-о-қ... Ешнәрсе білмеймін мен... Сен айтасың, ал біз біліп аламыз...

— Бұл жігіт өте ұялшақ сияқты, — деді Сердар.

— Үндемейді ғой... Сен қорқақсың ба? — деді Мұстафа.

— Олай ойламаймын!

— Ойламайды екен! — деді Мұстафа. — Ақымақ! Қорқақ болмасаң, қарсы болған коммунистермен неге күреспейсің?

— Ешқандай мүмкіндік болмады, — дедім, — танып тұрған идеалистерім сіздер ғана.

— Иә, қалай екенбіз біз енді? — деді Сердар. — Ұнадық па?

— Ұнадыңдар!

— Біз жақтасың! Ертең кешке шығарда сені де қасымызға алайық!

— Жарайды, келіп мені де апарыңдар...

— Жап аузыңды, арамза қорқақ неме, бізден құтыла салып полицияға бармақшысың ба?

— Сабыр қыл, Сердар, — деді Мұстафа, — жаман бала сияқты емес мынау! Қара, қазір бізден шақыру алады!

— Спорт және көрме сарайында кеш ұйымдастырып жатырмыз. Келесің бе? — деді Сердар.

— Келемін! — дедім. — Қаншадан бағасы?

— Саған ақша туралы айтты ма біреу?

— Жарайды, Сердар! Ақыры ақшасымен алғысы келіп тұр екен, алсын енді! Көмегі болады!

Сердар сыпайы ғана сұрады:

— Қанша данасын аласыз, мырзам?

— 500 лиралық.

Әмиянымнан асығыс бір 500 лира шығардым.

— Жалған тері ме мына әмиян? — деді Мұстафа.

— Емес! — деп 500 лираны тездетіп Сердарға бердім. Сердар ақшаны алмады.

— Көрейінші, мынау жылан терісі ме?

— Жыландікі емес дедім ғой!

— Берші маған көрейін, мына әмиянды.

Жазда бір ай бойы, аптап ыстықта еңбектеніп тапқан ақшамен толып тұрған әмиянды бердім.

— Жарайсың! — деді Сердар. — Жылан емес екен мына әмиян, сен бізді алдадың.

— Берші, мен көрейін, — деді Мұстафа. Әмиянды алып, ары-бері ақтарып көрді. — Мына адрес дәптері саған керек пе? Керек емес... Таныстарың көп екен, бәрінің телефоны бар... Осынша танысы бар адам өзін басқаларға таныстыру үшін жеке куәлігін қалтасында алып жүрмесе де болады, мен куәлігінді аламын... 12 мың лира! Әкең бере ме мұндай ақшаны?

— Жок, өзім еңбектеніп таптым, — дедім, ағылшын және математика сабағынан дәріс беремін.

— Қарашы, бөлгірік, тура саған керек адам екен! — деді Сердар, — Мынаған сабақ бересің бе? Әрине, тегін...

— Беремін! — дедім және сол кезде түсіндім бөлтірік деген Хасандары қандай Хасан екенін...

— Жарайсын! — деді Мұстафа. — Бір көргенде-ақ сенің жақсы бала екеніңді білген едім. Мына 12 мың лираға тура жиырма төрт шақыру ала аласың. Достарыңа таратасың ғой!

— Мейлі, бірақ маған мың лира тастап кетіңдер! — дедім.

— Басымызды қатырып тұрсың, байқа сен! — деп айқайлады Сердар.

— Жоқ, сен қарсы болмай, өз еркіңмен беріп жатырсың ғой 12 мың лираны, солай ма? — деді Мұстафа.

— Саған айтып тұрмыз ғой, ей, ақымақ неме!

— Жетер енді, Сердар! Ренжітпе баланы!

— Мына дәптер не мынау? — Сердар артқы орындықтағы Фарухтың дәптерін ашты, оқыды. — Бұрын алаяқ Әлиге тән болған, соғысқа бармағандықтан одан алынып Хабибке берілген, Гебзе жақынындағы он жеті мың ақшалық бір ауылдың, не мынау, адам оқып түсінбейді! Сатып алған есегінің ақысын төлемеген Махмұт туралы Уәлидің арызы...

— Не мыналар? — деді Мұстафа.

— Ағам тарихшы, — дедім.

— Байғұс-ай! — деді Сердар.

— Қане, кеттік, жаңбыр тоқтады, — деді Мұстафа.

— Жарайды, куәлігімді беріңдер! — дедім.

— Ол не дегенің, бала! — деді Сердар. — Біз саған бір жамандық жасадық ма? Жауап берші!

Бір жамандық жасағысы келгендей көліктің ішіне қарады, «*Best of Elvis*»-ті көрді.

— Мынаны да аламын, — деп Фарухтың да дәптерін алды. — Бұдан кейін көлігіңді асықпай жүргіз. Елді әкеңнің құлы деп ойлама! Оңбаған неме!

Есікті жауып, басқалармен бірге кете барды. Олар әбден алыстап кеткен соң, көліктен түсіп, «Анадолды» қырдан төмен итере бастадым.

Хасан пластинка мен дәптерді қайтарып бергісі келгенде

— Жақсылап сазайын бердік-ау ана оңбағанға! — деді Сердар.

— Сен қатты кетіп қаласын, — деді Мұстафа. — Егер полицияға барса қайтесің?

— Бармайды, — деді Сердар. — Қорқақ екенін көріп тұрған жоқсың ба?

— Ана пластинка мен дәптерді неге алдың? — деді Мұстафа.

Сол кезде байқадым мен, Нилгүн, сенің көлікте ұмытқан пластинкаң мен Фарухтың дәптерін алыпты Сердар. Төменгі ауданға келгенде көше шамының жарығының астында тұрып, пластинканың сыртына қарады.

— Елдің бәрін әкесінің құлы деп ойламасын деп алдым! — деді.

— Дұрыс емес, — деді Мұстафа, — Бостан-босқа ашуына тидің.

— Қаласандар, — дедім мен, — маған беріңдер, пластинканы көлікке апарып берейін.

— Осы бір ақымақ неме ше! — деді Сердар.

— Айтпақшы, — деді Мұстафа, — бұдан кейін басқалардың алдында Хасанға ақымақ, бөлтірік деуші болма!

Сердар үнсіз қалды. Сөйлемеген күйі қырдан төмен түстік: Мұстафаның қалтасындағы 12 мың лирамен Пендиктен сары сабы бар пышақты, табаны қалың, теріден жасалған қыстық аяқ киімді алуға болады деп ойладым. Үстіне сәл қоссаң, бір тапанша да алуға болады. Кафенің алдына келгенде тоқтадық.

— Иә, деді, Мұстафа. — Тарқайық енді.

— Тағы жазу жазбаймыз ба? — дедім мен.

— Тағы жауын жауса, су боламыз. Бояулар мен шөткелер бүгін сенде қалсын, Хасан. Жарай ма?

Ол екеуі төмендегі үйлеріне қарай беттеді, мен кері бұрылып қырға шығамын, $12000 : 3 = 4000$ лира. Нилгүннің пластинкасы мен дәптер де бар.

— Не болды, Мұстафа? — Неге үпсіз тұрсің бұлай? Қане, тарайық.

Сосын бір нәрсе айтқысы келгендей болды:

— А-а-а, — деді.

— Ал, Хасан, саған темекі мен сіріңке, шегесің ғой.

Алмайын деп едім, маған тесіле қарады, алдым.

— Рахмет айтпайсың ба? — деді.

Бұрылып кетті. Соңдарынан біраз қарап тұрдым: 4000 лираға көп нәрсе алуға болады! Наубайхананың алдындағы жарықтан өтіп, қараңғы жерге кіріп кетті, сосын айқай салдым.

— Мұстафа!

Аяқтарының даусын естіп тұрмын.

— Не болды? — деді.

Біраз кідіріп тұрып, сосын соңдарынан жүгіре жөнелдім.

— Анау пластинка мен дәптерді алсам бола ма? — дедім ентігіп барып.

— Не істейсің оны? — деді Сердар. — Әлде кері апарып бересің бе?

— Басқа ешнәрсе сұрап тұрған жоқпын! — дедім. — Маған соларды беріндер, болды.

— Берші аналарды мынаған! — деді Мұстафа.

Сердар екеуін де берді: — Ақымақсың, сен, — деді.

— Үндеме! — деді оған Мұстафа. — Қара бері, Хасан. 12 мың лираны осында керек-жарақ алуға шешім қабылдадық. Қате түсінбе. Бізге онсыз да ақша аз түседі. Сенің ақың мына 500 лираға түседі, міне, ал!

— Жоқ, — дедім, — бәрін өзіміздің ұйымға жұмсайық, әлі талай күресеміз, керек болар, маған еш нәрсе керек емес.

— Пластинканы алып тұрсың ғой! — деп айқай салды Сердар.

Мен сасып қалдым да, маған бұйырған 500 лираны алдым да қалтама салдым.

— Жарайды! — деді Сердар. — Енді ана 12 мыңда шаруасы болмасын. Адам баласына тіс жарып айтушы болма!

— Айтпайды! — деді Мұстафа. — Сен ойлағандай опасыз емес ол! Ол өте алғыр, анау-мынауын байқата бермейді. Бірақ қара, өз ақысын алу үшін қалай кері келген?

— Пысық неме! — деді Сердар.

— Қой, кеттік! — деді Мұстафа, және бұрылып кете берді.

Сондарынан үнсіз қарап тұрып, оларды өзара шүйіркілесіп бара жатқанын байқадым. Менің сыртымнан күліп жатқан болар. Тағы біраз кідіріп тұрып қалдым, сосын темекімді тұтандырдым. Бір қолымда бөяу мен шөтке, ал бір қолымда пластинка мен дәптер. Қырга шығып келемін. Ертең таңертең мен жағажайға барамын және Мұстафа келсе көрер, келіп көрмесе, ертең кешке «Мен таңертең қызды кәруге келдім, Мұстафа. Бірақ сен келмедің; тәртіпті үйренгенімді білсін, бәрін де қарғыс атсын!» деймін.

Тағы біраз қырга шыққан соң, Метиннің айқайын естідім де, сасып қалдым: ана жерде, ілгеріде, түпсіз қараңғылық ішінде бір жерде Метин өзімен-өзі сөйлеп, сөгіп жатыр. Дымқыл асфальтқа үнсіз аяқтарымды басып жақындай түстім. Біртүрлі пластмасса нәрсенің даусын естіп, абдырап жол шетіне шықтым, кейін оның көлікті тепкілеп жатқанын байқадым. Асау атын ұрып жатқан ашулы атбегі ұқсап көлігін тепкілеп жатыр. Бірақ көлік оған күткен жауабын қайтарар емес. Сондықтан болар, оның жер-жебіріне жетіп сөгіп жатыр. Мен барып Метинді ұрсам да болады. Ойладым: дауылдар, өлімдер, жер сілкіністері. Қолымдағыны лақтырып жіберіп, бірден жағасынан ұстасам ба екен? Неге ұмытып қалдың мені? Неге танымадың мені? Дегенмен өмір заңы солай. Мұндайлар өзіне маңызды адамдар, сен оларды алыстан танысың, бүкіл өмірін

бес саусақтай білесің, ал бұлар мені танымас, тіпті танығысы да келмей, қасыңнан шалқайып өтіп кетер, өз өмірін сүрер. Бір күні мені де танытын болады. Мына ақымақ көлігін тепкілей берсін деп, мен де өз жөнiммен кете бердiм. Оған көрiнбей өтiп кетейiн деп, батпақты бақшаны кешiп, жоғары шығып бара жатқанда байқағаным, оның алдырып қойған ақшасына немесе бұзылған көлігіне бола жын ұрып жатыр екен десем, бір қыз үшін екен! Өз тәндерiн сатқан арсыз әйелдер үшін айтылатын теңеулердi қайта-қайта айтып, дамылсыз сөгiп жатыр. Мұндай сөздерден қорқам кейде, ана қатындар да қорқынышты сияқты, жаным сүймейдi, естiмеуге тырысамын. Жүре бердiм.

Бәлкім, Нилгүн, сен шығарсың деп те ойладым, бәлкім, басқасы. Қандай жаман сөз десенші! Әйелдер кейде меші қатты қорқытады. Адам түсiнiп болмайды оларды. Сен бiлмейтiн қараңғы бiр әлемнiң елесi секiлдi ме, бiр түсiп кетсең, басын бәледен арылмастай болады. Бұлар бiр ажал сияқты, бiрақ оның басында көк лента бар және ол күледi! Аспанда алыстан сап-сары найзағай жарқ еткенге қатты қорқып кеттiм. Бұлттар, қараңғы дауылдар, түсiне алмаған ойларыма шырмалдым! Бәрiмiз өзiмiз танымайтын бiреудiң құлы секiлдiмiз, кейде орнымызда тұрып дауласқымыз келедi, бiрақ найзағайларды, бұршақтарды, бiлiп болмайтын бәлекеттердi үстiме тастай салады деп қорқамыз! Ондай кезде мен үйдiң тыныш жарығында ештеңенi дауламай, ешнәрсенi бiлмей өмiр кешейiн, сол жеткiлiктi, деймiн. Мен күнәдан қорқамын! Тура мүсәпiр лотерея сатушысы әкем секiлдi!

Үйдiң жарығы әлi жанып тұрғанын көрдiм, жаңбыр тағы себелей бастады. Жақындап терезеден қарасам, тек қана әкем емес, анамның да ұйықтамай отырғанын көрдiм. Байғұс анамды ұйықтатпау үшін мен туралы не деп өтiрiк құрастырып жатыр екен мына ақсақ? Ойыма түстi: дүкеншi айтқан болар! Арсыз семiз дереу жеткiзген болар. «Исмайыл, ұлың бүгiн таңертең дүкенге келдi. Газеттер мен журналдарды жыртып

лақтырды, мені қорқытты, кімдерге қосылып жүргенін кім білер, құтырып кетіпті!» деген болар. «Қанша берейін?» деп ақшадан басқаны білмейтін лотерея сатушы әке, қанша зиян шекті екен бостан-босқа, қанша ақша төледі екен ана жексұрын газеттер үшін? Бірақ бостан-босқа емес, жоқ: кешке мұрнымнан сүйреп әкелу үшін, әрине, таба алсаң мені. Ішке кірер-кірмесімді білмей дал болып, тұрған жерімді тұра бердім. Терезеден қарап, анам мен әкемді тамашаладым.

Кейін, жаңбыр үдей бастаған соң, барып бояуларды, Нилгүннің пластинкасын, Фарухтың дәптерін жабық тұрған терезенің қуысына тығып қойдым. Сосын сол жерде, қабырғаның түбінде құйып тұрған жаңбырға қарап ойға шомдым. Әкемнің оз қолымен өсірген көшеттері шатырдан аққан суды тарта алмай, арық толып-тасып жатқанда, терезеден ақырын ішке қарадым. Байғұс анам табақ, легендерді тағы да ана жерге, мына жерге қойып, төбеден аққан сулардың астында жүгіріп жүр. Сосын менің бөлmem де есіне түсті, өйткені бөлmemдегі бүркіт қанаттары арасынан тамшылайтын су төсегіме төгілетін еді. Шамды жақты да, көрпешемді бүктеді. Қарап тұрмын.

Ақырында, жаңбыр да саябырсыды. Ал мен не оларды емес, не басқасын емес, тек қана сені ойлаудан жалықпадым, Нилгүн! Төсегінде жатқан боларсың, бәлкім, жаңбырдың тысырынан оянып кеткен боларсың, терезеден сыртқа қарап, күн күркіреген сайын үркіп жатқан шығарсың! Таңертен жаңбыр басылып, аспан ашылғанда жағажайға келерсің, мен сені күтемін! Сен де мені көріп, екеуіміз сөйлесіп, бәрін түсіндірермін. Өмір гой: мен сені сүйемін!

Басқа да құбылыстарды ойға алдым: Адам сенсе, басқа адам да болып кетеді. Шалғай жерлерді, таусылып бітпейтін теміржолдарды, Африка ормандарын, Сахнаны, шөлдерді, мұз қатқан көлдерді, жағрапия кітаптарындағы алып құстарды, арыстандарды, теледидардан көрген бизондарды, оларды қинап бөлшектеп жатқан қасқырларды, фильмдегі пілдерді, Үндістанды, қара нәсілділерді, қытайлықтарды, жұлдыздар-

ды, ғарыш соғыстарын, бүкіл соғыстарды, тарихты, біздік тарихымыз, дабылдарымыздың бүкіл дабылын және тындаған көпірдің үрейін ойладым. Адам басқа да бола алады, иә. Құл емеспіз. Бүкіл қорқыныштарды, ережелерді, шекараларды жыртып лақтырамын да, мақсатыма жетемін, байрақ желбіреді: қылыштар, пышақтар, тапаншалар, еркіндік! Мен басқамын! Мен өткенім емеспін! Енді өткенім емес, тек келешегім бар менің! Өткеннің естелігі тек құлдар үшін, алдаусыратады оларды. Олар алдана берсін, мен емес!

Осылай ойлана келе мұның бәрін ұмытуға күш-қуатым жетпейтінін білгендіктен, дәптерді және пластинканы тыққан жерімнен қолыма алдым. Шығар жолымды білетін қараңғы жолға түстім. Қырдан төмен қарай сулар ағып жатыр. Жаңбыр иісі аңқиды. Алдымен төмендегі ауданға жақсылап қарап алсам деп едім: соңғы рет жарықтарға, бапталған қарапайым бақтарға, қатқан қара жансыз бетондарға. Шамдардың астында ешкім жоқ кезде, қайғысыз-мұңсыз, күнәһар көшелерге қараймын. Соңғы рет тағы жеңіс күінне дейін оралмау үшін сол терезелерден біреуіне де қарармын дедім. Нилгүн, бәлкім, ұйықтамай жатқан шығарсың, терезеден жаңбырды тамашалап жатқан боларсың. Бір сәт найзағай ойнап айнала көкпенбек болып жарқырағанда, мені көріп қаларсың, қорқынышты жаңбыр астында, түр жарымды, малмандай су болып сенің терезеңе қарап тұрамын. Бірақ бармадым. Қазір ол жерде олардың күзетшілері: «Балам, осы уақытта, сенің не шаруаң бар мұнда, қане, сені жүретін жер емес, бұл жер!» дейді. Жарайды!

Бұрылып, өз үйімнің алдынан бір бөтен ауданның алдынан өтіп бара жатқандай ұйқысырап, жоғары шыға бердім. Анам мен әкемнің жарығы өлі жанып тұр. Үйіміздің әлсіз жарығы алыстан мұң басқан жанардай аянышты көрінеді. Мені көрген жоқ. Жазық жерден жүріп, қырдан түсе бере тан қалдым: Метин әлі де көлігін итеріп, қараңғыда еңіреп келеді. Мен кетіп қалған болар деп едім. Тоқтай қалып, бірінші рет аяқ басқан

бір бөтен елдің бөтен адамын тамашалағандай, бірақ қызыға, қорқа алыстан оны тамашалап тұрдым. Оны жылап жатыр деп ойладым. Өйткені ол жақтан аяныш сезімін оятатын бір мұнды үн естілді. Бала кезгі досымды есіме алып, бұлардың адамдарды кінәлаумен өмір сүретінін ұмытып, жаным ашып жақындай түстім.

— Кім бұл?

— Менмін, — дедім, — Метин, мені бағана танымадың, мен Хасан!

— Соңында таныған едім! — деді. — Ақшаны қайтып әкелдің бе?

— Мен жалғыз! — дедім. — Ақшаны кері алғың келе ме?

— Он мың лирамды алдыңдар! Білесің бе мұны?

Мен үндемедім. Екеуіміз де үпсіз қалдық.

— Қайдасың? — деп бақырды бір кезде, — шықсаңшы бері, түрінді көрейін!

Қолымдағы пластинка мен дәптерді құрғақ бір жерге тастадым да, жақындай түстім.

— Ақшаны кері қайтармайсың ба? — деді. — Шықшы бері.

Жақындаған сәтте терлеген, мұнды жүзін көрдім. Бір-бірімізге бетпе-бет келдік.

— Ақшаң менде емес!

— Неге келдің онда?

— Сен бағана жылап отыр едің ғой.

— Қате естігенсің, — деді. — Шаршадым... Сен неге келдің мұнда?

— Бала кезде қандай күшті дос едік! — дедім. Ол бірдене демей тұрып тағы сөзімді жалғадым: — Метин, қаласаң саған көмектесейін!

— Неге? — деді алдымен. Сәлден соң: — Жарайды, — деді. — Итер онда!

Бар күшімді салып итердім. Сәлден кейін көлік орнынан қимылдап қырға қарай шықты, одан бұрын мен қатты қуанып

кеттім. Біртүрлі сезіндім өзімді, Нилгүн! Сосын соншалық көп бірге жүрмейтінімізді біліп жаным қысылды.

— Не болды? — деді Метин. Қол тежегішін тартты.

— Токта! Біраз демалайық!

— Қане, бол, — деді. — Кешигіеміз.

Қайтадан итердім көлікті, бірақ көп жүрмедік. Дөңгелекті бір нәрсе емес, тура бір алып кеме секілді өзі! Біраз демалдым, тағы біраз демалайын деп едім, тежегішін көтерді. Көлік кері кетпесін деп итердім, бірақ тоқтадым.

— Не болды? — деді. — Неге итермей тұрсың?

— Сен неге итермейсің?

— Менде күш қалмады!

— Осы уақытта қайда барамыз?

Жауап қатпады. Тек сағатына қарады да, сөге берді. Бұл жолы менімен бірге ол да итере бастады. Бірақ қайда барарымызды білмейміз ғой! Біз көлікті қырға қарай жоғары итеріп жатырмыз, ал көлік болса қырдан төмен қарай итеріп жатқандай. Тұрған жерімізде тұрмыз. Ақырын бірер қадам жүрдік, әлім қалмады, тастай салдым. Жаңбыр басталған соң, көлікке кірдім. Метин де келіп, қасыма отырды.

— Қане! — деді.

— Барар жеріңе ертең барарсың! — дедім. — Енді біраз сөйлесейік!

— Не туралы?

— Біраз үнсіз отырдық, сосын:

— Қандай қызық түн, — дедім, — найзағайдан қорқасын ба?

— Қорықпаймын мен! — деді. — Қане, итерейік біраз!

— Мен де қорықпаймын! — дедім, — Бірақ адам ойланса, үрейлі секілді. Білесің бе?

Үндемеді.

— Шылым шегесің бе? — дедім, қалтамнан қорабын шығарып ұсындым.

— Шекпеймін! — деді. — Қане, тағы біраз итерейік.

Түстік, итере алғанымызша итердік. Үсті-басымыз малмандай су болды. Жете алмай жатқан жерінің не екенін тағы сұрадым. Жауап бермеді. Тек аналардың мені бөлтірік деуінің себебін сұрады.

— Қоя бер! — дедім. — Қанішерлер олар!

— Бірақ сен олармен бірге кезіп жүрсің ғой! — деді. — Бірге тонадыңдар мені.

Бәрін басынан түсіндірейін деп ойладым. Бірақ бәрінің не екенін білетін адамдаймын өзімше. Бәрі есімде болмағандықтан емес, неден бастарымды білмегендіктен; өйткені тура бір оның бастамасын тапсам, алғашқы күнәнің күнәһарын да барып жазалауым керек екен де, ал қазір қолымды қанға бояғым келмегендіктен сол алғашқы күнәһарды есіме түсіргім де келмейтіндеймін. Алдымен содан бастауым керектігін білем мен, Нилгүн! Саған ертең түсіндіремін. Бірақ ертеңгі таңды неге күтемін қазір деп ойладым. Иә, бұл «Анадолды» біз қазір Метинмен бірге итеріп, қырдан төмен бірге түсіп, сіздің үйге жеткенде, Нилгүн, сені Метин оятады. Мен сол кезде сен үстінде ақ пижамамен қараңғыда мені тыңдап отырғанда, саған төніп тұрған қауіпті дереу баяндаймын. Сені коммунист деп ойлады, сұлуым, кел, қашайық екеуіміз, кел, кетейік! Олар барлық жерде, олар қандай күшті болса да кеттік, бұл өмірде екеуіміз өмір сүре алатын бір гажан жер бар, мен оған сенемін! Сенімдімін!

— Қане, итерейік!

Жаңбырға карамай итере бастады. Сәлден соң ол қоя салды, ал мен итере бердім. Әлім құрып, қалжырай бастадым. Метин маған жәутендеп қарайтындай. Су болып қалмас үшін көлікке қайта кіріп кеткенімде:

— Оларды қанішер деп қоясың, ал озың олармен бірге жүрсің! — деді. — Ана ақшаны тек ол екеуі емес, сен үшеуің алдыңдар!

— Олар оздері маған келеді. Мен ешкімге жақындамаймын!

Қорыққан адам сияқты маған қарамады. Мені әлі жазғырып келеді. Сол сәтте:

— Ана 12 мың лирадан бір тиын да алмадым, Метин! — дедім. — Ант етейін!

Бірақ сенбей қарады. Ұстап қылғындырғым келді. Көліктің кілті құлпында тығулы еді. Айдай алсам ғой, шіркін! Қандай көп жол бар мына дүниеде, шалғайларда қандай өлкелер, қандай қалалар, қандай теңіздер!

— Қане, түс, итер енді!

Ойланбастан, төгіп жауған жаңбырға қарамай сыртқа шықтым, итере бастадым. Метин итермейді, екі қолы белінде, құдды бір қожайын сияқты қарап тұр. Шаршадым, қоя салдым, бірақ тежегішін тартпады. Жаңбырда даусымды естісін деп барынша айқайлап сөйледім:

— Шаршадым!

— Жоқ! — деді. — Тағы итере аласың!

— Жіберемін! — дедім айқайлап.

— Кері кетеді! Ана ақшаның есебін кімнен сұраймын мен?

— Итермесем, полицияға бармақшысың ба?

Жауап бермеген соң, тағы біраз итердім және белім сондай ауырды, сынып кете ме деп қорықтым. Ақыры тежегішін тартты. Көліктің ішіне кірдім. Үсті-басым малмандай су. Бір темекі тұтандырдым. Жер мен аспан жарық бір жарылыспен жап-жарық болып, ана қорқынышты найзағай төбеме түскендей болды.

— Қорқып кеттін бе? — деді Метин.

— Тура мына жерге түсті-ау! — дедім әзер. — Нақ мына жерге!

— Өте алысқа түсті, бәлкім, теңізге түскеп болар, қорықпа!

— Енді итергім келмейді.

— Неге? — деді. — Қорыққандықтан ба? Ақымақ! Мұндайлар адамға жақын түспейді. Сендерге мектепте оқытпады ма?

— Мен үйге қайттым, — дедім.

— Жарайды, менің 12 мың лирам не болады?

— Мен алған жоқпын ғой! — дедім. — Ант бердім ғой жаңа.

— Бұл туралы ертең полицияға баяндайсың.

Басымды көтеріп, еңсемді тіктеп, көліктен түсіп итере бастадым. Алдымда қырдың аяқталып қалғанын көріп, қатты қуандым. Метин көліктен түскен еді, бірақ итеріп жатқандай кейіп танытып, мені жігерлендіп қоюға да еріне бастады. Тек қана, көлікте «Қане! Қане!» деп маған демеу болып отырғандай. Мен де қоя салдым. Өйткені мен құл емеспін оған! Бірақ бұл жолы:

— Ақша ма саған керекі? — деді. — Сен қанша ақша сұрасаң, мен беремін, тек итерсең болды.

Енді қырдың шетіне жеттік қой деп итере бердім. Белімнің ауырғанына шыдай алмай, жүрегім мен бүйрегіме біраз қан және ауа барсын деп тоқтап демалдым. Бірақ ол әлі айқайлап, күпірлік етіп, аузын жабар емес. Маған мың лира беретін болды. Бар күшімді салып тағы да итердім. «Екі мың лира» деді. Жарайды, итердім. «Біздікілер саған ақша беріп кеткен бе, сонша үйіп-төгіп атап жатырсың» демедім. Тегіс жерге барған соң демалайын деп тоқтадым. Бірақ ол тағы ашуланып сабырсызданды: тіпті маған қарар емес. Сәлден кейін әлгі көлікті тепкілей бастайтын шығар деп ойлады. Сосын тағы да оғаш қылық қорсете бастады. Мен қарадай қорқып кеттім. Бетін жаңбырға төсеп, тура Оны сөгіп жатқандай болды. Өз ойымнан өзім қорықтым. Аспан бейне бір қырдың үстінде тұрғандай. Күркіреп, кокпенбек болып жарқырап, айналаны жап-жарық еткен, тағы сол қорқынышты найзағай астында, мен адам нанғысыз қою көк жаңбыр шашымнан және маңдайымнан ағып, аузымның ішіне кіріп жатқанына қарамай итере бердім. Барған сайын жиілеп жарқыраған найзағайды көрмеу үшін көзімді жұмып, басымды салбыратып, көлікті итере бердім. Бір соқыр құл секілді, бүкіл арманын ұмытып қалған мәнгүрттеймін мен. Ешкім мені кінәлай алмайды, ешкім жазалай да алмайды. Өйткені мен бас иіп келемін, қара

бері, менің күнә мен кінәдан хабарым да жоқ. Жүгіріп, көлік жылдамдатқан сайын ерекше құлшыныспен итеріп келемін. Метин қазір көлігіне мініп алған, бірақ әлі аузы тыйылмай сөйлеп келеді. Аттарын соккен қарт арбашы секілді. Арасында Оны да сөгіп жатқан секілді. Тура бір аспанды күркіреткен Ол емес секілді! Сен кімсің? Мен ешкімнің күпіріне ортақ бола алмаймын! Мен тоқтадым, болды, енді итермеймін.

Бірақ көлік тағы біраз өзімен-өзі сырғып кете берді.

Өзімен-өзі жүріп бара жатқан үнсіз және қорқынышты бір қараңғы кемеге қарап тұрғанай, ақырын-ақырын ұзауына қарап тұрдым. Жаңбыр да азайыпты. Өзімен-өзі жүріп бара жатқан көлікті көріп, есіме түсті. Тура Ол беретін жаза маған келіп соқтықпасын деп, екеуімізді бір-бірімізден айырып еді, көп ұзамай кетіп бара жатқан көлік тоқтай қалды. Аспан жарқыраған кезде, Метиннің сыртқа шыққанын көрдім.

— Қайдасың? — деді ыңырсып. — Кел мұнда, итер мынаны!

Қимылдамадым.

— Ұры! — деп айқайлады қараңғыға қарап тұрып, — Намыссыз ұры, қаш, көрейік, қаш!

Бірақ тұрған жерімде тұра бердім. Суықтан денем дірілдеп тұр. Сосын жүгіріп жанына бардым.

— Сен Алладан қорықпайсың ба? — деп айқай салдым.

— Сен қорқады екенсің, неге ұрлық жасайсың онда? — деп айқайлады.

— Мен қорқамын! — дедім.

— Сен болсаң жоғары қарап, оны балағаттап жатырсың! Жазанды берер бір күні!

— Ақымақ надан! — деді. — Бағана найзағайдан қорықтың, солай ма? Найзағай жарқыраса, ағаштардың көлеңкесінен, мазараттан, жаңбырдан, дауылдан қорқасың, солай ма? Үлкен болып алып! Қанша оқисың сен өзі? Надан! Мен саған айтайын: Алла жоқ! Түсіндің бе? Кел енді, итер мынаны! Екмың лира беремін дедім саған!

— Сосын қайда барасың? — дедім. — Үйіңе ме?

— Сені де апарамын, — деді. — Қалаған жеріңе апарамын сені, тек мына қырдан төмен көлік бір сырғып кетсе болды!

Итердім, Метин де көлігіне секіріп мініп алды. Бұл жолы бағанағыдай ашулы емес, аттарын әдет бойынша сөгіп жата-тын арбашы секілді. Сәл кейін көлік жылдамдап қырдан сырғи бергенде, көліктің істеп кететінін ойладым. Ойыма мынандай бір нәрсе келді: Метин жиіркеніп, жалыққан сияқты бәрінен! Көлікке мініп, жылуын қосып бойымызды жылытамыз. Сосын сені алып, бірге шалғай жерге барып жайғасармыз, көңіл демдеп қайтармыз. Бірақ көлік қырдан төмен сырғығанда, мотордың ешқандай даусы шықпады. Тек дөңгелектің су-су асфальт жолдағы оғаш даусы ғана құлаққа келді. Сол кезде көліктің ішіне кіріп алайын деп жүгірдім, бірақ көлік есігі кілттеніп қалыпты.

— Аш! — дедім, — Аш, Метин, кілттеніп қалыпты есік! Аш, мені де ал қасына! Тоқтат!

Бірақ ол мені естімейді. Көліктің әйнегін ұрып-ұрып, даусым қарлыққанша айқайлап, ентігіп жарыса жүгіріп келемін. Көп ұзамай дөңгелекті көлік мені басып озып кете барды. Тағы да айқайлап артынан жүгірдім. Не көлік тоқтамады, не Метин артына қарамады. Жарықтарын ақырын қосып, бау-бақшаны аралап, қиылыстардан бұрылып, айналма жолдан өтіп, сонау төменге дейін түсіп, көзге көрінбей кеткенше соңынан жүгірдім. Сосын тоқтап қарадым. Тоңып тісім тісіме сақылдап жатқанда есіме түсті. Нилгүн, сенің пластинкаң сонау жоғарыда қалды. Қырдың ана басында. Бұрылдым, бойым жылысын деп не болса да қайта қырға қарай жүгірдім. Үстімдегі койлегім етіме жабысып қалған. Тастап кеткен жерімнен пластинканы таппаған соң, тағы жүгіре бастадым. Аспан жап-жарық болып күркіреген кезде, қорыққанымнан емес, тоңғанымнан дірілдей бердім. Демалуым қиындаған кезде белімнің ауырсынғанын сезіне бастадым. Жүгіріп түсіп-шығып, әр қадамымның астынан пластинканы іздеп жүрмін. Бірақ пластинка жоқ.

Күн шыққан соң, көп кешікпей пластинканы тапқанға дейін қаншама рет қырға шығып-түскенімді ұмытып та қалдым. Шаршап, тоңып, талып құлайтын секілдімін. Ана қарғыс атқыр пластинка мен дәптерді көріп, бағанадан бері бұл емес деп қарамай кеткен қара көлеңкелердің бірі екенін білгенде ішім удай ашыды. Тура біреу келіп менімен ойнаған сияқты болды. Біреу бәрін менен тығып, маған құлдық өмірді сыйлағысы келгендей болды. «*Best of Elvis*» суретіндегі америкалықтың бейнесін аяғыммен мыжып тастағым келді. Онсыз да жаңбырдан қамыр болып иленіп кетіпті. Бәрі де құрысын, құрысын бәрі де! Бірақ сызбадым, саған беремін! Әр күннің алғашқы көлігі, Халилдің қоқыс таситын жүк көлігі қырға шығып келеді. Жаңа шыққан күннің шапағын соңына тастап зырғып барады. Мен жолда бақтарға кірдім. Мазараттың жолына түстім. Қабырғаның түбінен жағалап, кішкентай кезімде анаммен өткен ешкі жолынан өттім. Менің осындағы бадам мен інжір ағаштарының арасында көне бір орным бар еді.

Шыбық-бұтақ жинадым, құрғағын табу қиынға соқты. Дегенмен Фарухтың тарих дәптерінің бірнеше бетін жыртып алып, отты тұтатып алдым. Ешкім байқамайтын көк тұман сызылып шығады. Көйлегім мен шалбарымды шештім, аяқ киімім сәл болмаса отқа түсіп кетейін деп тұр. Отқа жылындым. Бойым жылынған сайын рахаттанып отырмын. Рахаттанып кеудеме көз салдым, астымнан ұрған алаудың үстінде жалаңашшын: мен ешнәрседен қорықпаймын! Алау оттың жалынында мүшемнің тұрысына қарадым. Кеудем тура бір басқа бір еркектің кеудесі сияқты: күнге күйген, салауатты, найзадай, оқтай атылып тұр! Ойға шомдым: Мен еркекпін! Қолымнан бәрі келеді. Менен қорқындар! Жүндерім алау оттан түтесін, мейлі, маған ешнәрсе болмайды! Тағы біраз тұрған соң, отты күшейту үшін оттан шықтым, бұтақ пен шырпы іздедім. Салқын самал есті. Құйрығым көдімгідей тона бастады. Ойыма түсті: Әйел емеспін мен деп қоямын, әлсіз емеспін: Олар қорқады. От тағы да алаулаған соң, мүшеме қарап ойлана бастадым.

Істей алатындарымды, өлімді, қорқынышты, отты, басқа елдерді, қаруларды, бейшараларды, әлсіздерді, байрақты, елді, шайтанды, тозақты. Сосын пластинканың су-су болған қатты мұқабасын отқа ұстап кептірдім.

Киімдерімді де кептіріп кидім. Оларды, бәрін де ойлап, батпаксыз бір бұрышқа жайғасып жаттым.

Ұйықтап қалыппын. Оянғанымда түс көргенімді білдім. Бірақ түсімде не көргенімді білмеймін. Жанымға жақын бір нәрсе секілді. Күн көтеріліп қалыпты. Орнымнан тұрдым да, жүгіре жөнелдім. Уақытым тығыз болар, бәлкім.

Қолымда сенің пластинканды алып, біздің үйдің алдынан жылдам-жылдам қыр асып бара жатқанда, дәл жанымнан жағажайға бара жатқан базар халқының көліктері зулай жөнеледі. Үйден ешкім мені байқамады. Не әкем, не анам көзге түспеді. Перделер жабық. Тахсиндер жаңбырдан соң кеуіп қалмасын деп асығыс шие жинауда. Ауданнан өтіп бара жатып, 500 лираны майдаладым. Мына жердегі дүкендер жексенбі күні ашық болады. Бір тост пен шай сұрадым. Ішіп жатқанда қалтамдағы тарақтарды алып қарадым: бірі жасыл, бірі қызыл. Алла көріп тұр.

Бәрін баяндап беремін. Бәрін айтқан соң кінә мен күнә айқындалады. Ешбір кемшілік болмайды. Менің де кім екенімді түсінерсің, Нилгүн. «Сен мүлдем басқа екенсің» дейсің. Күл емеспін. Қарашы маған, қалағанымды жасаймын, қалтамда 500 лирадан астам ақшам бар. Өз-өзіме қожамын. Жағалауға барасыңдар, қолыңызда теңіз доптары, сөмкелер бар. Аяқтарыңызда оғаш аяқ киімдер, жаныңызда ерлеріңіз, балаларыңыз! Түсінбейсіздер! Қарап тұрасыздар, бірақ көрмейсіздер! Ойланасыздар, бірақ білмейсіздер! Менің кім екенімді түсінбейді, кім болатынымды да білмейді. Өйткені соқырдан бетер: Жиіркенішті! Жағажайға барған, рахат қуып жүрген жағымсыз халық! Бұлардың бәрін жөнге келтіру маған бұйырып тұр. Қараңыз маған: менің бір фабрикама бар! Менде қамшы бар: мен бір мырзамын. Мен қоршау арқылы толып

жатқан жағажайға карадым, сол кезде сізді көре алмағаным есіме түсті. Себебі мен Мұстафа да келмеді деп ойладым.

Мен жүрдім, үйлеріңе бара жатырмын. «Бір мырза келді» дейді ергежейлі мені көргенде, «Сені көргісі келеді, Нилгүн ханым». «Солай ма, сыпайы адам дейсіз бе, олай болса, қонақ бөлмеге апарыңыз, Режеп мырза, мен қазір келемін» дейсің. Жаяу жүріп жатқанда Нилгүн үйден кетіп қалуы да мүмкін, мен жолға қарап тұрдым, бірақ мен сізді кездестірмедім, ханым.

Аула қақпасына келгенде тоқтап карадым: түнде жаңбырда ақымақ және бір құлға ұқсап қырға жоғары итерген көлігім аулаңызда жоқ. Қайда ол «Анадол»? Түсіп есіктен кірдім, баспалдақты үлкен есікке емес, ешкімді мазаламауды қалайтын бір сыпайы мырзадай асүйдің есігіне қарай жүрдім. Інжір көлеңкесін, қабырға тастарып есіме түсірдім. Түс секілді. Асүй есігін ұрдым, біраз күттім: «Сіз осы үйдің қызметшісіз ба, Режеп мырза? Мынау жасыл тарақ және пластинка осы үйде тұратын сұлу ханымдікі болу керек. Бұрыннан жақсы танитынмын, жарайды, қазір ол маңызды емес. Осыларды беріп кетуге келдім. Басқа ниетім де жоқ». Осылай ойға бата бердім.

Режеп көке үйде жоқ болса, кетіп қалған болса! Бәлкім, үйде ешкім жоқ шығар! Түс секілді, иә! Қорқа бастадым!

Құлпын басқан кезде асүйдің есігі ақырын ашылды. Мысық ұқсап ақырын басып, асүйге өттім. Май сасып тұр, есіме түсті. Ешкім жоқ және кроссовкиімнің табаны резенке болғандықтан, асүй жанынан піріліп шыққан баспалдақтарды басып шығып келе жатқанда ешкім мені байқамады. Түстегі бір елеспін және өзімді түнімен ұйықтамаған соң, түс көріп жатырмын ба деп ойладым. Өйткені иіскегенде ойыма түсті. Демек, үйлерінің іші осылай аңқып тұрады екен. Нағыз үй сияқты! Мен үйдемін деймін.

Жоғарыға көтерілгенімде, жабық есіктердің біреуін ақырын аштым. Мен оған карадым: оның жиіркенішті денесін

бірден таныдым: міне, төсекте ұйықтап жатыр! Оның маған екі мың лира қарызы бар деп ойладым және Құдай жоқ, деді ол. Егер мен оны тұншықтырсам, ешкім байқамайды. Мен тоқтадым, ойландым: саусақ іздері қалады. Мен есікті ақырын жауып, ашық тұрған есік арқылы екінші бөлмеге кірдім.

Үстелдегі бөтелкеден, кірпіштен және лақтырылған үлкен шалбардан айта аламын: бұл — Фарухтың бөлмесі. Мен ол жерден шықтым және ойланбастан басқа бөлменің есігін ашқанда, әкемді қабырғада көргендей дірілдедім. Қандай оғаш, сақалды еді әкем, ол маған сурет жақтауы арасында ашуланып: «Өкінішке орай, сен ақымақтың нағыз өзісің» дегендей. Мен қорқып кеттім. Содан кейін, абыржулы кемпірдің даусын естігенде, қабырға мен бөлмеде кім тұрғанын білдім.

— Кім бұл?

Бірақ соған қарамастан, мен есікті бір сәтке аштым да, мыжылған төсек жаймасы арасында мыжылған бет пен үлкен құлақты көрдім.

— Режеп, бұл сен бе, Режеп?»

Мен ақырын жүріп отырып, соңғы бөлмеге қарай келдім, және бұл дауысты естігенде есік алдында дірілдеп тұрдым;

— Режеп, бұл сенсің бе? Саған айтамын, Режеп, ол кім болды?

Бөлмеге кірдім де, абдырап қалдым: ханшайым Нилгүн, сіз де жоқ едіңіз. Мен жабық төсекті ашып, оны иіскеп алдым да, із қалдырмастан қайта жаптым, өйткені манағы дауыс ештеңеге тиіспесін дегендей қайта айқайлады.

— Бұл кім? Кім бар, Режеп?

Мен оның пижамасын жастықтың астынан алып иіскедім: лаванда мен Нилгүннің иісін сездім. Содан кейін оны иіскемегендей етіп қайта бүктедім, оны жастықтың астына қойдым да, пластинка мен таракты тастаймын деп ойладым: міне, тура мына жерге, төсектің үстіне, Нилгүн, тастайын. Бұларды тауып алып, сен де ойланарсың, Нилгүн. Мен қанша күн болды сенің сөңында жүрмін, мен сені сүйемін.

Бірақ мен тастай алмадым, өйткені мен оны тастап кетсем, бәрі бітіп қалғандай болады. Мен де бәрі бітсе дедім.

— Режеп, саған айтамын, Режеп!

Мен бөлмеден атып шықтым, өйткені әжелерінің тықырын сездім, ол төсектен тұрған болса керек. Мен баспалдақтан тез түсіп бара жатқанда, оның есігін ашқанын және таяқтың еденді тесіп тұрғандай соққанын естідім.

— Режеп деймін, Режеп!

Мен асүйге бұрылдым да, кетер алдында тоқтай қалдым: мен ештеңе жасамай кетпеймін. Пештің үстінде асты өте ақырын жанып тұрған қазап бар екен. Бекіткішті бұрап, барынша жақтым. Содан кейін екінші ысырманы да бұрдым. Мен кетіп қалдым, бара жатып бір нәрсе кем болғанын ойладым.

Мен ешқайсысына ұсталмаспын деп тез жүрдім, жағажайға келгенде, ойлағанымдай, қоршау арқылы көптің ішінде бұл жолы мен сені көрдім, Нилгүн ханым! Сізге осы жерде пластинка мен тарақты беремін, осымен бітсін бәрі! Мен ешкімнен қорықпаймын. Ол шашын кептіріп жатты. Демек, сен теңізде болдың. Ал Мұстафа жоқ, ол келмеді.

Біраз күтіп дүкенге бардым. Басқа да алушылар бар еді.

— Бір «Жумхуриет» беріңіз! — дедім.

— Жоқ, — деді сатушы жүзі қызараңдап. — Енді сатпаймыз.

Ешнәрсе демедім. Сәл күткен соң сен де, Нилгүн ханым келіп, күнде таңертеңгі әдетің бойынша, жағажайдан шығып келіп: «Бір «Жумхуриет» дедіңіз. Сатушы «Жоқ» деді. Сен де «Неге? Кеше ғана сатып тұр едіңіз» деп сұрадың.

Сатушы қабағымен мені меңзеді, сен де маған қарадың. Екеуіміздің көзіміз түйісті. Мені түсіндің бе? Түсіндің бе мені? Сосын мен қазір саған салмақты бір мырза кейіппен бәрін сабырмен, асықпай мән-жайды түсіндірем деп ойладым. Сыртқа шықтым, пластинка мен тарақтар дайын, күтіп тұрдым. Көп кешікпей сен де шықтың. Бәрін, бәрін де саған қазір баяндаймын, сен де түсінесін.

— Біраз сөйлессек бола ма? — дедім.

Тоқтап, маған бір сәт қарады. Не деген сұлулық десеңші! Жүзі бал тамғандай! Маған сөйлейді деп ойладым, бірақ жын көргендей қаша жөнелді. Дереу соңынан жүгіре бастым. Жетіп алып, ешнәрсеге қарамастан:

— Не болды, Нилгүн, тоқтасаңшы! — дедім. — Бір жолға мені тыңда!

Тоқтады. Жүзін барынша жақыннан көргенде есімнен тана жаздадым. Көздері қандай!

— Жарайды, — деді. Не айтқын келеді, тез айт!

Айтар сөзімді ұмытып қалғандаймын. Аузыма ешнәрсе түспеді: тура бір жаңадан танысып, айтар ешнәрсе жоқтай. Пластинканы бердім, бірақ алып қарамады да!

— Мынау пластинка сенікі ме? — дедім.

— Жоқ! — деді. — Менікі емес.

— Сенікі, сенікі, Нилгүн, бұл пластинка! Жақсылап қара! Сыртынан байқамай тұрсың ба? Су болып қалды, мен құрғатып алып келдім.

Басын иіп қарады:

— Жоқ, менікі емес бұл! — деді. — Сен мені басқамен шатастырып тұрсың!

Кетіп бара жатыр еді, соңынан жүгіріп барып, қолынан ұстап тоқтаттым.

— Жібер! — деп айқай салды.

— Неге маған бәрің өтірік айтасыңдар?

— Жібер!

— Неге менен қашасыңдар? Бір сөлемінді қимайсың! Менен не жамандық көрдің, бетіме айт одан да! Мен болмасам, сені бүгінге дейін не істерін бір Алла біледі! Соны білесің бе?

— Кім олар?

— Білмей тұрған шығарсың? Неге «Жумхуриет» оқисың?

Нақты бір жауап берудің орнына шарасыз көздерімен жәрдем сұрағандай жан-жағына қарады. Мен тағы да соңғы бір үмітпен салмақты дауыспен сөйлеп, қолынан ұстадым:

— Мен сені сүйемін, білесің бе?

Қолымнан сытылып шығып, қашуға тырысты. Бірақ қашып құтылмайтынын біліп те тұр! Жүгірдім, екі қадам аттап жаралы тышқанды ұстап алған мысықтай, тағы да нәзік білегінен ұстап қалдым. Айналада адам көп. Токтай тұр, бәлем! Соншалықты оңай екен! Дірілдеп тұр. Оны сүйіп алғым келді. Бірақ дәл қазір мен бір үлкен азаматпын, ол күнәсін сезді екен деп, мүмкіндікті пайдалана алмаймын! Мен де өзімді ұстай аламын. Қара, қанша көп адам болса да ешбірі көмек қолын созуға ниет етпеді. Өйткені ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біледі. Иә, айта бер енді, кішкентай ханым, неге менен қаштың? Айт, менен жасырып бәріңіз бірге не істеп жүргендеріңізді айта түс! Басқалар да, мына адамдар да естісін, енді ешкім мені кінәлап, мен туралы бөтен ойлауын доғарсын! Мұстафа осында ма? Оның айтатын сөзін күткендей болдым, өйткені маған жала жауып жүрген қиялының шексіз қорқынышы енді аяқталады және ол айқай салды:

— Ақылсыз фашист, мені жібер!

Міне, осылай ол басқалармен бірге екенін мойындады. Мен алдымен қатты таңғалдым, бірақ содан кейін мен оны бірден, нақ осы жерде жазалауды шештім де, ұрып-ұрып, сазайын бердім.

Режеп Нилгүнді үйіне апарды

Ұрып-ұрып қашып кеткен Хасан екенін және жерде жатқан Нилгүн екенін білген соң, қолымдағы себетті тастай сала жүгірдім, жанына жетіп келдім.

— Нилгүн, қызым, қалайсың?

Төсегінде жатқандай бүктелін алыпты, басын қолымен ұстап алып асфальтта бүк түсіп жатыр, дір-дір етеді.

— Нилгүн! — деп иығынан ұстадым. Жылап жатыр.

Тұрған жерлерінен шығып қасымызға келгендерді, айқайлап көшені басына көтергендерді, жақыннан көру үшін жанымызға келіп, бір нәрсе айтқысы келгендей бір-бірінің иығынан басып ентелегендерді көріп ұялып кетті. Тұруға әрекет жасады. Бетінің қан-жоса болғанын көрдім.

— Маған сүйен, жаным, сүйен!

Орнынан тұрып, маған сүйенді. Беторамалымды бердім.

— Кетейік, мына жерден, үйге барайық!

— Жақсысың ба?

— Такси келді! — деді біреуі. — Мінісіздер!

Араларын ашты, біз көлікке мініп жатқанда себетім мен Нилгүннің сөмкесін де қоса беріп жатып, бір бала:

— Бұл әпкенікі! — деді де, пластинканы берді.

— Ауруханаға ма? — деді шопыр. — Стамбұлға ма?

— Үйге барғым келеді! — деді Нилгүн.

— Жолда алдымен дәріханаға соғайық! — дедім мен.

Дәріханаға барар жолда үнсіз келдік. Анда-санда қолындағы беторамалға қарай берді.

— Басыңды былай ұста! — дедім шашын сипап.

Дәріханада тағы да Кемал мырзаның өзі емес, ажарлы әйелі түр екен. Әдеттегідей радио тындап отыр.

— Кемал мырза жоқ па? — дедім.

Нилгүнді көре сала, әйел шыр-пыр болды. Сосын дүкеннің ішінде ары-бері жүгіре бастады. Бір жағынан не болғанын сұрап жатыр, бірақ Нилгүн жауап қатпады. Болмаған сон Кемал мырзаның әйелі де үнсіз қалды. Мақта мен дәрілерді алып Нилгүннің бетін тазалай бастады. Мен теріс қарап, көрмеуге тырыстым.

— Кемал мырза жоқ па?

— Дәріханашы болып тұрған мен! — деді әйелі. — Не қыласың оны? Ол жоғарыда! Жаным, сұлуым, сені неге бұлай ұрды екен?

Сол сәтте ашылған есіктен Кемал мырза да кіріп келді. Қарап біраз кідірді, сосын бұл сәтті көптен күткендей қызыға қарады.

— Қалай болды бұл? — деді.

— Ұрып кетті, — деді Нилгүн.

— Ой, тоба, не боп кетті өзі? Біз кім болдық сонда? — деді

Кемал мырза.

— Кім істесе де мұны, — деді әйелі.

— Фашист, — деп миңгірледі Нилгүн.

— Сен үндеме енді, үндеме, — деді әйелі.

Бірақ Кемал мырза айтқанын естіп қойды. Радиоға қолын созып, әйеліне бақырды:

— Неге мына радионы сонша бақыртып қоясың?

Радионың үні ошті. Дүкен тым-тырыс бола қалды. Кемал мырза жабырқаған жүзбен кінәлі адамша шығып кетті.

— Өшірменіз, — деді Нилгүн. — Даусын шығарыңызшы.

Кемал мырза радионы қайта қосты. Әйелі жұмысын бітірген соң:

— Енді тіке ауруханаға тартыңдар! — деді. — Алла сақтасын, бірақ ішке қан кетуі мүмкін...

— Ағам үйде ме, Режеп? — деді Нилгүн.

— Жоқ, — дедім. — Көлігін жөндеуге әкетті.

— Дереу бір такси ұстап, бара беріңдер, — деді әйелі. — Қалтаңда ақшаң бар ма, Режеп мырза?

— Мен берейін, — деді Кемал мырза.

— Жоқ, — деді Нилгүн. — Қазір үйге барғым келеді.

Орнынан әзер тұрды.

— Тоқта, — деді әйелі. — Саған ауруды басатын бір ине салайын.

Нилгүн үндемей ішке кірді. Біз Кемал мырза екеуіміз үнсіз қалдық. Терезеден сыртқа қарап тұр. Нақ бір танертеңгісін әсем табиғатты тамашалағандай болып тұр. Қарсы беттегі дүңгіршектің терезесі, Коко-кола жарнамасы, шамдар мен сәндвичтер. Әңгіме болсын деп:

— Дүйсенбі күні кешке келдім, аспирын алдым, — дедім. — Ұйықтап жатыр екенсің. Сол күні таңертең балыққа барыпсың.

— Барлық жерде осы, — деді. — Адам қайда барса да тыныштық жоқ.

— Не?

— Саясат!

— Білмеймін, — дедім.

Сосын тағы үнсіз сыртқа қарап тұрдық. Жағажайға ағылған адамдардан көз алмадық. Бұрылып қарап Нилгүннің түрін көрдім: бір көзі жартылай жұмылып қалыпты. Екі жағы көкпеңбек. Кемал мырзаның әйелі қалайда ауруханаға бару керектігін айтты. Бірақ Нилгүн қаламады. Бірақ ол айтқанынан қайтпай:

— Такси шақыр, — деді күйеуіне.

— Жоқ, — деді Нилгүн. Сөмкесін алды. — Жүре берейік. Басылады. Ұй алыс емес.

Басқалар әлі сөйлеп жатыр, мен себетімді, пакетімді алдым да, Нилгүннің қолтығынан сүйедім. Тура бір туган адамындай маған сүйеніп алды. Есікті ашты, қоңырау сыңғырлады. Шығып кете бердік.

— Сіз революционерсіз бе? — деді Кемал мырза. Жарақат алған басымен «иә» дегендей ишара жасады.

— Олар мұны қайдан білді?

— Азық-түлік дүкенінен сатып алған «Жумхуриет» газетінен!

— А-а! — деді Кемал мырза жайбарақат. Бірақ қатты ұялғаны байқалды. Одан сайын ұялғандай болды. Өйткені нақ сол кезде әйелі де:

— Иә! — деді. — Мен де саған айттым ғой, Кемал...

— Сен жап аузыңды! — деді Кемал мырза. Енді ұялып, қысылудан шаршады-ау деймін. Нилгүнмен бірге сыртқа күншуаққа шықтық.

— Жақсылап сүйеніп ал, жаным, — дедім. Сөмкеңді бер.

Ешкім байқамай тұрғанда бас кошені айналып, қарсы көшеге өттік. Түрлі түсті суға шомылатын киімдер мен сүлгілер жайылған балкондар мен бақшалар арасынан өттік. Әлі де таңғы ас ішіп отырғандар бар еді, бірақ бізге қарамайды да. Сосын бір велосипед айдаған жас жігіт өтіп бара жатып қарады. Бірақ ол жаралы адамға емес, менің ергежейлі түріме қарап өтті-ау. Көзқарасынан білдім. Сосын бір кішкентай қыз аяғына киген теңіз табандарымен үйрек сияқты алдымыздан өтті. Мұны көрген Нилгүн еріксіз күлді.

— Күлсем, мына жерім ашиды, — деді де, одан бетер күлді. — Сен неге күлмейсің, Режеп? Өте салмақтысың, өзіңше болып галстук тағып аласың. Күлсеңші!

Өзімді-өзім қинап күліп жібердім.

— Ой, сенің тістерің бар екен, — деді. Мен ұялып кеттім. Одан бетер күлдік. Сосын біршама уақыт үнсіз жүріп келе жатқанда, Нилгүн жылап қалды.

— Жылама, жаным, жыламасаңшы, — дедім.

— Мен ақымақ, қайдағы бір тентекке...

Шашын сипадым. Сосын есіме түсті: адам кейде оңаша қалып жылағысы келеді. Қоя салдым. Көшеге карадым. Бір бала қызығып әрі қорқып, қарсы беттегі балконнан бізге қарап тұр. Мынаны мен жылатып келе жатыр деп ойлады. Көп ұзамай Нилгүн де басылды. Қара көзәйнегін сұрады. Сөмкесінде екен, алып бердім. Киіп алды.

— Мен сұлумын ба? — деді де, мен жауап бермей жатып: — анам да сұлу ма еді? Қандай еді, Режеп?

— Сен де сұлусың, анаң да сұлу болатын!

— Анам қандай еді?

— Өте жақсы әйел болатын, — дедім.

— Қандай сонда?

«Ешкімнен ешнәрсе талап етпейді, ешкімге салмақ салмайды, не үшін өмір сүріп жүргенін де білмейді» деуші еді мәртебелі ханым, тек күйеуінің соңында жүретін. Күлетін,

күлсе күндей ашылатын, ақкөңіл болатын. Иә, жақсы адам еді. Адам сүйсінер жақсы адам еді.

— Сен сияқты жақсы адам еді, — дедім.

— Мен жақсымын ба?

— Әрине!

— Бала кезде қандай едім?

Аулада керемет ойнайтын едіңдер екі кішкентай ағайынды. Фарух мырза үлкен еді. Сендерге қосыла бермейтін. Ағаштардың астында желкілдеп жүгіріп жүретін едіңдер. Сосын ол да үйінен келетін, сіздерге қосылатын. Оны өздеріңнен бір елі қалдырмайтын едіңдер. Мен асүйдегі терезеден бәрің тындап жүретінмін: Жасырынбақ ойнаймыз ба? Қане, санаймыз онда. Сен сана, әпке: Апам шелпек пісірді, санап көрсем, он екі.... «Сен француз тілін білесің бе, Нилгүн?» дейтін саған Хасан.

— Бала кезде де осындай едің, — дедім.

— Қандай сонда?

Сосын асты өзірлеп болып мен іштен жоғары дауыстап: «Мәртебелі ханым, ас дайын» дейтінмін. Ол да дереу терезесін ашып, төменге қарап: «Нилгүн, Метин, қане, қарақтарым, ішке кіріңдер, тамақтанамыз» дейтін. «Қайда мыналар тағы, Режеп» деп іздейтін. «Мәртебелі ханым, інжір ағашының артында» деймін. Мәртебелі ханым іздеп қарайды, сосын жапырақтар арасынан көріп, айқай салады: «А-а-а, тағы Хасанмен бе? Режеп, саған мен неше мәрте айттым. Мына баланы үйге жақындатпа деп. Барсын әкесінің үйінде отырсын» дейтін мәртебелі ханым. Дәл осы сәтте басқа перде ашылып, Доған мырзаның басы әкесінің жылдар бойы отырып, еңбектенген бөлмесінің терезесінен шығады да, «не болыпты, саған не болды?» дейтін. Мәртебелі ханым: «Сен әкең секілді тыныш отыр бөлмеңде. Сандырақтарыңды жаза бер. Ешнәрсені түсінбейсің бәрібір, балалар енді ана қызметші құлдардың балаларымен бірге ойнап жүр» дейтін. «Ойбай, анашым, онда тұрған не бар? Бауыр бауырмен ойнайды ғой» дейтін Доған мырза.

— Режеп, сенің аузыңнан сөзді тартып аламыз ба?

— Не дейсің?

— Балалық шағымды сұрап едім.

— Метинмен бауыр болып керемет ойнайтын едіңдер!

«Бауыр дейсің бе? О, тоба! Қайдан шықты мына сөз? Тура Доғанның басқа бауыры болмағаны секілді, бұл балалардың Фарухтан басқа бауыры жоғын бәрі біледі. Доғанымның бауырлары екен ғой... Кім айтып жүр бұл сандырақты? Мен енді сәксен жасымнан кейін бұл өтіріктермен алысуым керек пе?» дейтін мәртебелі ханым. Мен үндемейтінмін. Сосын екеуі де терезелерін жауып бөлмелеріне кірген соң, мен сыртқа шығып: «Қане, Нилгүн, Метин, коріп тұрсындар, әжелерің шақырып жатыр. Ас дайын» деймін. Оларды жоғарыға шығарған кезде ол төменде жалғыз қалатын.

— Хасанмен де ойнайтын едік! — деді Нилгүн.

— Иә! Есінде ме?

Сіздер жоғарыда, мәртебелі ханым, Доған мырза және қайдан келіп жеткені белгісіз Фарух мырза мен Метин және сіз тамақтанып отырғанда, мен оны тұрған жерінен тауып алып: «Тссс, Хасан, жаным, қарның ашты ма, балапаным? Қане, кел, көрейік!» деймін. Үндемей, қорқып соңымнан келеді. Кішкентай үстелге отырады. Алдына өзім жемеген асты қоямын. Жоғарыға шығып дастарханнан алған кәуап табағын, салатты, асбұршақты және Фарухтың жемей қалталарын толтыратын шабдалы мен шиені төменге түсіріп, оның алдына қоямын. Сосын сұраймын: «Әкең не істеп жатыр?». «Ештеңе, лотерея!». «Аяғы жақсы ма? Жылап жүрген жоқ па?». «Білмеймін». «Сен өзің қалайсың? Мектепке қашан барасың? Келер жылы ма?». «Білмеймін». Үндемейді. Мені жаңа көргендей қорқа-қорқа қарайды. Доған мырза қайтыс болған соң және ол мектепке барған кезде де: «Сен қай сыныпқа өттің, Хасан?» Үндемейді. «Үшінші сыныпқа ма? Сосын оқып үлкен адам боласың! Сосын не істейсің?». Нилгүн қолымда теңселіп кетті.

- Не болды? — дедім. Отырамыз ба?
- Менің мойным ауырады, — деді ол.
- Біз такси аламыз ба?

Біз жүрдік. Қайтадан бас көшеге шығып, теңіз жағасына қойылған көліктер мен Стамбұлдан келе жатқан базар адамдарының арасынан өттік. Мен қақпадан кірген кезде, көлікті көрдім.

— Ағам келіпті, — деді Нилгүн.

— Иә, — дедім. — Дереву Стамбұлға аурауханаға барамыз.

Ешнәрсе демеді. Асүй есігінен кірдік. Таң қалдым. Газды ашық тастап кетіпшіін, ана газ болса, жанып тұр. Қорқып дереу өшірдім. Сосын Нилгүнді жоғарыға шығардым. Нилгүнді диванға жатқызып, арқасына жастық сүйедім. Фарух мырза ол жерде жоқ. Жоғарыдан дауыс естілді.

— Осындамын, мәртебелі ханым, осындамын, қазір келемін, — дедім. Нилгүннің басына тағы бір жастық қойдым. — Жақсысың ба? Қазір Фарух мырзаны жіберемін.

Жоғарыға шықтым. Мәртебелі ханым бөлмесінен шығып, қолында балдағымен баспалдақтың басында күтіп тұр екен.

— Қайда жүрсін? — деді.

— Базарда едім, — дедім.

— Қайда енді?

— Бір минут, — дедім. — Кіріңіз бөлмеңізге, мен қазір келемін.

Фарух мырзаның есігін қақтым, дыбыс жоқ. Күтпей ішке кірдім. Төсегінде жатыр екен Фарух мырза.

— Көлікті әп-сәтте жөндеді, Режеп, — деді. — Метин кеше бостан-босқа далада қалып кетіпті.

— Нилгүн ханым төменде, сізді күтіп отыр, — дедім.

— Мені ме? — деді. — Неге?

— Режеп! — деп шақырды мәртебелі ханым.

— Төменге түссеңізің енді, Фарух мырза!

Таң қалды Фарух мырза. Бетіме қарады. Кітабын қойып, төсегінен тұрды. Сосын шығып кетті.

— Келе жатырмын, мәртебелі ханым! — дедім мен. Бардым. — Неге бұл жерде тұрсыз? Келіңіз, қолымнан ұстаңыз, мен төсегіңізге жатқызайын. Мына жерде тоңып қаласыз. Шаршап та тұрсыз.

— Өтірікші неме, сен тағы да бір өтірік айтып тұрсың! Фарух қазір қайда кетті?

Ашық есіктен мәртебелі ханымның болмесіне кірдім.

— Не істеп жатырсың ол жерде? — деді. — Араластырма!

— Таза ауа кірсін, мәртебелі ханым, — дедім де, терезелерді аштым. — Қане, төсегіңізге жатыңыз.

Жатты, кішкентай бір бала ұқсап көрпесін бетіне дейін жапты. Әл-сәтте бәрін ұмытып кетті, бала сияқты қызығып сұрай бастады:

— Не бар екен базарда? Не көрдің?

Қасына барып, көрпесін түзеттім. Жастығын алып шаңын қақтым.

— Ешнәрсе жоқ, — дедім.

— Қазір адамдар жақсы нәрсе көрмейді. Қырсық ергежейлі! — деді. — Сенен ештеңе сұрамаймын.

— Балғын жемістерді алдым, әкелейін қаласаныз? — дедім.

Үндемеді. Есігін ашып, төменге түстім. Фарух пен Нилгүннің әңгімесі қызып кетіпті.

Фарух шығыс биін тамашалады

Дәріханашы әйелге, күйеуіне және Режепке үміт артып, үйге дейін жүріп келгендерін айтқан соң, мен тағы қалай болғанын сұрағым келді. Көзімнен ұққан болар:

— Ешнәрсе емес, Фарух, — деді Нилгүн. — Бір мәнісі болар. Өз-өзіме ашуландым. Мына ақымақты басқара алмағаным. Оңбаған...

- Ақымақ па?
- Кішкентай кезінде олай емес еді. Бірақ биыл оны ақымақ көрдім. Ақымақ және аңқау бөле.
- Сосын? — дедім қысыла-қысыла.
- Сосын жағдайдың ушыққанын білдім. Айқай салдым дереу. Ешкім көмек қолын созбады. Неге сонша қызығып отырсың, Фарух?
- Өйткені мен сондаймын! — дедім.
- Ондай емессің, — деді. — Босқа үмітсіз әрекет етесің.
- Жарайды, ал сенің айтып отырған үміт деген не өзі?
- Адамды жігерлендіретін нәрсе! — еді. — Адам өлмеу үшін қарсы тұрады. Кейде адам бала кезінде мен өлсем не болар екен деп ойлайды... Сол кезде, күресін жатқандай бір сезім билейді бойымды, осы сезімнің арқасында тоқтайсың да, ең соңында бәрін түсінесің: Сенен кейін не боларын ойлайсың, қызық көрінеді, бұл ой дамыл таппайды, бір жағынан қорқынышты.
- Ол қызығушылық емес, — дедім. — Түп-тура қызғаныш. Сенен кейінгілердің көңіл көтеретінін, бақытты боларын, сені ұмытып, рахаттанып өмір кешерін ойлайсың.
- Жоқ, — деді. — Қызығасың. Сен де адамды өлімнен құтқаратын осы қызығушылықтан бас тартасың, қызықпайтындай кейін танытасың, аға.
- Жоқ! — дедім ашуланып. — Тек уайымдаймын.
- Кітаптардан, мұрағаттардан оқып жүрген ана мыңдаған сөздерің не үшін сонда? — деді. — Сен тек білмейтін сияқты көрінгің келеді.
- Мұның не керегі бар маған? — дедім. — Ауруханаға апарайын сені.
- Тух! — деді жас балаша. — Барғым келмейді.
- Сандырақтама! Ана дәріханашы мырза дұрыс айтады. Егер бір іштей қан кетіп жатса ше?
- Әйел емес, еркек еді дәріханашы! Ешқандай қан кетпейді.

— Ақырында Нилгүнді ұйқы қысты. Аркасына сүйенген диванға жақсылап жайғасты да, көзін жұмып:

— Аға, біраз тарих туралы айтышы маған! — деді. — Оқышы дәптерінді.

— Ұйықтаған дұрыс деп ойлайсың ба?

Төсегіне жатып, өзіне бір ертегі айтып беруін өтінген кішкентай қыз сияқты қиыла қарады. Бұл хикаялардың әйтеуір бір пайдасы тиерін білем, жүгіріп бөлмемнен шықтым. Бірақ сөмкемде тарих дәптерім жоқ еді. Жан-жақтың бәрін, тартпаларды, шкафты, шабаданды қарадым. Сосын басқа бөлмелерді де ақтардым. Әжемнің бөлмесіне де кірдім. Бірақ қарғыс атқыр табылмады. Дәптерді мас болып, көліктің артқы орындығына тастап кеткен болуым керек деп ойладым. Бірақ ол жерде де жоқ еді. Бөлмелерді тағы ақтарып іздеу үшін жоғары шыққанымда Нилгүннің ұйықтап қалғанын көрдім. Режептің келгенін көріп, аулаға шықтым. Нилгүннің бүкіл апта бойы отырып оқыған жагажай орындығына жайғасып, солай отыра бердім.

Университет дәліздерін, қала транспортын, қысқа жеңді көйлектерді, дымқыл жаз ыстығын, ауыр ауа райында желінетін түскі астарды, сөздерді ойладым. Үйде жақсылап жабылмаған су шүмегінен су тамшылап тұр. Бөлмелер шаң және кітап сасып тұр. Металл тоңазытқышта желім татыған бір маргарин бөлігі апшақ және тастай қатты кесілген, белгісіз бір уақытты күтеді. Бос бөлме де, демек, бос қалады! Ішімдік ішкім және ұйықтағым келді! Сосын былай ойладым: Арамызда ең жақсы болған адамның басына келді мына жайт! Сосын орнымнан тұрдым, қайтадан үнсіз ішке кірдім. Ұйықтап жатқан жаралы кеудені тамашалап тұрдым. Режеп келді.

— Ауруханаға апарыңыз оны, Фарух мырза! — деді.

— Оятып алмайық! — дедім.

— Оятпаймыз ба?

Иығын сілкілеп, теңселіп асүйге түсті. Мен де қайтадан күнге шығып, тауық кепедегі аңғал тауықтармен бірге отыр-

дым. Арада біраз уақыт өткенде Метин келді. Енді тұрыпты, бірақ көзі ұйқылы емес, жайнап тұр. Сөйлей бастады: Нилгүн айтын беріпті! Кеше түнде аналарға берген он екі мың лираны айтып берді. Сол жерлерде, түннің бір жарымында нендей шаруасы болғанын сұрадым, ол жауап бермеді.

— Менің дәптерім бар еді, — деп сұрадым. — Көлікте ұмытып кеткен болармын, көрмедің бе? Жоғалды.

— Көрген жоқпын!

Көлікті қалай ұстаға апарғанымды сұрады. Режеппен біраз итерген соң дереу оталып кеткенін айтқанда, сенбеді. Жүгіріп барып, Режептен сұрады. Ол да менің айтқанымды айтқан соң, сөге бастады. Полиция біреу барды ма, жоқ па, соны сұрады. Мен ешкім бармағанын айттым. Ішке кіріп, оның оянғанын көріп, Нилгүнге аурухана мен қан кету туралы бостан-босқа сөз қозғадым. Міндетім болған соң, аннан-мұннан, тіпті өлімнен сөз қозғадым. Қорықсын деп емес, қорқыныш сезімін оятқым келді, «иә, барайық» десе деп күттім. Бірақ ол олай демеді.

— Қазір барғым келіп тұрған жоқ, — деді, — Бәлкім, тамақтан соң.

Әжем төменге түспеген соң, тамағымды рахаттанып ішіп алдым. Тамақ жеп отырғанда, мына бір жүйкеме тиетін ой сап ете қалды:

Нилгүн оған «қанішер фашист» дегенде, бәлкім, мұндай оқиға орын алмас еді. Сосын өзінен-өзі мына бір көрініс көз алдыма келді: газеттерде оқығанмын, бұғазда бір жерде Тарабияда болу керек, бір түн ортасында ішке кірген жолаушылармен қалалық муниципалды автобус теңізге құлады. Мен сол автобуста болғандай болдым, біз теңіз түбіне құлап түскенбіз, бірақ автобустың ішкі шамдары әлі де жанып тұрды, бәрі терезелерге қарап тұрды, бірақ өлімнің қараңғылығы тартымды болды.

Мен Нилгүннен аурухана туралы тағы бір рет сұрадым, ол бармайтынын айтты. Мен бөлмеме кірдім, ұйықтадым, Әулие Челебиді аштым. Оқын жатқанда ұйықтап қалдым.

Үш сағаттан кейін ояnsам, жүрегім ерекше қағып тұр. Мен орнымнан біртүрлі бастырылып тұра алмадым; мені төсекте күшәқтап аяғыма дейін басып, көрiнбейтiн иiл үстiме күлап кеткендей болды. Егер мен қаласам, көздерiмдi тағы жұмып ұйықтап қалардаймын. Бiрақ армандап, әдемі ұйқыға қарсылық бiлдiрiп, өзiмдi-өзiм күштеп орнымнан тұрдым. Мен бөлменiң ортасында бiраз тұрдым, содан кейiн мен күңкiлдедiм: уақыт деген не? Мен күткен ем қандай? Сағат бес болды, мен төменге түстiм.

Нилгүн де ұйықтап тұрыпты. Тағы да диванда қолына алған кiтабын оқып жатыр.

— Онсыз да өмiр бойы осылай ауру болғым келедi, — дедi. — Жатып көнiлiм қалаған кiтаптарды оқыр едiм.

«Әкелер мен балалар» атты кiтапты екiншi рет оқыды. Майда-шұйдеге бас қатырғысы келмейтiн кiтапқұмар бiреу секiлдi.

Жоғары шығып, болмелердi аралап, дәптерiмдi iздедiм. Дәптерiме оба iндетiне қатысты бiр нәрселердi жазған-жазбағанымды бiлмей қалдым. Аулаға да дәптердi iздеп жүрiп шықтым.

Көшеде де, жағажайда да кешегiдей қарбалас байқалмайды. Күм — су, күн қыздырмай тұр. Лас және реңсiз Мармара осылай көрiндi. Жабық мұнды қолшатырлардың өлiмдi еске салатын бiр шарасыздығы бар. Батып бара жатқан күннiң ыстыгына қарамай көлiктер арасынан өтiп, жағажай басындағы кафеге қарай бет алдым. Сол жерде ескi досымды көрдiм: Үйленiп, үлкейiп кетiптi. Жанында әйелi мен баласы да бар. Екеуiмiз ұзақ сөйлестiк.

Әйелiне менi бұл жердiң ескi адамдарынан екенiмдi айтты. Дүйсенбi таңертең Режеппен кездесiп қалыпты. Селманы сұраған соң, ажырасып кеткенiмiздi айтпадым. Сосын жастық шақтағы қызықтарды айттық. Кей түндерi тап атқанша ишiппiз. Басқа достардан кiмдер барын, олардың немен айналысып жатқанын айтты. Шевкет пен Орханның аналарын

көріпті, олардың келер апта келетінін айтыпты. Шевкет үйленіпті, Орхан роман жазып жатыр екен. Менен перзентім бар-жоғын сұрады. Университетті де сұрады, өлім тақырыбын да қозғады. Таңертең осында бір қызды ұрып кетіпті, себебі белгісіз екен. Тура адамдардың ортасында болыпты бұл оқиға. Сосын Стамбұлда кездескісі келетінін айтты да, қалтасынан бір визит картасын шығарды. Тұрып бара жатып визит картасына қарағанымды байқап, өзінің нақ бір фабрика болмаса да шеберханасы барын айтты. Ол жерде легендер, шелектер, себеттер жасайды екен.

Үйге қайтар жолда дүкенге кіріп, бір кішкентай бөтелкедегі арақты алдым. Нилгүнге аурухана керек дегенді ойлап, іше бердім. Нилгүн «Жоқ, бармаймын» деген болатын. Режеп те естіді, бірақ кейіннен мені кінәлаған кейін танытты. Бәлкім, осыдан болар, мен одан тіске басар әзірлеуін өтіне алмадым. Барып, өзім асүйде бәрін әзірледім. Сосын сөздер мен көріністерді ойымда әбден қорытындылады. Жеңіліс пен жеңістің тек жәй бір сөз екенін ойлады: қайсысына сенсең, сол басыңа түседі. Ана романдарда жазып жатады ғой: бәрінің аяқталғанын енді сезіне бастадым. Бәлкім, Орханның романында осындай бір сөйлем бар шығар. Режеп дастарханды жайып жатқанда орнымнан қимылдамадым, кінәлай қараған көзқарасына да мән бермедім. Күн қарая бастаған кезде әжемді төменге түсіргенде бөтелкемді жасырып қойдым. Сосын Метин ешнәрседен қысылмай бөтелкені ортаға қойып, іше бастады. Әже де көрмегенсіп отыр. Сырт көзге дұға жасап жатқандай көрінгенмен, күбірлеп шағымданып жатыр. Сосын Режеп оны жоғарыға шығарды.

— Қайтайық енді Стамбұлға, — деді Метин. — Дереву!

— Қане, сен жаздың ортасына дейін осында боламын деп едің ғой! — деді Нилгүн.

— Райымнан қайттым, — деді.

— Олар ұнамай қалды ма? — деді Нилгүн.

— Бұдан артық шыдай алмаймын мен бұл жерлерге, — деді Метин. — Сен қаласаң, қал осында, Фарух. Бірақ көліктің кілтін маған бер, Нилгүнді апарамын.

— Сенің жүргізуші куәлігің жоқ, — деді Нилгүн.

— Түсінбей тұрсың ба, әпке, кетуің керек, — деді Метин. — Саған бір нәрсе болса, не болар еді? Қарашы, Фарухтың қолынан ешнәрсе келмейді. Сен үшін ештеңе істей қояйың деп отырған жоқ. Мен өзім көлікті айдаймын.

— Сен де сол сияқты мас болып отырсың, — деді Нилгүн.

Әжемді орнына жатқызып, төмен түскен Режеп дастарханды жинастырып жатыр.

— Мен емеспін бүгін кешке мына жерде отырған, — деді. Біраздан соң шашын тарап, таза киімдерін киіп, төменге түсті де, ешнәрсе деместен жүріп кете берді. Қырынғаннан кейін жағатын иіссуының иісі аула қақпасына шыққанша аңқып тұрды.

— Бұған не болды? — деді Нилгүн.

Жауап ретінде сәл ғана өзгеріс енгізіп, Физулидің бір бейітін оқыдым.

Бақшада да жаңбырдан кейінгі үнсіздіктен де терең, әрі қараңғы ғажап бір тыныштық орнады. Орнымнан тұрып кетіпін.

— Біраз жүріп кел, мастығың тарқасын, — деді Нилгүн.

Бұл ойыма келмепті, айтқан соң барып серуендеуге шықтым.

Аула қақпасынан шығып бара жатқанда әйелімді ойладым. Сосын тағы Физулиді, оның қайғы басқан халін есіме түсірдім. Осы диван ақындары сол өлең дегенді заматында шығарып айта ала ма, әлде, бірнеше уақыт қағаз бетіне шүкшиып, жазып-сызып отырып жаза ма? Көшеде де жексенбі кешінің тыныштығы орнаған екен. Кафелер мен казинолар да жартылай бос тұр. Ағаштарға ілініп тұрған түрлі-түсті шам жарықтарының кейбірі кешегі дауылдан сөніп қалған-ау. Жаяу жол бұрыштарындағы шалшық суға түсіп шыққан

велосипедтің бағнақты іздері асфальттың бетінде мағынасыз сызықтарды шаймайлапты. Шайтанаарбаға мінген жылдарды, жастық шағымды, сосын әйелімді, тарихты, хикаяларды, ауруханаға апаруым керек Нилгүнді, Әулие Челебиді ойлап, солай қонақүйге дейін теңселіп жетіп қалыппын.

Айналмалы есіктен қонақүйге кірдім. Иіскеп-иіскеп асүйді тапқан ит секілді құлақ түріп тындай-тындай, үнсіз кілемдер мен даяшылар арасынан өтіп, баспалдақпен музыканың қайнаған жеріне жеттім. Бір есікті ашып қарасам, үстел басында әйел-еркек аралас отырған туристер. Бәрі де қызып алыпты. Алдарында ботелкелер, бастарында феска, бәрі де жамырасып сөз жарыстырып шулап отыр. Бұл шетелдік туристердің Түркияда өткізіп жатқан соңғы түндерінде ұйымдастыратын шығыс кешінің бірі екенін түсіндім. Барынша жоғары дауыста жып ойнақ бір оркестр темірлерді даңғырлатып жатыр. Бір даяшыдан шығыс биінің әлі басталмағанын сұрап біліп алған соң, арт жақтағы бір үстелге отырып, ұяла-ұяла арақ әкелуін сұрадым.

Мен қоныраудың сыңғырлағанын естігенде, жартылай қараңғыда өтіп бара жатқан шығыс биінің бишісін көрдім, жалт-жүлт еткен зергерлік әшекейлер көзіме түсті: оның арқасы мен алмадай екі төсінен жарық төгілгендей болды.

Орнымнан тұрып кетіппін. Даяшы екінші рөмкені әкелді. Биші әйел шығыс тектес әйел рөлін ойнап жатыр. Жарық конус үстелдер арасында айналып жүргенде неміс әйелдерінің жүзін көруге тырыстым. Олар таң қалып отырған жоқ. Таң қалғысы, таңдай қаққысы келе ме, ақырын күлімсірейді. Күткен нәрселері ақырын-ақырын алдарына келіп жатыр. Биші әйелге қарап, өздерінің «ондай» бола алмағандарын ойлайтын секілді; сондықтан жайбарақат, өздерінің еркектерімен бірдей сезімде отырғанын сезіп тұрмын. Біздерді, бәрімізді «осындай» деп ойлайтындарын да білемін. Тура бір үй қызметшісіне әмір еткенде, өздерін күйеулерімен тең санап

қалатын үй шаруасындағы әйелдер секілді бізді арзандатып жіберді!

Мына ойынды бұзғым келді, бірақ қолымнан ешнәрсе келмейтінін біліп тұрмын; жеңіліс пен ой арпалысының тереңіндемін.

Әуен күшейе түсті. Залдың адам көрмес бір бұрышында барабан өзін аса қинамай даңғара әуенге ілесе жөнелді. Осы сәтте биші әйел үстелге күйрығымен отырып, жұлқынып-жұлқынып, қолын ербендете бөкселерін бұрандатты. Дереу бұрылып бізге тарпа бас салардай, мақтанышпен төсің керіп биледі. Сосын жарық оның бетіне түсіп, күтпеген бір жеңіс пен сенім көрсеткен соң, жаным жай тапты. Иә, міне: соншалық оңай емес бізге бас иідіру. Біз олай бір нәрсе істемек түгілі, орнымыздан әрең тұрамыз.

Міне, биші әйел оларды естен тандырып жатыр. Ол арасында жұтынған турист әйелдердің көзқарасына да, олардың талқысына да мән берер емес. Басына феска киген турист еркектердің көбісі өздерін ұмытып кеткен: бір әйел затын билеп-тостер халде емес қазір, денелері де, ойлары да босаңсып, құрметті бір әйелдің алдында кішірейгендей есі шығып отыр. Біртүрлі өзімді бақытты сезінгендеймін: биші әйелдің алпамсадай бірақ жеңіл қимылдаған денесі мені қобалжытып жіберді. Бәріміз де бір ұйықтап тұрғандай есенгіреп отырмыз. Термен жылтыраған кіндіктің айналасындағы аппақ денесіне қарап отырып, басқа әлемді кең құшағыңмен құшқың келеді. Дереу үйге қайтып, Нилгүнді ауруханаға апарайын, сосын аз ғана ойланып, көп кідірмей тарихты ашайын, өткен-кеткен және шынайы оқиғаларға сеніп жасармын дедім іштей.

Кейін биші әйел өзін көзге ілмегендердің назарын аудару үшін көптің ішінен қолына түскендерін ұстап, ортаға шығара бастады; өзімен бірге бөксесін қимылдатып, билеуге мәжбүрлеп жатыр, ой, тоба-ай! Неміс еркектері алдымен азғана қопал әрекеттермен екі қолын екі жаққа сермеп, ақырын-ақырын қимылдап жатыр. Өздері осылай бір көңіл көтеруге лайықты

екенін мойындағандай болады, дегенмен достарынан ұяла қараған көзі жәутендейді.

Биші әйел араларынан ең ынтызар және көңілді көрінгенін шеберлікпен таңдап, ақырын шешіндіре бастады. Достарына қарап күлімдеп, ебедейсіз шығыс биін билеп жатқан неміс көйлегін шешіп жатқанын көруге шыдамым жетпей, басым салбырап отыра бердім. Бүкіл ой-санам өшіп, өткенімнен ешқандай да із қалмай кетсе екен деп отырмын. Басымды қатырған нәрселерден құтылайын, айналамда болып жатқан мына әлемді еркін кезіп кеткім келеді. Бірақ өзімді олай ұмыта алмайтынымды сеземін.

Әже түнгі қонақтарын күтті

Уақыт өте кеш болып қалған. Бірақ әлі тысырларды естіп, не болды екен деп отырмын: Не істеп жатыр төменде? Бәрі жатып ұйықтап, маған неге тыныштық бермейді бұлар? Төсемнен тұрып, терезеге жақындадым. Төменге қарасам, Режептің жарығы әлі жарқырап тұр. Не істеп жатыр мына ергежейлі ол жерде? Қорқып кеттім! Алаяқ неме: маған бір қарап қойып, әр қимылыма мән береді. Аяқ-қолымның әрекетіне қарап-ақ ана қазандай басымен бәрін ойлап, топшылай береді. Енді мына түнде де менің тынышымды алайын дегендей бәрі. Ойымды бұзып, ұйқымды қашырмақшы ма? Өз ойымнан өзім қорқып кеттім: мен аңғал балалық шағымды ойлап отырғанымда көңілсіз күннен құтыла алмай, өзі сияқты қайғырып отырсын деп Селахаттин бір күні түнде бөлмеге келген еді. Ойлап кетсем, тағы қорқамын, денем төңғандай тітіркенеді: Өлімді ойлап тапқанын айтып еді. Тағы да ойға баттым және одан бетер қорыққан соң терезенің қараңғы жағынан кері қаштым. Аулаға түсіп тұрған колеңкем де

көрінбей қалды. Тез-тез төсегіме келдім, көрпемнің ішіне кіріп жатып, ойландым:

Өлімінен төрт ай бұрын еді: сыртта солтүстік-шығыстан ескен жел терезенің арасынан кіріп жатыр. Түнде бөлмеме кіріп, төсегіме жайғасып едім, бірақ Селахаттиннің бөлмесіндегі ары-бергі жүрген аяқ даусы тынбай, сондай-ақ дауылмен қабырғаға соғылған терезенің ағаш жақтаулары да біртүрлі үрейлендіріп, ұйқымды қашырды. Сосын өзіме жақындаған аяқтың дауысын естідім. Қорқып жатырмын! Кенет есік ашылғанда жүрегім жарылып кете жаздады. Қанша жылдан бері түнде бөлмеме бірінші рет келгені есіме түсті! Есіктен ішке кіріп, босағада тұрған күйі Селахаттин: «Ұйықтай алмай жатырмын, Фатма!» деген еді. Былайша мас емес сияқты, кешкі аста қаншалықты ішкенін де білмеймін. Ешнәрсе деме-дім. Теңселіп ішке кірді. Көздері от шашып тұрды: «Ұйықтай алмай жатырмын, Фатма, өйткені қорқынышты бір жаңалық ойлап таптым, бүгін мені тыңдайсың. Тоқыма жібіңді алып, көрші бөлмеге кетуіңе жол бермеймін. Қорқынышты бір нәрсенің сырын аштым. Тез арада біреумен бөлісуім керек!» «Ергежейлі төменде, Селахаттин, сені ұйып тыңдайтын сол болар» дегім келді. Оның түрі бұзылып кетті де: «Өлімнің сырын аштым, Фатма, мұның сырын бұл жерде ешкім білмейді. Шығыста өлімнің сырын ең алғаш мен тапқан болдым! Қазір ғана, осы түнде таптым!» Бір сәт кідірді, сосын өзі тапқан жаңалығынан өзі шошығандай болды. Бірақ мас адамша сөйлей бастады: «Тыңда, Фатма, білесің. «О» әрпін жобалап, әйтеуір төмамдадым. Енді «Ө» әрпін жазып жатырмын; өлім туралы жазуым керек болатын, білесің! Бірақ біртүрлі жаза алмадым, қанша күн болды бөлмеде ары-бері жүріп, неге жаза алмай жатқанымды ойладым. Өйткені басқа нәрселер сияқты мұны да, әлбетте, олардан алуым керек; менің олардың ойланып жазғандарына қосатын бір нәрсе болмайтын шығар деп ойладым. Дегенмен бұл туралы неге бұлай бір бастап кете алмай жатқанымды түсіне алмадым...» Бір кезде күлді. «Бөл-

кім, өз өлімім ойыма түскендіктеп, энциклопедияларымды әлі бітіре алмай жатқаным және жетпіске таяғаным үшін шығар, солай деп ойлайсың ба?». Мен ешнәрсе демедім. «Жоқ, Фатма, олай емес, әлі жаспын мен, әлі менің атқаратын ісім көп! Оның үстіне мына жаңалықтан кейін мен өзімді адам сепгісіздей жас және тірі сезінемін: бұл жаңалығымның арқасында жасайтын көп нәрсем бар, әлі жүз жыл жасасам да жетпейді!». Кенет айқай салды: «Бәрі, барлық оқиғалар, тіпті өмірдің өзі жап-жаңа бір мағынаға ие болды! Бір апта бөлмемде ары-бері жүріп бір сөз жаза алмаған соң. Екі сағат бұрын Шығыста алғаш рет мен белгісіздік қорқынышына деген көкірек көзімді аштым, Фатма. Білемін, сен түсінбейсің, бірақ түсінуге міндеттісің мені, тыңда!». Түсінгім келгендіктен емес, басқа шара қалмағандықтан тыңдаймын оны. Ол да тура бөлмесіндегідей ары-бері жүріп дамылдар емес. «Бір апта бөлмемде, ары-бері жүріп өлім туралы ойладым, олардың энциклопедияларында, кітаптарында неге бұл тақырыпқа соншалықты көп орын бергені қызықтырды. Өлер туындыларын былай қойғанда, Батыста тек қана өлім туралы жазылған мыңдаған кітап бар. Соншалық қарапайым бір тақырыпты неге сонша талқылағанын ойландым. Бар ойым бұл тақырыпты энциклопедияға қысқаша етіп енгізу болды. Былай жазайын дедім: өлім деген — организмнің тоқырауы! Осындай қысқа бір медициналық кіріспеден кейін, аңыздардағы және қасиетті кітаптардағы өлім туралы пікірлерді біртіндеп әшкерелеймін. Алдымен, бұл қасиетті кітаптардың бір-бірінен асырып жазғандығын шынайы баяндап, түрлі ұлттардағы жаназа салт-дәстүрлерінің күлкілі тұстарынан мысал келтіре отырып, жағымсыз жақтарын көрсетемін. Бәлкім, энциклопедиямды тез арада бітіру үшін бұл тақырыпты қысқа қайыргым келген шығар, дегенмен басты себебі бұл емес: өлімнің не екенін екі сағат бұрын түсіне алмағаным, кәдімгі бір шығыстықтар секілді ойлағаным үшін бұл тақырыпты аса талқылағым келмеді, Фатма! Екі сағат бұрын түсіндім мынаны: сонша жыл түсінбей

жүрген нәрсені екі сағат бұрын, газеттердегі өлген адамдарға карап ұққандай болдым. Қорқынышты бір нәрсе! Тыңда! Немістер бұл жолы Харьковке шабуыл жасапты. Қоя бер, бұл маңызды емес! Екі сағат бұрын мен газеттегі өлілерге Тыббиядағы, ауруханалардағы кадаверлерге қырық жыл бұрын қорықпай қарағандай карап отырғанда, кенеттен басыма бос найзағай түскендей, сұмдықтың өзі түсіп келіп басыма таяқ болып тигендей болды. Мен ойладым: белгісіздік! Иә, «белгісіздік» деп аталатын нәрсе бар, және осы бейшара соғыста қаза тапқандар осы белгісіздің құлдырауына түсіп кетті. Фатма, бұл өте қорқынышты сезім: Алла мен жұмақ және тозақ болмайды, сондықтан өлімнен кейін тек «бос кеңестік» нәрсе бар, яғни «белгісіз» деген нәрсе болады. Қазір сенің де бірден түсіне қоймайтыныңды білем. Шығыста бұл туралы ешкім білмейді. Осы үшін ғасырлар бойы, мыңжылдықтар бойы біз шатасып келеміз. Енді асықпа, саған ақырын-ақырын түсіндіремін; бұл жаңалықтың салмағын мен бүгін жалғыз көтере алмаймын!». Сабырсыздана бастады. Аяқ-қолын жас балаша ербендете берді. «Өйткені бір сәтте барлық нәрсенің неге бұлай болып кеткенін түсіндім. Біз неге мұндаймыз және неге олар мұндай. Шығыс неге шығыс, батыс неге батыс екенін түсіндім. Ант етейін, Фатма, түсіндім. Нең кетеді, жалынайын саған, мені мұқият бір тыңдашы! Бәрін түсінесің». Нақ бір қырық жыл бойы мен оны тыңдамай жүргендей болды. Алғашқы жылдардағыдай өзіне сенімді және мұқият, жас баланы алдауды көздейтін ақымақ, қарт мұғалімнің жағымды және жанашыр болуға тырысқан кейпінде, қобалжыған және күнәһар даусымен баяндай бастады: «Енді мұқият тыңда, Фатма! Ашулану деген болмасын! Алла жоқ деймін, қаншама рет айттым. Өйткені бар екенін іс жүзінде көрсетпейді. Олай болған жағдайда Тәңірдің бар екенін қолдайтын бүкіл діндер — бос поэзиялық сандырақ! Сондықтан бұл сандырақтарда айтылған жұмақ пен тозақ та жоқ! Жұмақ пен тозақ болмаса, демек, өлімнен кейін өмір де жоқ. Мені түсініп отырсың ба,

Фатма? Өлімнен кейін өмір болмаса, өлілердің өмірі түбегейлі бітіп, өліммен бірге жоқ болып кетеді. Бұл жағдайды енді өлілердің көзқарасымен бір тұжырымдап көрсейік: өлімнен бұрын өмір сүрген өлі адам, өлген соң қайда? Денесін айтып тұрған жоқпын: бір сана, сезім, ақыл тұрғысынан қазір қайда деймін олар? Еш жерде емес: жоқ, солай ма, Фатма, жоқ нәрсенің ішінде. Белгісіздік деген нәрсеге көміліп қалған. Енді ешкімге көрінбейді, не ешкімді көрмейді. Ойласам, мұңға батамын. Ой, тоба, не деген қызық, не деген қорқынышты ой! Көз алдыма елестетсем, төбе шашым тік тұрады! Сен де ойлан, Фатма! Сондай бір нәрсені ойлашы, ішінде ештеңе жоқ болсын; не дыбыс, не түр-түс, не иіс, не әрекет болмасын ішінде, еш ерекшелігі жоқ және бос кеңістікте орны жоқ бір нәрсені ойлашы, Фатма! Көз алдыға ауада ешнәрсе ұсталмайтын, көрінбейтін және сезілмейтін бір нәрсе келеді, солай ма? Міне, қараңғы өлім деген нәрсе осы! Қорқып тұрсың ба, Фатма? Мүрделеріміз топырақтың жиіркенішті және тастай суық тұңғиығында шіріп жатқанда, соғыс құрбандарының ішінде жұдырықтай болып тесіктер ашылған денелері, пәршек-пәршек болған бас сүйектері мен топыраққа шашылған милары, ағып түскен көздері мен қан ішіндегі жыртық ауыздары бетон қирандылары арасында сасып жатқанда, сана-сезімі мен сана сезімдеріміз, өкінішке орай, белгісіздіктің бас-аяғы жоқ қараңғы әлеміне көміледі. Түпсіз бір тұңғиыққа теріс қарап төңкеріліп, соңына дейін шалқамыздан жатып, басымыздан кешетіндердің мәнін түсінбейтін қор соқырдай, жоқ, одан да бетер боламыз. Ешнәрсе, ешкім секілді! Алла сақтасын, ойыма түссе, қорқамын, өлгім келмейді. Өлуді ойласам, қарсылық білдіргім келеді, ой, тоба-ай, қандай жаман нәрсе, тоқтаусыз шексіздіктің қараңғы әлеміне көміліп, мұның бас-аяғы болмайтынын және тек қана қараңғыда қалып, ешқашан, еш, еш сыртқа шықпай және ешбір нәрсені сезінбей, жоғалып кететінін білу деген! Бәріміз де белгісіздік әлеміне кетеміз, Фатма! Жоқ болып кетеміз! Қорқып тұрсың ба? Сен де іштей қар-

сылық білдіргің келе ме? Сенің іштей осы өлімге деген қорқынышыңды оятпай, бүгін мен кетпеймін мына жерден. Тыңда, тыңда! Жұмақ жоқ, тозақ жоқ, Алла жоқ! Сені бақылап тұрған, сені қолдап тұрған, сені жазалайтын немесе кешіретін ешкім жоқ! Өлгеннен кейін мынау ешкімі жоқ белгісіздікке, ішінен ешқашан шыға алмайтын бір қараңғы теңіздің түбіне батқандай болып түсесің. Мүрдең суық топырақта шіріп жатқанда, бас сүйегің мен аузың тура бір құмыра секілді топыраққа толады. Етің кептірілген тыңайтқыш секілді шашылады. Сүйегің көмір даналарындай болып шаңға айналады. Шашыңның ең соңғы қылына дейін сені ерітіп, жоқ етеді. Жиіркенішті бір тұңғыықта енді қайға оралуға үмітің жоқтығын ойлауға да шамаң келмей, белгісіздіктің мейірімсіз және мұздай батпағында жападан-жалғыз жоқ болып кетесің, Фатма, түсінің тұрсын ба?»

Қорқып кеттім! Басымды жастықтап қорқынышпен көтеріп, және бөлмеге көз жүгірттім. Ескі әлем, қазіргі әлем. Дегенмен бөлмем мен бүкіл заттарым ұйқыда, терлеп кетіппін. Біреуді көргім келеді, біреумен сөйлескім келеді. Сосын төмендегі тысырларды естідім, не екенін білгім келді. Сағат үш болыпты. Дерсу орнымнан тұрып, терезеге бардым: Режептің жарығы әлі жанып тұр. Ойладым: алаяқ ергежейлі, үй қызметшісінің некесіз туған баласы! Суық қыс түнін үрейлене есіме алдым: аударылған орындықтар, сынған әйнектер, ыдыстар, сынған отын-шырпылар. Балаларым қайда? Алдымдағы жерді ұрдым. Тағы да ұрдым да, айқай салдым:

— Режеп, Режеп, тез жоғары кел!

Бөлмемнен шығып баспалдақтың басына келдім.

— Режеп, Режеп, саған айтып жатырмын, қайдасың?

Төменге қарадым: ол жақта жарық жанып тұр, көлеңкелер қабырғаларда қимылдап жатыр. Білемін, сендер осындасыңдар. Тағы бір рет айқайлады, әйтеуір бір көлеңке көрінді.

— Келе жатырмын, мәртебелі ханым, — деді және көлеңкесі кішірейіп барып, ергежейлінің өзі көрінді.

— Не болып қалды? — деді. — Не қалайсыз?

Жоғары шықпады.

— Сен неге ұйықтамай жүрсің түн жарымда? — дедім. —
Не істеп жатырсың төменде?

— Ештеңе, — деді, — жай отырмыз.

— Осындай уақытта ма? — дедім. — Өтірік айтпа, мен
бәрін біліп қоямын. Не айтып жатырсың оларға?

— Ештеңе айтып жатқан жоқпын. Не болды тағы сізге?
Тағы да ойға батып жатырсыз ба? Ойламаңыз! Ұйықтай ал-
май жатсаңыз, газеттерді алыңыз, шкафыңызды ақтарыңыз,
киімдеріңіз орнында тұр ма деп қараңыз, жеміс жеңіз, біраз
оларды ойламаңыз!

— Сенің менде шаруаң болмасын! — дедім. — Оларды
жоғарыға шақыр, маған келсін!

— Тек Нилгүн ханым бар! — деді. — Фарух пен Метин
мырзалар жоқ.

— Жоқ па? Түсір мені төмен, оз көзіммен көрейін. Не ай-
тып бердің оларға?

— Не айтып беруім керек, мәртебелі ханым, түсінбедім?

Сосын баспалдаққа шықты. Маған келеді екен деп едім,
бөлмеме кірді.

— Бөлмеме кірме! — дедім. — Не істеп жатырсың?

Тұрған жерінде тұрды ергежейлі. Дереу соңынан кір-
дім. Бұрылып, маған жақындады да, қолымнан ұстады. Таң
қалдым: не болды екен? Мені ұстап, төсегіме апарды. Жат-
қызып, жылы көрпені үстіме жапты. Жарайды, мен кішкентай
қызбын, бейкүнә қызбын, бәрін ұмыттым. Мен төсегіме жат-
тым, ол шығуға ыңғайланды.

— Шабдалыны бір тістеп тастай салыпсыз, — деді. — Ең
жақсы шабдалы бұлар, сіз ұнатпайсыз. Өрік әкелейін бе?

Шығып кетті. Мен жалғыз қалдым. Мені сол баяғы ша-
ңырақ жауып тұр, ал мен сол баяғы еденнің үстіндемін.
Құмыра ішіндегі сол баяғы су және үстел үстінде сол кесе,
шөтке, иіссу, табақ және сағат бұрынғыша тұрғанда мен жа-

тырмын. Уақыт деген нәрсенің қандай қызықты екенін ойлап жатырмын, өз ойымнан өзім шошып кеттім. Бар түсінгенім, сол бір түнде Селахатиннің ойлап тапқан жаңалығының мен үшін бүгін қорқынышты болуы. Ол албасты басқыр айтып жатты: «Барлық жаңалықтың құдіретін түсінесің ғой, Фатма? Олармен бізді айырып тұрған сол бір көрінбес шекара сызығын мен бүгін таптым! Жөк, киімдер, машиналар, үйлер, жиһаздар, пайғамбарлар, үкіметтер және фабрикалар Шығыс пен Батысты бір-бірінен бөліп тұрған жоқ! Бұлардың бәрі жай ғана нәтиже: оларды бізден мына бір қарапайым шындық боліп тұр. Олар өлім деген түпсіз тұңғықтың, белгісіздіктің не екенін білген. Ал біздің хабарымыз да жоқ бұл қорқынышты шындықтан. Арасындағы сол адам нанғысыз колемде үлкен бір айырмашылықтың осынша кішкентай, қарапайым бір жаңалықтан шыққанын ойлау да қанымды қайнатады! Мың жылда алып шығыстан осындай бір нәрсені ойлайтын тым болмаса бір адам қалайша шықпаған деймін. Соған миым жетпейді. Егер сіз жоғалған уақыт пен өмірге көз жүгіртсең, Фатма, сен қазір ақымақтық пен ұйқышылдықтың өлшемдерін көре аласың. Бірақ мен әлі күнге дейін болашаққа сенемін, өйткені мен алғашқы қарапайым жасалмай келген қадамды жасадым, ол қарапайым болғанымен, оны жасауға қаншама ғасырлар өтті; бүгін, мен, Селахатин Дарвиноглу, Шығыста өлімді аштым! Менің не айтып тұрғанымды білесің бе? Босқа маған қарап тұрсың! Әрине, жарықты тек қараңғылықты білетіндер түсінеді, бірақ ештеңе білмейтіндер онда болудың не екенін білмейді. Мен өлім туралы ойлаймын, демек, мен бармын! Жөк! Өкінішке орай, шығыс сандырақтары бар, сен де қолдарындағы тоқыма сымдарымен сырлассың, бірақ сендердің ешқайсың да өлім туралы тіпті білмейсіңдер!» Олай болса, ақиқаты былай: өлімді ойлаймын, яғни мен батыстықпен! Шығыстан шыққан алғашқы батыстықпын мен! Батыс болған тұңғыш Шығыс! Түсіндің бе, Фатма?» Айқайлап жіберді: «Ой тоба, солар секілдісің, соқырсың сен!» Сосын жылағысы

келгендей даусы дірілдеп, терезеге қарай теңселіп екі қадам жүрді. Сол мезет біртүрлі оны қанатын жайып сыртқа, дауылға секіріп кетіп, ойлап тапқан жаңалығының екпінімен ұшып кететін шығар деп ойладым. Сосын шындықты түсініп, құлап өлетін шығар дедім. Бірақ болменің ішінде тұрды да, жабық және қараңғы әйнектен тура бір бүкіл мемлекетті және шығыс деген нәрсесін көріп тұрғандай бір ызамен түңіліп қарады. «Бейшара көрсоқырлар! Ұйықтап жатыр. Төсектеріне кіріп алыпты. Көрнесін оранып алыпты. Ақымақтың тыныш ұйқыға батып, пыр-пыр ұйықтап жатыр. Бүкіл шығыс ұйықтап жатыр. Құлдар! Өлімнің не екенін үйретіп, оларды құтқарамын. Бірақ алдымен сені құтқарамын, Фатма, тыңда мені, түсін мені, маған өлімнен қорқатыныңды айт!». Осылайша, тура «Алла жок» дегізе алмайтынын біле тұра жалынғанындай, тағы жалына бастады. Қорқытты, арасында сөздерімен мені алдағысы келді, саусақтарымды санап тұрып, дәлелдерін көрсетіп, мені сендіргісі келді. Мен сенбедім. Жалығып үнсіз, алдымдағы орындыққа отырып, бостан-босқа үстел үстінен көз алмайды. Терезе жақтаулары әлі желмен қабырғаға соғылуда. Сосын бірден қасымда тұрған сағатты көріп, тура бір шаян немесе жылан көргендей қорқып, айқай салды: «Оларға жетуіміз керек! Барынша тез!» Сағатты алды, бұзылмаған төсегіме лақтырды да, бақырып: «Арамызда, бәлкім, мыңжылдық уақыт бар шығар, бірақ жете аламыз, Фатма. Бұл ақиатты дереу бір мақалада жариялап, біздің топастарға үйретемін. Ақымақтар! Ойласам, қаным басыма шабады. Ешнәрседен уайымсыз, сүрген өмірінің не екенін білмейтін, өмірді өздеріне үйреншікті нәрсе көріп, жайбарақат және бақытты, тату-тәтті сүруде! Өлім қорқынышын оятып, бәрін тезе бүктіремін! Өз-өздерін танитын болады; өз-өздерінен қорқуды және тіксіпуді үйренеді! Сен өз әрекетінен кінә тапқан бір мұсылманды көрдің бе? Өз-өзінен жиіркенген шығыстықты танисың ба? Олар өздерінен ештеңе күтпейді, олар өздерін үйірінен бөлу-

ді білмейді; олар не болып жатқанын білмейтін ағымға ғана бағынады және оны қаламаған адам бөліседі немесе ақылсыз деп ойлайды! Мен оларға жалғыз болудан емес, өлімнен қорқуды үйретемін. Сонда олар жалғыз болуға төтеп бере алады, жалғыздықтың терең қайғы-қасіретін көпшіліктің ақымақтық тыныштығына айырбастайды! Сонда олар өздерін әлемнің орталығына қою керек екенін көреді! Олар бұдан былай өмір бойы басқалармен бірдей адамдар екендіктерін мақтан тұтпайды, қайта ұялатын болады; Аллаға жалтақтамай, өздерінен сұрайды. Мұның бәрі, Фатма, болады, мен оларды мындаған жылдар бойғы бақытты және ақымақ түстерінен оятамын! Жүректеріне өлім қорқынышын түншықтыратын қорқынышты үрейін толтырамын! Мен бұны міндетті түрде орындаймын, егер қажет болса, мен оларды бастарын ұрып түсіндіремін, ант етемін!». Содан кейін ол өзінің ашуланғанынан шаршап, аздап кідірді. Мүмкін, ол біршама ұялып қалды ма, әлде өз қорқынышынан өзі қорықты ма деп едім, бірақ ол тағы да бастады: «Фатма, тында! Егер сен бұл қорқынышты өздігінен сезінбесең, оны түсінің, ұға аласың. Біз өмір сүріп жатқан өмір Шығыс адамдарына бұл сүмдықты жарияламайды. Олай болса біз үрейді саналы түрде қабылдауымыз керек». Мені түннің тыныштығында қалдырса, рахаттанып таңға дейін ұйықтасам деп күтіп отырмын.

Төменнен келген аяқ дауысына тағы құлақ түріп, басымды жылы жастықтан көтердім. Үйдің ішінде жүрген ергежейлінің аяғы нақ бір менің кеудемнің үстінде жүргендей сезілді. Не істеп жүр екен, не айтып жатыр екен мына ергежейлі? Сосын аула қақпасының есігі ашылып-жабылғанын да естідім. Жүрген аяқ даусы келді, қорқын жаттым. Сәлден кейін аяқ даусының кімдікі екенін таныдым. Бұл — Метин! Осындай уақытта қайда жүр өзі? Асүйдің есігін сықырлатып, ішке кірді. Бірақ жоғары шықпады. Демек, олар астыңғы қабатта, бәрі де сонда, ал ергежейлі оларға бәрін баяндап жатыр. Діріл-

деп кеттім, менің балдағым қайда өзі? Барып бәрінің үстінен түсейін деп ойладым, бірақ төсегімнен тұра алмадым. Бір кезде аяқтың даусы естілді, баспалдақпен шықты.

Метин бөлмеге келді.

— Қалайсыз, әже? — деді. (Қызық өзі!) — Жақсысыз ба? Жақсы шығарсыз әже, бәрі дұрыс па? Сізге жау келмес.

Мен жауап бермедім. Оның мас екенін сездім. Тура атасы секілді! Көздерімді жұмдым.

— Ұйықтамаңыз, әже! Сізге бір нәрсе айтайын!

Айтпа!

— Ұйықтамаңыз қазір!

Ұйықтап жатқан болдым және оның төсегіме жақын келгенін сездім.

— Мына ескі үйді бұзайық, әже!

Түсіндім.

— Мына үйді бұзайық, орнына үлкен бір зәулім сарай салайық. Дилер бізге ақшаның жартысын береді. Бұл бәріміз үшін жақсы болады. Сіз ештеңе білмейсіз.

Иә, мен ештеңе білмеймін!

— Бәрімізге ақша керек, әже! Бұл жүріспен асүй шығындары жақында өтелмейтін де болады!

Біздің асүй деп ойландым: біз кішкентай кезімізде асүйіміз қалампыр мен дәмқабық аңқитын.

— Бір амалын жасамасақ, сіз жақында Режеппен аш қаласыз. Басқалар бұл мәселеге бас қатырмайды да. Фарух болса күнде мас, Нилгүн коммунист, оны білетін бе едіңіз?

Дәмқабық иісін иіскедім және бәрін біле бермейтінмін, сүйікті болу үшін бәрін білу керектігін де білмедім.

— Жауап берсеңізші маған! Сіздің игілігіңіз үшін бұл! Естіп тұрсыз ба мені?

Естіп жатқан жоқпын, өйткені мен бұл жерде емеспін. Ұйықтап жатырмын және өткенді есіме алып жатырмын: тосап қайнататын едік, лимон шырынын ішетінбіз, шәрбет ішетінбіз.

— Жауап беріңізші, әже, не болды сонша, бір жауап қатыңызшы!

Сосын Шүкрі Пашаның қыздарына барамын: «Сәлем Түркан, Шүкран, Ниган!»

— Қаламайсың ба әлде? Мына қираған үйде аштан аш, жаурап отырғанша, әдемі және ыстық бір үйдің пәтерінде отырғаның жақсы емес пе?

Төсегімнің жанына келді. Мені қорқыту үшін кереуетті сілкіледі.

— Оян, әже, ашшы көзіңді, қане, жауап берші маған!

Ашпадым, сілкініп, дірілдеп жатырмын: сосын оларға бару үшін атты арбаға мінгенде... тық-тық, тық-тық...

— Олар сізді үйіңізді бұзғысы келмейді деп ойлайды. Болмаса олар да ақшаға мұқтаж. Фарухты әйелі не үшін тастап кетті деп ойлайсыз? Ақша үшін! Адамдар қазір ақшадан басқаны ойламайды, әже!

Кереуетімді әлі тербеп жатыр: тық-тық... Арба да осылай тербелетін. Аттардың құйрықтары...

— Әже, жауап беріңіз!

Сиырларды қуатын.

— Жауап бермесеніз, сізді ұйықтатпаймын!

Есіме түсті, есіме түсті, есіме түсті.

— Мен де ақшаға қатты мұқтажбын! Бәрінен де бұрын маған керек, білесіз бе? Өйткені мен... — деді. Төсегімнің шетіне отырып алды. — Олар секілді аз ақшамен күн коре алмаймын. Жиіркенемін мына ақымақтар әлемінен! Америкаға кетемін. Ақша керек. Түсініп тұрсыз ба?

Аузынан аңқыған арақ иісін жиіркене иіскедім де, түсіндім.

— Қазір маған иә дейсің, әже! Сіз де зәулім үйді қалайсыз. Оларға да айтамыз. Иә, деңізші, әже!

Демедім.

— Неге үндемейсіз? Ескі күндерді ұмыта алмағандықтан ба? Сол пәтерге барлық заттарыңызды тасимыз! Шкафы-

ңызды, сандықтарыңызды, тігін машинаңызды, ыдыстарыңызды — бәрін-бәрін апарамыз. Әже, сіз де қуанып қаласыз!

Сол бір ешкім жоқ тыныш қыс түндері қандай керемет еді! Түннің тыныштығымен бірге, бәрі де орында, жайбаракат!

— Қабырғадағы атамның мына суретін де аламыз. Ол жердегі бөлмеңіз де тура осы бөлмемен бірдей болады. Не болды, бір жауап беріңізші!

Жауап бермедім! Суық қолдарын иығыма қойғанда қорқып кеттім. Жыларман болып жақындай түсті. Арақ сасыған аузымен жалынып жатыр. Ал мен еске түсіріп: Жұмақ жоқ, тозақ жоқ, мүрдең топырақтың мұздай қараңғылығында жалғыз қалады. Ол жалынып жатыр. Көздерің топыраққа толады. Ішек-қарның құрттап, сасиды, еттерің езіледі.

— Әже, жалынамын!

Миыңның ішінде құрт-құмырсқа жүгіреді, жүрегіңе толған топырақта шылаушындар жыбырлайды. Кенет бірден тоқтады.

— Әке-шешем өліп қалды, ал сіз неге өлмейсіз? — деді. — Бұл дұрыс па?

Мұны да алдапты. Төменгі қабатта ергежейлі бәрін айтып жатыр. Мен жата бердім, ол да басқа ешнәрсе демеді. Жылап отыр, бір сәт оның қолы тамағыма келгендей болды. Өз қабірімді ойлады. Менің төсегіме жатып алып, солқылдап ұзақ жылады. Денем дір етті. Төсегімнен тұруым қиын болды. Сонда да тұрдым, үйге киетін жылы аяқкиімді кидім. Балдағымды алып бөлмеменнен шықтым да, баспалдақ басына келдім.

— Режеп, Режеп, тез кел бері!

Режеп бәріне үлгереді

Нилгүимен төменгі қабатта отырдық. Мәртебелі ханымның даусын естіп орнымнан тұрдым. Баспалдақтан жүгіре шықтым. Мәртебелі ханым бөлмесінің босағасында тұр екен.

— Жүгір, Режеп! — деп айқайлады. — Не болып жатыр үйде? Маған бәрін айт тез!

— Ештеңе! — дедім еңтігіп.

— Ештеңе?! — деді. — Мынау құтырды. Қара!

Балдағының ұшымен өлген тышқанды көрсеткендей қабағын шытып, бөлменің ішін нұсқады. Ішке кірдім: Метин әжесінің төсегіне етпеттеп жатып алыпты. Басы ою салынған жастықта, өзі дірілдеп жатыр.

— Мені өлтірмекші, — деді мәртебелі ханым. — Не болып жатыр деп сұрап тұрмын, Режеп, не болып жатыр мына үйде, менен ешнәрсе жасырма!

— Ештеңе, — дедім. — Мынауыңыз не, Метин мырза, тұрыңыз, қане.

— Ештеңе дейді ғой, кім алдады тағы мынаны? Мені қазір төменге түсіресің.

— Жарайды, — дедім. — Метин мырза азғана ішіп алыпты, мәртебелі ханым! Бар болғаны осы, жас қой. Бірақ жаман әдеті жоқ, көріп тұрсыз. Дегенмен атасы да, әкесі де осындай еді ғой.

— Жарайды, — деді, — аузыңды жап! Оны сұраған жоқпын сенен!

— Қане, Метин мырза, — дедім, — келіңіз, сізді орныңызға жатқызайын!

Теңселіп орнынан тұрды. Бөлмеден шығып бара жатып, қабырғадағы атасының суретіне аларып қарады. Сосын өз бөлмесіне кіргенде жылдарман болып:

— Неге менің ата-анам ерте өлді? — деді. — Айтшы маған, Режеп! Не үшін?

Үстіндегілерін шешіп жатсын деп көмектесіп жатырмын.

— Бәрі де Алланың ісі! — дей бергенде, мені итеріп жіберді.

— Алла екен ғой! Ақымақ ергежейлі! Мен шешінемін, уайымдама.

Бірақ шешінудің орнына шабаданынан бір нәрсе алды. Бөлмеден шығып бара жатып тоқтап, біртүрлі:

— Дәретханаға барамын! — деді де, кетті.

Мәртебелі ханым шақырып, қасына бардым.

— Мені төменге түсір, Режеп. Өз көзіммен көрейін, не істеп жатыр бұлар төменде.

— Ештеңе жоқ, мәртебелі ханым! — дедім. — Нилгүн ханым газет оқып жатыр, Фарух мырза шығып кеткен.

— Осындай уақытта қайда кетті? Не айтып бердің оларға? Өтірік айтушы болма!

— Айтып тұрған жоқпын! — дедім. — Келіңіз, сізді орныңызға жатқызайын.

Бөлмесіне кірдім.

— Бұл үйде бір жын айналып жүр... Кірме бөлмеме, ақтарма! — деді, сонымнан еріп ол да бөлмесіне кірді.

— Қане, мәртебелі ханым, жатыңыз төсегіңізге, шаршап қаласыз! — деп едім, Метиннің даусын естідім. Қорқып кетіп жүгіріп бөлмеден шықтым.

Метин мас секілді теңселіп жақындай берді.

— Қара, — деді. — Қара, не болып жатыр, Режеп!

Білегінен аққан қанға күлімдеп қарап тұр. Кесіліпті, бірақ терең емсе, жай беті қана жырылған. Сосын кетіп, қорқып есін жинады. Әр нәрсені бір айтып сандырақтап кетті.

— Дәріхана осындай уақытта ашық бола ма? — деді.

— Ашық, — дедім. — Бірақ, саған мақта берейін, Метин мырза!

Дереу төменгі қабатқа түстім. Шкафтан мақта алдым.

— Не болып жатыр? — деді Нилгүн көзін кітаптан алмаған күйі.

- Ештеңе! — деді Метин, — қолымды кесіп алдым.
Мақтаны бердім, басып тұрғанда Нилгүн келіп қарады.
- Қолың емес, білегің екен ғой, — деді. — Бірақ қорқынышты емес, қалай болды бұл?
- Ештеңе емес пе? — деді Метин.
- Не бар осы шкафта, Режеп? — деді Нилгүн.
- Ештеңе емес екен ғой, — деді Метин, — сонда да дәріханаға барамын.
- Ыбырсық заттар ғой, кішкентай ханым, — дедім.
- Әкемнің ескі заттары жоқ па ол жерде? — деді Нилгүн. — Ол не туралы жазатын еді?
- Бір сәт ойландым. Сосын бірден:
- Алланың жоқ екенін, — дедім.
- Нилгүн күлді және жүзі бал-бұл жайнап кетті.
- Қайдан білесің? — деді. — Саған айтушы ма еді?
- Шкафты жаптым. Мәртебелі ханымның шақырғанын естіп, жоғарыға шықтым. Оны тағы төсегіне жатқыздым және төменде ешнәрсе болып жатпағанын айттым. Құмырадағы суды ауыстыру керектігін айтты. Таза су құйып, қайта төменге түскенде Нилгүн ханым тағы кітабын оқып отыр екен. Сосын асүйден тысырлаған дауыс естідім. Фарух мырза асүйдің есігін аша алмай, сыртында тұр екен. Мен аштым.
- Кілттеніп тұрған жоқ еді, — дедім.
- Барлық жарық жанып тұр ғой, — деді. Мұрныма са-сыған арақ иісі келді. — Не болды?
- Сізді күтіп отырмыз, Фарух мырза, — дедім.
- Менің кесірімнен! — деді. — Әттен, таксимен бара бергендерің жақсы еді. Мен шығыс биін тамашалап келдім.
- Нилгүн ханым сыртта отыр, ештеңесі жоқ, — дедім.
- Жоқ па? Жақсы ма, жаман ба, білмеймін.
- Жақсы. Ішке кірмейсіз бе?
- Кірді. Сосын бұрылып, қараңғы жаққа қарады. Аула есігінің арғы жағындағы әлсіз жарыққа, сол жерге бір барып қайтқысы келгендей қарап тұрды. Сосын тоңазытқышты

анып, бөтелкесін алды. Бірден қолындағы бөтелкенің салмағымен тепе-теңдігін жоғалтып алғандай, ары-бері теңселіп бір-екі қадам жүріп, менің орындығыма отырды. Өзі еңтігіп қалыпты.

— Өз-өзіңізді қинап жатырсыз, Фарух мырза, — дедім. — Ешкім бұлай көп ішпейтін шығар.

— Білемін, — деді.

Сүйкімді қуыршағын құшағына алған кішкентай қыз бала секілді бөтелкесін құшақтап отыр.

— Сізге сорпа дайындайын ба? Ет бар.

Сорпаны әкелгенімде Метин де келіпті. Білегіне жұқа бинт байлапты.

— Дәріханашы сені сұрады, әпке! — деді. — Ауруханаға бармағаныңды естіп таң қалды.

— Иә, — деді Фарух, — әлі де кеш емес, баруға болады.

— Уайымдайтын ештеңесі жоқ, — деді Нилгүн.

— Мен шығыс биін тамашалап келдім, — деді Фарух. — Бастарына феска киген ақымақ туристермен бірге.

— Қандай екен? — деді Нилгүн күлімдеп.

— Дәптерім қайда екен, ә? — деді сосын Фарух. — Ең болмаса дәптерімнен, тарихтан бір нәрсе табуға болатын сияқты. Стамбұлға оралғың келе ме сенің, Метин? Стамбұлда сол баяғы өмір!

— Екеуің де массыңдар, көлікті қазір ешкім басқара алмайды, — деді Нилгүн.

— Мен айдай беремін, — деп айқай салды Метин.

— Жоқ, бүгін кешке, дәл осы жерде ағайындылар болып отырамыз, — деді Нилгүн.

— Бәрі де хикая! — деді Фарух мырза. Біраз үнсіз қалып, сосын тағы да: — Ешқандай себебі жоқ хикаялар...

— Жоқ, бұл жолы айтамын, мұның бір себебі бар!

— Не деген сұмдық! Шынымен де жалықпай айта бересің!

— Жабындаршы ауыздарыңды! Жетер енді! — деді Метин.

— Бір батыстық отбасының балалары болып туылсақ, қандай болар едік? — деді Фарух. — Мысалы, бір француз отбасының балалары болсақ қой біздер! Метин сен қуанар ма едің?

— Жоқ, — деді Нилгүн. Ол Американы жақсы көреді. Солай ма, Метин?

— Тссс! Тыныш! — деді Метин. — Ұйықтаймын.

— Метин мырза, ол жерде ұйықтамаңыз! — дедім мен. — Тонып қаласыз.

— Сенің шаруаң болмасын.

— Сізге де бір сорпа әкелейін бе?

— Әкел! — деді Метин.

Асүйге келіп, оған да дайындадым. Жоғары алып шыққанымда Фарух мырза басқа диванға жайғасып алыпты. Төбеге қарап Нилгүнмен сөйлесіп отыр, екеуі мәз-мейрам. Метин болса қолындағы пластинкаға қарап отыр екен.

— Қандай керемет! — деді Нилгүн, — жатақханадағы достар секілді.

— Жоғарыға шығып жатпайсыздар ма? — дей беріп едім, мәртебелі ханымның даусын естідім.

Жоғарыға шықтым. Мәртебелі ханымды сүйрен төсегіне қайта жатқызам деп жүргенде көп уақыт өтіп кетті. Төменгі кабатқа түскісі келді, шабдалы бердім. Есігін жауып, төменге түскенімде Фарух мырза терең қорылдап, қалың ұйқыға кіріп кетіпті.

— Сағат неше болды? — деп сыбырлады Нилгүн.

— Үш жарым болды, — дедім, — сіз де осы жерде ұйықтайсыз ба?

— Иә.

Жоғарыға шықтым. Бөлмелерді жеке-жеке қарап шықтым. Төсек жабуларын алып, төмен түстім. Нилгүн алғысын айтты. Фарух мырзаның да үстің жаптым.

— Маған керек емес, — деді Метин. Теледидар көріп жатып, анда-санда қолындағы пластинкаға қарап қояды. Жаққындағанда барып байқадым. Таңертеңгі пластинка екен.

— Жарықты сөндір.

Нилгүн ешнәрсе демеген соң, барып төбеде шайқалып тұрған шамды өшірдім. Сонда да оларды көруге болады. Өйткені сыртта жанған шамның әлсіз жарығы перделер арасынан ішке еніп тұр. Бұл тура бір маған Фарух мырзаның бәрінен баз кешкен қорылын көрсету үшін, бір жағынан, кішкене болса да жарық түсіріп мына тастай қараңғы әлемнен адамның қорықпау керектігін маған ескерткісі келгендей, ана жерде жатқан үш бауырдың үстіне түсіп тұр. Сосын сыртта емес, жақын бір жерден естілген қара шегірткенің қысқа даусын естідім. Қорыққым келгенмен қорқа алмаймын. Өйткені аналардың бірінен кейін бірінің қимылдап жатқанын көріп тұрмын. Бір бөлмеде үш бауырдың ұйықтағаны, қараңғылық пен жайбарақат, амалсыз қорылдың көрпесі сізді жауып жатқанда қандай керемет деп ойладым. Өйткені ұйықтағанда да жалғыз емессің. Суық қыс түнінде осылай ұйықтасаң ғой, шіркін! Жалғыз жатсаң, елендеп ұйықтағандай болмайсың! Осындайда жоғарғы бөлмеде немесе бірігіп кеткен бөлмеде сенің тысырыңды естіп жатқан және сені күтіп жатқан анаң немесе әкең болса! Тіпті екеуі де болса ғой, ондай болса тыныш ұйқының құшағында еніп, алаңсыз ұйықтар едің! Сол кезде ойыма Хасан түсті. Не де болса қазір қорыққандардың бірі сол екеніне сенемін. Ақырын-ақырын қимылдаған ана тірі жанларды тамашалап, хикаяларды қайта-қайта өзіме айтып, таңға дейін отырайын, қорқайын, қорқыныштың ыстық құшағында жатайын.

— Режеп, сен әлі сол жердесің бе? — деді Нилгүн.

— Иә, кішкентай ханым!

— Неге жатпайсың?

— Енді жатамын.

— Қане, бар, жат енді, Режеп, менде бәрі жақсы.

Барып сүт ішіп, қаймақ жеп алып жаттым. Бірақ көз іле алмадым. Төсегімде ары аунап, бері аунап, оларды, яғни ана

бөлмеде, жоғарыда үш бауырдың бір бөлмеде бірге ұйықтап жатқандарын ойладым. Сосын ойыма өлім түсті. Сосын өлместен бұрын Селахаттин мырза: «Әһ, ұлым, қандай өкінішті, сенің және Исмайылдың білім алуына мүмкіндік жасамадым» деген болатын. «Ауылға апарып, «әке» деп сендерге таныстырған ана надан адам әбден қинаған екен сендерді. Әрине, бұл да менің қателігім. Фатманың сендерді күрт деген сөзіне көз жұмып қарадым. Мен әлсіздік таныттым. Бірақ Фатманың сендерді табалағанын көріп отыра алмадым. Менің де білім үшін жұмсап жатқан ақшамды сол Фатма беріп отыр. Сендердің жеген тамақтарың да оның ақшасына келеді. Сендердің тартқан азаптарың да одан келеді. Ең өкінетінім, ана ауылдағы наданның санаңа қорқыныш ұялатқаны болды. Бірақ, амал нешік, сендерді енді тәрбиелеп, оқытып, өзін-өзі басқара алатын, өз бетінше шешім қабылдай алатын бір азат адам ретінде өсіре алмаймын. Өте кеш қалдым, өйткені «бала жастан» деген сөз бар, бірақ мәселе мұнда емес, менің бір аяғым көрде, бір аяғым төрде. Өте кеш! Дәл қазір бір-екі адамды оқытып, зейінін ашуға шамам жоқ. Қараңғы жолмен жүрген миллиондаған шарасыз мұсылман бар. Менің кітабымның шапағатын күткен миллиондаған адасқан байғұс құлдар бар! Әйткенмен, уақыт тым аз! Алла жар болсын, менің тілсіз ұрнағым, не де болса саған насихат етемін, тыңда мені, Режеп: кең және азат бол! Өзіңе, тек өз ақылына сен! Түсініп тұрсың ба?» деген болатын. Мен жай ғана түсіндім деген ишарамен басымды изедім. Сөздер!

Үзіп ал жұмақтың ағашынан ғылымның алмасын, Режеп! Қорықпа, үзіп ал! Сол кезде, бәлкім, қиналарсың, бірақ азат боларсың және бәрі де азат болған кезде нағыз жұмақты, шына жұмақты сен жасайсың, өйткені ол кезде ешкімнен қорықпайтын боларсың! Сөздер деп ойландым мен, аузыңнан шығаршықпас жоқ болатын бірнеше дыбыстар... Сөздерді ойлап ұйықтап кеттім.

Күн шығып, тас төбеге көтерілгенде, терезені біреу қақты. Атып тұрым. Исмайыл екен. Тұрып есікті аштым. Бір-бірімізге кінәлі адамдай үрейлі көзбен қарадық. Сосын жылағандай болып:

— Хасан мұнда келген жоқ па, аға? — деді.

— Жоқ, — дедім. — ішке кір, Исмайыл.

Асүйге кірді, бірнәрсеге тиіп кетпейін дегендей тартыншақтап тұр. Үнсіз тұрмыз. Сосын өзін-өзі жігерлендіре, ба-тылданып:

— Не істегенін естідің бе, Режеп? — деді.

Үндемедім. Бөлмеме барып, пижамамды шештім. Көйлегім мен шалбарымды киіп жатқанда оның айтқандарын тыңдап тұрдым.

— Қалағанының бәрін жасадым, — деді, өз-өзімен сөйлесіп тұрғандай. — шаштаразға үйренуге бар деп едім, қаламады. Жарайды, оқы дедім. Бірақ оқып та қарық қылмады. Аналармен кездесіп жүреді екен, енді білдім. Көргендер бар, солар айтты. Сонау Пендикке барады екен. Дүкендерден зорлықпен ақша алады екен!

Бірақ үнсіз қалды. Жылайтын шығар деп ойладым. Бірақ асүйге келгенімде оның жыламағанын көрдім. Ұяла-ұяла:

— Не деп жатыр? — деді. — Жоғарыдағылар. Кішкентай ханым қалай?

— Кеше түнде жақсымын деген. Қазір ұйықтап жатыр, — дедім. — Бірақ ауруханаға барамады. Ауруханаға баруы керек еді.

Исмайылдың қуанғаннан көзі жайнап кетті.

— Бәлкім, ауруханаға баратындай маңызды болмаған шығар, — деді. — Бәлкім, анау айтқандай қатты ұрмаған шығар.

— Мен көрдім, Исмайыл, — дедім. — Ұрғанда да қалай ұрғанын!

Ұялып, кішкентай орындығыма отырды. Жылайтын шығар деп едім, жыламады.

Сәлден соң, жоғарыдан естілген тысырдан кейін, шай дайындадым да, мәртебелі ханымның бөлмесіне бардым. Пердесін аштым.

— Қайырлы таң, — дедім. — Таңғы асты төменде ішесіз бе, осында ма?

— Осы жерде, — деді. — Шақыр оларды, көрейін.

— Бәрі ұйықтап жатыр, — дедім. Төменге түскенде Нилгүннің оянғанын көрдім.

— Қалайсың?

Қып-қызыл болып киініп алыпты.

— Өте жақсымын, Режеп, — деді. — Ешнәрсе жоқ.

Бірақ түріне қарасаң, олай емес еді: бір көзі ісіп, көрінбей қалған. Қабығы ашылмаған жаралар да ісіп, көгеріп тұр.

— Тура ауруханаға барасыз! — дедім.

— Ағам тұрды ма? — деді.

Төмен түстім. Исмайыл әлі сол күйі отыр. Мен шай демдедім. Сәлден соң Исмайыл:

— Кеше үйге учаскелік полиция келді, — деді. — «Жасырушы болмаңдар» деді. «Мен оны несіне жасырамын?» дедім. «Мемлекеттен бұрын жазасын өзім беремін» дедім.

Үндемей қалды, мені бірнәрсе айтса деп күтті. Мен де үндемеген соң жыларман болды, бірақ жыламады.

— Не деп жатыр? — деді. Жауап болмаған соң, темекісін тұтандырды. — Қайдан табамын оны?

Мен қуыру үшін нан турап жатырмын.

— Достары бар, кафеге барады екен, — деді. — Соларға еріп осылай жасап жүр екен. Ол әлі ешнәрсе білмейді ғой!

Маған қарап тұрғанын сездім. Нанымды турай бердім.

Жоғарыға шыққанымда Фарух мырза да ояныпты. Нилгүн көңілді, оны тыңдап отыр.

— Осылай мен тарих періштесінің қолына тап болдым! — деп жатыр екен Фарух мырза. — Мені бір нағашы апам ұқсап күшақтап, аймалап, енді, міне, саған тарихтың сырын айтып беремін деп жатты...

Нилгүн ішек-сілесі қатып күлді. Фарух сөзін жалғастырып жатыр.

— Қандай түс десеңші! Оянып кеттім, бірақ бұл ояну емес еді! Оянғым келеді, бірақ ұйқының тұңғиығына түсіп кетесің. Қара, мына мыжылған нәрсе қалтамнан шықты!

— А-а-а! — деді Нилгүн, — Феска!

— Кеше түнде шығыс биін тамашалап отырғанда туристер беріп еді. Өзім не істегенімді білмеймін. Қазір ғана қалтамнан таптым. Қалтама қалай сыйып кеткен?

— Таңғы асыңызды әкелейін бе? — дедім мен.

— Иә, Режеп, — деді олар.

Өйткені саудагерлердің арасында, жол кептелісінде қалып кетпеу үшін Стамбұлға қайтқысы келіп отыр. Асүйге кірдім, нанды отқа қойдым. Жұмыртқа қайнаттым. Таңғы астың тағамдарып шығарып жатырмын.

Исмайыл:

— Бәлкім, сен білетін шығарсың! — деді. — Сен осы жерден шықпайсың, бірақ барлық нәрседен хабарың бар сенің, Режеп!

Ойландым.

— Мен де сенің білгенінді білемін, Исмайыл! — дедім. Сосын темекі тартып отырып, бар көргенімді айттым. Исмайыл оны алдап отырғанымдай қарады. Аузы ашылып отыр. Сосын бір үмітпен:

— Қайда баруы мүмкін? — деді.

— Бір күні бір жерден шығар. Күнде бір нәрсе болып жатыр, қаншама адам өліп те жатыр, бәрі де ұмытылады.

Ол үнсіз қалды, сосын: «Қалай ойлайсың, олар мұны ұмытып кетер ме екен?» деді.

Мен оған шай ұсындым да: «Ал сен, Исмайыл, ұмытар ма едің?» дедім.

Жоғары шықтым.

— Оянды олар, мәртебелі ханым! — дедім. — Сізді төменде күтіп отыр. Қане, төменге түсіңіз, сосын бір рет болса да бірге олармен таңғы ас ішіңіз.

— Шақыр оларды! — деді. — Айтатыным бар. Сенің өтіріктеріне сенгенін қаламаймын.

Ешнәрсе деместен төменге түстім. Дастархан жайдым. Метин де тұрды. Фарух пен Нилгүн күліп, әңгіме-дүкен құрып отыр. Ал Метин үнсіз.

Асүйге түссем, Исмайыл:

— Хасан екі түн болды, үйге келмеді, — деді. — Білмейсің бе?

Маған мұқият қарады.

— Білмеймін, — дедім.

— Жаңбыр жауған түнде келмеді ме?

— Жоқ, — дедім.

— Төбеден су ақты. Айнала сел болды. Түні бойы отырды, күттік, келмеді.

— Жаңбыр басталған соң бір жерді паналаған шығар, — дедім.

Тағы маған мұқият қарады.

— Мына жерге еш келмеді ме? — деді.

— Еш келмеді, Исмайыл! — дедім. Ойыма сол кезде ашық қалған газ плиткасы түсті. Шайды, нанды, жұмыртқаны алып жоғары шығардым. Есіме түсті.

— Сүт ішесіз бе, Нилгүн ханым?

— Жоқ, ішпеймін, — деді.

Әттең, Нилгүннен сұрамай, сүтті қайнатып, алдына қоя салғанымда ғой. Асүйге кірдім.

— Қане, Исмайыл, — дедім, — шайыңды ішсеңші!

Алдына таңғы ас қойдым. Нан турадым. Мәртебелі ханымның табағын да жоғары шығардым.

— Неге мұнда келмей жатыр? — деді мәртебелі ханым. — Оларға менің шақырғанымды айтпадың ба?

— Айттым, мәртебелі ханым... Қазір таңғы ас ішіп жатыр. Кетерде, әлбетте, сіздің қолыңызды сүйіп кетеді.

Қутындап, басын дереу жастықтан көтерді.

— Не айттың оларға кеше түнде? — деді. — Дереу айт, өтірік айтпа!

— Не айтуым керек, мен сізді еш түсінбедім!

Табағын қойып, томенге түстім.

— Әттен, дәптерді таба алсам ғой, — деді Фарух мырза. — Ең соңғы рет қайдан көріп едің?

— Көлікте. Сосын Метин алды көлікті, бірақ көрмеді.

— Көрмедің бе? — деді Нилгүн.

Екеуі де Метинге қарады. Бірақ ол жауап бермеді. Таяқ жеген баладай, көзі мөлііп отыр: қолында нан бар, ұзақ уақыт ойланып, бір жерге қадалып қарады. Нақ бір қарт адам секілді мыжырайып отырып алыпты.

— Метин, саған айтып отырмыз! — деп айқайлады Нилгүн.

— Көрген жоқпын дәптерінді!

Төменге түстім, Исмайыл тағы бір темекісін тұтандырып алыпты. Қалған нады алып, мен де таңғы асымды іштім. Исмайылмен сөйлесіп, ашық есіктен сырттағы бақшада секіріп жүрген торғайлар жүрген топыраққа қарадық. Бөлмеге, шарасыз қолымызға күн түсіп тұр.

— Лотерея қашан ойнатылады, Исмайыл?

— Кеше кешке ойнатылды!

Сосын қатты бір гүрілдеген дауыс естілді. Невзаттың мотоциклі өтті, кетті.

— Мен тұрайын енді, — деді Исмайыл.

— Отыр, — дедім. — Қайда барасың? Мыналар кеткен соң сөйлесеміз.

Отырды. Мен жоғары шықтым. Фарух мырза таңғы асын ішіп болып, темекісін шегіп отыр.

— Әжеме енді жақсылап қара, Режен! — деді. — Біз анданда саған хабарласып тұрамыз. Жаздың аяғына таман тағы бір рет келеміз, міндетті түрде.

— Күтеміз.

— Алла сақтасын, бір нәрсе болса, дереу телефон соғарсың. Бір нәрсе керек болса да... Бірақ сен телефонға үйренбедің әлі, солай ма?

— Алдымен ауруханаға соғасыздар, солай ма? — дедім. — Бірақ кетіп қалмаңыздар. Сіздерге тағы да бір-екі кесе шай берейін.

— Жарайды.

Төменге түстім. Шайларын құйып әкелдім. Нилгүн мен Фарух тағы бастап кетіпті.

— Мен саған карталардың палубасы туралы айттым ба? — деді Фарух.

— Айтқансың! — деді Нилгүн. — Басы бір жанғаққа үксайтынын, оны шағып, ішіне кіріп караған кезде тарихтың құрттарын ми қыртыстары арасынан көретінімізді де айттың. Мен де саған мұның бос сандырақ екенін айтқанмын. Бірақ маған қызық сияқты көрінеді бұл хикаяларың.

— Дұрыс. Қызықты, күлкілі хикаялар бәрі де.

— Жоқ, олай емес, — деді Нилгүн. — Бұлар менің ойыма бекер түспеді.

— Соғыс, тонау, қылмыс, пашалар, зорлық-зомбылық...

— Ешқайсысы да бекер емес.

— Бақсы-балгерлер, оба індеті, саудагерлер, ұрыс-керсітер. Өмір ғой...

— Бәрінің бір себебі барын сен де білесің...

— Білемін бе? — деді Фарух. Сосын үнсіз қалып күрсінді. — Көңілді, қызық оқиғалар, эх!

— Жүрегім айныды, — деді Нилгүн.

— Кеттік енді, — деді Метин.

— Сен неге қалмайсың мұнда, Метин, — деді Фарух. — Теңізге түсесің.

Сағатына 250 лираға нағашы әпкемнің үйінде жатып жазғы сабақ беремін. Болды ма?

— Мен сенен қорқайын дедім! — деді Фарух.

Мен асүйге түстім. Нилгүннің асқазанына не жағады екен деп ойландым. Исмайыл орнынан тұрды.

— Мен кеттім, — деді. — Хасан жүріп-жүріп үйге бір келер, солай ма, Режеп?

Ойландым.

— Келер! — дедім. — Қайда барады дейсің, келеді, Исмайыл, отырсаңшы!

Отырмады.

— Жоғарыда аналар не деп жатыр екен? — деді. — Барып кешірім сұрайын ба әлде?

Ойланып қалдым.

— Отыр, Исмайыл, барма, — дедім. Жоғарыдан шыққан дауысты естідім. Еденді ұрып жатыр. Мәртебелі ханымның балдағы. Есіңе түсті ме? Бір сәт басымызды көтеріп жоғары қарадық. Сосын Исмайыл отырды. Балдақ бірнеше мәрте соғылды. Тура бір Исмайылдың басынан ұрып жатқандай болды. Сосын сол әлсіз, нәзік, бірақ ешқашан тынбайтын қарт ананың даусын естідім.

— Режеп, Режеп, не болды төменде?

Жоғары шықтым.

— Ешнәрсе жоқ, мәртебелі ханым, — дедім. Бөлмесіне кірдім де, орнына жатқыздым. Қазір жоғарыға бәрінің келетінін айттым. Шабаданары төменде, көлікке салайын ба деп ойлады. Сосын Нилгүннің шабаданын алдым да, ақырын түсірдім. Түсіріп келе жатып, Нилгүннің «неге түсірдің, Режеп» дейтінін білдім. Бірақ ішкі бөлмедегі диванда жатқанын көріп, оның асқазаны ауырып жатқанын ұмытып кеткенімді білдім. Ұмытқым келмесе де ұмытып кеткен нәрсем болды: өйткені жаңа ғана құсқанын көрген едім. Бір қолымда шабадан, тұрған жерімде қатып тұрмын. Метин мен Фарух маған таң қала қарап қалыпты. Нилгүн үпсіз басын әрі бүрды. Аузынан шыққан көбікті көріп, ойыма манағы өзім берген жұмыртқалар түсті. Нилгүн құсып жатқанда мен оның асқазанына жеңіл болар нәрсе іздеп, асүйге жүгіре жөнелдім. Бүгін

таңертең сүт бермегенімді ойладым. Ақымақпын, бәрі менің кесірімнен. Бірақ тағы да сүт алмадым. Бір нәрсе деп сөйлеген Исмайылға жақтырмай қарадым. Сосын есіме түсіп жүгірдім. Қайтадан жоғары шыққанымда Нилгүн өліп қалыпты. Олар маған өлгенін айтпады. Мен өзім көргенде барып білдім. Бірақ ешкімге де өлім туралы айтпадым. Көгеріп кеткен жүзіне, ұйықтап кеткендей қарап тұрмыз. Бәріміз бір-бірімізге кінәлі көзбен қарадық. Он минуттан кейін, Метин көлікпен әкелген Кемал мырзаның дөріханашы әйелі өліп қалғанын айтты. Миына қан кеткен. Тағы да, бәлкім, тұрып жүріп кетер деген үмітпен Нилгүнге қарадық.

Хасан жолға шықты

Бояу құтысын үстінен алып, үнсіз қарап отырмын. Ақымақ кірпі ана кішкентай, сүйкімді мұрнын тікендері арасынан бір шығарса, мен де біраз қызықтар едім. Бірақ шығармады. Ақылды екен өзі. Біраз күткен соң ішім пысып кетті де, тікендерінің бірінен ақырын ұстап алып, ақымақ кірпіні аспанға лақтырып жібердім. Ішің күймей ме сенің? Лақтырған соң, сарт етіп жерге түсті де, быт-шыт болды. Қандай байғұс едің, сен кірпі, жаным ашиды саған. Бірақ жиіркенсе, жалықтым сенен.

Сағат жеті жарым болыпты. Күні бойы осы жерде тығылып отырмын. Түн жарымда тауып алған мына кірпімен алты сағат ойнадым. Бұл жерлерде, төменгі жақта бұрын кірпі деген көп болатын. Түнде біздің бақшаға кіріп, тысыр-тысыр етіп жүретін. Анам екеуіміз даусы шыққан жақтан іздейтінбіз. Қараңғы жерде көзіне бір сірінке жақсақ, сасып тұра қалатын! Үстіне бір шелек қойып, таңға дейін тұтқынға алатын-

быз. Бәрі кетті олардың, тек осы ғана қалды: ең соңғы елгезек кірпі, жалықтым сенен. Темекімді тұтандырып отырып, бәрін өртеп жібергім келді. Мына жердің бәрін, шие бақтарын, зәйтүн ағаштарын — бәрі-бәрін. Бәрімен қоштасқым келді, бірақ лайық көрмедім. Аяғыммен кірпіні аудардым. Не істесендер соны істесендер енді. Аузыма темекіні салып алып, кетіп барамын. Заттарымды жинайын дедім. Ішінде жеті данасы қалған темекі қорабы, екі дана тарақ, сіріңке, бояу құтысын ақымақ кірпінің қасына тастап, қолыма Фарух мырзаның тарих дәптерін алдым. Бір найдасы бола қоймас, дегенмен қолында дәптері бар адамнан аз күдіктенеді ғой. Әрине, менің ізіме түскен болса. Кетпей тұрып, соңғы рет бір қарап алайын мына жерге дедім. Бадам мен інжір ағаштары арасындағы бұл менің ескі жеріме бала кезде көп келетін едім. Үйден жалыққан, бәрінен жалыққан кезде осында келетін едім. Соңғы рет бір қарадым да, кете бердім.

Өткел жолдан өткен соң, бұл жолы алыстан көрінген біздің үйге және төменгі ауданға да соңғы рет бір қарап алайын дедім. Жарайды, әке, Алла жар болсын, мен жеңіспен оралатын күн туар. Сол кезде бүкіл газеттерде кім біледі, бәлкім, оқып та қаларсың, сол кезде маған қалай дұрыс қарым-қатынас жасамағаныңды түсінерсің. Мен қарапайым бір шаштараз болатын адам емсепін. Алла жар болсын, анашым! Онсыз да белгілі, мен сені ең бірінші ана оңбаған лотерея сатушысынан күтқарамын! Сосын ана күнәһар үйлердің бай және мағынасыз қабырғаларына қарадым, шатырларына қарадым, сендердің үйлерің бұл жерден көрінбейді, Нилгүн, полицияға хабар беріп қойған шығарсың, солай ма? Сау бол енді!

Мазаратқа тоқтамадым, тек жолым сол жер болған соң, айналып өттім. Өтіп бара жатып, басқа тастарды оқығандай, мұны да оқыдым: Гүл Доған және Селахаттин Давинұлы, рухтарына «Фатиха» деп жазылыпты. Оқыдым және біртүрлі өзімді өте жалғыз, күнәлі, шарасыз сезініп, тамағыма өксік толып, қорқа-қорқа тез жүріп кеттім.

Біреу көріп қалып, қарақшының нағыз өзі, іздестіріліп жатыр деп шулап кетер деп, дүйсенбі таңертен бір-бірінен басып озып Стамбұлға асыққандардың тас жолына түспедім. Бакшалар және егістіктермен жүрдім. Қызыл шие шұқып жатқан қарғалар мен жақындап келген кезде ағаштардың ішінен кінәсін біліп ұшып барады. Ататүріктің де бір кездерде бауырымен қарғаны қуғанын білесің бе сен, әке? Кеше түн ортасында бүкіл жігерімді жинап, біздің үйдің терезесінен ішке қарадым: барлық шамдар жанып тұрды, ешкім сөндір, күнә демейді. Әкем болса қолын басына қойып жылап отыр. Не айтып жатқаны алыстан естілмеді. Демек, оған біреулер хабар берген деп ойлады. Бәлкім, полиция да келген болар. Әкемнің сол түрін көз алдыма елестетіп, жаным ашыды оған. Не де болса, бәріне мен кінәлімін. Төменгі ауданның сол жерінде өткен-кеткенге қарап, кім не істеп жатыр деп өңшең қолы бос еріккендер жиналатындықтан мен бармадым. Метиннің алдыңғы түнде көлігімен қалған жерден, асфальттан өттім, бакшаларды кесіп өтіп төменге түстім. Темір жолға түсіп, баска вокзалға қарай Зираат мектебінің қасынан өтіп жүре бердім. Әкеме салса, қабылдау сынақтарынан біз білмейтін нәрселерді сұрамаса, мына Зираат мектебі біздің үйге жақын деп мені осында оқытар еді. Мен келер жылы қолында дипломы бар агроном болып шыға келер едім. Дипломы болған соң әкем агроном емес, қызметкер деп айтар еді бәріне. Себебі қызметкердің галстугі болады, оған салса бағбан болса да галстук тағып жүру маңызды. Бұлар жазда да сабақ оқиды. Қарап тұрсаң, қазір қоңырау соғылады. Қане, ұстазыңның етегінен ұстап, қызанақтың дәні егілген зертханаға қарай жүгір. Безеу басқан бойдақтар, байгүстар! Мен осының бәрін көргенімде, ана қыздың менімен кездескеніне өте қуанышты боламын: егер ол маған жолықпағанда, мен де, мүмкін, өмірде галстук таққан агроном немесе шаштараз болуға келісер ме едім. Әрине, шаштараз шәкірті болып, нағыз ұста болғанша он жыл тек қана әкесінің ғана емес, ана шаштараздың да

сасық аузын иіскеуің керек. Күтесің! Кабель фабрикасының жұмысшылар тура бір пойыз өтіп бара жатқанда көлік өтпесін деп жасалған темірдей қызыл-жасыл мен аққа боялған ашылмалы-жабылмалы есік алдында күтеді. Бірақ ол жерден емес, ішке қасындағы кішкентай есіктен үрланып кіреді. Күзетшінің сарайынан қолдарындағы бір карточкасын бір жерге тигізіп шығады. Ал күзетшілер жұмысшыларға жау көргендей қарайды. Фабриkanың айналасы тікенді сымдармен қоршалған. Иә, фабрика деген жер, заманауи бір түрме деуге болады. Машиналар тіршілік етсін деп таңғы сегізден кешкі беске дейін жұмысшылар өмірлерін сарп етеді. Әкем бір таныс тапса, дереу мені оқымайды деп, осы жұмысшылар арасына қосып жіберер еді. Менің де бүкіл өмірім осы заманауи түрмеде, осы машиналардың қасында өтетінін ойласам, денем түршігеді. Әкем болса менің өмірімді бір жолға салдым деп риза болар еді. Бұл жер — фабрика деген түрменің қоймасы, біздікілер бос бөшкелердің сыртына коммунистерге не істейтінін жазған.

Сосын фабриkanың айлағындағы бір кеменің алып бір жүкті көтергенін көрдім. Не деген үлкен жүк! Ауада теңселгені қандай керемет! Қазір мына кеме жүктерін босатқан соң, кім біледі қайда барарын? Тұрып тағы біраз кемені тамашаладым. Сосын алдымнан шыққан жұмысшылардың көзіне түскім келмеді. Мені қолы бос жүрген біреу деп қалмасын дедім. Бір таныс тауып жұмысқа тұрып алған деп өздерін менен кем санамасын деп ойладым. Қастарынан өтіп бара жатып көрдім: онша айырмашылығым да жоқ, менен біршама үлкен және киімдері таза. Менің аяқкиімімнің батпағы болмаса, жұмыссыз жүрген адамға ұқсамаймын да.

Осы жердегі бір өзеннің барын ұмытып кетіппін. Алдымен жақсылап су іштім. Аш қарынға ауыр тиді. Сонда да жүрек жалғаған болдым. Сосын аяғымның батпағын жудым. Қарғыс атқыр ана жердің батпағы кетсін аяғымнан, кетсін жиіркенішті кірі деп қоямын. Жаныма біреу келді.

— Токта, жерлес, мен бір су ішіп алайын! — деді.

Кейін шегіндім. Жұмысшы болу керек. Мына ыстық күнде үстіне костюм киіп алыпты. Шешті, ақырын бүктеп, бір шетке қойды. Сосын су ішпей, сіңбіре бастады. Демек, намаз оқитын болды ғой. Бір жұмыс табарсың, әрі басқаның жолын бөгеу үшін сіңбіруді су ішу деп айтасың ғой. Қызық, мұның орта білім аттестаты бар ма екен? Деген мен костюмінің қалтасында әмияны бар. Көріп тұрмын. Әлі мұрнын жуып жатыр. Ашуым келді, кенет костюмінің қалтасындағы әмиянды алдым да, артқы қалтама сүнгітіп жібердім. Қарамады да, көрмеді. Өйткені кенет, әлі мұрнын жуып жатқан. Сәлден соң менен ұят болмасын деп өтірік су ішкен болды.

— Қане, бауырым, жетер! — дедім. — Менің де шаруам бар.

Кері шегінді.

— Рахмет! — деді ентігіп. Костюмін алып киді, еш нәрсе байқамады. Мен асықпай аяқ киімімді жуып жатқанда ол фабрикаға қарай бет алды. Артынан бұрылып та қарамадым. Аяқ киімімді жақсылап жуып болғанша ол да көзден ғайып болды. Мен де тез-тез қарсы беттегі вокзалға өттім. Ыстықтан шегірткелер шырылдап жатыр. Соңымнан бір пойыз келді. Ішінде танертең жұмысына асыққандар кептірілген балықтай тізіліп қалыпты. Маған қарап-қарап өтіп жатыр. Мұны өткізіп алдым, басқа пойызды күтіп тұрдым.

Вокзалдың бетонына шықтым, жұрт сияқты, бір маңызды шаруасы бар адам ұксап, қолыма дәптерді алып ары-бері жүрген соң, екі полиция мені байқамады да. Тіке сол жердегі бұфетке бардым.

— Сиыр етінен жасалған үш тост! — дедім.

Витринаға біреу қол созып, алдымен сыртта салбырап тұрған етті нанның ішіне салды. Етті сыртқа шығарып, витринаға толтырып қояды, ал сен оны көріп, жейтін тостыңның ішінде ет толы деп ойлайсың! Бәріңіздің көзіңіз ашық және озіңізді менен де ақылдымын деп ойлаған соң адамбыз деп

шығасыздар. Жақсы делік, я мен сіздің ойлағаныңыздай әу-месер болмасам, я мен сізден де ақылды болсам, немесе бүкіл ойындарыңызды күртсем. Есіме түсті.

— Қасына бір алмас пен ұстара бер, — дедім. Қалтамнан шығарып, буфеттің мәрмәр тасының үстіне 100 лира тастадым.

Артық ақшамды сатушының бергендерімен коса алып кеттім. Полицияларға тағы да қарамадым. Бұл вокзалдарда дәретхана әдетте ғимаратың аяқ жағында. Іші өліктің иісіндей сасық. Есікті іштен кілттеп алған соң, артқы қалтамнан әмиянды алып шығардым. Қарасам, ішінде ана ақылды жұмысшымның бір 1000 лира, екі 500 лира және майда ақшалармен қосқанда екі мың жүз жиырма бес лирасы бар екен. Әмиянның екінші қалтасынан өзімнің жобалауымша бір жеке куәлік таптым. Әлеуметтік сақтандыру карточкасы да бар. Аты Ибраһим, тегі Шенер, әкесінің аты Февзи, анасы Камер. Трабзон, Сүрмене. Жарайды. Бәрін бірнеше мәрте оқыдым, тіпті жаттап алдым.

Сосын қалтамнан оқушылық билетімді шығардым, қабырғаға қойып, өз суретімді алмаспен мұқият кестім де, алып тастадым. Тырнағымның ұшымен суретімнің артындағы қатты қағазды алып тастадым. Сосын Ибраһим Шенердің суретін сақтандыру карточкасынан алып, ақырын орнына өз суретімді жабыстырған кезде, мен енді Ибраһим Шенер болып шыға келдім. Бұл соншалықты оңай екен. Оның Шенердің сақтандыру карточкасын әмияныма салдым да, әмиянымды қалтама сүңгітіп жібердім. Дәретханадан шығып, буфетке бардым.

Тосттарым дайын болыпты. Бір күн бойы асқазаныма бақшаның шикі қызанағынан басқа ешнәрсе бармағандықтан, мұны рахататанып жеп алдым. Айран алып іштім. Қалтамдағы көп ақшаға сеніп, тағы не жесем екен деп қарадым. Печеньелер бар, шоколадтар бар, бірақ ешқайсысын ұнатпадым. Сосын тағы бір тост алдым. «Жақсылап пісір» деп қойдым, сатушы да үндемеді. Иынымды буфеттің қабырғасынан

сүйен, вокзалға теріс қарап тұрдым. Жайбарақат, ешнәрсені уайымдамай тұрмын. Тек бір сәт бұрылып, өзен аққан жаққа қарадым. Темір жол жақтан біреу-міреу кеп қала ма деп. Ешкім байқалмады. Өзін сонша ақылдымын деп ойлады ғой бағанағы жұмысшы, бірақ әмиянынан айрылғанын әлі білмейді. Бәлкім, байқаған да болар, бірақ менің алғанымды қайдан білер дейсің? Сатушы тостымды әзірлеп болған соң, бір газет сұрадым.

— «Хуруйет».

Алып кете бердім. Сол жерге бір орындық қойыпты. Ешкімге қарамай, тостымды жеп, газетімді оқып отыра бердім. Карста, Измирде, Анталияда, Анкара Балгатта... Стамбұлды оқымай, соңына бірақ көз жүгірттім. Бізден 12, олардан 16 адам өліпті. Сосын Стамбұлдағыларға қарадым, ешкім жоқ. Измиттің аты да жазылмаған. Сосын қобалжып отырып, негізгі қорыққан жеріме көз салдым. Тез-тез көз жүгіртіп шықтым, жараланғандар арасында Нилгүн Дарвинұлы жоқ екен. Сосын басынан бастап тағы бір оқып шықтым, жоқ, иә, жоқ. Бәлкім, бұл газетте жоқ шығар деп ойладым. Есіме «Миллийет» түсті. Барып оны да алдым. Ол жерде де жараланғандар арасында көрінбеді. Бұл газеттерде онсыз да жараланғандарды жаза да, жаралағандар туралы жазбайтын. Маңызды емес, атымды газетке шығарғым келсе, мен не жеңгетай, не футболшы болар едім.

Газеттерді асықпай бүктедім де, ішке кірдім. Кассаға жақындап келдім, өзімнің қайда баратынымды іштей біліп те тұрмын.

— Үскүдарға, бір билет — дедім.

— Үскүдарға пойыз жүрмейді, — деді мылжың билетші. — Соңғы аялдама Хайдарпаша.

— Білемін, білемін! — дедім. — Хайдарпашаға бір билет бер!

Тағы жоқ деді. Қарғыс атсын сені! Бұл жолы:

— Толық әлде оқушылық? — деді.

— Оқушы емеспін енді! — дедім. — Менің атым — Ибраһим Шенер.

— Маған сенің атың кім болғанынан келіп-кетер ештеңе жоқ! — деді, бірақ түрімді көріп қорқып кетті-ау деймін, үндемей бір билет берді.

Ойым бұзылды. Енді ешкімнен қорықпаймын мен. Сыртқа шықтым, қарасам, темір жолдың бойында тірі жан жоқ. Жаңа мен отырған орындыққа басқалар келіп отырып алыпты. Барып «бұл жерде бағана мен отырғанмын» деп, оларды тұрғызып жіберсем бе деп ойладым. Қой олай болмайды, көр де тұр, әп-сәтте пойыз күткен ана адамдардың бәрі өре түрегелді де, маған қарсы шығады. Отыратын басқа жер бар ма деп айналама қарасам, учаскелік полиция маған қарап тұр екен. Жүрегім зу етті.

— Жерлес, сағатың бар ма? — деді полицияның бірі.

— Менің бе? — дедім. — Бар менің сағатым.

— Қанша болды?

— Сағат па? Сағат сегізден бес кетті, — дедім.

Ештеңе демеді, өз-өздерімен сөйлесіп кете берді. Мен де өз жолыммен кеттім. Бірақ қайда бара жатқанымды білмеймін. Сосын таңертең жұмысқа бара жатқан басқа адамдар сияқты, темекімді тұтатып, газетімді ашып, асықпай оқи бердім. Мемлекеттің жаңалықтарын оқып біріген соң, әйелі мен балалары және жауапкершілігі бар маңызды адамдарға ұқсап, сыртқы саясат туралы да оқыдым; Брежнев және Картер Түркияны бөлісу туралы жасырын келісімшарт жасасыпты. Енді олар бәрін істейтін болды деп ойладым. Сосын Папаны да Түркияға солар жіберген болуы мүмкін деп ойлап отырғанда, жаныма біреу келіп отырғанын байқап, қорқып кеттім.

Газетімді қолымнан түсірмей, көз қиығыммен оған бір қарадым. Қолы кетпендей, саусақтары жуан, менікінен де ескі шалбар киген оның жүзі шаршаңқы көрінді. Жүзіне бір қарап, оның жұмыстан шаршаған байғұс бір жұмысшы екенін

байқадым. Жаным ашып кетті. Бірнеше жылдан соң өліп қал-
масаң, зейнетке шығасың, бүкіл өмірің бостан-босқа өтіп кет-
кенін сезесің. Бірақ анау айтқандай өміріне шағымы жоқ се-
кілді. Көшенің арғы бетіндегілерге қарап тұр, былайша көңіл-
ді көрінеді. Ойында бір нәрсе бар-ау деп топшылады, бәрі
ұйымдасып, мына вокзалда менің айналамда бір рөл ойнап
жатқандай. Сескене бастадым. Бірақ қарт жұмысшы аузын
апандай ашып бір есінеген соң, оның нағыз ақымақтың бірі
екенін түсіне қойдым. Неге мен қорқамын, қайта олар менен
қорықсын! Жаным байыз тапқандай болды.

Сол кезде оған бәрін баяндап бергім келді, бәлкім, менің
әкемді бір жерлерден танитын болар деп ойлады. Менің
әкемнің жүрмейтін жері жоқ қой. Иә, мен ол ақсақ лотерея
сатушысының баласымын, қазір Стамбұлға кетіп бара жатыр-
мын, Үскүдарға...

Нилгүн туралы, достарым және мен туралы не ойлайтын-
дары туралы айтып бере аламын. Бірақ қарашы, қолымдағы
мына газет әзірге жазбай тұр. Білесің бе, кейде осылардың
бәрі бізбен ойнағысы келген біреулердің кесірінен болып
жатқан сияқты. Бір күні мен қолымнан келгенін жасап, бұл
ойынды жоққа шығарамын. Иә, шынымен де дәл қазір мен
ол атқаратын ісімнің не екенін нақты білмеймін, бірақ күн-
дердің бір күні бәрінізді таң қалдырамын. Түсініп тұрсыздар
ма? Қолымдағы мына газеттер сол кезде жапырлап жаза бас-
тайды. Пойыз күтіп, әр таңда баратын жұмыстарынан рахат
табатын, басқа нәрсеге бас қатырмайтын мына надандар да
сол кезде бәрін түсініп, аң-таң болады, тіпті менен қорқатын
болады. «Демек, біз білмеппіз, бәрі де бекер екен, байқамап-
пыз ғой» деп өкінетін болады. Ол күн туғанда тек қана га-
зеттер емес, теледидарлар да жарысып хабарлап жатады мен
туралы, түсінетін болады бәрі де, сіздер де түсінесіздер!

Ойға батып кетіпшім. Пойыз келе жатыр екен. Асықпай
қолымдағы газеттерді бүктедім де, орнымнан тұрдым. Сосын
Фарухтың қолымен жазылған тарих дәптеріне бір қарап, көз

жүгіртіп оқыған болдым! Сандырақ! Тарих — құлдар үшін, хикаялар — меңіреулер үшін, ертегілер ақымақ балалар үшін, надандар, бейшаралар, қорқақтар үшін мына тарих! Дәптерді жыртпадым. Орындықтың жанындағы коқыс жәшігінің түбіне лақтырып жібердім. Сосын істеген ісіне мән бермейтін адамдар ұқсап, жұрт сияқты мен де темекімді қысылмай жерге тастай салдым. Аяғыммен темекінің шоғын мыжың тастадым. Вагондардың есігі ашылды: вагонның ішінде маған қарап тұрған мыңдаған бас көрінді. Таңертең жұмысқа барады, кешке үйлеріне қайтады. Таңертен жұмысқа барады, кешке үйлеріне қайтады. Таңертең жұмысқа барады, кешке үйлеріне қайтады. Байғұстар білмейді ешнәрсені, білмейді! Білетін болады әлі! Мен үйретемін оларға, бірақ дәл қазір емес! Жарайды, дәл қазір мен де сендер сияқты жұмысы бар адамша пойызға мініп барамын. Мен туралы солай ойлаңдар, араларыңа қосыламын!

Вагонның іші топырлаған адамнан ысып, дымқылданып тұр! Менен қорқындар, қорқындар енді!

Әже адамның қолында бір кітаптың болғанын дұрыс санайды

Төсегімде жатып күттім. Стамбұлға кетпестен бұрын келіп қолымды сүйеді, менімен біраз отырып әңгімелеседі, мені де біраз тындайды деп басымды жастықтан көтеріп, күтіп отырдым. Кенет төменгі қабаттан естілген шу бірден басылды. Мен қатты қорқып кеттім. Жүрегіме біреу

қанжар сұққандай болды! Бөлмеден бөлмеге жүгірген аяқ дауыстары да, ашылып-жабылған есік пен терезе тықырлары да естілмей қалды. Баспалдақта және қабырғаларда даңғырып шыққан бұрынғы дауыстар да жоқ болып кетті. Қорқып жатырмын.

Төсегімнен түрдым. Балдағымды алдым да, жерді бірнеше мәрте ұрғыладым. Әйткенмен алаяқ ергежейлі естімейді. Бірнеше рет балдағыммен еденді ұрған соң, бәлкім, басқалардан ұялып, естісе де келмей отырған болар деп, бөлмемнен сүйретіліп сыртқа шықтым. Әрең дегенде баспалдақтың басына келдім. Тағы да бастадым:

— Режеп, Режеп, тез кел жоғарыға!

Төменгі қабатта дыбыс жоқ.

— Режеп, Режеп, саған айтып тұрмын!

Не деген оғаш және қорқынышты мына тыныштық. Қайта бөлмеме кірдім, терезеге бардым, пердені аштым да төмен қарадым: аулада біреу асығып көлікке қарай жүгіріп барады, оның Метин екенін таныдым. Көлікке мінді де кете барды, ал мен сансыз ойға шырмалып мұнда қалдым. Терезеден төмен қарап, небір жаман ойларға беріліп кеттім. Көп ұзамай жаңа Метин мініп кеткен көлік жылдам қайта келді. Мен аң-таң болып тұрмын: көліктен Метинмен бірге тағы бір әйел де түсті. Екеуі ішке бірге кірді. Қолындағы сөмкесі мен ұзын халатын көріп, ол әйелді таныдым: дәріханашы әйел! Талай мәрте ауырып қалғанымда оны шақыратын. Ол қолына әйелден гөрі еркекке жарасатын үлкен сөмкесін алып келетін. Өзін маған жағымды көрсету үшін қолындағы ащы инесін оңай салу үшін мені тәтті тілімен арбайтын: «Фатма ханым, қараңыз қызуыңыз көтеріліп тұр. Жүрегіңізді босқа шаршатпаңыз. Мен сізге бір ине салайын, рахаттанып қаласыз. Неге қорқасыз, сіз де дәрігердің әйелісіз ғой. Қараңыз, мына жерде бәрі сіздің қамыңызды ойлап тұр». Көбіне осындай сөздерден күмәнданатынымын. Ақыры мен жылап қоймаған соң, өз ауруыммен өзің қал дегендей бәрі зып бере-

тін. Ал мен «жаныңды улай алмағандықтан, тәніңді улағысы келіп жатыр, Фатма, абай бол!» деп өзімді жұбататынмын.

Мүкият қарап тұрмын, күтіп те тұрмын! Бірақ ешнәрсе болмады. Күткен аяқ дыбысы баспалдақтан шықпады, төменгі қабаттағы тыныштық та сол күйі. Сәлден соң асүй есігінің алдында бір тықырды естідім. Тағы терезеге жүгірдім. Дәріханашы қолына сөмкесін алып, бұл жолы үйден жалғыз шықты. Ажарлы әйелдің ауладағы жүрісі де әдемі. Жас әрі сергек. Қызығып қарап қалыппын. Аула қақпасына бір-екі қадам қалғанда тоқтады. Қолындағы сөмкені жерге қойды да, ішінен асығыс бірнәрсені алды. Үлкен бір беторамал екен, алып жылап, бетін сүртіп жатыр. Жаным ашыды мына сұлу әйелге, не болды екен оған, кім ренжітті екен? Әйтсе де ол дереу өз-өзіне келді. Орамалымен бетін соңғы рет бір сүртіп, сөмкесін қайта қолына ұстап, кете берді. Аула қақпасынан шығып бара жатып, бір сәт артына қарады, дегенмен мені байқамады.

Ал мен уайымдап тереземнің алдында қақиып тұра бердім. Сосын мына уайымға шыдай алмай, оларға ренжи бастадым. Бәрің де кетіндер! Мені тастап кете беріндер! Жалғыз қалдырыңдар мені! Сонда да олар келер емес. Төменгі қабат та тым-тырыс. Төсегіме қарай жүрдім. Уайымдама, Фатма, сәлден соң олар қайта шулай бастайды. Арсыз күлкілер, даңғара әуендер, орынсыз сөздер, бәрі де қайта басталады. Төсегіме жатып, ойландым: сәлден соң келеді, улап-шулап баспалдақтан шығып, Фарух, Нилгүн мен Метин келеді. Келіп менің қолымды сүйеді. Сол кезде мен жайбарақат, ашу-ызамен мына қолыма иілген шаш қандай өзі деп ойланамын! «Біз кетіп барамыз, әже, кетіп барамыз біз» дейді олар. «Тағы да жақында келеміз! Әже сізді көргенімізге қуаныштымыз, жақсысыз, өзіңізге жақсы қараңыз, бізді уайымдамаңыз, қайтып барамыз» дейді. Сосын бір керемет тыныштық орнайды, олардың мүкият, маған жандары ашып, мені жақсы көріп, бір жағынан қуанышты жүзбен қарап тұрғанын көремін. Олардың көзқарасынан өлімді ойлап тұрғандарын және өлімнің

маған жақындағанын ұғамын. Өзімді олардың мүсіркегендерін қаламай, бір қалжындап қойғым да келеді. Әрине, олар деп ренжітіп қоймаса, мен қалжындауға дайынмын: «Мына балдағымның дәмін сендер жақсы білесіңдер» десем қалай? Болмаса «қысқа шалбарларыңды неге кимегенсіңдер?» десем де болады. Бәлкім, «күлақтарыңнан тартып, бұрышқа тұрғызып қояйын ба сендерді» десем, білмеймін, әйтеуір не десем де оларды мен күлдіре алмаспын. Олар жаттанды сөздерін айтып, әр нәрсені сандырақтап кетеді. Болмаса сәл кідіріп, менен былай сұрайды:

— Біз кетіп бара жатырмыз, әже, сіздің сәлеміңізді Стамбұлдағы кімге жеткізейік?

Иә, әлбетте, осылай дейді олар, ал мен бұл сұрақты ешқашан күтпегендей сасып қаламын. Сосын Стамбұлды ойлап кетемін. Жетпіс жыл бұрын Стамбұлға тастап кеткендерімді есіме аламын. Бірақ оларға білдірмеуге тырысамын. Өйткені білемін: Селахаттиннің энциклопедиясына жазғанындай, оның қалағанындай ол жерде күнәға белшемізден батып өмір сүргенбіз. Дегенмен кейде қызығып қаламын. Суық қыстың түндерінде еске алғандарым мен ергежейлінің дұрыс жаға алмаған пеші бойымды жылытпаса, мен бір сәт олардың қасында болғым келеді. Жап-жарық, ып-ыстық және көңілді бір бөлмеде бірге болып, қиялға берілемін, жоқ, мұны жаным сүймейді! Сол ыстық және жарық бөлменің қуанышын ойымнан біртүрлі шығара алмасам, соңында қыстың түн ортасында орнымнан тұрамын да, шкафымды ашамын. Бос әшекей құтыларды, тігін машинамың сынық инелерін және электр жарығының ай сайын төлеген түбіртек қағаздарын ақтарып отырамын. Эһ, амал не, бәрің де өлдіңдер! Сондарында бүкіл әлем мұны естіп білді. Мен де газетке шыққан сендердің өлімдерін туралы жаңалықтарды кесіп алып, сақтап жүрмін. Қайтыс болды: Семиха Есен, Шекер фабрикасы басшы маркум Халит Жеми мырзаның қыздары. Қайтыс болды: Басшылық мәжілісінің

мүшесі, Мүрүввет ханым. Қайтыс болды: бұрынғы байлардың бірі марқұм Аднан мырзаның жалғыз қызы Нихал әпке. Иә, есіме түсті, ол бір темекі саудагеріне тұрмысқа шыққан болатып. Үш баласынан қазір он бір немересі бар. Бірақ сен негізі Бехлүлді қатты жақсы көруші едің. Бірақ ол арсыз Битерді сүйді. Ойлама, Фатма, міне, мынау ең соңғысы. Он жыл болып қалды шамасы. Қайтыс болды: Ефкаф назыры және Парис Серфири марқұм Шүкрі Паашаның қызы және марқұм Түркан мен Шүкранның сіндісі, Ниган Ышықчы ханым. Ех, Ниган әпке, сен де ақыреттік болдың! Осылайша, қолымда өлім туралы хабарлармен суық бөлменің ортасында осылай тұрғанда бар түсінгенім: Стамбұлда дәл қазір мен таңитын ешкім қалмапты. Бәріңіз де Селахаттиннің жер бетіне түссін деп жалынып-жалбарынған және энциклопедиясына жазған тозақтың ішіне кірдіңіздер. Бәріңіз де Стамбұлдың қара күнәсына баттыңыздар да олдініңдер! Бетон үйлер, фабрика мұржалары, пластиктің иісі және Сіз кәріз құбырларына жерлендіңіз, қандай қорқынышты! Мен бұл туралы ойланған кезде, мен біртүрлі қорқыныштың тыныштығын сезінемін және қыстың суық түнінде төсегіме ораламын, өйткені мен өз ойларымнан өзім шаршап кетемін де, ұйықтап, бәрін ұмытқым келеді, иә, өйткені менің ойларым да шаршады. Стамбұлда мен сәлем айтатын ешкім қалған жоқ, иә.

Мен олардың келіп сұрайтынын күтіп отырмын, сондықтан бұл жолы мен олардың сұрақтарына таңғаларлық және мүдірмей жауап беремін деп қоямын. Бірақ төменде әлі ештеңе жоқ. Төсегімнен түрдым. Үстелдің үстіндегі сағатқа қарадым, таңғы он болыпты. Қайда мыналар? Тағы терезеге барып басымды шығарып қарадым: Метиннің көлігі қойған жерінде тұр. Ойландым: енді тіпті асүй есігінің сыртында апта бойы қимылсыз тұрған шегірткелерінің де шырылын естімейтін болдым. Тыныштықтан қорқайын дедім! Сосын бағана келген дәріханашы әйелді ойлады. Оның келген себебін еш таба ал-

мадым. Ойыма тағы ергежейлінің бәрін бүлдіретіні түсті. Деген бөлмемен шықтым да, баспалдаққа келіп, балдағыммен еденді ұрдым:

— Режеп, Режеп, тез кел жоғарыға!

Бірақ бұл жолы да келмейтінін білдім. Балдағымды бостан-босқа жерге ұрып жатқанымды және қарт даусымды бостан-босқа қинап жатқанымды біліп отырмын. Сонда да тағы бір рет шақырдым, шақырып жатып, жүрегім бір пәрсе сезгендей, карадай жабырқай бастадым. Тура бір енді қайтып келместей болып, менімен қоштаспай бәрі кетіп қалған сияқты. Үйде жападан-жалғыз қалған сияқтымын! Біраз қорықтым және өзімді жұбату үшін үмітпен тағы айқайладым. Бұл жолы да өзімді жаман сезіне бастадым. Бейне бір бұл өмірде ешкім қалмаған секілді. Не бір адам, не бір құс, не болмаса арсыз бір ит, не шырылдап тынбай менің миымды ашытатын шегіртке мен жәндік атаулы қалмағандай! Уақыт тоқтап, мен бір өзім ғана қалып кеткендеймін! Міне, енді үрейленген үмітті дауыспен тағы да айқайлап жатырмын, бостан-босқа төменге қарап айқайлап қоямын. Балдағым да шарасыз күйде еденге басын ұрады. Мені ешкім естімейтіндей. Тек қана бос тұрған креслолар, орындықтар, үсті шаң басқан үстелдер, жабық есіктер, өзінен-өзі сықырлайтын ескі жиһаздар — бәрі сенің ажалың Селәхаттин! Ой, тоба, қатты қорықтым! Ойымның және сөзімнің, өзімнің және көзімнің ақыретке дейін осы жерде жападан-жалғыз, ешкімге керексіз болып қаларынан қорықтым! Сосын ойымды жинақтап, бар күш-жігерімді жинап төменге қарай баспалдақпен үш-төрт қатар аттап түсуге әрекет еттім. Көп жүрмей-ақ басым айналып, көзім қарауытып кетті: әлі он бес баспалдақ бар, түсе алмайсың, Фатма, құлайсың! Баспалдақтың үстінде ептігіп, ақырын-ақырын кері бұрылып, жоғары шықтым. Артымда қалған үрейлі тыныштықтан бір қуаныш күттім. Қазір бәрі шулап келіп, сені құшақтап сүйеді, Фатма, қорықпа!

Бөлменнің есігіне барғанда қорқынышым сейілді, бірақ қуана алмадым: Селухаттин қабырғадағы суретімен мені қорқыту үшін қарап тұрды. Бірақ мен ешнәрсе сезінбедім. Бар қорқынышты, үрейді, дәмді, әсерді жоғалтып алғандаймын енді. Сосын жеті қадам тағы жүрдім, төсегіме бардым да шетіне отырдым. Арқам кереуеттің мұздай теміріне тиді. Жерде жатқан кілемге қарап өз ойыма тағы шырмалдым, жаным қысылып барады: Мен және салмақсыз ойларым бос кеңістікте тұр. Сосын төсегіме жақсылап жайғастым. Басым жастыққа тигенде уақытым біткен шығар деп ойладым. Олар келе жатыр ма? Қолымды бір сүю үшін келер ме екен? «Сау бол, әже, Алла жар болсын, әже!» Баспалдақта да, төменгі қабатта да ешқандай дыбыс жоқ. Күтуім керек не де болса! Ешкім жоқ қыстың сол бір түндерінде істегенімдей уақытты тілім-тілім бір апельсин құсатып бөліп тастауым керектігін білім жатырмын. Көрпемді үстіме жауып күтін жатырмын.

Осылай күтін жата берсем, небір ойлар маған маза бермейтінін де білемін.

Қайсысы? Іші ақтарылған бір қолғап секілді бүкіл сана-сезімім өз болмысын маған көрсетсе екен. Демек, сен осы екенсің, Фатма, дейін мен де өзіме. Сыртымды айнаға қарап көргенмен, ішкі жан дүниеме ене алмадым. Асып-сасып, бәрін ұмытып, уайымдап жатайын: бәрін келін тамашалап, кешкі ас үшін төменге шулап түсіп, сәлден соң қолымды сүюге келсе, ол — менің сыртқы әлемім! Ал ішкі әлемім қандай сонда? Дүрс-дүрс соққан жүрегім мен аққан судың бетінде жүзген қайықтай асау ойларымнан басқа не бар менің? Біртүрлі екен! Кейде ұйқылы-ояу жатып, қараңғыны кезіп, тәтті бір сезіммен құлшынатын едім: бейне бір ішім сыртыма айналғандай, сыртым да ішіме айналғандай... Мен мына тыныш, қараңғы әлемде қайсысы екенімді таба алмай жүрмын. Қолымды мысық тәрізді ақырын созып, жарықты жағамын, төсегімнің суық теміріне қолымды тигізіп табуға тырысамын, бірақ суық темір мені алып, суық бір қыс түніне жалғыз тастайды: мен

қайдамын өзі? Адам кейде мұны да білмейді деп ойлаймын. Жетпіс жыл бойы бір үйде тұрған адам бұлай адасса, иә, мен тағы ойға батамын және біздің өткіздік деп ойлаған өмір деген нәрсе біртүрлі түсініксіз нәрсе екеніне сене бастаймын. Ешкім ешқашан өз өмірінің неге бұлай болғанын түсінбейді екен. Тұрып-тұрып күтесің, ол бір жерден бір жерге, себебін ешкім білместен, солай кете береді. Ал сен өз өмірің ішінде қайдан қайда бара жатқаның туралы көп нәрсе ойлайсың; қатесі, дұрысы жоқ және бір нәтижесі да жоқ оғаш ойлар! Бір қарасан, сапар осы жерде бітеді, Фатма! Қане, түс енді! Алдымен ана аяғымды, сосын мына аяғымды қоямын да, мен арбадан түсемін. Екі қадам аттап, сосын қайтадан бұрылып арбаға қараймын. Осы ма бізді теңселтіп-теңселтіп апара жатқан? Осы екен ғой. Ең соңында мен былай ойлаймын: осы екен, мен еш нәрсе түсінбедім. Бірақ бәрін қайтадан бастағым келеді. Бірақ рұқсат жоқ! Қане, қарағым, дейді, енді біз осындамыз, ана жақтамыз, енді қайтадан оған міне алмайсың! Бәрін қайтадан басынан бастай алмайсың! Арбакеш те қамшымен атын сабап, бізден ұзап кеткенде, соңынан қарап тұрған мен жылағым келеді: Демек, қайтадан бір рет болса да бастай алмаймын, ана! Енді қайта мүмкіндік жоқ! Сонда да адам тағы бір бастай алады деп өз ойыммен өзім қасарысамын. Тіпті бір кішкентай қыз бүкіл өмірінде қаласа бір кішкентай бейкүнә қыз болып қала алады деп ойлағандай болдым-ау! Адам бәрін басынан бастай алады деп қоямын ойша! Сол сәтте ойыма Ниган, Түркан мен Шүкранның маған оқып берген сол кітаптары және анаммен арбада қайтқан сапарымыз түседі де, өзімнен-өзім мұңая қуанамын!

Сол күні таңертең мені Шүкрі Пашаның үйіне апарған болатын және мені оларға тапсырып кетпестен бұрын жолда анам айтатын: «Бері қара, Фатма, кешке мен сені алуға келгенде, сен тағы жылаушы болма! Болмаса енді қайтып бұл үйге келмейміз» деген болатын. Бірақ мен анамның бұл айтқандарын тез ұмытып кететінмін. Күні бойын Ниган, Түркан

және Шүкранмен ойнап-ойнап, сондай сұлу және ақылды деп оларға таң қалып жүріп анамның маған айтқандарын ұмытып кететінмін. Өйткені олар рояльді қандай керемет ойнайтын, ақсақ арбакеш пен Айвазды әдемі салатын. Кейде әкелерінің де қылығын салып мені күлдіретін. Олар секілді күлуді де үйрендім. Түстен кейін өлендер оқып беретін. Олар Францияға барған, сондықтан француз тілін жақсы білетін. Тағы бір жолы әдеттегідей бір түрікше кітап алып, ол аударма кітапты қолдан-қолға өткізіп, бірінен кейін бірі оқыды. Сол кітапты тыңдаған қандай қызық десеңізші, тіпті анамның маған айтқандарын ұмытып та кетіпшіні. Содан анам келгенде, оны көріп, ойыным қанбай, тоқтаусыз жылай бастадым. Сол кезде анам маған қатал көзбен бір қарады. Ал мен болсам таңертең анамның маған арбада айтқандарын есіме түсіре алмадым. Оның үстіне тек үйге қайтатын уақыт келді деп емес, анам маған қатал қарады деп қорқып жылай бердім. Шүкран, Ниган және Түрканның, олардың анасының да маған жаны ашыды. Маған тәтті беріп алдандырды. Анам олардан қатты ұялып, «масқара болдым» дегенде, олардың анасы «ештеңе етпейді» деп жатты. Ниган болса күміс кесегі тәттілерді маған әкелді. Мен енді тынышталайын деп едім, бәрі маған қарап тұрғанда жерге жата салып, «оны емес, ананы аламын» дей бердім. Анам ашуланып «Саған не керек өзі?» дегенде, қорыққанымнан бар жігерімді жинап, «ана кітап» дедім. Бірақ жылап отырып қайсысы екенін айта алмағандықтан, Шүкран анасынан рұқсат алып, кітаптарды әкелді. Сол кезде анам «бұл кітаптар бұған лайық емес, оның үстіне мұның оқуға зейіні жоқ» деді. Мен кітаптарға көз қырымды салдым, Монте Кристо, Хавиер де Монтеспин және Паул де Кокк бар екен. Бірақ менің қалағаным, бағана түстен кейін оқыған «Робинзон хикаялары» еді. «Алуға бола ма?» деп сұрадым және анам қатты ұялып тұрғанда олар «болады, қызым, сенікі болсын, жоғалтып алма» деді. Оның Шүкрі Пашаның кітабы екенін айтты. Мен сол кезде

барып тынышталдым да, кітапты әдемілеп ұстап алып, арбаға отырдым.

Үйге қайтар жолда алдымда отырған анамның бетіне қарауға батылым жетпеді. Жылаудан қызарған көзім арбаның соңында қалған жолдарда және Шүкрі Пашалардың әлі көзге көрініп тұрған зәулім үйінің терезелерінде еді. Анам маған айқайлап, «тәлпіш қыз» екенімді бетіме басты. Ашуын баса алмай көп сөйледі. Ендігі апта Шүкрі Пашалардың үйіне бармайтынымды айтты. Сол кезде анамның жүзіне қарап, бұларды мені жылату үшін айтып отырғанын ұғып қойдым. Өйткені басқа кезде мұндай сөздер мені еріксіз жылататын, мен бұл жолы жыламадым. Өйткені өзімнен-өзім қуанып келемін. Өйткені себебіп өте кеш білген бір сезім бойымда атойлаған еді. Осы төсекте жатып, ойлана-ойлана көп жылдан соң сол қуанышымның себебін тапқан едім. Әрине, оның себебі осы кітап болды. Сол кезде мен кітаптың әдемі мұқабасына қайта-қайта қарап, есіме түсірдім: ішіндегілердің бір бөлігін Ниган, Түркан, Шүкран сол күні маған кезек-кезек оқып берген болатын, бәрін бірден түсіне алмаған едім. Маған түсініксіз бір кітап секілді көрінді. Сонда да көп нәрсені ұққандай болдым: бір ағылшын кемесі батып кетіп, жылдар бойы ешкім жоқ аралда жалғыз өмір сүріпті. Жоқ, жападан-жалғыз емес, өйткені көп жылдардан соң тауып алған бір құлы бар еді. Бірақ бәрібір біртүрлі еді. Жылдар бойы ешкімді көрмей, жалғыз өмір кешкен ол адам мен бір құлды ойлау өте қызық. Өйткенмен арба былай бір, былай бір шайқалып, менің ойымды шашыратып жіберді. Одан да басқа нәрселер бар. Иә, анам маған қабағын түймеді. Мен өзім терезеден алға емес, өзіме ұнаған соңымдағы өміріме қарайлап келемін. Енді көрінбей кеткен Шүкрі Пашаның зәулім сарайына емес, артымызда қалып бара жатқан жолдарға, ойлаудың өзі керемет болған өткеніме қарайлап келемін. Дегенмен, ең бастысы, қолыма ұстаған кітап болды. Осы кітап маған жаңа серпіліс берді, үйіме барып жаңа өмір бастайтындай болып келемін. Сабыр-

сыз және шыдамсыз көзім үйде кітаптың түсініксіз беттеріне, бәлкім, бостан-босқа түсетін болар. Көз жүгіртіп отырып, келер апта бара алмайтын Шүкрі Пашаның үйін, ол жерде ойнаған ойындарымызды есіме алармын. Нақ көп кейін осы жерде жатып ойланғанымдай: өмірде сол бір реттік арбамен шеккен сапарыңды қайтадан бастай алмайсың. Бірақ қолыңда бір кітап болса, ол қаншалықты түсініксіз және мағынасыз болса да, кітап біткен кезде түсінбеген нәрсеңді және өмірді қайтадан ұғыну үшін, қаласаң, сол кітапты басынан бастап оқи аласың, солай ма, Фатма?

1980–1983 жж.

МАЗМҰНЫ

Режеп жазғы кинотеатрға барады	5
Әжесі оларды күтеді.....	18
Хасан мен достары базарда салық жинайды	32
Көлік тізгіндеген Фарух	42
Метин достарымен кездесті.....	50
Режеп таңғы ас әзірледі	60
Әже қабір басында жылады.....	68
Қырды кезген Хасан.....	82
Фарух мұрағатта хикаялар іздеді	89
Метин басқалармен бірге	95
Әжесі күміс шекер ыдысын шығарды.....	103
Хасан математикалық есептерге ашулы	115
Сүт арқалаған Режеп	125
Фарух мұрағатта ескі құжаттарды оқыды.....	132
Метин би кешінде	139
Сүйкімді қыз Фатма.....	149
Хасан жағажайға жетті.....	159
Фарух хикаяларды жинақтады	169
Режеп әзірлеген кешкі ас.....	177
Хасанды достары қыспаққа алды	185
Метин көңілді отырыста.....	195
Хасан ізге түсті.....	213
Әжесі сол күнді ұмытпайды	224
Фарух пен Нилгүн қырдан табиғатты тамашалайды.....	237
Метиннің көлікпен әлегі	251

Хасан пластинка мен дәптерді қайтарып бергісі келгенде	266
Режеп Нилгүнді үйіне апарды.....	285
Фарух шығыс биін тамашалады	293
Әже түнгі қонақтарын күтті.....	302
Режеп бәріне үлгереді.....	315
Хасан жолға шықты	329
Әже адамның қолында бір кітаптың болғанын дұрыс санайды.....	338

Орхан Памук

ҮНСІЗ ҮЙ

Роман

Түрік тілінен аударған
Гүлназ Файзулла

Редакторы *Фарида Тобашалова*
Коремдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқанов*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Корректоры *Гүлзат Ақжолова*
Беттеген *Ақмарал Кадикенови*